

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE
REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



DULATY
UNIVERSITY
Taraz | since 1958

**«БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЦИФРЛЫҚ
КОЛЛАБОРАЦИЯ: ИННОВАЦИЯ,
ТЕХНОЛОГИЯ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕ»**

Халықаралық Конгресс

ЖИНАҒЫ

СБОРНИК

Международный Конгресс
**«ЦИФРОВАЯ КОЛЛАБОРАЦИЯ В
ОБРАЗОВАНИИ: ИННОВАЦИИ,
ТЕХНОЛОГИИ И МЕТОДОЛОГИИ»**

COLLECTOR

International Congress
**«DIGITAL COLLABORATION IN EDUCATION:
INNOVATION, TECHNOLOGIES AND
METHODOLOGIES»**

Тараз қаласы,
10 сәуір 2025 жыл

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

М.Х.ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІ (ҚАЗАҚСТАН)
ТАРАЗСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. М. Х. ДУЛАТИ (КАЗАХСТАН)
M.H.DULATY TARAZ UNIVERSITY (KAZAKHSTAN)

**«БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЦИФРЛЫҚ КОЛЛАБОРАЦИЯ:
ИННОВАЦИЯ, ТЕХНОЛОГИЯ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕ»**
Халықаралық Конгресс
ЖИНАҒЫ



СБОРНИК
Международного Конгресса
**«ЦИФРОВАЯ КОЛЛАБОРАЦИЯ В ОБРАЗОВАНИИ:
ИННОВАЦИИ, ТЕХНОЛОГИИ И МЕТОДИКА»**



COLLECTOR
International Congress
**«DIGITAL COLLABORATION IN EDUCATION:
INNOVATION, TECHNOLOGIES AND METHODS»**

Taraz, 2025

УДК 37:004
ББК 74:32.973
Б94

К.Д.Бузаубакова «БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЦИФРЛЫҚ КОЛЛАБОРАЦИЯ: ИННОВАЦИЯ, ТЕХНОЛОГИЯ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕ» Халықаралық Конгресс жинағы.-Тараз: «Dulaty University», 2025.-278 бет.

К.Д.Бузаубакова «ЦИФРОВАЯ КОЛЛАБОРАЦИЯ В ОБРАЗОВАНИИ: ИННОВАЦИИ, ТЕХНОЛОГИИ И МЕТОДИКА» Сборник Международного Конгресса. -Тараз: «Dulaty University», 2025.-278 с.

К.Д.Бузаубакова «DIGITAL COLLABORATION IN EDUCATION: INNOVATION, TECHNOLOGIES AND METHODS» COLLECTOR International Congress. – Taraz: «Dulaty University», 2025.-278 p.

ISBN 978-601-14-0269-9

Бұл жинаққа Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің 2023-2025 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық гранттық қаржыландыру бойынша АР19680242 «Қазақстан Республикасында педагогикалық білім беру жүйесін жаңғырту аясында жоғары оқу орындарының коллаборативті цифрлы білім беру ортасын құру» атты ғылыми жоба аясында ұйымдастырылған «Білім берудегі цифрлық коллаборация: инновация, технология және әдістеме» Халықаралық Конгреске қатысушылардың инновациялық идеяларға негізделген мақалалары енді.

В настоящем сборнике размещены статьи участников Международного Конгресса «Цифровая коллаборация в образовании: инновации, технологии и методика» проведенного в рамках реализации научного Проекта АР19680242 «Создание в высших учебных заведениях коллаборативной образовательной среды в условиях обновленной системы педагогического образования Республики Казахстан» грантового финансирования научных и научно-технических проектов на 2023-2025 годы.

Collection of materials from the International Congress «Digital Collaboration in Education: Innovation, Technologies and Methods» of the Committee Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan «Grant funding for scientific and scientific-technical projects for 2021-2023» Republic of Kazakhstan АР19680242 «Creation of collaborative-digital educational environment of universities within the framework of modernization of pedagogical education system of Republic of Kazakhstan»

УДК 37:004
ББК 74:32.973

ISBN 978-601-14-0269-9

©М.Х.Дулата атындағы Тараз университеті, 2025
©Бузаубакова К.Д., 2025



Қайырлы күн, жаңашыл ұстаздар мен құрметті қонақтар!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың "Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм" - атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Қазақстан цифрландыру саласында қол жеткізген жетістіктерін еселей түсуге тиіс. Қазақстан жасанды интеллектіні кеңінен қолданатын және цифрлық технологияларды дамытып жатқан елге айналуға тиіс» - деп атап көрсеткен.

2025 жылы Астанада Жасанды интеллект ұлттық орталығы іске қосылатыны, бұл орталық оқушылар, студенттер, ғалымдар және кәсіпкерлер үшін әрдайым ашық болатыны аталған. Сонымен қатар үздік университеттердің нақты сектормен байланысын нығайту керектігі, инновациялық саясатты еліміздің ғылыми-технологиялық басымдықтарымен үйлестіру қажеттілігі аталып, мұндай қадам әр саладағы инновацияға серпін беретіні, сондай-ақ жоғары оқу орындарындағы қолданбалы ғылымның әлеуетін арттыратыны көрсетілген.

Мемлекет басшысының жолдауында көрсетілген іс-шараларды жүзеге асыру мақсатында бүгін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің 2023-2025 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық гранттық қаржыландыру бойынша АР19680242 «Қазақстан Республикасында педагогикалық білім беру жүйесін жаңғырту аясында жоғары оқу орындарының коллаборативті цифрлы білім беру ортасын құру» - атты жоба аясында **«БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЦИФРЛЫҚ КОЛЛАБОРАЦИЯ: ИННОВАЦИЯ, ТЕХНОЛОГИЯ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕ»** атты Халықаралық Конгресс өткізілуде.

Халықаралық Конгрестің мақсаты – цифрлы қоғамда педагогикалық кадрларды кәсіби даярлаудың заманауи тенденцияларын және коллаборативті цифрлы білім беру ортасын құрудың заманауи трендтерін айқындау; ХХІ ғасырдың сын-қатерлі контексіндегі білім сапасын арттыратын цифрлы технологиялардың және цифрлы платформалардың мәнін ашу; Мектеп-ЖОО коллаборациясының инновациялық іс-тәжірибесін зерделеу, заманауи цифрлы педагогтің жаңа мүмкіндіктерін қарастыру.

Халықаралық Конгрестің жұмыс жасау бағыттары:

1. Цифрлы қоғам: цифрлы оқыту технологиялары және мұғалім тұлғасы.
2. Қашықтан білім беру: заманауи трендтер және жаңа мүмкіндіктер.
3. Цифрлы ортада педагогикалық кадрларды даярлаудың заманауи тенденциялары: ұлттық құндылықтар, әлемдік тәжірибе, инновациялар.

Халықаралық Конгреске: ЖОО-ның және орта кәсіби білім беру ұйымдарының басшылары, ғалым-педагогтері, болашақ педагогтері, магистранттары мен докторанттары; Жалпы орта білім беру ұйымдарының басшылары, әдіскерлері, жаңашыл мұғалімдері қатысып отыр.

Халықаралық Конгресс жұмыстары нәтижелі болып, әрдайым ел игілігіне жұмыс жасай берсін деген тілектестігімді білдіремін. Халықаралық Конгресс жұмысына сәттілік тілеймін!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ КОЛЛАБОРАТИВТІ ЦИФРЛЫ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫН ҚҰРУ: М.Х.ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ІС-ТӘЖІРИБЕСІ

К.Д. Бузаубакова

М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз қ.

Аннотация. Ақпараттар ағыны толастаған жаңа ғасырда Қазақстан Республикасында жоғары оқу орындарының коллаборативті цифрлы білім беру ортасын құру арқылы инновациялық ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізе алатындай болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктерін қалыптастыру бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр.

Мақалада коллаборативті педагогикалық білім беру жүйесінде цифрлы білім беру ортасын қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздері ашылып, инновациялық-технологиялық және желілік-әдістемелік аспектілері анықталып, жүзеге асыру жолдары қарастырылады.

Қазақстандық ЖОО-дың ынтымақтастығы негізінде инновациялық ғылыми-зерттеулер жүргізе алатын, цифрлы-креативті құзыреттілігі қалыптасқан болашақ педагогтерді даярлау мақсатында ҚР-да ЖОО-аралық коллаборативті цифрлы білім беру ортасын қалыптастырудың мазмұны ашылады.

Кілтті сөздер: коллаборация, консорциум, цифрлы білім беру платформалары, цифрлы құзыреттілік, цифрлы оқыту технологиялары.

Аннотация. Формирование цифровых компетенций будущих педагогов, способных проводить инновационную научно-исследовательскую работу через создание коллаборативной цифровой образовательной среды высших учебных заведений в Республике Казахстан, становится актуальной проблемой сегодняшнего дня.

В статье раскрываются научно-теоретические основы формирования цифровой образовательной среды в системе коллаборативного педагогического образования, выявляются инновационно-технологические и линейно-методические аспекты и рассматриваются пути реализации.

В целях подготовки будущих педагогов, способных проводить инновационные научно-исследовательские работы на основе сотрудничества казахстанских вузов, обладающих сформированными цифрово-креативными компетенциями, раскрыто содержание создания коллаборативной цифровой образовательной среды.

Ключевые слова: коллаборация, консорциум, цифровые образовательные платформы, цифровая компетентность, технологии цифрового обучения.

Annotation. The formation of digital competencies of future teachers who are able to carry out innovative research work through the creation of a collaborative digital educational environment of higher educational institutions in the Republic of Kazakhstan is becoming an urgent problem of today.

The article reveals the scientific and theoretical foundations of the formation of a digital educational environment in the system of collaborative pedagogical education, identifies innovative-technological and linear-methodological aspects and considers the mechanisms of implementation.

In order to train future teachers who are able to conduct innovative research based on the cooperation of Kazakhstani universities with formed digital and creative competencies, the content of the creation of a collaborative digital educational environment will be disclosed.

Keywords: collaboration, consortium, digital educational platforms, digital competence, digital learning technologies.

Жаңа жағдайдағы Қазақстанда педагогикалық білім беру жүйесін жаңғырту аясында жоғары оқу орындарының коллаборативті цифрлы білім беру ортасын қалыптастыру, жетілдіру қажеттілігі туындауда.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында: “... Білім беру бағдарламаларын әзірлеуге бизнес өкілдері мен жұмыс берушілерді тарту жалғасады, сондай-ақ оқу үдерісін ғылыми қызметпен біріктіру күшейтіледі, өнеркәсіп пен бизнестің кадрларды даярлауға қатысу жауапкершілігі өндіріске және ғылымға жасанды интеллектті енгізуді ескере отырып, жаңа жұмыс орындарын құруға қабілетті кадрларды дайындайды» – деп атап көрсеткендей, ақпараттар ағыны толастаған жаңа ғасырда Қазақстан Республикасында ЖОО-ның коллаборативті цифрлы білім беру ортасын құру арқылы инновациялық ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізе алатындай болашақ педагогтердің цифрлық құзыреттіліктерін қалыптастыру бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр [1].

Осындай келелі міндеттерді шешуде М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым Комитеті тарапынан қаржыландырылатын АР19680242 «Қазақстан Республикасында педагогикалық білім беру жүйесін жаңғырту аясында жоғары оқу орындарының коллаборативті цифрлы білім беру ортасын құру» атты гранттық жобасы аясында қомақты жұмыстар жүзеге асырылуда.

Ғылыми жобаның мақсаты – жаңа жағдайдағы Қазақстанда инновациялық ғылыми-зерттеулер жасай алатын, цифрлы-креативті құзыреттіліктері қалыптасқан, жаһандық бәсекеге қабілетті болашақ педагогтерді дайындау үшін педагогикалық білім беру жүйесін жаңғырту аясында қазақстандық жоғары оқу орындарының өзара ықпалдастығы негізінде коллаборативті цифрлы білім беру ортасын қалыптастыру.

Жобаның міндеттері:

1. Коллаборативті педагогикалық білім беру жүйесінде цифрлы білім беру ортасын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық, инновациялық-технологиялық және желілік-әдістемелік негіздерін анықтау, жүзеге асыру тетіктерін саралау.
2. Болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттілігін қалыптастыру саласындағы ғылыми-әдістемелік зерттеулердің қазіргі жағдайын зерделеу.
3. Ғылыми және педагогикалық әдебиеттерді талдау негізінде «коллаборация» ұғымының мәнін ашып көрсету.
4. ЖОО-дың ынтымақтастығы негізінде коллаборативті педагогикалық білім беру ортасын қалыптастырудың моделін жасау, мазмұнын айқындау.

Ұсынылып отырған Жобаның ерекшеліктері:

1. ҚР-да педагогикалық білім беру жүйесін жаңғырту аясында ЖОО-ның коллаборативті цифрлы білім беретін зерттеу ортасын қалыптастырудың инновациялық-ақпараттық банк қорын жасақтау, жаңа www.«Education in collaboration».kz қазақстандық педагогикалық білім беру порталы ашу.
2. Жаңа Қазақстанда педагогикалық білім беру жүйесін жаңғырту аясында ЖОО-ның коллаборативті цифрлы білім беру ортасын қалыптастырудың іс-тәжірибесін үйрену, пайдалану, зерттеу, насихаттау және басқа ЖОО-ның цифрлық оқыту ресурстарын өз ЖОО-да ұтымды пайдалану мақсатында қазақстандық ЖОО арасында бірыңғай ортақ бірлескен желілік-әдістемелік байланысын орнату – коллаборативті педагогикалық консорциум құру.

Цифрлы коллаборативті педагогикалық консорциум – педагогикалық білім алуда және кәсіби біліктілікті арттыруда барлық цифрлы білім беру ресурстарына қолжетімділікті қамтамасыз ететін интеллектуалды инновациялық виртуалды білім беру ұйымы [2].

ҚР-да білім беруді дамытудың экономикалық стратегиясы жаңа нәтижелерге қол жеткізу үшін білім беру ұйымдарының ресурстарын біріктіру болып табылады. Осыған байланысты білім беру тәжірибесінде желілік өзара әрекеттестік, әлеуметтік серіктестік пен кәсіби ынтымақтастықтың-коллаборацияны қалыптастыру қажеттілігі туындауда.

Коллаборациялық ынтымақтастықтың әртүрлі аспектілері С.-Н.Wang, С.-Н.Chang, G.C.Shen, Е.А.Антипина, О.В.Иншаков, С.Г.Якунаева, Ю.Е.Кошурникова және т.б. ғалымдардың зерттеулерінде ашылған; коллаборациялық өзін-өзі басқарудың маңыздылығын L.Biggiego және P.P. Angelini атап көрсетеді және оның коллаборацияның оппортунистік тәуекелдері А.Дюковтың еңбектерінде талқыланады [3-8].

Іс-әрекеттердің нақты алгоритмімен ұсынылған қауымдастық қатысушылардың табыстылығын ынталандыруға, қажетті құзыреттерді үйретуге және ортақ мақсатқа жету үшін тиімді қарым-қатынастар негізінде оларды топтық процеске қосылу мағынасындағы коллаборацияны Д.Энгельбарт саралады [9].

«Kollaboration» ағылшын тілінен енген сөз, тікелей аудармасы – «кооперация»; «бірлескен», «ынтымақтастық», «ұжым», «топ», «бірге орындау», «жалпы» деген синонимдермен айқындалып, ынтымақтастық бірлескен қызметтің нысаны ретінде анықталады [10].

Коллаборацияның ынтымақтастық мақсаттары және оның қолдану аясы шығармашылық, үлестіруші күштер, ынтымақтастықтың нысаны ретінде анықталады [11].

«Коллаборация» ұғымы «4К»-ны біріктіреді: кооперация – ұжымдасу (бірігу); коммуникация – байланыс жасау; координация – үйлестіру; креативтілік – табысты іс-әрекеттілік (1-сурет).



Сурет 1. «Коллаборация» ұғымының «4К» сипаттамасы

Қазақстанда педагогикалық білім беру жүйесін жаңғырту аясында ЖОО-аралық коллаборативті цифрлы білім беру ортасын қалыптастыру бойынша отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері зерделенді, алынған нәтижелер сұрыпталды; педагогикалық білім беру бойынша консорциумға енген ЖОО-ы белді ғалымдарының бірлесіп, өзара ынтымақтастықта коллаборативті жүргізген зерттеулерінің нәтижесінде пәндердің цифрлық оқыту контенттері жасалынды және инновациялық-ақпараттық банк қоры жасақталды.

Қазақстан Республикасында педагогикалық білім беру жүйесін жаңғырту аясында жоғары оқу орындарының коллаборативті цифрлы білім беру ортасын қалыптастыру бойынша болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктерін қалыптастыру бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілді (1-кесте) **Кесте 1. Жүргізілген іс-шаралардың басым бағыттары**

№	Іс-шара атауы, мазмұны	Сілтемесі
1	https://edu-collaboration.kz/ педагогикалық білім беру порталы	Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіміне мәліметтерді енгізу туралы куәлік № 43042, 20 ақпан 2024 ж. ЭБМ-ге арналған бағдарлама
2	«Білім берудегі цифрлық коллаборация: өзекті проблемалары және перспективалары» Халықаралық педагогикалық оқулары	https://dulaty.kz/2020-01-30-02-50-58/item/6345-ylymi-zhoba-ayasynda-khaly-araly-pedagogikal-y-olary-jymdastyryldy.html https://dulaty.kz/2020-01-30-02-50-58/item/6542-innovatsiya-ly-pedagogika-ly-nim-2024-baj-auyvy-orytyndys-y.html
3	«ЖОО-МЕКТЕП коллаборациясы: инновация, технология және әдістеме» атты Халықаралық Форум	https://dulaty.kz/2020-01-30-02-50-58/item/6095-khaly-araly-forum-ajshy-tary-ylymi-zhoba-ayasynda-dulati-pedagogika-ly-synby-ashyldy.html
4	«ЖОО-МЕКТЕП коллаборативті цифрлы білім беру ортасында педагогтердің цифрлы құзыреттіліктерін қалыптастыру: теория және әдістеме» Республикалық вебинар	https://dulaty.kz/2020-01-30-02-50-58/item/6021-dulati-universitetini-zhalpy-orta-bilim-beretin-mekteptermen-ynyma-tasty-y.html
5	Бузаубакова К.Д., Белделбаева А.Е. Цифрлы білім беру ортасындағы педагогтің қызметі: Оқулық. - Тараз: «НП «Бейсенбекова А.Ж.», 2023. - 128б. ISBN 978-601-216-913-3	Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіміне мәліметтерді енгізу туралы куәлік № 39717, 18 қазан 2023ж. Ғылыми туынды.
6	Бузаубакова К.Д., Белделбаева А.Е. «Цифрлы педагог» электронды оқулық.- Тараз: TarSU, 2024. - 3,15 Гбг.- ISBN 978-601-08-4527-5	https://drive.google.com/file/d/1VCL_NOM1fWmHq1Iq-pfRgS9CXH-N0j/view?usp=sharing Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіміне мәліметтерді енгізу туралы куәлік №43042, 20.02.2024. ЭБМ-ге арналған бағдарлама.
7	Бузаубакова К.Д., Белделбаева А.Е. Қазақстан Республикасында коллаборативті цифрлы білім беру ортасында болашақ педагогтердің цифрлық құзыреттіліктерін қалыптастыру: теория және әдістеме. Монография. -Тараз: «НП «Бейсенбекова Ә.Ж.», 2024. - 314 б. ISBN 978-9965-37-525-5	Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіміне мәліметтерді енгізу туралы куәлік №49515, 09.09.2024. Ғылыми туынды.
6	Болашақ педагогтер, оқытушылармен «Цифрлы білім беру платформалары» болашақ педагогтерге арналған онлайн коучинг	https://dulaty.kz/2020-01-30-02-50-58/item/6855-ylymi-zhoba-ayasynda-onlajn-kouching-jymdastyryldy.html
7	Қазақстандық ЖОО арасында «Ең тиімді цифрлы білім беру платформасы» атты болашақ педагогтерге арналған онлайн конкурс	• https://dulaty.kz/2020-01-30-02-50-58/item/6696-ylymi-zhoba-ayasynda-khaly-araly-onlajn-baj-au-jymdastyryldy.html • https://edu-collaboration.kz/kk/b-gytt-r/ped-g-gi-lyk-tekhn-l-giya/40-khaly-araly-onlajn-baj-au • https://edu-collaboration.kz/kk/b-gytt-r/ped-g-gi-lyk-tekhn-l-giya/68-khaly-araly-onlajn-konkurs-video
8	«Цифрлы оқыту технологиялары» тақырыбында болашақ педагогтерге арналған онлайн курс	• https://dulaty.kz/2020-01-30-02-50-58/item/6104-khabarlandyru.html • https://edu-collaboration.kz/kk/b-gytt-r/adisteme
9	«Заманауи жас ғалымның ғылыми-зерттеу жұмысы: цифрлы коллаборация» педагогикалық коворкинг	• https://dulaty.kz/2020-01-30-02-50-58/item/6525-ylymi-zhoba-ayasynda-pedagogikal-y-kovorking-jymdastyryldy.html
10	«Коллаборативті зерттеудің ерекшеліктері» атты онлайн-тест	https://cick.ru/3Bht3j
11	«Цифрлы оқыту технологиялары» бойынша Менің білетінім» және Менің үйренгінім» тақырыптарына онлайн сауалнама	https://cick.ru/3BhtLm

Педагогикалық ЖОО-ның коллаборативті білім беру ортасында болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттілігін қалыптастыру моделін әзірлеу және оны оқу процесіне енгізу мақсатында коллаборативті цифрлы білім беру ортасын қалыптастыру бойынша инновациялық-ақпараттық банк қоры жасақталды, ЖОО-ның педагогикалық білім беру әлеуетін күшейту үшін М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті арасында коллаборативті педагогикалық консорциум құрылды, Дулати университеті базасында жаңа <https://edu-collaboration.kz/> қазақстандық педагогикалық білім беру порталы ашылды.

Педагогикалық білім беру порталы болашақ педагогтердің цифрлы ортадағы педагогикалық процестің қыр-сырымен таныстырып, болашақ педагогтердің өзінің кәсіби қызметіне жүйелі көзқарасын және кәсіби маңызды жеке тұлғалық сапасын қалыптастырады; болашақ педагогтер цифрлы платформалардың түрлерімен, қыр-сырымен танысады, цифрлы технологияларды меңгереді.

Ғылыми-зерттеу жұмысы барысында «Ең тиімді цифрлы білім беру платформасы» атты Халықаралық онлайн-байқауы өткізілді: <https://dulaty.kz/2020-01-30-02-50-58/item/6696-ylymi-zhoba-ayasynda-khaly-araly-onlajn-baj-au-jymdastyryldy.html>.

«Ең тиімді цифрлы білім беру платформасы» атты Халықаралық онлайн байқауына М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті және Ресей Федерациясының Шадринск мемлекеттік педагогикалық университетінің болашақ педагогтері қатысты.

Халықаралық онлайн байқаудың мақсаты – цифрлық-коллаборациялық кеңістікте креативті педагогтердің инновациялық іс-тәжірибесін үйрену, зерттеу, тарату, насихаттау және жинақтау; педагогтердің цифрлық құзыреттіліктерін және шығармашылық әулетін жетілдіру.

Халықаралық онлайн байқау болашақ педагогтердің шығармашылық және кәсіби әлеуетін жандандыру; болашақ педагогтерді қазіргі заманғы цифрлы білім беру платформаларымен таныстыру және оқу-тәрбие процесіне тиімді ендіру жолдарын меңгерту; болашақ педагогтердің цифрлық құзыреттіліктерін арттыру; болашақ педагогтердің кәсіби шеберлігін дамыту; цифрлық білім беру ортасында болашақ педагогтердің әлеуметтік және кәсіби имиджін қалыптастыру сынды міндеттерді шеше алды. Байқауға қатысқан болашақ педагогтердің үздік деп танылған жұмыстары ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде арнайы ашылған <https://edu-collaboration.kz/> педагогикалық білім беру порталының «Педагогикалық технология» блогына жүктелді: <https://edu-collaboration.kz/ru/bytt-r/ped-g-gi-lyk-tekhn-l-giya/68-khaly-araly-onlajn-konkurs-video> [12].

Цифрлық оқыту платформалары білім алушылармен және олардың әріптестерімен желілік-ынтымақтастық байланыс орнатуға мүмкіндік береді; цифрлық ортада оқытушылармен, өз әріптестерімен материалдар алмасу және құру дағдыларын дамытады; оқу материалын құру және қолда барды бейімдеу үшін цифрлық контенттерді пайдалануға және цифрлық технологияларды шығармашылықпен қолдануға жол ашады.

Болашақ педагогтерге арналған «Цифрлық оқыту технологиялары» онлайн курсы ұйымдастырылды.

Коллаборативті педагогикалық білім беру жүйесінде цифрлық білім беру ортасын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық, инновациялық-технологиялық және желілік-әдістемелік аспектілерін зерделеу мақсатында ұйымдастырылған онлайн курсқа 100-ден аса болашақ педагогтер қатысты.

Онлайн курстың мақсаты – педагогикалық білім беру бағдарламалары бойынша білім алып жатқан болашақ педагогтердің цифрлық құзыреттіліктерін арттыру, болашақ педагогтерді цифрлық оқыту технологиялары және платформаларымен таныстыру, педагог кадрларды дайындаудың сапасын арттыру.

Онлайн курстың міндеттері:

- Білім беруді цифрландырудың педагогикалық негіздерін ашып көрсету;
- Болашақ педагогтерді цифрлық білім беру ортасы, цифрлық білім берудің даму тенденциялары, заңдылықтары және принциптерімен таныстыру;
- Цифрлық білім беру ортасындағы педагогтің қызметімен таныстыру;
- Цифрлық ортадағы мұғалім мен оқушының рөлін айқындау және цифрлық қоғамдағы цифрлық педагогтің құзыреттіліктерін ашып көрсету [13].

Жоба аясында «Білім берудегі цифрлық коллаборация: өзекті проблемалары және перспективалары» Халықаралық педагогикалық оқуларын өткізді.

Халықаралық педагогикалық оқулардың мақсаты – жаһандық білім беру кеңістігінде педагогикалық кадрларды даярлаудың заманауи трендтері және цифрлық коллаборацияның басым бағыттарын айқындау; цифрлық платформалар мен технологияларды пайдаланудың тиімді жолдарын анықтау, инновациялық іс-тәжірибені зерделеу.

Халықаралық педагогикалық оқулар 3 бағытта жұмыс жасады:

1. Үздіксіз педагогикалық білім беру: өзекті проблемалары және перспективалары.
2. **Цифрлық білім беруді трансформациялау:** цифрлық платформалар және технологиялар.
3. Коллаборативті білім беру ортасындағы цифрлық педагог: әлемдік тәжірибе, инновациялық әдістеме.

Халықаралық педагогикалық оқулары аясында цифрлық-коллаборациялық кеңістікте креативті педагогтердің инновациялық іс-тәжірибесін үйрену, зерттеу, тарату, насихаттау және жинақтау және педагогтердің цифрлық құзыреттіліктерін, шығармашылық әлеуетін жетілдіру мақсатында өткізілген «Үздік педагогикалық өнім – 2024» байқауының жеңімпаздары анықталыны.

Жоба аясында «ЖОО-МЕКТЕП кооперациясы: инновация, технология және әдістеме» атты Халықаралық Форум өткізді.

Халықаралық Форумға шетелдік және қазақстандық ЖОО-ның танымал ғалымдары, оқытушылары, жалпы орта білім беретін мектептің басшылары, оқу және ғылыми жұмыстар жөніндегі мектеп директорының орынбасарлары, жаңашыл мұғалімдер, педагогикалық қауымдастық өкілдері және болашақ педагогтер қатысты.

Халықаралық Форумның мақсаты – ЖОО-МЕКТЕП коллаборативті цифрлық білім беру ортасында жоғары оқу орны мен жалпы орта білім беретін мектептердің ынтымақтастық байланысы негізінде педагог кадрларды дайындау сапасы арттыру, тиімді жолдарын айқындау, озық әдістемесін ұсыну, коллаборативті ғылыми-зерттеу жұмыстарын тиімді жүргізуде жаңашыл ұстаздардың инновациялық іс-тәжірибесін зерттеу, насихаттау және тарату.

Халықаралық Форум ЖОО-МЕКТЕП коллаборативті ынтымақтастығы негізінде білім сапасын арттырудың келелі міндеттерді шеше алды, ортақ цифрлық білім беру ортасын құрудың жаңа мүмкіндіктеріне жол ашады.

Ғылыми жоба аясында «ЖОО-МЕКТЕП коллаборативті цифрлық білім беру ортасында педагогтердің цифрлық құзыреттіліктерін қалыптастыру: теория және әдістеме» атты Республикалық вебинар өткізді.

Республикалық вебинардың мақсаты – ЖОО-МЕКТЕП коллаборативті цифрлық білім беру ортасында педагогтердің цифрлық құзыреттіліктерін қалыптастырудың басым бағыттары және тиімді жолдарын анықтау, цифрлық технологиялар және цифрлық платформалармен жұмыс жасаудың озық әдістемесін ұсыну, жаңашыл ұстаздардың инновациялық іс-тәжірибесін үйрену, зерттеу, насихаттау және тарату.

Ақпараттық ғасыр цифрлық технологияларды өз іс-тәжірибесінде жүйелі пайдалана алатын, оқу-тәрбие процесін ұтымды басқара алатын, оқу-тәрбие процесін жетілдіру мақсатындағы ұдайы ғылыми ізденістер жасайтын, цифрлық-креативті құзыреттіліктері қалыптасқан жаһандық бәсекеге қабілетті педагогтерді қажет етеді.

Жоба аясында болашақ педагогтерге және жас ғалымдарға арналған «Заманауи жас ғалымның ғылыми-зерттеу жұмысы: цифрлық коллаборация» атты педагогикалық коворкинг өткізілді, педагогикалық коворкинг ҚР-да ЖОО-ның коллаборативті цифрлық білім беру ортасын құру арқылы болашақ педагогтердің, жас ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына қызығушылықтарын ояту, цифрлық құзыреттіліктерін қалыптастыруды мақсат тұтты.

Курстың соңынан «Менің білетінім» және «Менің үйренгенім» тақырыптарына рефлексивті онлайн сауалнама жүргізілді.

ЖОО-ы коллаборациясы негізінде білім беру процесі субъектілерінің оқу процесінде цифрлық технологияларды пайдалануға дайындығын анықтау және бағалау міндеті аясында «Коллаборативті зерттеудің ерекшеліктері» атты онлайн-тест жүргізілді (сілтеме: <https://clck.ru/3Bht3j>), онлайн-тестке қазақстандық ЖОО-нан 1211 болашақ педагогтар қатысты [14].

Онлайн-тест нәтижелері математикалық және статистикалық әдістермен өңделді, сұрыпталды, болашақ педагогтердің цифрлық құзыреттіліктерін қалыптастыру бойынша SWOT-талдау жасалынды. «Цифрлық оқыту технологиялары» бойынша Менің білетінім және «Цифрлық оқыту технологиялары» бойынша Менің үйренгенім тақырыптарына онлайн сауалнама жүргізілді, нәтижесі математикалық және статистикалық әдістермен өңделді, сұрыпталды, әдістемелік ұсыныстар әзірленді; болашақ педагогтердің цифрлық құзыреттіліктерінің деңгейлерін анықтау бойынша SWOT-талдау жасалынды.

Ең бастысы, Қазақстанда педагогикалық білім беру жүйесін жаңғырту аясында ЖОО-аралық коллаборативті цифрлық білім беру ортасын қалыптастыру бойынша SWOT-талдау матрицасы әзірленді:

1) ҚР-да педагогикалық білім беру жүйесін жаңғырту аясында ЖОО-аралық коллаборативті цифрлық білім беру ортасын қалыптастырудың күшті және әлсіз жақтары анықталып, әсер етуші педагогикалық факторлары сараланды;

2) Қазақстандық ЖОО-ы арасында коллаборативті цифрлық білім беру ортасын қалыптастыруда және құруда кездесетін қауіптер анықталып, оны болдырмау іс-шаралары нақтыланды, мүмкіндіктері зерделенді; педагогикалық алғы шарттары айқындалды.

Зерттеуде ұсынылған мазмұндық және дискурстық талдау нәтижелері коллаборацияны әлеуметтік ынтымақтастықтың бір түрі ретінде жіктеуге мүмкіндік береді. М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің өзара желілік әрекеттестіктің бұл формасы коллаборация, ынтымақтастық ұжымдастық ұғымдарын ажыратуға мүмкіндік беретін бірқатар ерекше белгілерге ие екенін анықтау мүмкін болды. Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді талдау жіктеу негізі ретінде субъект-субъект өзара

әрекеттесу актілерінің сипатын таңдау кезінде әлеуметтік-педагогикалық өзара әрекеттесу типологиясы арасындағы байланыстың бар екендігін анықтауға мүмкіндік берді.

Мадақтау. Бұл мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің 2023-2025 жылдарға арналған гранттық қаржыландыруы бойынша AP19680242 «Қазақстан Республикасында педагогикалық білім беру жүйесін жаңғырту аясында жоғары оқу орындарының коллаборативті цифрлы білім беру ортасын құру» ғылыми жобасы аясында дайындалды және қаржыландырылды.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. –Астана, 2023.
2. Бузаубакова К.Д., Беделбаева А.Е. Цифрлы білім беру ортасындағы педагогтің қызметі: Оқулық /К.Д.Бузаубакова, А.Е. Беделбаева. –Тараз: «ИП Бейсенбекова А.Ж.», 2024. -129 б.
3. Wang C.-H., Chang C.-H., Shen G.C. The effect of inbound open innovation on firm performance: evidence from high-tech industry // Technological Forecasting and Social Change, 2015, vol. 99, pp. 222-230.
4. Антипина Е.А. Региональная политика нового поколения: постановка задачи в сфере человеческого капитала // Человеческий капитал. -2014. -№ 4(64). -С.41-45.
5. Иншаков О.В. Коллаборация как глобальная форма организации экономики знаний//Экономика региона. -2013.-№ 3(35). -С.38-44.
6. Якунаева С.Г., Кошурникова Ю.Е. Доверие и клиентоориентированность как факторы успеха фирмы//Фундаментальные исследования.-2013.-№ 6.-С. 971-975.
7. Biggiero L., Angelini P.P. Hunting scale-free properties in R&D collaboration networks: self-organization, power-law and policy issues in the European aerospace research area// Technological Forecasting and Social Change, 2015, Vol. 94, pp. 21-43.
8. Дюков А. «Тактическая коллаборация»? //Свободная мысль. -2011. -№ 6(1625). -С.127-136.
9. Engelbart D.C. Collaboration Support Provisions in Augment//Proceedings of the 1984 AFIPS Office Automation Conference. Los Angeles C.A. 1984. pp.51-58.
10. Amara S., Macedo J., Bendella F., Santos A. Group Formation in Mobile Computer Supported Collaborative Learning Contexts: A Systematic Literature Review// Journal of Educational Technology & Society, vol.19, no.2, 2016, pp 258–273.
11. International Conference on Interactive Collaborative Learning [Электронный ресурс] URL: <http://www.icl-conference.org> (дата обращения: 19.03.2025).
12. <https://edu-collaboration.kz/kk/b-gytt-r/ped-g-gi-lyk-tekhn-l-giya/68-khaly-araly-onlajn-konkurs-video>

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ОСНОВАНИЯ ФИЗИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ КАК СПОСОБА ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОГО РАЗВИТИЯ ЛИЧНОСТИ

Н. Дрейт

«Ассоциация учителей физической культуры», г. Алматы

Анотация: Реферат посвящён теоретическим аспектам физического воспитания как средства интеллектуального развития личности. В работе рассматриваются исторические и психолого-педагогические основы формирования интеллектуальных способностей через физическое воспитание. Особое внимание уделяется анализу парадигм, сочетающих физическое и интеллектуальное воспитание, а также взаимосвязи этих процессов в образовательной практике. В заключении обсуждаются перспективы интеграции физического воспитания в современные образовательные программы, а также влияние физической активности на когнитивное развитие и успеваемость учащихся.

Ключевые слова: физическое воспитание, интеллектуальное развитие, психолого-педагогические основы, методы воспитания, когнитивное развитие, педагогический опыт, образовательный процесс.

В современном обществе возрастающее внимание уделяется гармоничному развитию личности, в котором важнейшими составляющими выступают интеллектуальный потенциал и физическое здоровье. Современные научные исследования подтверждают, что физическая активность оказывает существенное влияние на когнитивные процессы, включая внимание, память, мышление и воображение. Укрепляя здоровье и формируя устойчивость к стрессам, физическое воспитание становится важнейшим инструментом интеллектуального и нравственного становления личности [1], [9].

Первые представления о связи тела и ума прослеживаются в трудах античных философов. Пифагор, Сократ, Платон и Аристотель подчеркивали важность гармонии между телесным и духовным началом. В Древнем Китае, Индии и Египте физическая культура имела религиозное и философское значение. В эпоху Возрождения интерес к телесной природе человека усилился: гуманисты, такие как Витторино да Фельтре, выступали за объединение физического и умственного воспитания.

В Новое время и эпоху Просвещения философы – Жан-Жак Руссо, Джон Локк, И. Кант – отмечали, что физическое развитие способствует формированию моральной и интеллектуальной сферы [5], [6]. В XIX веке Фридрих Ян и Песталоцци внесли вклад в развитие школьной физической культуры, как основы воспитания личности. В XX веке значительный вклад в научное обоснование влияния двигательной активности на формирование психики и интеллекта внесли Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев и П.Ф. Лесгафт [1], [3], [4]. Л.С. Выготский в своих трудах подчеркивал значение двигательной активности, как средства социального взаимодействия и формирования высших психических функций, таких как мышление, речь и самосознание.

П.Ф. Лесгафт первым в отечественной педагогике поставил вопрос о тесной связи между анатомо-физиологическим развитием и умственным становлением личности, разработал систему физического воспитания, направленную на формирование сознания, воли и нравственных качеств через телесную культуру. Его подход рассматривал физические упражнения как способ воспитания не только тела, но и разума, создавая основу для целостного подхода к развитию личности.

Психолого-педагогическая мысль рассматривает физическое воспитание как фактор, способствующий формированию когнитивных процессов: внимания, памяти, мышления, восприятия, воображения. Современные исследования подтверждают, что регулярные физические нагрузки способствуют улучшению нейропластичности и активации зон мозга, ответственных за обучаемость и интеллектуальную продуктивность.

Системный подход в педагогике, представленный трудами Ю.К. Бабанского, И.Я. Лернера и В.В. Давыдова, акцентирует необходимость формирования личности через комплексное воздействие на все её сферы: телесную, умственную, нравственную и эмоциональную [10]. Кроме того, доказано, что физические упражнения формируют устойчивость к стрессам, развивают волевые качества, повышают уровень работоспособности и концентрации внимания, что в свою очередь способствует повышению уровня учебных достижений и интеллектуальной продуктивности. Так, в работах А.Р. Лурии и В.Д. Небылицына подчеркивается, что физическая активность способствует активации префронтальной коры головного мозга, ответственной за исполнительные функции и контроль внимания [2]. Британская Ассоциация Психологов (BPS) и Всемирная организация здравоохранения (WHO, 2020) указывают на прямую связь между регулярными физическими нагрузками и снижением уровня тревожности и эмоционального напряжения [9]. Исследования, опубликованные в обзоре OECD Education at a Glance 2023, демонстрируют, что учащиеся, регулярно занимающиеся физической культурой, показывают более высокие академические результаты и проявляют устойчивость к учебным перегрузкам.

В рамках теории интеллектуального и физического воспитания рассматриваются несколько философских парадигм, каждая из которых определяет подходы к воспитанию и развитию личности в контексте взаимодействия физического и интеллектуального аспектов.

Аксиологическая парадигма – интеллект и здоровье как социальные и личностные ценности. В рамках этой парадигмы интеллект рассматривается не просто как когнитивная способность, а как важнейшая составляющая личности, определяющая её

способность к обучению, самореализации и социальной адаптации. Здоровье, в свою очередь, выступает основой продуктивной жизнедеятельности, включая как физическое, так и психическое благополучие.

Прагматическая парадигма – физическое воспитание как средство формирования жизненных компетенций, необходимых для полноценной адаптации личности в обществе и успешной самореализации. В основе данного подхода лежит идея о практической направленности образовательного процесса: физическая активность рассматривается не только как способ укрепления здоровья, но и как инструмент развития волевых качеств, самоорганизации, целеустремленности, лидерства и стрессоустойчивости.

Гуманистическая парадигма рассматривает физическое воспитание как важнейший путь к развитию личности через утверждение человеколюбия, уважения к себе и другим, признания внутренней ценности каждого индивида. В рамках этого подхода физическая культура выступает не только как средство укрепления здоровья или формирования физических качеств, но прежде всего, как пространство для самопознания, межличностного взаимодействия, развития эмпатии, ответственности и чувства сопричастности. Человекоцентрированное воспитание способствует развитию личностных качеств — уважения, терпимости, дружелюбия, взаимопомощи, что проявляется в совместных спортивных и двигательных активностях.

Синергетическая парадигма – комплексное воздействие на личность через объединение усилий педагогов, родителей, социума.

Синергетическая парадигма основывается на представлении о комплексном, взаимодополняющем воздействии различных факторов на развитие личности. В контексте физического и интеллектуального воспитания синергетический подход предполагает интеграцию усилий семьи, образовательных учреждений, педагогов, медицинских специалистов, а также самого воспитанника для достижения максимального воспитательного эффекта.

К основным принципам физического и интеллектуального воспитания относятся: принцип системности, научности, непрерывности, учета возрастных и индивидуальных особенностей, принцип здоровьесбережения, гуманистическая направленность воспитания, целеполагание. Эти принципы лежат в основе формирования целостной личности.

1. Принцип системности;
2. Принцип научности;
3. Принцип непрерывности;
4. Принцип учета возрастных и индивидуальных особенностей;
5. Принцип здоровьесбережения;
6. Гуманистическая направленность воспитания;
7. Принцип целеполагания;

Методы интеллектуального развития личности через физическое воспитание являются важным компонентом образовательного процесса. Физическая активность оказывает влияние не только на физическое здоровье, но и на когнитивные функции, такие как память, внимание, мышление и восприятие. Применяются разнообразные методы: слово, положительный пример, дискуссия, игра, соревнование, метод мотивации, саморегуляции, создания личностно значимых ситуаций. Физические упражнения становятся средством развития умения анализировать, принимать решения, развивать креативность и нестандартное мышление.

1. Метод активного обучения через физическую активность

Этот метод включает в себя использование физических упражнений, которые непосредственно связаны с учебным процессом. Например, когнитивные игры или упражнения, которые требуют концентрации, быстрого реагирования и принятия решений.

2. Метод игры

Игра является одним из самых эффективных методов интеллектуального развития через физическое воспитание. Игровая деятельность включает в себя элементы физической активности и стимулирует развитие таких когнитивных навыков, как внимание, память, способность к решению задач и креативность.

3. Метод тренировки внимания и концентрации

Физическое воспитание включает в себя различные виды упражнений, которые направлены на тренировки внимания, концентрации и самоконтроля.

4. Метод тренировки памяти

Исследования показывают, что регулярные физические упражнения способствуют улучшению работы мозга, включая память и познавательные процессы. Этот метод включает в себя такие формы физических упражнений, которые воздействуют на нейропластичность мозга

5. Метод целеполагания и саморегуляции

Физическое воспитание помогает развивать навыки целеполагания, саморегуляции и самоконтроля. Этот метод включает в себя постановку конкретных целей, их достижение и отслеживание прогресса, что также положительно влияет на интеллектуальное развитие. [10]

6. Метод творческих заданий с физической активностью

Творческая активность, включающая физическое движение, способствует развитию креативности и нестандартного мышления. [10]

7. Метод интеграции физической и умственной деятельности

Этот метод предполагает соединение физической активности с умственными упражнениями, что способствует одновременному развитию как тела, так и разума. [3]

8. Метод социализации через физическое воспитание

Физическое воспитание, как средство интеллектуального развития, также способствует социализации личности. Через участие в спортивных мероприятиях и командных играх развиваются навыки общения, сотрудничества, лидерства и решения конфликтов, что способствует развитию социальной интеллигентности. [7]

Таким образом, методы интеллектуального развития личности через физическое воспитание являются важным инструментом для формирования не только физических, но и когнитивных и социальных навыков. [4]

Современные исследования демонстрируют положительное воздействие физической активности на когнитивные функции, такие как внимание, память, восприятие и мышление. Регулярные физические нагрузки активируют мозговые структуры, связанные с обработкой информации, улучшая нейропластичность, что способствует более эффективному усвоению знаний. Физическая активность способствует улучшению циркуляции крови в мозге, повышая уровень кислорода и питательных веществ, что положительно сказывается на умственной активности. Кроме того, физическое воспитание помогает развить волевые качества, способность к концентрации, стрессоустойчивость, что в свою очередь влияет на уровень учебных достижений и улучшает общую успеваемость учащихся.

Таким образом, интеграция физического воспитания в образовательные программы открывает новые возможности для гармоничного развития личности, улучшения физического здоровья и повышения уровня учебных достижений, что в перспективе приведет к созданию более сбалансированных и всесторонне развитых учеников. [10]

Физическое воспитание является неотъемлемой частью процесса формирования интеллектуально развитой, социально адаптированной и психически устойчивой личности. История философской и педагогической мысли показывает, что идея гармоничного развития через сочетание умственного и телесного начала уходит корнями в античность и сохраняет свою актуальность до наших дней.

Психолого-педагогические исследования современности доказывают: физическая активность способствует улучшению познавательных функций, формированию учебной мотивации и развитию эмоционального интеллекта. Разнообразие парадигм — аксиологическая, прагматическая, гуманистическая, синергетическая — позволяет по-новому взглянуть на проблему комплексного воспитания личности.

Таким образом, теоретическое и практическое обоснование связи физического и интеллектуального развития подчеркивает необходимость системного, междисциплинарного подхода в образовательной политике. Будущее воспитания — за интеграцией физических и умственных практик, направленных на формирование всесторонне развитой, здоровой и деятельной личности.

Литература

1. Выготский, Л.С. Мышление и речь. – Москва: Издательство «Просвещение», 1960. – 320 с.
2. Лурия, А.Р. Нейропсихология: научные исследования и клинические наблюдения. – Москва: Издательство «Наука», 1984. – 400 с.
3. Леонтьев, А.Н. Активность, сознание, личность. – Москва: Издательство «Педагогика», 1975. – 255 с.
4. Лесгафт, П.Ф. Основы анатомии и физиологии человека. – Санкт-Петербург: Издательство «Просвещение», 1905. – 380 с.
5. Платон. Государство. – Санкт-Петербург: Издательство «Искусство», 2000. – 350 с.
6. Руссо, Ж.-Ж. Эмиль, или О воспитании. – Санкт-Петербург: Издательство «РХГИ», 2001. – 390 с.
7. Смирнов, В.В. Физическая культура в древних цивилизациях. – Москва: Издательство «Гуманитарные исследования», 2019. – 180 с.
8. Ян, Ф. История физического воспитания. – Москва: Издательство «Физкультура и спорт», 1990. – 200 с.
9. Всемирная организация здравоохранения (ВОЗ). Глобальные рекомендации по физической активности для здоровья. – Женева: Всемирная организация здравоохранения, 2020. – 35 с.
10. OECD. Education at a Glance 2023. – Париж: OECD Publishing, 2023. – 250 с.

ӨӘЖ 159.942

ДАҒДАРЫС ЖАҒДАЙЫНДА МЕКТЕПТЕН ТЫС МЕКЕМЕЛЕРДІҢ ҚЫЗМЕТІНДЕ ЖАСТАРДЫ ПСИХОЭМОЦИОНАЛДЫ ҚОЛДАУ

Нағашыбаева Сағым Көпбайқызы

«Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми практикалық институты, Алматы

Сарыбаев Ғалиаскар Төлендіұлы

Шәкәрім университеті, Семей

Аңдатпа: COVID-19 пандемиясы, Украинадағы соғыс және басқа дағдарыстар сияқты қазіргі әлемдік оқиғалар адамдардың, әсіресе жастардың психоэмоционалды жағдайына айтарлықтай әсер етеді. Белгісіздік, қорқыныш пен үрей жағдайында жастарға ерекше қолдау мен көмек қажет. Бұл қолдауда мектептен тыс мекемелер маңызды рөл атқарады, жастарға даму, қарым-қатынас және өзін-өзі тану мүмкіндіктерін ұсынады.

Түйін сөздер: Дағдарыс жағдайы, мекемелер, психоэмоционалды қолдау, экономикалық дағдарыс, факторлар, әл-ауқаты.

Abstract. Current world events, such as the COVID-19 pandemic, the war in Ukraine and other crises, have a significant impact on the psycho-emotional state of people, especially young people. In conditions of uncertainty, fear and anxiety, young people need special support and help. Out-of-school institutions play an important role in this support, offering young people opportunities for development, communication and self-actualization.

Keywords: Crisis situation, institutions, psycho-emotional support, economic crisis, factors, well-being.

Кіріспе. «Қоршаған ортаның сыртқы өзгерістеріне байланысты бірқатар аурулар бар. Бұл-күн сәулесінің жетіспеуі және адам организміндегі «D» дәруменінің төмендеуіне байланысты болады. Кейбір психикалық қалыптың тұрақсыздануы, көктем мен күз мезгілінде ауытқулардың өршінің негізгі себептері болып табылады. Психикалық нормадан тыс ауытқудың бір факторы – постковидті синдромы болғаны өздеріңізге де мәлім. 2019-2020 жылдары жаман ауру «Коронавирус» кезінде көптеген адамдардың денсаулықтары сыр беріп, психикалық зардап шекті. Коронавирусқа шалдыққан науқастар күйзелді, көңіл-күйлері жоғалды, үрейленіп алаңдаушылық туды, кейбір тұлғалардың психикасы сыр бере бастағаны соншалықты депрессияға ұшырағандары да болды. Иппохондрияға ұшырағандардың синдромы мазасыздық депрессиялық ауытқу ретінде қарастырылады» [5].

Отбасында қатығыстар сөзсіз міндеттерді, жауапкершілікті, білікті болу арқылы жүзеге асады. Көп орайда, олар медиация, келісімге келу, әртүрлі нормативтік-құқықтық құжаттарды әзірлеумен аяқталады.

Өкінішке қарай, олардың әрқайсысы өз көзқарасын дұрыс деп есептейді, кез-келген келісімде өз тарапының жеңгенін қалайды. Кейбір жағдайларда жан-жал ұзақ болуы мүмкін.

Ал, қатығыстар, жан-жалдар мен дауларға келсек:

1) Отбасы арасындағы міндеттер мен жауапкершіліктің неғұрлым әділетті, біркелкі бөлінбеуі, жанжал шығудың әрекеттері болуы мүмкін. Кез-келген жан-жалды шешудің балама (зорлық-зомбылықсыз) құралы бір-бірін ести білу. Сол үшін адамзатқа көп есту үшін екі құлақ, аз сөйлеу үшін бір ауыз берілген.

2) Жан-жалдар мен қатығыстар неғұрлым көп шындыққа жанаспаса, дәлелсіз даулы мәселелермен байланысты болса, ол эмоцияларға әкеледі, қатысушылар қызуқанды болады, шешімі ұзаққа созылады.

3) Топ ішіндегі майда, ұсақ қатығыстар негізгі қатығыстарға неғұрлым көп әсер етсе, негізгі даулы мәселелер жылдам шығады, құндылықтар жойылады.

4) Жылдар бойы функционалдылыққа негізделген өзара тәуелділік, қатығыстың болу ықтималдығын төмендетеді немесе жинала-жинала өршітеді.

Өзара түсіністік пен мейірімділік жанжалды амортизациялауға әкеледі және шиеленісті жеңілдетеді, жанжал жеңіл түрде байқалмай өтеді.

5) Жні зорлық-зомбылыққа әкелетін өткір мәселелер азаматтар арасында теңдік сияқты құндылықтарға күмән тудырады.

Заң қабылдау процесінде нормативтік-құқықтық актілер екі тарап арасында қаралады. Тараптар, ер мен ер, әйел мен әйел, ер мен әйел, сол сияқты бала мен бала болуы мүмкін.

Осыған орай, кейінгі кезде гендерлік теңдікті алдыға тартып, ұлттық бет-бейнемізді, салт-дәстүрімізді, рухани құндылықтарымызға нұқсан келтіруде.

Өкінішке қарай, Әкімшілік құқық бұзушылықтағы кейбір баптар Қылмыстық баптарға енгізілген. Осының салдарынан жылына 50-60 мың азаматтар қылмыскер болуы қауіпі бар. Яғни, олар прокуратура, тағы да басқа құзырлы органдардың базасында жылдар бойы есепте тұрады. Осы жағын қайта қарастырған жөн. [4]

Жастардың психоэмоционалды жағдайы олардың табысы мен әл-ауқатын анықтайтын негізгі факторлардың бірі болып табылады. Пандемия, соғыстар, табиғи апаттар, экономикалық дағдарыстар сияқты дағдарыстық жағдайларда жастар өздерінің физикалық және психикалық денсаулығына, әлеуметтік бейімделуіне, білім беру және кәсіби қызметіне теріс әсер етуі мүмкін көптеген психоэмоционалды проблемаларға тап болады, бұл бүкіл әлем ғалымдарының зерттеулерімен расталады. Оның ішінде к. Олден, А. Хрынзовский, Л. Джонс, П. Пател, Э. Прамана, И. Вайсбекер, М. Весселлстің еңбектері [2].

Мектептен тыс мекемелер білім беру мен тәрбие жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде дағдарыс жағдайында жастарды психоэмоционалды қолдаудың айтарлықтай әлеуетіне ие. Олар жастарды қарым-қатынас, эмоционалды қолдау және даму үшін қауіпсіз кеңістікпен қамтамасыз ете алады, сонымен қатар стресске төзімділік пен күресу дағдыларын қалыптастыруға үлес қоса алады [3].

Зерттеу әдістемесі. Зерттеудің әдіснамалық негізі жеке тұлғаның психоэмоционалды жағдайы, оны анықтайтын факторлар және оны реттеу тетіктері туралы теориялық ережелер, сонымен қатар сыныптан тыс мекемелердің жастарды тәрбиелеу мен әлеуметтендірудегі ролі туралы болды. адамдар [1]. Дағдарыс жағдайындағы жастардың психоэмоционалды жағдайын зерттеу үшін сауалнама, сұхбат және фокус-топ әдістері қолданылды.

Зерттеу нәтижелері. 2024 жылдың қаңтар-ақпан айларында Житомир облысының "Креатив Кеңістігі" (Украина) жастар орталығының базасында жүргізілген зерттеулер әскери қақтығыстың дағдарыстық жағдайында жастардың психоэмоционалды мәселелердің кең ауқымына тап болатынын көрсетті.

- **Мазасыздық пен қорқыныш:** болашақтың белгісіздігі, өзіне және жақындарына деген қорқыныш, үнемі жағымсыз ақпарат ағыны жастардың бойында үрей мен қорқыныштың дамуына әкелуі мүмкін.
 - **Қорқыныш, үрей:** Дағдарыстық жағдайлар жастардың физикалық және психикалық денсаулығына теріс әсер етуі мүмкін күшті эмоционалдық стрессті тудырады.
 - **Күйзеліс:** жақын адамдарынан айырылу, мүмкіндіктерінен айырылу, үмітсіздік сезімдері жастардың депрессиясының дамуына әкелуі мүмкін.
 - **Жарақаттан кейінгі қорқыныш, бұзылыс (PTSD):** травматикалық оқиғаларды Бастан кешіру жарақатынан кейінгі стресстің дамуына әкелуі мүмкін, ол жарақаттың қайталануымен, қорқынышты армандармен, эмоционалдық ұйқышылдықпен және басқа белгілермен сипатталады.
 - **Әлеуметтік оқшаулану:** карантин, карантин және басқа шектеулер жағдайында жастар әлеуметтік оқшаулануды сезінуі мүмкін, бұл олардың психикалық жағдайына теріс әсер етуі мүмкін.
- Зерттеу сонымен қатар мектептен тыс мекемелер дағдарыс жағдайында жастарға психоэмоционалды қолдау көрсетуде маңызды рөл атқара алатынын көрсетті:

- **Қауіпсіз кеңістік:** Мектептен тыс мекемелер жастар үшін өздерін жайлы және қауіпсіз сезінетін қауіпсіз кеңістік бола алады.
- **Әлеуметтену мүмкіндіктері:** Мектептен тыс мекемелер жастарға құрдастарымен қарым-қатынас жасау мүмкіндіктерін ұсынады, бұл оларға эмоционалдық қиындықтарды жеңуге көмектеседі.
- **Ересектердің қолдауы:** мектептен тыс мекемелердегі тәрбиешілер мен психологтар жастарға эмоционалды қолдау көрсете алады, олардың эмоцияларын түсінуге және олармен күресудің жолдарын табуға көмектеседі.
- **Даму мүмкіндіктері:** Мектептен тыс мекемелер жастарға өздерінің таланттары мен дағдыларын дамытуға мүмкіндіктер ұсынады.

Қорытынды. Жастардың психоэмоционалды жағдайы олардың табысы мен әл-ауқатын анықтайтын негізгі факторлардың бірі болып табылады. Пандемия, соғыстар, табиғи апаттар, экономикалық дағдарыстар сияқты дағдарыс жағдайында жастар көптеген психоэмоционалды проблемаларға тап болады.

Мектептен тыс мекемелер дағдарыстық жағдайдағы жастарды психоэмоционалды қолдауда маңызды рөл атқарады, оларға қарым-қатынас, эмоционалды қолдау және даму үшін қауіпсіз кеңістік ұсынады, сонымен қатар олардың стресске төзімділігін қалыптастыруға ықпал етеді және психоэмоционалды қиындықтарды жеңу дағдылары.

Тиісінше, мектептен тыс мекемелер бұл рөлді мүмкіндігінше тиімді атқару үшін қажет:

- Педагогикалық ұжымды дағдарыс жағдайында жастармен жұмыс істеуге дайындау: Тәрбиешілер жастарға эмоционалды қолдау көрсету, сондай-ақ психоэмоционалды проблемалардың белгілерін тану және оларға жауап беру үшін қажетті білім мен дағдыларға ие болуы керек.
 - **Қауіпсіз және қолайлы жағдай жасау:** Мектептен тыс мекемелер жастар өздерін қорғалған сезінетін және еркін қарым-қатынас жасай алатын қауіпсіз және жайлы орындар болуы керек.
 - Психоэмоционалды қолдау бағдарламаларын әзірлеу және енгізу: Бұл бағдарламалар жастармен жұмыс істеудің әртүрлі әдістері мен формаларын қамтуы керек, мысалы, топтық тренингтер, жеке консультациялар, арт-терапия, музыкалық терапия, йога және т.б.
 - Ата-аналармен және басқа мамандармен ынтымақтастық: мектептен тыс мекемелер дағдарыс жағдайында жастарға жан-жақты қолдау көрсету үшін ата-аналармен және психологтар, әлеуметтік қызметкерлер, медицина мамандары сияқты басқа мамандармен ынтымақтасуы керек.
- Тиісінше, мемлекет пен жалпы қоғам дағдарыс жағдайында жастарды психоэмоционалды қолдауға тиісті көңіл бөлуі маңызды, ал мектептен тыс мекемелер бұл қолдауда маңызды рөл атқара алады, оларға қажетті ресурстар мен қолдау көрсетіледі.
- Салмақты сөзді ұғатын саналы ұрпақтың саны артсын!
- Психикалық денсаулық – бұл адамның өз қабілеттерін жүзеге асыратын, әдеттегі өмірлік күйзелістерге төтеп бере алатын, өнімді жұмыс істейтін және өз қауымдастығына үлес қоса алатын әл-ауқат жағдайы [5].

Әдебиеттер:

1. Олден К., Болтон П., Бетанкур Т., Хиджази З., Галапатти А., Джонс Л., Патель П., Суматипала А., Вайсбекер И., Весселлс М., Ямаут Р. Психическое здоровье и психосоциальная поддержка в кризисных ситуациях и конфликтах: доклад Рабочей группы по психическому здоровью. Догоспитальная медицина катастроф. 2009, Том 24(4), С.217-227.
2. Bielai S., Hrynzovskiy A., Kernickyi A., Minko V., Pasichnik V., Vasishev V. Medical, social and psychological aspects of assisting the families of the military personnel of Ukraine who performed combat tasks in extreme conditions. *Wiadomości Lekarskie*, 2022, VOLUME LXXV, ISSUE 1 PART 2, PP. 310-317.
3. Прамана Э., Джагадхита Д.А., Репа С.С. Молодежные послы по обеспечению готовности к стихийным бедствиям: использование первой психологической помощи во время кризиса. Серия конференций ВГД: Наука о Земле и окружающей среде. 2021, Том 673, № 1. 8 стр.
4. <https://qazaq1913.com/2024/12/26/sen-zhal-yz-emessi/> 26 желтоқсан 2024ж. Сен жалғыз емесің... Ғ.Т. Сарыбаев., С.К.Нарашыбаева
5. <https://ozgeris.info/psihikalyyq-auytqalary-bar-balalar-men-zhastar-qogamga-qandaj-qauip-tondiredi-sarapshylar-pikiri/>

УДК 37.0(069)

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ САМОСОЗНАНИЯ СОВРЕМЕННЫХ ПОДРОСТКОВ

М. Құнанбаева

ЕНУ имени Л.Н.Гумилева, Астана

Аннотация: в статье рассматриваются различные теории самосознания подростков, особенности проявления самосознания и уровни развития. Проводится анализ теорий и их обобщение, а также разрабатывается собственная позиция относительно процесса становления самосознания подростков. Описываются особенности самосознания и уровни развития, характерные для подросткового возраста.

Ключевые слова: самосознание, подростковый возраст, уровни самосознания.

Иммануил Кант писал о самосознании: «То, что человек может иметь представление о своем Я, бесконечно возвышает его над всеми другими существами, живущими на земле. Благодаря этому он — человек...» [1]. Самосознание как процесс в психическом потоке сознания, который, согласно учению У.Джеймса, определяет личность человека. Человек как сознательный субъект способен осознавать себя и благодаря этому посредством волевого акта может саморегулировать свое поведение. [2]

В психологии развития подростковый возраст характеризуется, прежде всего, как период, когда человек впервые начинает искать целостные жизненные принципы и ценности, как возраст становления мировоззрения, личностного и профессионального самоопределения, усвоения психологической, эмоциональной автономии. Именно в это время начинают формироваться жизненные и

временные установки молодых людей. Ряд исследователей считает, что именно на этом этапе онтогенетического развития впервые начинается поиск смысла своей жизни.

Рассматривая особенности подросткового возраста генезиса самосознания в единстве трех аспектов самосознания, эмоционально-ценностного отношения к себе и саморегуляции, И.И. Чеснокова выделила два уровня в формировании каждого из компонентов самосознания. На первом уровне самосознание формируется путем соотнесения субъектом себя с другими людьми (система «я» и другие), на втором – путем соотнесения с собой (система «Я и Я»).

Второй уровень – когда человек соотносит полученную информацию с уже имеющимися знаниями о себе, появляется образ своего обобщенного «Я», подходы к изучению и анализу своего мира (самопознание) становятся более сложными, устойчивыми, осознанными. Появляется эмоциональное отношение к себе, чувства, адекватно связанные с объективным миром (эмоционально-ценностное отношение к себе), появляется возможность планирования человеком целенаправленных изменений в себе, самооценка становится основным механизмом саморегуляции поведения человека, и появляется в подростковом возрасте. [18]

Рассматривая особенности подросткового возраста генезиса самосознания в единстве трех аспектов самосознания, эмоционально-ценностного отношения к себе и саморегуляции, И.И. Чеснокова выделила два уровня в формировании каждого из компонентов самосознания. На первом уровне самосознание формируется путем соотнесения субъектом себя с другими людьми (система «я» и другие), на втором – путем соотнесения с собой (система «Я и Я»).

Второй уровень – когда человек соотносит полученную информацию с уже имеющимися знаниями о себе, появляется образ своего обобщенного «Я», подходы к изучению и анализу своего мира (самопознание) становятся более сложными, устойчивыми, осознанными. Появляется эмоциональное отношение к себе, чувства, адекватно связанные с объективным миром (эмоционально-ценностное отношение к себе), появляется возможность планирования человеком целенаправленных изменений в себе, самооценка становится основным механизмом саморегуляции поведения человека, и появляется в подростковом возрасте. [3]

Одним из самых сложных периодов в скелете человека является подростковый возраст. На этом этапе происходит коренная перестройка ранее сложившихся психологических структур, закладываются основы осознанного поведения, появляется общая направленность в формировании нравственных представлений и социальных установок.

Центральный фактор психологического развития подросткового возраста, важнейшей частью которого является формирование нового уровня сознания, изменение концепции «Я» (Л.И. Божович, И. С. Кон и др.), объединяет подростка с другими группами людей через стремление к самопознанию, а также отличает его от них, определяемое стремлением к самопознанию. Это обусловлено резкими колебаниями отношения к себе, неустойчивостью самооценки. Это определяет ведущие потребности подростка в самоутверждении и общении со сверстниками. [3], [4].

С точки зрения С. Л. Рубинштейна, подразумевалось, что человеческое сознание есть результат познания и является высшей ступенью в развитии сознания. В то же время великий психолог понимал, что самосознание не зависит от непосредственных переживаний. Это явление можно охарактеризовать как способность, которая формирует отношение человека к себе как к личности (к своим мыслям, действиям и мировоззрению). Она формирует у человека ощущение «Я» как личного субъекта своей жизни, дает ему веру в принятие личной ответственности за себя. [5]

С точки зрения Л.С. Выготского, структура сознания включает следующие компоненты:

- 1) накопление знаний о самом человеке,
- 2) расширение и углубление этих знаний,
- 3) осознание себя как личности,
- 4) дальнейшее развитие собственной индивидуальности,
- 5) формирование и развитие нравственных критериев самооценки,
- 6) развитие индивидуальных особенностей сознания. [6]

Основа зарождения и развития самосознания личности определяется наличием в сознании человека зеркального Я. Эту концепцию разработал американский ученый Чарльз Кули, который считал, что основой самосознания личности является «образ Я». По мнению Ч. Кули «образ Я» формируется путем усвоения установок (мнений и оценок) других людей («первичной группы»), то есть референтной группы по отношению к данной личности. От окружающих человека людей личность получает первую информацию о себе (ним, возраст, пол, национальность, способности, индивидуальные качества характера и т. д.). [7] Также Джордж Герберт Мид считал, что самосознание человека — это обобщенный взгляд на себя со стороны множества людей или других людей, с которыми он взаимодействует. [8]

Сознание позволяет человеку критически взглянуть на действия своего сознания, то есть отделить свое внутреннее целое от всего, что происходит снаружи, проанализировать его и сопоставить с внешним. В сознании рассматривать себя не как нечто в абсолютной изоляции от этого мира, а во всеобъемлющей связи с ним, то есть как целое.

Сознание – это целостная оценка осознания человеком своих действий и их результатов (мыслей, чувств, нравственных качеств и интересов, идеалов и мотивов поведения) и своего места в жизни. Эта проблема всегда была и будет актуальна для каждого человека, особенно для подростка, совершающего переход из сказочного мира детства в мир взрослых.

Таким образом, в жизни подростков сознание является очень важной структурой и основополагающей для будущего становления как зрелой личности. Сознание — это психическое явление, которое регулирует, оценивает и направляет самого человека.

Итак, по нашему мнению, самосознание – это процесс, происходящий на высшем уровне развития сознания, позволяющий человеку как субъекту оценивать себя в сравнении с другими, регулировать и познавать себя и свое поведение. В отличие от сознания, которое пытается объективно отражать внешнюю действительность, самосознание позволяет творить свой внутренний мир, порождая новые смыслы. Отсюда основные функции самосознания:

- Самооценка (самоотношение)
- Саморегуляция (самоконтроль)
- Самопознание б (рефлексия).

В то же время проявления сознания также включают в себя следующие функции:

1. эмоциональная регуляция. Помогает людям регулировать свои эмоции, размышляя о своих чувствах и выявляя глубинные причины. Это помогает им разрабатывать стратегии Аман Каду и справляться со стрессом и тревогой.

2. социальное взаимодействие. Оно также играет важную роль во взаимодействии, так как позволяет людям осознавать собственное поведение и то, как оно может быть воспринято другими. Это поможет им адаптировать свое поведение к различным социальным ситуациям и предсказывать реакцию других.

3. чувство морали. Сознание — это способность формировать моральные и нравственные выводы и концепции и, благодаря им, принимать решения. Это позволяет людям размышлять о своих действиях и учитывать влияние, которое они оказывают на других. Это поможет им развить чувство эмпатии и сочувствия и принимать этические решения.

4. Личностная идентичность. Осознанность помогает людям строить чувство личной идентичности, размышляя о своем опыте, ценностях, убеждениях и целях. Это позволит им развить чувство отличия от других и понять свои уникальные сильные и слабые стороны. 5. Самосовершенствование. Она может мотивировать людей стремиться к самосовершенствованию, определяя области, в которых они хотят развиваться или меняться. Это может привести к личностному развитию и чувству удовлетворения.

Одним из ученых, исследовавших самосознание и предложивших свою теорию, является Дэвид Хокинс. Он всемирно известный психиатр, исследователь сознания, доктор медицинских наук. Автор множества книг по саморазвитию и духовному развитию. Хокинс написал свою книгу «Сила против». В книге «Сила» говорится о сознании как о главном компоненте духовного понимания. По его мнению, большинство людей живут мыслями о прошлом или будущем, не находясь в настоящем моменте. Считается, что негативные эмоции, такие как стресс, беспокойство, напряжение возникают из-за непонимания людьми этого. [9]

Сознание, которое, по мнению Д. Хокинса, есть свет и любовь, связано с пониманием нашей собственной истинной сущности, то есть помогает преодолеть эгоистические потребности и желания, быть счастливым и довольным жизнью. Теория самосознания исследователя основана на его идее о том, что человеческое сознание можно охарактеризовать определенными уровнями. Он предложил карту уровней сознания, состоящую из 17 уровней снизу вверх, то есть она говорит о том, что человек может подниматься выше по этой карте, становясь все более духовным, совершенствуя свое сознание. Каждый уровень сознания имеет свои уникальные особенности и

состояния сознания, а также свои эмоциональные состояния и уровни. Говорят, что сознание является ключом к личностному росту и просветлению. По его словам, это способность человека понимать свои мысли, эмоции и действия, а также мотивы, стоящие за ними. Говорят, что сознание можно развить с помощью интроспекции, работы над своими эмоциями и мыслями. Он утверждает, что у каждого из нас есть внутренний компас, который показывает, что правильно, а что нет. Позволяет нам прислушиваться к этому внутреннему голосу и принимать наилучшие решения для нашей жизни. [9]

Ученый написал свою «Power vs. Force», в которой подробно описал иерархию уровней человеческого сознания. Каждый уровень сознания был оцифрован им с помощью технологии мышечного тестирования (кинезиологического теста) — единственной технологии, признанной абсолютно точной технологией Reality Check. Эта шкала состоит из 17 уровней, от самого низкого до самого высокого. Каждый уровень соответствует определенной эмоции или состоянию сознания, которое влияет на нашу подсознательную способность. [9]

Самые высокие уровни включают такие состояния, как любовь, благодарность и покой, а самые низкие уровни включают такие состояния, как страх, гнев и гордость. Шкала сознания — состоит из чисел от 0 до 1000, где каждому уровню энергии соответствует определенное число. От 0 до 1000 восприятие человеком реальности варьируется от восприятия, основанного на страхе, до восприятия, основанного на Любви.

Уровни сознания Хокинса: стыд, вина, апатия, грусть, страх, желание, гнев, гордость, смелость, нейтральность, готовность, принятие, интеллект, любовь, радость, мир, просветление. Шкала разделена на две основные категории: низшие и высшие уровни сознания. Нижние уровни:

1. Стыд (20) - один шаг к смерти. Уровень самоубийства или серийного убийства. Другими словами, это ненависть к себе.
 2. Вина (30) - выше стыда, но могут быть мысли о самоубийстве. Человек не может простить прошлые поступки, считая себя грешником.
 3. Апатия (50) - человек чувствует безнадежность или терзает себя. Полная уверенность в собственной беспомощности. На этом уровне застревают многие бездомные.
 4. горе (75) – уровень бесконечной скорби и утраты. На этом уровне может случиться после потери близкого человека.
 5. страх (100) – мир кажется опасным и неуверенным. Человеку нужна помощь, иначе он может долго оставаться на этом уровне.
 6. желание (125) – уровень страсти, вредных привычек и страсти к деньгам, одобрению, власти, славе. Это уровень курения, алкоголя и наркотиков. Потребления. Материализма.
 7. гнев (150) – уровень фрустрации, часто из-за невозможности реализовать желания, рожденные на предыдущем уровне. Этот уровень может подтолкнуть человека действовать на более высоком уровне или утонуть в ненависти.
 8. гордость (175) – первый уровень, на котором человек начинает чувствовать себя хорошо, но это ложное чувство.
- Верхние уровни:
1. мужество (200) – первый уровень настоящей силы. На этом уровне человек начинает видеть, что жизнь полна испытаний. Появляется интерес к личностному развитию, но на этом уровне это называется продвижением, карьерой, образованием. Человек начинает видеть свое будущее не как его продолжение, а как увеличение по отношению к прошлому.
 2. нейтральность (250) – ее можно описать фразой «позволить себе быть собой, а другим быть другими». Гибкая, свободная и беспрепятственная жизнь.
 3. Подготовка (310) - когда человек чувствует себя в безопасности и комфорте, он начинает эффективно использовать свою энергию. Появляются мысли об управлении временем, производительности и самоорганизации. Это уровень развития силы воли и дисциплины.
 4. восприятие (350) - на этом уровне происходит сильное изменение и у человека пробуждаются возможности активной жизни. Это уровень постановки целей и их достижения. Человек начинает принимать ответственность за свою роль в этом мире. Этот уровень мотивирует многих людей менять карьеру, начинать новый бизнес.
 5. Интеллект (400) – на этом уровне человек начинает мыслить ясно и рационально, преодолевая эмоциональные аспекты более низкого уровня. Когда человек достигает этого уровня, у него появляется возможность в полной мере использовать свои умственные способности.
 6. Любовь (500) – это не чувство любви, о котором мы думаем. Это безусловная любовь, постоянное осознание своей связи с тем, что существует. Уровень, на котором человек пробуждает свою цель. На этом уровне мотивы чисты, а эго не сломлено страстями. Это чувство освобождения. Интуиция будет очень сильной на этом уровне. Хокинс утверждает, что только 1 из 250 человек достигает этого уровня.
 7. Радость (540) – пронзительное, непоколебимое чувство счастья. Здесь жизнь полностью управляется интуицией и случаем.
 8. Мир (600) – полная трансцендентность. По словам Хокинса, этого уровня достигает только один из 10 миллионов.
 9. Просветление (700-1000) – высший уровень человеческого сознания, где сочетаются человечность и божественность.

Мы составили анкету на основе теории Дэвида Хокинса в экспериментальном исследовании. Мы провели этот опрос среди 42 студентов. Вопросы анкеты были следующими:

1. какие эмоции чаще всего наблюдаются у вас или в каком настроении вы находитесь?
2. какое отношение к жизни у вас склонно?
3. записываете ли вы кратко свои мысли о творце?
4. какие изменения происходят в вашей духовной жизни за последние несколько месяцев?
5. как бы вы описали свое отношение к себе?

В результате были получены следующие ответы.

ЖОО-МЕКТЕП КОЛЛАБОРАЦИЯ: ПЕДАГОГТЕРДІҢ ЦИФРЛЫ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ – ТАБЫСТЫ МЕКТЕП КЕШІЛІ

Джангарашева Ардак Голембаевна
Төле би атындағы орта мектебі, Шу қ.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылдың 12 желтоқсандағы №827 қаулысымен бекітілген «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында орта, техникалық, кәсіби, жоғары білім беруде цифрлық сауаттылықты арттыру және педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту сияқты басты стратегиялық міндеттерін айқындап, осы бағдарлама негізінде отандық білім беру жүйесін жаңғырту қажет делінген.

Мектебімізді сау, берік, һәм өз жанымызға қабысатын, үйлесетін негізге құра білсек, келешегімізге тайынбай сертсуге болады. Ал сондай негізге құра алмасақ, келешегіміз күңгірт» деп ұлы педагог М.Жұмабаев айтқандай, біздің болашағымызды мектеп айқындайтыны анық. Қазіргі заман талабына сай қоршаған ортаға бейімделе алатын, үнемі білім алуға және алған білімін кеңейтуге ұмтылатын, дені сау, адамгершілігі мол ұрпақ тәрбиелеу үшін тәрбиелі білім беру ортасын құру қажет.

Дәл қазіргі уақытта біз ақпараттық қоғамда өмір сүріп отырмыз. Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет, сондықтан педагогикалық еңбектің өнімділігін сапалы өзгертетін оқыту мен тәрбиелеудің жаңа үлгілері мен әдістерін құру процесінде инновациялық іс-әрекет үлкен рөл атқарады. Инновациялық іс-әрекет деп мұғалімнің өз тәжірибесінде әлдеқайда жоғары нәтиже беретін белгілі сағыда біртіндеп енген жаңалықтың сапалы өсу динамикасын қамтамасыз ету үшін мектепте сапалы жұмыс жасайтындай цифрлы технологияларды жан- жақты менгерген педагогтердің кәсіби біліктіліктерін арттыру бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Осы орайда білім беру жүйесінің алдында үлкен бәсекелестік тұр. Білімді жаттанды түрде қолдану тиімсіз екеніне көзіміз жетті. Әлем көшіне ілескіміз келсе, халықаралық стандарттарға сай болу керекпіз. Көрнекті ұстаз» В.А. Сухомлинскийдің сөзімен айтқанда . «Егер сіз педагогикалық еңбек мұғалімге

қуаныш әкелсең, күнделікті сабақ беру бірқалыпты жалықтырғыш міндетке айналмасын десеңіз, әр мұғалімді табысты зерттеуге жетелеңіз» деген міне осы ұстаным аясында Төле би атындағы орта мектеп ұжымы жаңа 2024-2025 оқу жылында алдына: Педагогтердің цифрлы құзыреттіліктерін арттыра отырып «Нәтижеге бағытталған оқыту мен оқудың аясында функционалды сауатты тұлғаны қалыптастыру жүйесін дамыту, білім сапасын арттыру» мақсатын қойып отыр. **Цифрлық білім беру ортасы – білім беру процесінің әртүрлі міндеттерін қамтамасыз етуге арналған ақпараттық жүйелердің ашық жиынтығы.**

Заманауи педагогтің цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың төмендегідей артықшылықтары бар: педагог өз бетінше кәсіби біліктілігін жетілдіреді; танымдық белсенділігі артады; креативті ойлауы қалыптасады; педагогтердің цифрлық ортада білім алушылардың білім алудың маңызын сезінумен бірге алған жаңа білімді тәжірибеде тиімді пайдалана алатындай цифрлы технологияларды, цифрлы оқыту стратегияларын меңгеруі шығармашылық ізденісі қалыптасады; педагог өз бетінше жаңа ақпаратты, жаңа платформаны игереді; өзін-өзі дамытады.

Қазіргі уақытта ғылыми зерттеулерде цифрлы сауаттылықпен қатар, цифрлық құзыреттілік, цифрлық дағдылар ұғымдары қатар қолданылады. Бұл терминдер кейде бір-бірінің орнына қолданылады. Алайда олар әртүрлі мағынаға ие. 1-суретте цифрлық құзыреттіліктің негізгі дағдылары ашылды:

Цифрлық дағдылар адамдарға цифрлық мазмұнды құруға және бөлісуге, қарым-қатынас жасауға және жалпы оқуда, жұмыста және әлеуметтік қызметте тиімді және шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыру мәселелерін шешуге мүмкіндік береді.

Цифрлық білім беру ортасы – білім беру процесінің әртүрлі міндеттерін қамтамасыз етуге арналған ақпараттық жүйелердің ашық жиынтығы.

Цифрлық құзыреттілік педагог пен білім алушылардың ақпаратты сақтай алуы, ақпаратпен алмасу алуы, цифрлық ортада ақпараттық-коммуникациялық технологияны қауіпсіз таңдау, сенімді, цифрлық ортада цифрлық контентпен тиімді жұмыс жасауы және т.б. сапалы іс-әрекеттерімен ерекшеленеді.

Цифрлы технологияларды білім беру қызметін әр білім алушының білімділік деңгейіне, оның қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне бейімдеу мақсатында пайдалануға болады. Цифрлы білім беру ортасы – мұғалімдер мен оқушылардың цифрлық бағдарламаларды және цифрлық-әдістемелік ресурстарды спутниктік теледидар, бейнесабақтар, бейнежазбалар, электрондық оқулықтар, пәндің цифрлық оқу-әдістемелік кешенін тиімді пайдалану кеңістігі негізінде білім сапасын арттыру, дарынды балалармен жұмысты жандандыру мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін, біліктілігін арттырады. Цифрлық сауаттылық және жасанды интеллект білім беру жүйесін меңгеру мақсатында мектебіміздің екі ұстазы Шынарбекова М.Қ., Умирбекова Г.А. Астана қаласында өткен Халықаралық Ұстаздар саммитіне қатысып шетел мемлекеттерінен келген Ресей, Англия, Сингапур ғалымдарынан дәріс алып, нәтижесінде Халықаралық сертификатқа ие болды. Бүгінгі ғылым мен техниканың қарқынды дамып, еліміздің экономикасы өсіп отырған кезеңде, оқушылардың сапалы білім алып, ғылыми-шығармашылық зерттеушілік ізденісін қалыптастыру мақсатында ЖОО мен бірлесе отырып мектебімізде бірнеше инновациялық жобалар іске асты, айтар болсақ:

ЖОО- мектеп арасында меморандумға қол қойылды:

1. М.Х.Дулати атындағы Тараз Мемлекеттік Университеті
2. Тараз Инновациялық Гуманитарлық Университеті.
3. Ұстаз университеті
4. Қ.А.Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік Университеті
5. Қарағанды мемлекеттік 2-мәрте Кеңес одағының батыры Т.Бегелдинов атындағы Республикалық “Жас ұлан” әскери мектебі

Осы атаулы ЖОО-ң ғалымдары:

1. Бұзаубакова Клара Джайдарбековна
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
«Педагогика» кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының докторы, академик, профессор
2. Исмагова Сейсекүл Молдақұловна
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
филология ғылымдарының кандидаты, профессор
3. Халықаралық ғылымдар академиясының академигі
Профессор Әліпбекі Оңғарбек Әліпбекұлы
4. Қазақстан педагогикалық ғылымдар академиясының президенті. Профессор - академик Қусаинов Асқарбек Қабекенұлы ғалымдармен бірлескен нәтижелі жұмыстарымыздың арқасында бірнеше жобалар іске асырылды

1-жоба. Академик Бұзаубакова Клара Джайдарбековна атындағы «Кіші Академия» орталығы ашылды.

2-жоба. «Жас дарын» дарынды оқушылардың қоғамы құрылды. Теориялық алған білімдерін практикада дәлелдеу мақсатында қатысқан «Үздік ғылыми жобалар» жазылып байқауларда жүлделі орындарға ие болды.

Нәтижелері:

География пәнінің мұғалімі: Жангарашева А.Т. оқушысы ғылыми ғылыми жоба байқауының жүлдегері: Бердауыл Нұрмұхаммед аудан, облыс, республика көлемінде байқауға қатысып жүлдегер атанса, бастауыш сынып мұғалімі А.Тұрлыбаеваның оқушысы Калмахан Арсланхан аудандық “Зерде” ФГО байқауы 3-орын иеленсе ал Республикалық «Жылдың 100 үздік ғылыми жоба» байқауынан Калмахан А., Амалы Таиров екі оқушысыда 1-орын иеленді. Орыс тілі пәні мұғалімі Шынарбекова М.Қ. оқушысы Усаев О. Ғылыми жоба тақырыбы: Средство художественной изобразительности в повести А.С.Пушкина «Станционный смотритель» облыста ғылыми жоба байқауынан 2-орын. Орыс тілі пәні мұғалімі Шынарбекова М.К. орыс тілінен 5-6 сыныптарға арналған пән олимпиадасына дайындаған оқушысы Кенебай Арсен аудан, облыстан, республикалық олимпиадadan 1-ші жүлделі орын иеленді. Тарих пәнінің мұғалімі Асылбекова Ақтолқынның оқушысы Балтабай Арайлы аудан, облыстан 1-жүлделі орын, VI Республикалық «Менің шағын Отаным» атты ғылыми жоба конкурсында 3-орын жүлдегері атанды. Диханбаевтің оқушысы Республикалық «Бояулар сыры» жобасынан 1-ші орынға ие болды. Халықаралық физика пәнінен ашық олимпиадadan 3-орын жүлдегері Әуесхан Әнел 11-сынып оқушысы жетекшісі: Абаева Шамша Түлегеновна. Біздің оқушылар білімімен қатар онер саласында аудан, облыс, республика көлемінде жүлделі орындарға ие. Драма үйірме жетекшісі: Абаева Жансаяның драмалық қойылымы облыстан жылда 2-3 жүлделі орындар иеленді. Ержан Амина Республикалық бишілер байқауынан 1-орын жүлделі орын иеленді. Сонымен қатар біздің оқушыларымыз спорттық жарыстардан аудан, облыс, республика көлемінде Серік Қурамаев, Саябек Құрасбеков, Айдаров Мадияр сынды жаттықтырушыларының көмегімен аудан намысын қорғап жүлделі орындарға ие болуда: Тараз қаласында өткен баскетбол жарысынан 1-жүлделі орынға Республикалық Павлодар қаласында өткен гимназияда да Төле би мектебінің командасы 2-жүлделі орынға ие болды.

3-Жоба. Ұжым ЖОО-мен бірлесе отырып Жапония мектептерінің іс-тәжірибесінің негізінде ғалымдармен бірлесіп сабақты зерттеп, Lesson study - зерттеулері жүргізіліп нәтижесінде «Lesson Study – іс тәжірибедегі оқыту мен оқуды жетілдірудің тиімді жолы» атты оқу-әдістемелік құралы жазылды. Инновациялық кеңістіктерді қалыптастыруға отырып білім сапасын арттырудағы Lesson Study зерттеулері оқу әдістемелік құрал жазылды. Кітаптың олқылықтарын толықтыру мақсатында біздің ұстаздарымыз өз пәндері бойынша авторлық бағдарламалар жазып сабақтарында қолдануда. Кітаптің авторлары: А.Т.Жангарашева, Ш.Т.Абаева, М.Қ.Шынарбекова, А.Т.Сатқынова, Н.А.Бүйенбаева, А.Е.Айманбетова, Б.М.Досманбетова.

4-Жоба. Мектеп әкімшілігі ұжым болып жинақтаған іс-тәжірибемізбен бөлісу және тарату мақсатында, біздің мектебіміз жетекшілік ететін желілік қоғамдастыққа мүше (Абай, Домалак ене, Қ.Сәтпаев, Жиенбет, К.Әзірбаев) мектептерімен оқу жылының басында ынтымақтастықта бірлесе жоспар жасалынып, 9 фокус топ құрылды. Білім сапасын арттыруда және оқушылардың құзыреттілігі мен дағдысын қалыптастыруда ең алдымен оқыту сапасын, яғни сабақтың сапасын жақсарту болып табылады. Сондықтан да мектебімізде мұғалімдерге қойылатын талаптардың бірі – оқытудың тиімді әдіс тәсілдерін меңгеру және оқытуда ұтымды қолдану. Осы

орайда Lesson Study зерттеу сабағы мұғалімдердің кәсіби біліктілігін көтерудің, білім жетілдірудің, тәжірибе алмасудың оңтайлы әдісі екендігіне көзіміз жетті.

Желілік қоғамдастық мектептермен жүргізілген зерттеулер барысында әдістемелік көмек ретінде облыстық білім басқармасының білікті мамандарымен бірнеше рет зум платформасында дәрістер өткізілді және мектебіміздің тәжірибелі шебер ұстаздарымен коучингтер, семинар-практикумдар жүргізілді.

Желілік қоғамдастық мектептерімізді қамтып бірлесе отырып жүргізілген Lesson Study зерттеулердің нәтижелерін жинақтап мұғалімдерге қажет «Инновациялық кеңістіктерді қалыптастыра отырып білім сапасын көтерудегі Lesson study зерттеулерінің рөлі» атты оқу-әдістемелік құралы жазылып Ресей, Қырғызстан, Түркия мемлекеттерінің және Тараз, Алматы қалаларынан келген ғалымдар қатысуымен Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетімен және АББ-ң шешімімен «Табысты мектеп» ретінде өз іс-тәжірибемізбен бөлісу және тарату мақсатында «ЖОО-мектеп коллаборациясы инновация, технология және әдістеме» тақырыбында халықаралық форум өткізілді. /**Видео-2.А.Нұрдықызы/**

5-Жоба. Тіл әдістемелік бірлестігі үздік эсселерін, оқушылардың шығарған өлеңдерін, мақалаларын жинақтап М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті филология ғылымдарының кандидаты, профессор Исмадова Сейсекүл Молдақұловнаның жетекшілігімен “Үздік эсселер жинағын” жазып, тұсауын кесіп мұғалімдерге көмекші құрал ретінде ұсынды. Жыл сайын өте жоғарғы деңгейдегі қарқынмен өзгеріп жатқан әлем жағдайында көшке ілесіп, болашақ жастарға сапалы білім беру үшін мұғалімдердің үздіксіз кәсіби тұрғыда дамуы қажет. Сонымен қатар халықаралық зерттеулер мен инновациялық тәжірибелердің аясында функционалды сауатты тұлғаны қалыптастыру жүйесін дамыту, білім сапасын арттыру мақсатында TIMSS, PISA, ICILS және PIRLS халықаралық зерттеулер тапсырмаларын сабақта қолдану арқылы білім алушылардың жаратылыстану, математикалық сауаттылық және оқу сауаттылығын дамыту арқылы білім сапасының артуына қол жеткізу. Бұл халықаралық зерттеулердің жас ұрпаққа теориялық мәліметтермен қоса әлеуметтік ортада алған білімдерін өмірмен байланыстыра алуына ықпалы зор. Сондықтан халықаралық зерттеулерге дайындық жұмыстарды күшейте отырып “Халықаралық зерттеу тапсырмаларын сабақта тиімді қолдану арқылы білім сапасын арттыру жолдары” атты іс-тәжірибелер жинағы жазылды.

6-Жоба. Патриоттық бағытта тәрбиені дамыту аясында ашылған «Смарт сарбаз», «Жас сақшы» сыныбы ашылды

7-Жоба. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен елімізде іске асырып жатқан «Бірге таза Қазақстан», «Жасыл ел» жобасына біздің де мектеп оқушылары мен ұстаздары, ата-аналары өз үлестерін қосты. Сонымен қатар оқушыларды табиғатты сүйеге баулу мақсатында мектептің бірінші қабатында «Қысқы бақ» ашылды. Республикалық «Туған жерге қамқорлықпен» атты байқауға қатысқан экологиялық топ бірінші жүлделі орын - 900 000 тг сертификатына ие болды.

8-Жоба. «Дулати» атындағы педагогикалық сынып ашылды. «Педагог» мамандығына деген қызығушылығын арттыруды бағдарлайтын «педагогикалық мамандыққа кіріспе» факультативтік курсының оқу бағдарламасы бойынша пилоттық жоба шеңберінде қосымша оқытуды жүзеге асыратын М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті тарапымен меморандумның негізінде ерекше үлгідегі «Дулати» педагогика сыныбы мектебімізде ашылды.

Оқушы жастарды педагогикаға ерте бейімдеу, оқушылардың мұғалім мамандығына деген қызығушылығын қалыптастыру және педагогикалық қызметте өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндігіне оң көзқарас қалыптастыру. Білім алушылардың мақсатты кәсіптік-педагогикалық қалыптасуы мен педагогикалық қызметті игеруге деген тұрақты қызығушылықты, сондай-ақ қазіргі қоғам талап ететін жеке және жалпы педагогикалық құзыреттерді қалыптастыру болып табылады. “Дулати” педагогикалық сыныпты ашу мақсатында меморандумға қол қою рәсімі өткізілді. М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті тарапынан академиялық мәселелер жөніндегі проректоры: С.К.Алимбаева, екінші тарапынан Төле би орта мектебінің директоры: А.Т.Джанғарашева қол қойды. Осы жобаның негізінде біздің болашақ педагогтарымыз М.Х.Дулати университетінің тарапынан өткізген болашақ педагогтарымыз М.Х.Дулати университетінің тарапынан өткізген “Мен педагог мамандығын таңдаймын!” атты І Республикалық педагогикалық оқушылар олимпиадасына, жобаларға қатысып жүлделі орындарға ие болған жүлдегерлерді академик, профессор К.Ж.Бұзаубақовнаның өзі марапаттады /**Видео-1 К.Жайдарбековна/**

9-Жоба «Ата-аналар» академиясы құрылды.

Ата-аналарды педагогикалық – психологиялық қолдау мақсатында оқу-ағарту министрі Гани Бекатаевич Бейсембаевтың тапсырмасымен мектебімізде ата-аналар форумы өткізіліп осы форумда ата-аналармен бірлесе отырып «Ата-аналар академиясы» орталығын ашу туралы шешімін қабылданып мектебімізде «Ата-аналар академиясы» орталығы құрылды. Ата-аналар академиясы орталығының 3 жылға дейін даму бағыттары анықталатын жоспар жасалынды. Жыл ішінде «Менің бақытты отбасым» атты байқау өткізіліп жеңімпаз атаеған отбасы аудандық «Салауатты ата-аналар мәдениеті» байқауға қатысып аудан көлемінде 2 жүлделі орын, бағалы сыйлықтар, сертификатпен марапатталған Алдабергеновтар отбасы жетістігінен көруге болады

10-Жоба «Әр бала жарық жұлдыз» жобасы мектептегі жаналықтардан ата-аналар хабарлар болып отырсын деп ашылған жаңалықтар тоқтамаса «Мектеп тынысы» оқушылар мектептегі болып жатқан іс – шаралар, жарыстар, пән айлықтарының қортындысын, аудан, облыс, республика көлеміндегі өткен байқау, конкурстар жүлдегерлері туралы хабарлама даярлап мектеп сайтынан, фейзбук, инстаграм парақшаларына жүктеліп отырады

Қорыта келе:

Мектеп табысты болуы үшін әрбір білім ордасы алдына қойған мақсатқа, жетіп міндеттерді орындау үшін ұжым тынбай еңбектенуі қажет: себебі адам қажырлы еңбегін қосу, арқасында жетістіктерге қол жеткізеді.

Біз білім беру адамзаттың ортақ мүлкіне айналған дәуірде өмір сүреміз. Бір жерде жаңалық ашыла, басқа жерде оны тез үйреніп үлгеруде.

Біздің міндетіміз – дүниежүзіндегі жаңалықтар мен дамуларды назарға ала отырып, одан да жақсысын, тиімдісін ұсыну. Олай етпесек көштен қаламыз, себебі барлық салада даму өте жедел жүзеге асуда.

Әдебиеттер:

1. Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» ҚР Президентінің Қ.Тоқаевтың Қазақстан Халқына Жолдауы. – Астана, 2022 // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K22002022_2
2. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысы // <http://adilet.zan.kz/kaz>
3. Бузаубақова К.Д. Қазақстан Республикасында қашықтықтан оқыту жағдайында болашақ педагогтердің цифрлық-құзыреттіліктерін қалыптастырудың теориясы мен практикасы: Монография. – Тараз: «ИП Бейсенбекова А.Ж.», 2023. – 312б.
4. Бузаубақова К.Д., Амирова А.С., Маковецкая А.А. Цифрлық педагогика [Электрондық ресурс]: оқулық - Тараз, 2022. - 314 б.
5. Бузаубақова К.Д., Беделбаева А.Е. Цифрлық білім беру ортасындағы педагогтің қызметі: Оқулық. –Тараз: «ИП Бейсенбекова А.Ж.», 2024. -127б.

**СЕКЦИЯ 1
ҮЗДІКСІЗ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ:
ӨЗЕКТІ ПРОБЛЕМАЛАРЫ ЖӘНЕ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ**

ӘОЖ: 37.078.6/8

ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТАЛҒАМ МЕН МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Абдуалиева Алина

М.Х.Дуллати атындағы Тараз университеті, 1 курс студенті

Таджибаева Жанна Сайдуллаевна

М.Х.Дуллати атындағы Тараз университеті, Тараз қ.

Аңдатпа:

Мақалада эстетикалық талғам мен мәдениетті қалыптастыру мәселелері қарастырылады. Эстетикалық талғам адамның көркемдік, мәдени және рухани дүниетанымын айқындайтын маңызды аспект болып табылады. Бұл ұғым адамның өнер мен мәдениетке деген көзқарасын, табиғатқа, адамның іс-әрекетіне және қоғамдағы эстетикалық құндылықтарға деген сезімін білдіреді. Мақалада эстетикалық талғамды қалыптастырудың негізгі жолдары, оның тұлғааралық қарым-қатынастар мен қоғамдық өмірдегі ролі талданады. Сонымен қатар, мәдениеттің адамның дүниетанымына, мінез-құлқына және әлеуметтік қатынастарына әсері, эстетикалық тәрбие мен мәдени білімнің өзара байланысы қарастырылады. Эстетикалық талғамды қалыптастыруда білім беру жүйесінің, мәдени мекемелердің және қоғамдық орындардың маңызы ерекше екені атап өтіледі.

Кілт сөздер: эстетикалық тәрбие, эмоциялық сезімдер, эстетикалық қабылдау, эстетикалық талғам

Аннотация:

В статье рассматриваются вопросы формирования эстетического вкуса и культуры. Эстетический вкус является важным аспектом, определяющим художественное, культурное и духовное мировоззрение человека. Под этим понятием понимается отношение человека к искусству и культуре, чувство к природе, к деятельности человека и эстетическим ценностям в обществе. В статье анализируются основные пути формирования эстетического вкуса, его роль в межличностных отношениях и общественной жизни. Кроме того, рассматривается влияние культуры на мировоззрение, поведение и социальные отношения человека, взаимосвязь эстетического воспитания и культурного знания. Подчеркивается особое значение системы образования, учреждений культуры и общественных мест в формировании эстетического вкуса.

Ключевые слова: эстетическое воспитание, эмоциональные чувства, эстетическое восприятие, эстетический вкус

Annotation:

The article discusses the problems of the formation of aesthetic taste and culture. Aesthetic taste is an important aspect that determines the artistic, cultural and spiritual worldview of a person. This concept refers to a person's attitude to art and culture, feelings for nature, human activities and aesthetic values in society. The article analyzes the main ways of forming aesthetic taste, its role in interpersonal relationships and public life. In addition, the influence of Culture on the worldview, behavior and social

relations of a person, the relationship between aesthetic education and cultural education are considered. It is noted that the education system, cultural institutions and public places are of particular importance in the formation of aesthetic taste.

Keywords: aesthetic education, emotional feelings, aesthetic perception, ethetic taste

Эстетикалық тәрбие – күрделі де көп қырлы үрдіс. Жеке тұлғаның эстетикалық тәрбиеге қатысты психологиялық ерекшеліктерін Л.С. Выготский, Э.В. Леонтьев, А.А. Венгер, В.С. Мухина қарастырған.

Адамның эстетикалық санасының құрылымын аша отырып, олар көркемдік–эстетикалық қабылдау, эстетикалық сезімдер, эстетикалық қажеттіліктер, эстетикалық идеалдар мен талғам, эстетикалық көзқарастар сияқты негізгі элементтерді бөліп көрсетті. Осы тұста біз жоғарыда аталған ұғымдардың өзіне тән ерекшеліктерін айта кеткенді жөн көрдік. Көркемдік–эстетикалық қабылдау өнер және қоршаған дүниенің сұлулығымен қарым–қатынас жасаудың бастапқы сатысы. Оның тереңдігі мен айқындығына эстетикалық әсерленудің тереңдігі байланысты.

Көркемдік- эстетикалық қабылдаулар болмыс құбылыстары мен өнерден эстетикалық сезімдерді оятатын қасиеттерді, сапаларды бөліп алу қабілетінде көрініс тапқан. Көркемдік эстетикалық қабылдауға бейнелеу өнеріне байланысты қабылдау да енеді. Бұл эстетикалық сананың негізі. Ол эстетикалық эмоциялармен қатар адамды эстетикалық немесе тағы да басқа қажеттіліктерді қанағаттандыратын әрекеттерді жасауға ынталандыратын себеп болып табылады.

Б.П. Юсов эстетикалық қабылдаудың төрт компонентті үлгісінің төмендегідей құрамдарын бөліп көрсетті:

- бірге әсерлену қабілеті, эмоциялы ықыластылық;
- өнер туралы арнайы білім көлемі мен ұғымдардың болуы;
- көркем шығармалар түрлерін қабылдау қабілеті;
- бағалаулар мен көркемдік пайымдауларын болмыс құбылыстары мен өнердің басқа түрлерін қабылдауға көшіре білу қабілеті [3, 145-147.бб.].

Шынайы дүние құбылыстарын эстетикалық қабылдау, бейнелеуге қажетті сенсорлық қабылдау ғана емес, сонымен бірге қабылдаған құбылыстың эстетикалық бағалануы, оған әсерленіп жауап беру, заттың әдемілігін, айқындығын көре білу, сезіну қабілеті. Дәл осы қасиет ерекше таң қалдырған, қуантқан нәрсені графикалық түрде жеткізудің негізін қалайды.

Адамның эстетикалық, эмоциялық сезімдері толассыз, сарқылмайды, алайда, эстетикалық қабылдау мен эмоциялар себептен әрекеттің стимулына айналуы үшін олар ерекше эстетикалық әсерленуде шешімін табуы қажет. Әлеуметтік-эстетикалық әсерленулер жалпыға ортақ, ешқандай “ережеге “ бағынбайды, субъективтілік, сырластық сияқты ерекше белгілермен сипатталады. Эстетикалық әсерленулер адамның белсенді шығармашылық іс әрекетін оятып, “сұлулық заңдары” бойынша оның болмысқа деген эстетикалық қарым–қатынасының нақты мынадай формаларын, яғни эстетикалық эмоцияларды, талғамдарды, идеалдарды жинақтап көрсететін категория. Эстетикалық әсерлену шығармашылық ықыластылық немесе шығармашылық жасампаз іс-әрекетке ықыластылық түрінде өзекті мәселеге айналып отыр. Кейде эстетикалық қабылдауды дұрыс емес анықтама ретінде бағалауға болады. Адамды шығармашылық іс-әрекетке баулу бір басқа да, оның іс-әрекетке және шығармашылыққа деген қарым-қатынасын қалыптастыру бір басқа [4, 33.б.].

Эстетикалық әсерленудің неғұрлым қарапайым формасы эстетикалық эмоция. Психологияда эмоциялардың табиғаты жайлы мәселеге қатысты екі тұжырым бар. Кейбір авторлар эмоцияларды адамның болмысқа, адамдарға, өз-өзіне қатысты әсерленуі деп айтады. Басқа бір тұжырым эмоцияларды болмысты бейнелеудің ерекше формасы ретінде қарастырады. Мәселен, К.Платонов «Эмоциялар бейнелеудің бір формасы болып табылады, алайда олар шынайы дүниенің заттары мен құбылыстарын емес, әсерленген адамның іс әрекетінің қажеттіліктеріне, мақсаты мен мотивтеріне қатынасын бейнелейді. Адам бұл

объективті қатынастарды өзінің оларға деген қатынасы ретінде субъективті сезінеді» деп жазған.

Объектілер немесе түсініктердің эстетикалық әсерленуі үшін олар бейнелі, мәнерлі, сұлулық жөніндегі «көркем», «асқақ», «үйлесімді», «жетілген» сияқты түсініктерге сәйкес немесе кері эмоциялар мен әсерленудегі тудыруы тиіс [4, 34.б.].

Бастауыш сынып оқушыларының эстетикалық қабылдауын мақсатты түрде қалыптастыру оларда композицияның формасын, түсін жете айыру мен оларды бағалай білу қабілеттерінің дамуын талап етеді. Осы мәселенің шешімін табуда психолог ғалымдар В.В. Волков, Е.И. Игнатъев, А.В. Запорожец, В.И. Кириенколардың заттар, шындық өмір құбылыстары мен өнер туындыларын қабылдауды қалыптастыру заңдылықтарын анықтауға арналған зерттеулерінің осы мәселенің шешімін табуда маңызы зор.

Эстетикалық сезімдер – адамның шындық өмір құбылыстары мен өнер туындысына баға беру қатынасынан туған субъективті эмоциялық күйі. Эстетикалық сезімдер оқиғаны ой елегінен өткізу негізінде пайда болып, қуаныш, таңдану, аяшылық, жаны ашу, ортақтасу сияқты эстетикалық әсерлерді тудырады. Олар оқушылардың заттар мен қоршаған дүние құбылыстарының құрылымы, формасы, түсі жайлы түсініктері мен қабылдауларының дамуы және молаюы салдарынан едәуір терең, түсінікті бола бастайды.

Эстетикалық сезімдер, көбінесе, бейнелегенді бейнелейді, яғни суретшінің, шебердің өздері жасаған заттар мен туындыларға деген ара қатынасын бойларына сіңірген заттар мен құбылыстарға қатысты адамның қарым-қатынасын білдіреді. Эстетикалық сезім болмыстағы әсемдікті түсіну немесе түсінбеу тұрғысынан адамдардың әр түрлі көзқарастарын топтастырады [5, 34.б.].

Табиғаттың өзінде эстетикалық сезімдерді, байқағыштықты, қиялды дамыту үшін бай материал бар. Бұл жөнінде К.Д. Ушинский: «Еріктік, қаланың әсем келбеті, хош иісті жыралар, жайқалған егістік, қып-қызыл шие, алтын күз бізге тәрбиеші болған жоқ па?» деген [5, 52-53.бб.].

Эстетикалық қажеттіліктер көркемдік-эстетикалық құндылықтармен қарым –қатынаста және рухани-эстетикалық көңіл- күйлерді бастан кешіруде пайда болатын тұрақты қажеттілік.

Эстетикалық қажеттіліктер жеке тұлғаның көркемдік ләззатқа шөліркеуі ретінде көрінеді. Өнермен жиі кездесуден туған қажеттілік адамды шаттыққа кенелтіп, өнерге деген ұмтылысты тудырып, рухани күштерді жинақтап, оны қабылдауға деген даярлықты тудырады. Осылайша қоршаған дүние мен көркем өнер туындыларын қабылдауға қатысты жалпы ұстаным қалыптасады. Олай болса, оқушының бастауыш сыныптан бастап-ақ табиғат пен бейнелеу өнеріне деген талғамын, эстетикалық сезімін қалыптастырудың жолдары мен әдістерін ғылыми тұрғыда тұжырымдауға мол мүмкіндік бар.

Эстетикалық талғам. Эстетикалық қатынас адамның эстетикалық талғамымен тығыз байланыста қалыптасады.

Эстетикалық талғам туралы мәселе адамның күнделікті өмірімен, эстетикалық теория және практика, көркемдік шығармашылық, шеберлік мәселелерімен тығыз байланысқан. Эстетикалық талғам қабылданатын объектінің сапаларына ғана емес, оны қабылдаушы, бағалаушы, танушы адамның өзіндік ерекшеліктеріне де байланысты. Адам қабілетінің күрделі иерархиясындағы эстетикалық талғам айырықша, өзекті ұстанымды иеленеді. Эстетикалық талғам мен оның қабілеттіліктерін құрайтын психикалық қасиеттер мен ерекшеліктер болмайынша кез келген іс-әрекет үлкен жетістікке жете алмайды. Ол адам іс-әрекетінің мақсаттылығын баса көрсетіп отырады. Эстетикалық талғам бұл субъектінің бағалау типі ғана емес, адамның іс жүзіндегі объективті болмысқа қатынасының түрі. Мұндай қарым-қатынас табиғатқа шыққан топсаяхат, серуен кездерінде оқушының іс-әрекеті негізінде туындап, біртіндеп оның бейнелі ойына әсер етпек. Бастауыш сынып оқушыларының нақты объектілерді байқап, бақылай көруінен бейнелі ойы туындайды. Эстетикалық аспектіде объективті құбылыстардың сапасын бағалаумен қатар, адамның іс жүзінде меңгерген бұл сапаларды тану мөлшері де анықталады. Бұл шынайы әдемілік пен ұсқынсызды, қайғылыны немесе күлдіргіні көру, сезіну, түсіне алу және оны әділ бағалау. Бұл едәуір күрделі

педагогикалық міндет. Қарапайым эстетикалық түсініктер мен пайымдаулар бастауыш сыныптарда қалыптасады.

Эстетикалық тәрбие болмыстағы және өнердегі сұлулық пен әсемдікті дұрыс қабылдауды және эстетикалық сезім мен талғамды тәрбиелейді. Өнер және өмірдегі сұлулықты жасау, оған қатысу қабілетін, қажетсінуін қалыптастырады. Эстетикалық тәрбиенің мақсаты - оқушының бойында көркем-эстетикалық мәдениетті қалыптастыру, оны жоспарлы және мақсатты түрде сіңіру болып табылады. Эстетикалық тәрбиенің міндеттері:

- Бейнелеу өнері арқылы көркем шығармашылық сезімін, талғамын дамыту.
- Эстетикалық құралдарды: өнер, әдебиеттерді, қолдана білу дағдысын қалыптастыру.
- Эстетикалық сезімді және эстетикалық қабылдауды тәрбиелеу.
- Оқушыларды әсемдікті көре біліп, сезінуге тәрбиелеу.

Адамдардың эстетикалық сезімдері олардың өмірінде зор рөл атқарады. Әсемдікті көріп, түсініп, жасай білу адамның рухани өмірін байытады, қызғылықты етеді, оған ең жоғары рухани ләззаттануға мүмкіндік береді. Адамның әсемдікті және жексұрындықты, сәулеттілік және ұждансыздықты, қуаныш пен қайғыны түсіне білуіне байланысты, оның саналы тәртібі мен мінез-құлқы айқындалады. Осыдан келіп адамның әсемдікке шынайы көзқарастары мен мұраттары болуы керек екендігі шығады. Ең бастысы - адамгершілік сезімді, жеке бастың рухани деңгейін көтеру, мінез-құлқын толықтыру, түзету. Егер оқушы өзін жаман әдеттен алшақ ұстап, іс-әрекетінің әдемілігін, қажеттілігін түсініп, еңбек нәтижесінен көркемдікті сезіне білсе, бұл оның эстетикалық талғамының, адамгершілік қасиеттерінің жоғары жетіле бастағанын көрсетеді. Эстетикалық тәрбиенің мақсаты - жеке адамның эстетикалық мәдениетін дамыту.

Оның негізгі компоненттері:

- Эстетикалық қабылдау.
- Эстетикалық сезім.
- Эстетикалық талғам.

Эстетикалық қабылдау деп - әсемдікті қабылдау процесін айтады, мұның нәтижесі эстетикалық әсерлену, эмоция болып табылады. Табиғат, өнер, адам жасаған заттар, адамның сыртқы кейпі, рухани дүниесі, тұрмыс-салты, әрекеттері мен қылықтары, адамның өзі де эстетикалық қабылдасаудың объектісі бола алады. Адам рухани жағынан бай болып, әсемдікті көре біліп, одан ләззат ала білуге тиісті.

Эстетикалық талғам - әсемдікті дұрыс бағалай білуге тәрбиелеу. Эстетикалық талғам немесе көркемдік талғам әрбір адам өзі жасайтын белгілі бір эстетикалық мұратты бейнелейді.

Эстетикалық мұрат дегеніміз - адамдардың көксіп жүрген әсемдік жөніндегі түсінігі. Адамның жетем-ау деген арманы, өмірде сол бойынша құрғысы келетін нәрсесі.

Эстетикалық сезімдерді, мұрат, талғамдарды бағалауды тәрбиелеу білімді меңгеріп алумен бірге, дүниеге көзқарасты қалыптастырудың маңызды құралы болып табылады.

Қазақ халқында көшпенділік өмір жағдайына байланысты табиғи өзгерістерге өте нәзік байқағыштық тән. Кең далада қозғалыс бағытын дұрыс табу, жайылымдардың күйін анықтау, ауа райының өзгерісін алдын ала болжау, өсімдіктердің атын өте дәл тауып қою, т.с.с. Халықтың эстетикалық тәрбие жүйесінде лирикалық, үйелмендік, тұрмыстық, әдет-ғұрыптық, еңбектік және т.б. әндер мен өлеңдер ерекше орын алады. Бұлар да эстетикалық тәрбиенің құралдары ретінде қызмет етті. Халқымыздың әндері жанры және тақырыбы жағынан бай. Халқымыздың тұрмысына енген қолданбалы колөнер бұйымдары, олардың әшекейленіп жасалуы эстетикалық тәрбиеде өз алдына бір сала. Ағаш, тері, металл өңдеудегі өнері әлемге әйгілі. Эстетикалық тәрбиеде халық ауыз әдебиетінің маңызы зор. Оның мазмұны халқымыздың бүкіл өмір тәжірибесін қамти отырып, жас ұрпақ санасын, әсемдік сезімін, талғамын дамытады.

Тәрбие отбасынан басталады дегендей, балаға имандылық, инабаттылық, ар, ождан уағызы, қоршаған орта, табиғат сырына жастайынан тәнті ету тәрбиеден туатын үрдіс. Ананың сөзі – ақылдың көзі деп қарау, атаның өнегелі ісін мұра тұту, оның жолын қуу, ән мен күйді, жыр мен термені рухани азық ету, зергерлік, шеберлік, ұсталық өнерді үйрену, ананың әлдіі, әженің бесік жыры - бәрі тәрбиенің тағылымдары.

Эстетикалық тәрбиеде халық ауыз әдебиетінің маңызы зор. Оның мазмұны халқымыздың бүкіл өмір тәжірибесін қамти отырып, жас ұрпақтың санасын, әсемдік сезімін, талғамын дамытуда рөлі ерекше.

Эстетикалық тәрбие беру жүйесінде ұлттық өнердің орны ерекше:

- Лирикалық, үйелмендік, тұрмыстық, әдет-ғұрыптық, еңбектік және т.б. әндер мен өлеңдер.
- Музыкалық аспаптар: домбыра, шертер, асатаяқ, шаңқобыз, мүйіз сырнай, жетіген, үскірік
- Қолданбалы қолөнер бұйымдары: ағаш, тері, металл өңдеу өнері.
- Ауыз әдебиеті.

Олар жас ұрпақтың бос уақытында эстетикалық тәрбие беру ісіне қызмет етті.

Оқушылардың эстетикалық тәрбиесі оқу-тәрбие процесінде іске асырылады. Эстетикалық білімнің негізі - оқу пәндері. Мектеп оқушылары әр түрлі пәндерді оқудың нәтижесінде табиғаттың, еңбектің сұлулығын және адам іс-әрекетінің әдемілігін бағалай білуді түсінеді:

Ана тілі - мәдениетті сөйлеу, көркемдік танымын қалыптастырып, қиялын дамытады.

Музыка - сезімдерін дамытып, музыкалық мұратын қалыптастырады.

География - оқушылардың эстетикалық дүниетанымын дамытады.

Бейнелеу өнері - кескіндеме, мүсін, графика, әсемдікті жасау қабілетін дамытады.

Әдебиет, тарих - шығармашылық қабілетін дамытады.

Химия, физика - табиғи құбылыстар жөнінде түсінік алады.

Музыка сабақтары өте әсерлі сезімдерді оятып, музыка мұраттарын қалыптастырып, бала тәртібіне ықпал етеді. Музыканы тыңдау, ән салу балалар үшін өнегелік-әсемдік мәні бар, себебі көтеріңкі көңіл, ержүректік сезімдерден ортақ әсер алу оларды рухани өрлеу үстінде біріктіреді және топтастырады. Сондықтан саналы тәртіп пен мінез-құлықтықты тәрбиелеу үшін музыка пәні бағдарламасында халық әндерін игеруге үлкен мән берілген. Музыка пәнінің бағдарламасында, ән салу және жазылып алынған музыкалық шығармаларды тыңдау негізінде оқушылардың есту қабілетін дамытуды көздейді.

Бейнелеу өнері сабақтарының да балалардың эстетикалық көзқарасын тәрбиелеуде ықпалы мол. Кескіндеме, мүсін, сызықтық суреттер, сәулет өнерлері құралдарымен өмір, табиғат және қоғам әсемдігі өрнектеледі. Бейнелеу өнері шығармалары әсемділікке тәрбиелеп, адамдар мұраттарына, күнделікті өмірдегі тәртібіне үлкен ықпал жасайды. Бейнелеу әсемдікті түсіну мен нәзіктікті сезіну, алған әсерін бейнелеу өнері құралдары арқылы шамасына сай беру, сызықтың сурет салуын меңгеру арқылы олардың өзіндік іс-әрекеті қалыптаса бастайды.

Оқушылардың эстетикалық тәрбиесі сыныптан тыс тәрбие процесінде іске асырылады.

Әдебиет, музыка, хореография, бейнелеу өнері, т.б шығармашылық үйірмелер ұйымдастыру. Балалардың шығармашылық жұмыстарының басты формаларының бірі - көрмелер, сайыстар. Көрмеде оқушылардың бейнелеу өнері, қабырға газеттері, қолжазба журналдары көрсетіледі. Сайыста жақсы лирикалық, эстрадалық әндер, әңгімелер орындалады. Сайыс оқушыларды қуанышқа бөлейді, келешекке үмітін тұтандырады. Мектепте музыка, кескіндеме және әдебиет кештері өткізіледі. Онда оқушылар тыңдаушыларды өз шығармалары және әндерімен таныстырады, пікір алмасады, ұсыныстар айтылады. Шығармашылық конференцияларда оқушылардың зерттеу жұмыстары туралы баяндамалары, рефераттары талқыланады. Олардың жұмыстары жөнінде құнды пікірлер айтылып, ұсыныстар беріледі. Мектеп және сынып бойынша алдын ала жасалған жоспарларға сәйкес өткізіледі.

Сыныптан тыс эстетикалық жұмыстың барлық түрлері оқушылардың еріктік, қызығушылық, бейімділік принциптері негізінде іске асырылады.

Күнделікті өмірдегі адамның жеке басының эстетикасы:

Қатынас эстетикасы. Мектепте оқушыларының ата-аналармен, мұғалімдер мен басқа адамдармен қарым-қатынас жасауы эстетикалық тәрбиенің іргетасы. Мұндай қатынас балалардың күнделікті өмірінде, іс-әрекетінде қалыптасып, эстетикалық сезіміне үнемі әсер етеді.

Үй-жағдай эстетикасы. Әрбір үйелмен өз үйіне жайлы жағдай жасауға тырысады. Дүние мүліктерінің орнында әдемі, ыңғайлы тұруын ойластырады. Балаларды үй ішінде өзінің жеке заттарын, нәрселерін ретке келтіріп ұстауға, күтуге, үйді жинауға, тазалық сақтауға үйретеді. Осы жұмыстардың бәріне балаларды қатыстыру - әке-шешенің басты міндеті.

Киім-кешек эстетикасы. Адамның сыртқы көрінісі, киімі, жүріс-тұрысы оның эстетикалық мәніне байланысты. Киім эстетикасы, қазіргі өмір талабына сәйкес болуын талап етеді: Киім-кешек эстетикасында сұлулықтың өлшемін есепке алу керек. Манера, жест (дене қимылы) - бұл әрбір адамның өзін ұстай білу үлгісі және дене қимыл жөніндегі ұғымды білдіреді. Адамның сыртқы мәдениетімен ішкі дүниесінің ұштасып жатуы — эстетикалық сұлулықтың белгісі. Ата-аналар мен мұғалімдер оқушы жастардың эстетикалық танымын, сезімін, мәдениетін, білімін көтерудегі ең басты сүйеніші. Олар өздері үлгі болып эстетикалық тәрбие жұмысының мазмұнын, нормаларын және әдістерін жетілдірудің жолдарын іздестіріп, іске асырады.

Мінез-құлық эстетикасы - оқушылардың өзге адамдармен қарым-қатынасы және өмір сүріп отырған қоғамдағы іс-әрекет қылығын айтамыз. Мінез-құлықты дербес ғылым — этика зерттейді, сонымен қатар оны эстетикада қарастырады.

Эстетикалық талғам мен мәдениетті қалыптастыру адамзаттың рухани және әлеуметтік дамуының негізі болып табылады. Әрбір тұлға мен қоғам үшін эстетикалық құндылықтар мен мәдениет кең ауқымды әсер етеді, себебі олар біздің дүниетанымымызды, шығармашылық қабілеттерімізді және өмірге деген көзқарасымызды қалыптастырады. Бұл процестер білім мен тәрбие арқылы үздіксіз дамып, қоғамның мәдени деңгейін арттырады. Адамның эстетикалық талғамы мен мәдениеті тек жеке тұлғаның емес, бүкіл қоғамның дамуына да үлкен әсер етеді. Осы себептен, эстетикалық тәрбие мен мәдениетке мән беру — болашақ ұрпақтың сапалы және саналы азамат болып қалыптасуына ықпал етеді.

Әдебиеттер:

1. Аягозов Ж. Өнер тарихы [Электрондық ресурс]: Оқу құралы / Ж.Аягозов, Д.Тұрысбекова. Тараз, 2013. 152 б. http://lib.tarsu.kz/rus/all.doc/Elektron_res/Oner_tarihy.rar
2. Гомбрих, Э. Өнер тарихы : Оқулық. / Ауд. Б.Е. Умарбеков, К.С. Оразкулова, Е.И. Нұразхан. - Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. - 680 б. - ISBN 978-601-7943-33-2. <http://rmebrk.kz/book/1171578>
3. Кудлай, Л. И. История искусств [Текст] : учебное пособие / Л. И. Кудлай. - Тараз : Тараз университеті, 2014. - 293 с. - ISBN 978-9965-37-164-6 : экз 37 Живопись и скульптура [Электронный ресурс]: электронная книга. - М. : ООО "ИД "РАВНОВЕСИЕ", 2004. - //CD-ROM. - 1650т. 00т. тг. экз 1

ӘОЖ 870:682.1

МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ АЛУЫ: МОТИВАЦИЯ, КЕДЕРГІЛЕР МЕН МҮМКІНДІКТЕР

Абдувалиева Амина Сейлқасымовна

М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті 2 курс студенті

Ордабаева Раушан Біләнқызы

М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз қ.

Аннотация

Каково главное требование к профессии учителя, которое не теряет своей актуальности? Насколько в нашей стране обеспечены условия для продолжения образования учителя? Автор статьи подробно затронул эти вопросы. Существуют также рациональные способы поддержать устремления людей этой профессии. В этом тексте предлагаются способы предотвращения проблем в сфере образования, которые нарастают в обществе.

Annotation

What is the main requirement for the profession of a teacher that does not lose its relevance? To what extent are the conditions for continuing education of a teacher provided in our country? The author of the article touched upon these questions in detail. There are also rational ways to support the aspirations of people of this profession. This text suggests ways to prevent problems in the field of education that are growing in society.

Кілтті сөздер: педагогика, мұғалім, білім алушы, білім, мүмкіндік.

Мұғалім мамандығы қай заманда болмасын өзектілігін жоғалтпақ емес. Үздіксіз білім алу жалпы білім беру үдерісін қозғаушы күш әрі қазіргі білім беру жүйесінің маңызды аспектісі болып табылады. Бұл үрдіс мұғалімдердің кәсіби дамуын, педагогикалық әдістемелерді жанартуды және оқушылардың білім сапасын арттыруды қамтамасыз етеді. Алайда, мұғалімдер үшін білім алу барысында кездесетін кедергілер мен мотивация, яғни жігерлендіру сәттерін түсіну өте маңызды.

Білімнің соңынан қуған және өзгелерді біліммен сусындатуды ойлаған адам білдім, толдым деп айтуын елестету қиын. Мұғалімдер де үздіксіз білім алуға ынталанады, себебі олар өздерінің кәсіби дағдыларын жетілдіріп, оқушыларға сапалы білім беру үшін жаңа әдістер мен бүгінгі күннің технологияларын меңгергісі келеді. Сонымен қатар тоқтаусыз білім іздеу мұғалім өзі қызмет жасап жүрген салаға деген қызығушылығы мен ынта-сүйіспеншілігін арттыруда айтарлықтай рөл ойнайды. Бұл олардың шығармашылық әлеуетін дамытуға көмектеседі. Білім алу арқылы мұғалімдер мансаптық деңгейін көтеруге, жаңа лауазымдарға ие болуға және кәсіби мәртебесін арттыруға мүмкіндік алады.

Кез келген мамандық иесі үшін мансаппен жоғары көтерілуге деген ұмтылыс пен өзінің саласындағы білімін арттыруына берілген мамандықтың қоғамда қандай көзқараспен қабылдануы да ықпал етеді. Қоғам деу арқылы тек қарапайым халыққа ғана емес, билік өкілдері мен мемлекет бойынша жалпы білім беру үдерісін ұйымдастырушы мамандарды меңзеу дұрыс болар. Себебі мектептегі білім процесінің жұмыс істеу құрылымын жасаған адам ары қарайғы білім алу жолындағы қандай кедергілердің болу мүмкіндігін біліп, оның қоғам өміріне әсерін ескеріп мұғалім міндеткерлігін анықтайды.

Бала тәрбие қылғанда әрбір тәрбиешінің алдымен қолданатын жолы – өз тәжірибесі [1]. Бүгінде мұғалім мәртебесін көтеруге бағытталған түрлі шараларға байланысты аталған мамандықты таңдап отырған түлектердің де саны артуда. Демек, мұғалімнің негізгі міндеті, яғни білім беру үшін жағдай жасалса, жалпы мамандыққа деген сұраныс пен ұсыныс бар. Бұл жағдайда жігерлендіру аса қиындық туғызбайды. Жалпы мұғалімнің үздіксіз білім беруін қамтамасыз етуде ерекше ескеруді талап ететін бірнеше жайтты бөліп көрсетуге болады:

- мұғалім қандай да бір оқуға (курсқа) кеткенде білім алушылардың оқу үдерісінің артта қалушылықсыз жалғасуы
- апталық немесе айлық оқуда меңгерілген тәсілдерді қолдануға керекті құралдар мен жағдайдың мұғалім жұмыс істейтін мектепте, нақтырақ айтқанда, кабинетте болуы
- оқу жоспарын орындауды ұйымдастыру
- алынған білім нәтижесінде жұмыс нәтижелері жөнінде қорытынды есеп беру-талдау, олардың алдын-ала қойылған мақсат пен міндеттерге сәйкес келуін қадағалау.

Соңғы мәселе бойынша жұмысты атқаруды қағазбастылыққа жол бермеу аса маңызды.

Жаңа білім мен дағдыларды меңгеру арқылы мұғалімдер өздерінің оқыту әдістерін жетілдіре алады. Оқу үдерісінде жаңашылдықты енгізу үшін, олар заманауи педагогикалық тәсілдерді игеруі қажет. Мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыруы оқушылардың оқу жетістіктеріне тікелей әсер етеді. Сонымен қатар, үздіксіз білім алу мұғалімдердің өз-өзін дамытуына, жаңа идеялармен бөлісуіне мүмкіндік береді. Педагогтардың мотивациясы көбінесе олардың кәсіби қоғамдастықтағы қолдауы мен ынтымақтастығына байланысты. Жаңа білім алу арқылы мұғалімдер өздерінің кәсіби мәртебесін арттыра алады. Сондай-ақ, олар білім беру саласындағы өзгерістерге бейімделуге дайын болады. Мұғалімдердің үздіксіз білім алуына ықпал ететін факторлар арасында жеке қызығушылықтары мен мақсаттары маңызды рөл атқарады. Нәтижесінде, үздіксіз білім алу мұғалімнің кәсіби өмірінде маңызды орын алады.

Мұғалімдердің сабақ беру, оқу бағдарламаларын дайындау және оқушылармен жұмыс істеу сияқты міндеттері көп болғандықтан, олар үшін қосымша білім алуға уақыт табу қиын.

Қаржылық шектеулер: кейбір мұғалімдер үшін курстар мен семинарларға қатысу қаржылық

тұрғыдан қолжетімді болмауы мүмкін. Білім алуға жұмсалатын шығындар олардың мотивациясын төмендетеді. **Техникалық қиындықтар**: заманауи технологиялар мен онлайн платформаларды пайдалану кейбір мұғалімдер үшін қиындық туғызуы мүмкін, бұл білім алуға кедергі келтіреді. **Онлайн курстар мен вебинарлар**: технологиялардың дамуы арқасында мұғалімдер онлайн форматта білім алуға мүмкіндік алады. Бұл оларға уақытты үнемдеуге және өздерінің қызығушылықтарына сәйкес курстарды таңдауға көмектеседі. Мұғалімдер кәсіби қауымдастықтарға қатысу арқылы тәжірибе алмасып, бір-бірінен үйрене алады. Бұл оларға мотивация береді және кәсіби дамуды жеделдетеді. Көптеген елдерде мұғалімдердің үздіксіз білім алуын қолдау үшін бағдарламалар мен гранттар ұсынылады. Бұл мүмкіндіктер мұғалімдердің білім алуына ынталандырушы фактор болуы мүмкін.

Мұғалімдердің үздіксіз білім алуы – бұл кешенді процесс, онда мотивация, кедергілер мен мүмкіндіктер маңызды рөл атқарады. Мұғалімдерге білім алуға арналған қолайлы жағдайлар жасау, олардың мотивациясын арттыру және кездесетін кедергілерді жеңу үшін қажетті шараларды қабылдау қажет. Бұл тек мұғалімдердің ғана емес, сонымен қатар оқушылардың да білім сапасын арттыруға ықпал етеді. Мұғалімдердің үздіксіз білім алуы – бұл тек кәсіби дамудың емес, сонымен қатар оқушылардың сапалы білім алуына да ықпал ететін маңызды процесс. Білім беру саласындағы өзгерістер мен жаңашылдықтарға бейімделу, заманауи технологияларды қолдану және кәсіби байланыстарды нығайту – мұғалімдердің табысты қызметінің негізі.

Мұғалімдік – бұл жай қызмет емес, бұл миссия. Мұғалімдер қоғамның дамуына, келешекте ел тұғырын ұстайтын жас буынды өсіруге үлкен үлес қосады. Сол себептен де мұғалімдердің үздіксіз білім алуының мәнін түсіне отырып, сол процессте орын алу мүмкін кедергіден бастап мүмкіндікке дейін мұқият зер салуымыз қажет. Аталмыш мамандық иелерінің еңбегі мен қажырлы жұмысы болашақ ұрпақтың сапалы білім алуына және тұлғалық дамуына негіз болары хақ.

Әдебиеттер:

1. Жұмабаев М. Педагогика (1923 жылы Ташкентте шыққан 2-басылымы) / Алматы: «Marfu Press» баспасы. – 2022. 184 бет.
2. САРБАСОВА Қ. Инновациялық педагогикалық технологиялар: Оқу құралы. Алматы «Атлас баспасы-2001», 2006. – 176 бет.
3. К.С. Мұхтарова Қазақстандағы ғылым мен білім беруді дамытудағы заманауи үрдістер. [Электрондық ресурс] // ҚазҰУ Хабаршысы. - URL: <http://www.article.kz> (өтініш берген күні: 05.03.2018).

УДК37.018.12

«ТРАНСФОРМАЦИЯ СЕМЬИ В КАЗАХСТАНЕ В КОНТЕКСТЕ ВОСПРИЯТИЯ РОДИТЕЛЬСТВА»

Акылбеков Т.

магистрант

Кокшетауский университет им. Ш. Уалиханова

Ракишева Г.М.,

доктор PhD, ассоциированный профессор, г. Кокшетау

Аннотация. В статье представлен научно-теоретический анализ трансформации семьи в Казахстане в контексте восприятия родительства, а также факторы, влияющие на эти изменения. Родительство, которое еще недавно было связано преимущественно с традиционными ценностями, в современном Казахстане приобрело новые формы и подходы. Представленный анализ позволил нам сделать вывод о том, что в последние десятилетия в связи

с переходом к рыночной экономике, глобализацией, развитием современных технологий в казахстанском обществе произошли значительные изменения в устройстве и роли семьи, восприятия родительства. Возникшие вызовы, связанные с социальным неравенством, кризисом семейных ценностей и психологическими трудностями, требуют дальнейшего изучения данного вопроса.

Ключевые слова: семья, трансформация, восприятие, родительство, социальные роли, общество

Введение. Родительство является базовым жизненным предназначением, важным состоянием и значительной социально-психологической функцией каждого человека, которое понимается как социально-психологический феномен, включающий в себя эмоционально и оценочно окрашенную совокупность знаний, а также представлений и убеждений относительно себя как родителя. Характер родительства отражается на качестве потомства, обеспечивает личное счастье человека. Изучая феномен родительства, Д. Вольф, Э. Мэйн, И.С. Кон рассматривали вопрос его соотношения с семейной системой, представляющий собой исторически конкретную систему взаимоотношений между супругами, а также родителями и детьми. С учетом этой точки зрения родительство можно включить как подсистему в систему семьи, в качестве относительно самостоятельного образования [1].

В современном Казахстане, переживающий социально-экономические преобразования, происходит трансформация традиционных моделей семейных отношений, изменение общественных норм и ценностей. Эти изменения могут повлиять на способность родителей обеспечивать необходимые условия для воспитания детей. В законе «О правах ребенка в Республике Казахстан» от 01.04.2019 № 240-VI говорится об обязанностях родителей воспитывать ребенка, заботиться о его благосостоянии, создать условия жизни, необходимые для всестороннего развития ребенка [2].

Трансформация семьи в Казахстане в последние десятилетия носит многогранный характер. В советский период семья в стране придерживалась традиционных ценностей, однако с переходом к рыночной экономике и введением новых социальных норм в 1990-е годы начались изменения в отношениях между членами семьи. Женщины стали более активно участвовать в рабочей силе, что способствовало повышению уровня образования и профессиональных амбиций среди женщин. Кроме того, массовая урбанизация, улучшение уровня жизни и развитие инфраструктуры привели к изменениям в образе жизни. Современные казахстанские семьи все чаще сталкиваются с проблемами балансирования работы и личной жизни, что нередко влияет на структуру семьи. Все большее количество людей предпочитает откладывать вступление в брак и рождение детей, сосредотачиваясь на карьере и личных интересах. Это также отразилось на повышении числа разводов и изменении подхода к воспитанию детей.

Теоретико-методологической основой нашего исследования явились научные труды таких ученых, как:

- феноменологический подход (Э. Гуссерль, М. Хайдеггер, Мерло-Понти), изучающий восприятие, переживание и осознание родителями своей роли в контексте родительства;
- культурный подход (Жан Пиаже, Л. Выготский, М. Мид, С. Хекманн) направленный на исследование того, как различные культурные контексты влияют на восприятие и практики воспитания детей;
- социально-психологический подход (Г. Сигелман, Дж. Боуи, М. Селигман, Э. Эриксон), изучающий восприятие родительства в контексте взаимодействия между социальными факторами, психологическими процессами и родительским поведением;
- теория ролевой социализации (Дж. Мид, И. Гоффман, Ю. И.С. Кон, Ю.М. Перевозкина).

Среди казахстанских ученых, изучающие вопросы восприятия родительства, можно выделить таких как: Н.М. Мухамеджанова, С.А. Утешова, Н.И. Глазкова, Г. М. Асыллова, Е. Султанов и др.

Исследователи считают, что влияние культурных и социальных норм на восприятие родительства проявляется в различных формах в зависимости от типа общества. В традиционных обществах родительство воспринимается через коллективные ценности и культурные ожидания,

тогда как в более современных обществах акцент смещается на индивидуализацию, личную ответственность и равенство в родительских ролях. В обоих случаях социальные и культурные факторы играют ключевую роль в формировании представлений родителей о своих обязанностях и методах воспитания, что, в свою очередь, влияет на благополучие детей и развитие их личности[3].

В традиционном казахстанском обществе семья была основана на многопоколенной структуре, где старшие поколения играли важную роль в воспитании детей. Родительство часто воспринималось как важная обязанность, выполняемая в строгих рамках семейных и культурных норм. Важно отметить, что в таких семьях роль матери и отца была довольно четко определена:

- Мать: основная забота о домашних делах, воспитание детей, поддержка традиционных ценностей.

- Отец: главный кормилец семьи, руководитель, который принимал важнейшие решения, касающиеся будущего семьи и детей.

Такой подход часто подчеркивал авторитарный стиль родительства, где дети должны были строго следовать указаниям родителей. Авторитет родителей воспринимался как неоспоримый, и ценности, передаваемые родителями, основывались на традиционных устоях казахской культуры.

В последние годы в Казахстане происходит переосмысление традиционных ролей родителей и их влияния на воспитание детей. Современные социальные и экономические реалии способствуют изменениям в восприятии родительства, что связано с рядом факторов:

1. Женщины на рынке труда и равенство полов. В условиях глобализации и повышения уровня образования женщин, современная роль матери в Казахстане значительно изменилась. Женщины стали активными участниками трудовой деятельности, что влияет на их участие в воспитании детей. Современные родители в Казахстане все чаще разделяют обязанности, включая воспитание детей и выполнение домашних дел. Это в свою очередь способствует переосмыслению восприятия родительства, где оба родителя активно вовлечены в жизнь ребенка.

2. **Смена подходов к воспитанию детей.** В Казахстане также наблюдается сдвиг в сторону более демократичного подхода к воспитанию. В отличие от традиционного авторитарного стиля, когда родители были основными фигурами власти в семье, сегодня все большее внимание уделяется уважению прав ребенка, его мнения и потребностей. Это связано с широким распространением западных взглядов на родительство, основанных на принципах партнерства, диалога и уважения.

3. **Влияние образования на восприятие родительства.** Рост уровня образования в Казахстане привел к осознанию того, что родительство - это не только обязанность, но и процесс, требующий знаний и навыков. Родители стали больше интересоваться методиками воспитания, педагогикой и психологией. Они стали больше осознавать важность эмоционального и психологического благополучия детей, что в свою очередь влияет на воспитательные практики.

4. **Технологии и цифровизация.** С развитием цифровых технологий меняются и способы общения между родителями и детьми. Современные дети часто проводят время в интернете и социальных сетях, и это требует от родителей нового подхода к воспитанию. Родители стали осознавать необходимость контроля за временем, которое дети проводят в сети, а также важность установления ограничений и обучения детей безопасному использованию технологий[4].

В традиционном Казахстане отец был главным кормильцем и защитником семьи. Сегодня роль отца в воспитании детей существенно изменилась. В современных семьях отцы активно участвуют в воспитательном процессе, играют важную роль в эмоциональном и психическом развитии детей. Все большее количество казахстанских мужчин считают своим долгом не только обеспечивать семью материально, но и быть активными участниками жизни детей, помогать в выполнении домашних заданий, заниматься с детьми в свободное время.

Также родители поколения Y и Z уделяют большое внимание ментальному здоровью детей и своих собственных, стремясь создать безопасное и поддерживающее пространство для психоэмоционального развития ребенка. Современные родители фокусируются на

индивидуальных потребностях ребенка, поощряя их быть независимыми и уверенными в себе, при этом выбирают более гибкий подход, избегая жестких правил, предпочитая объяснять детям причины тех или иных запретов и решений.

Несмотря на положительные изменения, новые вызовы для родительства также становятся все более актуальными:

- **неравенство в семейных ролях:** несмотря на общие тенденции к более равному распределению обязанностей, все еще сохраняется значительное неравенство в распределении домашних дел между мужчинами и женщинами. Это особенно заметно в сельских районах, где традиционные представления о роли женщин и мужчин в семье сохраняются дольше;
- **кризис семейных ценностей:** в условиях социально-экономических изменений многие казахстанские семьи сталкиваются с трудностями в поддержании стабильных отношений. Высокий уровень разводов, проблемы с балансированием работы и личной жизни могут привести к изменениям в восприятии родительства как долгосрочной ответственности;
- **психологическое благополучие родителей:** в условиях высокого стресса и экономических трудностей многие родители в Казахстане сталкиваются с проблемами, связанными с эмоциональным и психологическим благополучием, что влияет на их восприятие родительства. Образование и поддержка родителей в сфере психологии и воспитания становятся важным направлением для улучшения качества родительской роли [5].

Кроме этого, современные казахстанские семьи сталкиваются с рисками при воспитании нового поколения, которые включают в себя:

- **ослабление семейных ценностей и традиций:** современные родители сталкиваются с сильным влиянием западной культуры через интернет, телевидение и социальные сети. Это может привести к ослаблению связи нового поколения с культурой и историей своего народа, что может негативно сказываться на воспитании детей;
- **влияние внешних факторов на воспитание:** современные технологии и социальные сети оказывают значительное влияние на детей, что может ослаблять связь между поколениями и влиять на воспитание;
- **недостаток качественного времени, проводимого с детьми:** несмотря на стремление проводить время с детьми, многие родители не всегда могут обеспечить качественное общение из-за работы и других обязанностей, что может негативно влиять на эмоциональное и социальное развитие детей;
- **риски дисфункционального воспитания:** некоторые семьи сталкиваются с проблемами, такими как гиперопека, недостаток внимания или эмоциональная нетерпимость, что может привести к неблагоприятному развитию детей;
- **риски в сфере здоровья детей:** в условиях современного мира, где дети часто сидят за экранами гаджетов, снижается физическая активность, что приводит к проблемам со здоровьем. Также растущая нагрузка в учебе и стрессы в жизни могут повлиять на психоэмоциональное состояние детей;
- **недостаточное сотрудничество между школой и семьей:** отсутствие тесного взаимодействия между родителями и образовательными учреждениями может затруднять решение проблем воспитания и образования детей.

Вышеуказанные риски воспитания в современной казахстанской семье могут привести к многим серьезным последствиям, как для детей, так и для общества в целом. Отсутствие должного внимания к эмоциональным потребностям детей, а также слабая связь с культурными традициями могут привести к психологическим проблемам, трудностям в социальной адаптации и утрате идентичности.

Таким образом, можно сделать вывод о том, что трансформация восприятия родительства в Казахстане является отражением более широких социальных и культурных изменений. Традиционные представления о родительской роли меняются под влиянием глобализации, образования, равенства полов и новых технологий. Современные казахстанские родители

начинают все более осознанно подходить к воспитанию детей, уделяя внимание их эмоциональному развитию, а также формируя более гибкие и демократичные семейные отношения. Однако на пути этих изменений существуют риски и вызовы, связанные с социальным неравенством, кризисом семейных ценностей и психологическими трудностями, которые требуют дальнейшего внимания и решения на уровне общества и государства.

Литература:

1. **Main, E. (2000)**, «*The development of the adult attachment interview and its implications for the study of parent-child relationships*».
2. Законе «О правах ребенка в Республике Казахстан» от 01.04.2019 № 240-VI <https://www.google.com/search?client=opera&q=законе+«О+правах+ребенка+в+Республике+Казахстан»+от+01.04.2019+№+240-VI&sourceid=opera&ie=UTF-8&oe=UTF-8>
3. Мухамеджанова Н.М. Трансформации института семьи: от домодерна к метамодерну // Социодинамика. 2024. № 4. <https://cyberleninka.ru/article/n/transformatsii-instituta-semi-ot-domoderna-k-metamodernu>
4. Баубекова Г.Д. Культурно-ценностные трансформации современной казахской семьи в условиях глобализации// Наука и образование: векторы развития, 2020, № 2 <https://emc21.ru/wp-content/uploads/2020/10/Statya-Baubekova-i-dr..pdf>
5. Жаназарова З. Ж. Семья в контексте безопасности современного казахстанского общества // Материалы международной конференции «Семья - краеугольный камень в построении мира на земле». Алматы, 2019. С. 11.
6. Тошев М.Ж. Влияние глобализации на развитие современного традиционного семейного воспитания, *Central Asian Research Journal for Interdisciplinary Studies (CARJIS)*, 2022. <https://cyberleninka.ru/article/n/vliyanie-globalizatsii-na-razvitie-sovremenno-go-traditsionnogo-semeynogo-vospitaniya>

ӨОЖ 608:34

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ТҮЛҒАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ БІЛІМ БЕРУДЕГІ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Алиева, П.С.

М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз қ.

Алиева Б.Қ.

Шу қаласы, Төлеби ауылы, М.Әуезов орта мектебі

Андатпа

Бұл мақалада қазіргі уақытта білім беру мен тәрбие үрдісінде бастауыш сыныптарда мұғалі мен оқушы арасындағы қарым-қатынас маңыздылығы қарастырылады. Мұндай қабілеттерді дамыту үшін мен қалыптасуында тұлғаралық қарым-қатынастың маңыздылығын қарастырамыз. Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың өз алдына білім алу дағдыларын дамытуға жағдай жасап, оқу үдерісінде болатын қарым – қатынастың өнімділігін қамтамасыз ету баяндалады.

Кілт сөздер: Білім беру, тұлға, қарым-қатынас, интелкет, идея, дүниетаным, шығармашылық, мәдениет

Аннотация

В статье рассматривается значение взаимоотношений учителя и ученика начальной школы в современном образовательном и воспитательном процессе. Чтобы развить такие способности, мы рассмотрим важность межличностных отношений в формировании личности. Современная

система образования ориентирована на создание условий для развития у учащихся собственных учебных навыков и обеспечение продуктивности общения в процессе обучения.

Ключевые слова: Образование, личность, отношения, интеллект, идеи, мировоззрение, творчество, культура

Тұлғааралық қарым- қатынасты баланың ортада дамуына ерекше әсерін тигізеді. Адамның өмір сүру сапасында тұлғааралық қарым- қатынасты жылдар арқылы қалыптасып, оның әр уақытта өзіндік жету және шарықтау шегі болуы болады. Өзін –өзі ортада таныту қаншалықты жақсы сезінетіні және қоршаған ортада дағдыларды қалыптастыру сенімділік және өз ойын ортада білдіру тұлғааралық қарым- қатынасты дұрыс жолға қоюлуында болады.

Білім беру үрдісінде жеке тұлғаның қарым - қатынас мәдениетін, тұлғааралық қарым - қатынасын қалыптастырып, негізгі мәселелердің бірі болып келеді. Қазіргі таңдағы қоғам қарқынды даму ретінде әлеумет және экономика құндылықтарына әсер етіп, оның ішінде тұлғааралық қарым- қатынасты пен адамзат өмірінде мәдениет пен оның деңгейін үнемі өзгертуді және арттыруды талап етіп отырады. Тұлғааралық қарым-қатынастарды ізгілендіру және оларды жоғары мәдениет деңгейіне көтеру қажеттілігі, әсіресе, жаһандық деңгейде қарым –қатынас негізгі мәселелер және олардың шиеленісуі ретінде анық бола бастағаны мәлім[1,14].

Тұлғааралық қарым-қатынас оқу- тәрбие үдісінде ғана емес, сонымен қатар қоршаған ортаға, осы орайда қатар қазіргі кездегі ең маңызды, күрделі және оқушылар арасындағы өзекті мәселелерінің бірі болып келеді. Тұлғааралық қарым- қатынасты дамыту үшін, қарым –қатынасқа түспес алдын адамды үнемі толық түсіну, олардың арасындағы адами қасиеттерді, дамуын саралауға мүмкіндік береді. Әрине педагогика ғылымы саласында кез келген мәселесіні адамдардың жан дүниесін, қоғамның, қоғамдық өмірдің сан алуан сырларымен тығыз байланысты.

Қарым-қатынас «топ», «ұжым» деген ұғымдармен тікелей байланысты. Адам баласы жалғыз жүріп, көздеген мақсат-мұратына жете алмайды, сондықтан ол ылғи да басқалармен бірлесіп тіршілік етуі тиіс дедік. Мұндайда адам ылғи топпен бірге өмір сүретіні белгілі. Мәселен, мұның бірі – нақты (реалды) топтар. Бұл –ортақ мақсат көздеп, бір кеңістікте, белгілі уақыт ішінде, бір бірімен қоян қолтық араласып, іс әрекетке түсетіндер. Топтар үлкен (макро), шағын (микро), ресми, бейресми, формалы, формалсыз, ұйымдасқан, ұйымдаспаған, жасанды, табиғи, референттік болып бірнеше бөлінеді.

Біршама тұрақты, құрамы жағынан саны онша көп емес, бір – бірімен тікелей қарым қатынас жасап отыратын ортақ мақсатқа ұмытылған адамдардың бірлестігі «шағын топ деп» аталады. Осындай топтың барлық мүшесі күш жігері бір мақсатқа бағытталады.

Оқу-тәрбие үрдісінде мұғалім мен оқушылар арасындағы тұлғааралық қарым-қатынасты қалыптастырып, жетілдіру қажеттілігі мұғалімнің тек өз пәнін оқытуда өзіндік үлгімен ғана емес, сонымен қатар олардың дамуына үлкен ықпал етуі, олардың өз іс-әрекетінің жаңа қырларын танытуға ынталандыруымен байланысты. Оқушылардың пәнді меңгерудегі тұлға ретіндегі қабілеттері. Осыған орай оқу-тәрбие процесінде негізгі субъект оқушы болғандықтан, жеке тұлғасының қалыптасып мен дамуына барынша көңіл бөлінетінін білеміз. Мұндай сабақтастыққа жету үшін оқу процесінде мұғалім мен оқушының тұлғааралық қарым-қатынасын қалыптастыру қажет.

Бұл мәселені ғалымдарымыз да жан-жақты қарастырған. Мысалы, Әл-Фараби, Ж.Баласағұн, Қ.А.Ясауи т.б. ғылыми ойшылдар адамгершілік пен имандылыққа тәрбиелеу арқылы адамдар арасындағы тұлғааралық қарым-қатынастың бірлігін қалыптастыру мүмкіндігіне көп көңіл бөлсе, А.С.Макаренко мен Я.А.Коменский тұлға аралық қарым-қатынастың тәрбиелік ықпалына ерекше мән берді.

Тұлғааралық қарым- қатынас дегеніміз- ол адамдардың «бір- бірімен өзара байланысы және әрекеттегі үдерісі, осы кезде бір-бірімен әрекет, ақпарат, тәжірибе, қабілеттілік пен дағдылар сондай-ақ іс-әрекет нәтижесімен» алмасулар өтіп жатады. Қарым-қатынас адамдардың коммуникативті іс- әрекеттерінің негізінде жатыр.

Коммуникативті құзыреттілікте төрт құраушыны бөліп көрсетуге болады.

- Когнативті құраушы тұлғаның қаншалықты қарым-қатынас жағдайын түсінетіндігін, сезінетіндігін, қарым- қатынас шеңберін «көре алатындығын» көрсетеді.
 - Эмоциялық компонент контактыға түсумен, қарым-қатынас жасаушы серіктестіктерге деген өзінің көзқарасымен байланысты.
 - Мотивациялық құраушы қарым- қатынас жасауға емеурінді , тілекті білдіреді.
- Тәртіби деңгей арнайы коммуникативті білікке, адамның шынайы практика жүзіндегі әрекетіне байланысты. Ол қарым-қатынаста түсуші субъектінің қаншалықты этикеттілігіне байланысты көрінеді.

Қарым- қатынас құзіреттіліктің болмауы, әрине ол білімнің жетіспеушілігіне, тапшылығына және оның қалыптаспағандығынан шаршап тұру, «кері кету» секілді адамның жеке басының күрделілігінен туындайтын кедергілерге байланысты болады. Тіпті адамның өзін-өзі бақылауының бұзылғанынан , бірақ өз- өзіміді ұстай аламаймын» деген сияқты жағдайдан басталады.

Коммуникативтілік білік қарапайым да, күрделі болуы мүмкін. Күрделі болатын жағдайы – ол алдын ала дайындықсыз шеше алмайтын (ұжымдық дискуссия жүргізу, проблемалық жағдайды шешу психологиялық міндеттерді шешу болып табылады[2,34].

Біздіңше тұлғааралық қарым – қатынастық білікке мыналарды жатқызуға болады:

1. Адамдармен сенімділік қарым-қатынас орнату. Оған кіретіндер:
 - ашық бола алу;
 - байланысқа түсетін серіктестіктердің ұстанымын назарға алу;
 - ықылас білдіре алу.
2. Серіктестікте өз ойларын анық дәл жеткізу. Оған мына қабілеттіліктер жатады
 - негізгі түйінді жеткізе білу;
 - белсенді тыңдай білу;
 - серіктестікке кері байланыс жасау;
 - басқа адамдарға сүйеу бола білуге тырысу;
 - кикілжінді жағдайда өзін ұстай білу.

Бұдан басқа, тұғырлық біліктілікке « қиын» кеушәлер жұмыс істей алмау, аудиториямен жұмыс істей алу, елдерді жалпылама әректке ұйымдастыра, жұмылдыра білу біліктіліктері жатады.

Қарым-қатынаста түсетін серіктестіктердің , алап тілетері ұмтылушылықтары ұстанымдары , мінезлері, қарым- қатынас жасау мәнері, тіпті көңіл - күйлері көбінесе қарам- қайшы болып келеді. Осы факторлардың бәрі бір – бірін түсіну жолына кедергі болуы, екі жақтың бір-біріне наразылық тудыруы мүмкін, ал ол кезегінде кәсіби жетістіктерді кедергі болады. Коммуникативті кедергіге жататындар мінез кедергілерді, теріс эмоция, қабылдай, білмеушілік кедергілері. Іс жүзінде мінездің көпшілік кедергілерді этикет нормалары ен ережелерді орныдау проблемаларына байланысты. Қарастырылған сұрақтарды қортындылай келе, мынадай тұжырымға келуге болады:

- Тәртіп құраушы;
- Анықтаушы когнетивті;
- Мотивациялық;

Эмоциялық өзіндік мазмұнға қарағанда, көбінесе тікелей болсын және жанама болсын, этикеттік ережелерге байланысты.

Коммуникативті қатынастағы өзара іс-әрекет тәртібін қамтамасыз ететін қызметі негізгілердің бірі, өйткені олардың назарынан тыс өзара байланыс нормасын ұстап тұру қиынға соғады. Осы жерде Ресей жазушысы П.Х. Шихерев: «Қандай да болмасын, қазір кезде әр мәдениет теориясын алмайық» онда адамзаттың өмірлік іс әрекеті туралы қандай да нормалардың қалыптасуы, позицияны дамыту, жақсарту тырысу [3,56].

А.С. Выготскийдің психологиялық ғылымында ерекше орын алатын теориясы бала дамуының жақын арадағы аймағы деп аталады. Бұл теорияның түпкі мәні баланы тәрбиелеп оқыту, оған білім беріп, дүние танымын қалыптастыру үнемі оның табиғи дамуының

деңгейінің оздырып отыруды талап етеді. Мұндай талап біріншіден, баланың психикасын оның жан дүниесінің дамуын, ақыл ой деңгейін өрістетіп, оны жетілдіруге шама шарқы жетіп оқып білім алуға, оны өздігінен ойлантап толғантуға әрбір затпен құбылыстың мазмұнын мағынасын пайымдап білуге жетектеп отырады. Егер баланың табиғи дамуында оның психикасы күрделеніп, сана сезімі жетілетін болса, ол оқу тәрбие жұмыстары арқылы оның дүниетаным мен білімінің шеңбері кеңейеді. Оның дамып жетілкі, сыртқы ортадан түйсініп, қабылдағанын көріпбілгендерін ой елегінен өткізіп санасының өрістеуіне әсер етуін сыртқы факторлардың ішкі факторларға айналуына белгіленеді. Осы жайт Выготскийдің адамның мәдени тарихи даму жайындағы теориясының мәнінен туындайды.

Бала мынаны есте ұстаған жөн: егер біз бір кездері «Сұрақ қоюшы» рөлінде болсақ, енді «Шешім қабылдаушы» рөлінде боламыз. Сондықтан өзара кішіпейілділік принципін сақтау қажет. Сондай-ақ бала ортаға бейімделу кезінде сабырлы бола білу өте маңызды. Сонымен қатар асықпай, нақты дәлелдерге сүйене отырып, салмақты түрде ортаға бейімделе білу керек[5,21]. Оқушыға «Жоқ» сөзі анық болып кетпес үшін әдемі айтылуы керек. Егер сөйлесу кезінде телефон шырылдаса, ол қаншалықты маңызды болса да, бірінші кезекте қасында тұрған отырған адамды тыңдау керек. Қоңырау шалушыға кейінірек қоңырау шалатыныңызды немесе кейінірек қоңырау шалу керектігін айтып кішіпейілдік сақтау керек. Сұрақ қоятын адамның мәселесін шеше алмай немесе жағдайды білмей, жоқ деп айта алмау қажет, оны шешудің басқа жолын қарастыру, шеше алатын адамға жіберу немесе кеңес сұрау, ал болмаса, оған хабарласу сонда: мәселені нақтылау тапсырманы кейінге қалдыру, оны аяқтау мерзімін белгілеу. Оқушы сөзді көбейтіп, ол уақытын босқа кетіретін болса, ол күнделік қалыпты жағдайға айналады. Одан да оңайырақ: «Кешіріңіз, мен бірнеше минуттан кейін кездесуім болды, әңгіменің мәніне көшейік» деуі керек. Әңгімені аяқтаудың ең қатаң жолы - хатшы қонақтарды қарсы алуды жариялау немесе сіз тұру. Оқушыларға де өз әдебін сақтауды талап етеді. Біріншіден, күн тәртібін алдын ала дайындап, қатысушылардың есіне салу; кеңес отырысының тәртібінен ауытқымау; ережелерді орнату; сыныпта тәртібін сақтауға; қорытындыны үнемі жасап отыру. Ортада демократиялықты қамтамасыз ету, бір-біріне сыйластық, сыпайылық жасау.

Жаңа ғасырда экономикалық бәсекеге қабілетті көшбасшылық күшке ие бар мамандандырылап тұлғаралық қарым-қатынас жақсы қалыптаспайынша жаһандық бәсекелестерге төтеп беру алатындай болмаса дами алмайды. Қай заманда қарасақ та тұлғаралық қарым -қатынас болмасын өркениеттің мемлекетте шығармашылық тарапынан жүзеге асатыны белгілі. Оқушы өзінің танымдық іс-әрекеттерін ұйымдастырушы кезінде білім беру мазмұнына ұсынылған нұсқаларының және оларды өзінің өмір сүру салтына және қоршаған ортада қарым-қатынастың жақсарту үшін пайдалану жолдарын таңдау құқығын еркін пайдалана алады. Осылай ғана оқу үрдісінде тұлғааралық қарым-қатынастың қалыптасуына жол ашылады.

Әрине, бізге тәрбие үдерістегі тұлғааралық қарым-қатынастың қалыптасуында болашақта осы бағыттарды ұстанатын әлі де бірнеше өзекті мәселелерге көрініс табатын сияқты боламыз.

Қорытындылай келе, оқушының тұлға болып қалыптасуына, өзіндік дүниетанымының қалыптасуына, ой-өрісін кеңейтуіне психологиялық диагностиканың қосқан үлесі орасан зор екенін айту керек. Адамды байқағыштық пен байыптылыққа, зейінділік пен көрегендікке, тапқырлық пен ойшылдыққа тәрбиелейтін де осы ғылым.

Әдебиеттер:

1. Таубаева Ш.Т., Иманбаева Т., Берікханова А.Е., Педагогика. Алматы- 2018
2. Орынбасарова Э. А., Педагог этикасы және қарым-қатынас мәдениеті. Алматы-2012
3. Ансабаева А.Д., Отбасындағы тұлғаралық қарым қатынас және оның тұлғаның дамуына әсері. Жетісу-2024
4. Піралиева Г., Қарым-қатынас мәдениеті. Алматы-2014
5. Нұртазина Р.А., Мектептегі қарым-қатынас психологиясы. Алматы-2015

ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ МЕКТЕПТЕ ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ НЕГІЗГІ ФОРМАСЫ

Алимбеков Рысбек Тұрысбекұлы

М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз қ.

Резюме. В статье повышение репутации малой школы, подготовка педагогов на уровне, адаптированном к современной жизни и отвечающем новым требованиям, а также совершенствование работы такой школы, повышение качества образования является социально-экономической и педагогической проблемой.

Summary. In the article, improving the reputation of a small school, training teachers at a level adapted to modern life and meeting new requirements, as well as improving the work of such a school, improving the quality of education is a socio-economic and pedagogical problem.

Кілтті сөздер: дидактика, принцип, динамика, фронтальды, тенденция, семинар, практикум, факультатив және т.б.

Шағын жинақталған мектептің беделін көтеру, педагог мамандарды бүгінгі өмірге бейімді және жаңа талапқа сай деңгейде даярлау, сонымен бірге мұндай мектептің жұмысын жақсарту, оқу-тәрбие сапасын көтеру - елеулі экономикалық әрі педагогикалық мәселе болып табылады. Оқушылардың сапалы білім алуына мұғалімдердің білімділік және кәсіби шеберлігін қажет етеді. Үлгілі ұстаз ғана қабілетті, жан - жақты шәкірт тәрбиелей алады. Шәкіртті қарапайым бала деп емес, жеке тұлға ретінде дамыту қажет.

Сабақ – бұл жастары шамалас, құрамы тұрақты оқушы топтарымен оқытуды ұйымдастыру формасы, тұрақты кесте және бәріне ортақ оқыту бағдарламасымен сабақ өткізу. Бұл формада оқу-тәрбие процесінің барлық компоненттері – мақсат, мазмұн, құралдары, әдістері, ұйымдастыру және басқару қызметі және оның барлық дидактикалық элементтері қарастырылады. Біртұтас дидактикалық жүйе ретіндегі оқыту процесіндегі сабақтың мәні мен мақсаты мұғалім мен оқушының ұжымдық - жекелей өзара қарым-қатынасына алып келеді, соның нәтижесінде оқушылар білім, білік және дағдыны иемденеді, олардың қабілеттері, қызмет тәжірибесі, араласуы мен көзқарастары дамиды, сонымен қатар мұғалімнің педагогикалық шеберлігі жетіледі.

Қазіргі таңда мемлекетімізде ауыл жұртшылығының демографиялық ахуалының өзгеруіне байланысты мектептерде бала саны азайып, шағын жинақты мектептер саны, оның ішінде қосарланған сынып сандары көбеюде. Біздің мектепте де оқушы саны аздығына байланысты, қазіргі таңда бастауыш сынып оқушылары тек қосарланған сыныптарда оқытылады. Шағын жинақталған мектептердегі қосарланған сыныптарда оқушылардың білім сапасын және шығармашылық қабілеттерін арттыру әр ауыл мұғалімінің көкейтесті мәселесі болып табылып отыр.

Ата аналармен тығыз қарым - қатынас құру арқылы оқушылардың саналы да тәртіпті шәкірт болуын қалыптастыру, тапсырмаларын орындау барысында жоғары деңгейдегі тапсырмаларды орындауға жетекшілік етемін. Бұл мәселе, біріктірілген сыныптар үшін оңай емес, екі сыныпқа бірдей білім мазмұнының толық жақты болуы талап етеді. Мұғалім, яғни ұстаз өз білімділігімен шығармашылық әрекетін толық көрсетіп, балаға берген білімі мол болса, оқушы да оны қабылдап алуға мүмкіндігі болады. Дәлірек айтсақ, мұғалім сабаққа дайындалғанда өзінің әрекетін ойлаумен шектелмей, деңгейіне қарай оқушының әрекетіне де мән беруі тиіс. Уақытты тиімді пайдаланып, оқушының өз бетімен тапсырманы орындауына ұдайы жағдай жасалуы қажет.

Сонымен, сабақ, бір жағынан тұтастай алғанда оқытуды қозғаушы форма түрінде, екінші жағынан, оқытудың заңдылықтары мен принциптерінен туындайтын, мұғалімнің сабақты өткізуді ұйымдастыруына қойылатын негізгі талаптарымен анықталатын оқытуды ұйымдастыру формасы түрінде анықталады. Мұғалім оларды басшылыққа ала отырып, сабақты оқыту

процесінде оқушылардың тұрақты құрамымен мектептің күнделікті нақты жағдайында шешілуге тиісті дидактикалық міндеттердің (білім беру, тәрбие, даму) жүйесі ретінде дайындалады.

Педагогикалық процестің біртұтастығы тұрғысынан сабақты оны ұйымдастырудың негізгі формасы ретінде қарастыру қажет. Сыныпты - сабақтық жүйенің барлық артықшылықтары тек сабақта ғана көрініс табады. Педагогикалық процесті ұйымдастыру формасы ретіндегі сабақтың артықшылықтары оның фронтальды, топтық және жекелей жұмыстарды сабақтастырудағы мүмкіндігінің молдығында: мұғалімге материалды жүйелі және ретімен түсіндіруге, оқушылардың танымдық қабілеттерінің дамуын басқаруға және ғылыми көзқарастарын қалыптастыруға мүмкіндік береді, оқушылардың, басқа да қызмет түрлерін, соның ішінде сыныптан тыс және үй тапсырмаларын, сондай-ақ оқушының мақсатқа жетудегі негізгі құралы және қызмет тәсілін таңдау және құрудың шарты ретінде көрінеді.

Сабақ оқытудың ұйымдастырылған түрі ретінде - динамикалық құбылыс. Ол педагогикалық процестің негізгі даму тенденцияларын оның біртұтастығы бағытында бейнелей отырып, ұдайы дамиды.

Шағын жинақты мектептің педагогикалық ерекшеліктерін ескерген мұғалім ғана өзінің шығармашылық жұмысын ұйымдастыра алады. Кез - келген әрекет талдаудан басталады. Шағын жинақты бастауыш мектепте оқушыларды талдауға үйретуде тәсілдер жүйесін мақсатты түрде пайдалана білген жөн. Сабақ - оқытуды ұйымдастырудың негізі. Демек әрбір сабақ - оқу үрдісіндегі шешуші буын, сондықтан ол - оқытуды жетілдіру, қажетті түрлендірулер мен мақсатты нәтижеге жетуді ойластыру. Сонымен бірге жоғары шеберлікті үнемі қажет ететін, дамуды керек ететін, даму үстінде сапалы оқуды іздестіретін үрдіс. Сол үшін бүгін жақсы оқытуымыз керек, ал ертең бүгіннен де жақсы оқуға тиіспіз. Ал, ең бастысы оқушының психологиясына айрықша көңіл бөліп, терең зерттеу жүргізіп, оның барлық тәрбиесін назардан тыс қалдырмаған жөн. Бәрінен бұрын ол оқытудың үш бірлік – білім беру – тәрбие – даму – қызметін тиімді іске асыруда көрінеді, олай болса, оқушылардың табиғи қасиеттерін шығармашыл дамытуға бағытталғандығымен де көрінеді.

Сабақты дамытудың басқа тенденциясы сабақты өмірлік маңызды мазмұнмен толықтыруда, оқытуды оқушы өмірінің табиғи құрамдас бөлігі ретінде ұйымдастыруда көрінеді. Осыған байланысты сабақ танымның арнайы ұйымдастырылған формасы болып қана қоймайды, сондай-ақ әлеуметтік және адамгершілік тұрғысынан алғанда толыққанды араласу болып табылады. Ол танымдық мүддені, оқуға және дамытуға белсенді оң қатынас қалыптастыруға бағытталған, оқу қызметінің өзгеше коммуникативтік фонын қамтамасыз ету құралы ретінде көрінеді. Бұл тенденцияның пайда болуы оқытудың сұхбаттық формасын (әңгіме, талқылау, пікірталас), проблемалық элементтерін, оқу жұмыстарының фронтальды, топтық және жекелей формаларын сабақтастыруды кеңінен пайдалану және оқытудың топтық, ұжымдық формасының үлесін кеңейту болып табылады.

Қазір білім берудің ең басты мақсаттарының бірі – оқушыларды өмірге бейімдеу, өз бетімен білім алуға дағдыландыру, алған білімін жасампазды қолдануға икемдеу екені белгілі. Педагогикада, дәстүрлі педагогикалық, әдістемелік және дидактикалық жүйелерге қарағанда, педагогикалық технологиялар немесе оқыту технологиялары зор маңызға ие болып озық дамуда. Қазіргі заманның педагогикалық теориясында жаңа оқыту технологиясын мектепке енгізуде бірінші зерттеу жүргізген академик В.Беспалько болатын. Оның айтуы бойынша – «Педагогикалық технология – бұл оқу үрдісін жүзеге асырудың мазмұнды техникасы». Бүгінгі таңдағы әлем бойынша жайлап жатқан індет денсаулық саласымен қатар, білім саласына да біршама өзгерістер әкелгені баршамызға аян. Мен өз тәжірибемде информатика пәнін оқытуды ұйымдастырудың жаңа түрлерін пайдалануға тырысамын. Информатиканы оқыту теориясы мен әдістемесі – кез – келген жас шамасында және кез – келген ұйымдастырушылық – әдістемелік оқыту түрінде информатиканы үйрету объектісі болып табылатын педагогикалық ғылым. Информатиканы оқытуда, заманауи сабақты ұйымдастыруда жаңартылған технологиялар мен түрлі әдіс – тәсілдердің көмегі зор. Оқытуды ұйымдастыру формасы – бұл тарихи қалыптасқан, өзіне тән жүйелілік пен тұтастық, өздігінен даму, жеке тұлғалық пен әрекеттілік сипаты бар, қатысушылардың құрамы тұрақты, сабақты өткізудің белгілі бір тәртібі бар, орнықты және

логикалы аяқтаған педагогикалық үрдістің ұйымдастырылуы. Информатиканы жекелеп оқыту формасын қайтадан жаңғыртты. Педагогикалық бағдарламаларды және мультимедиа курстарының таралымын көбейту мен интернет ресурсын пайдалану арқылы оқытудың жаппай формаларының мына түрлері: ең үздік мұғалімдерден сабақ алу, ақпараттың әртүрлі көздерін пайдалану артықшылықтары сақталады. Компьютер жаппай және жеке оқыту арасындағы қайшылықты жояды. Мұғалімнің ең маңызды міндеті – оқушылардың өзіндік танымдық дағдыларын қалыптастыру. Оқытудың сыртқы формалары – сабақтың белгілі бір түрін – сабақ, дәріс, семинар, саяхат, практикум, факультативтік сабақ, емтихан, пәндік және техникалық шығармашылық үйірмелер, оқушылардың ғылыми қауымдастықтары және тағы да басқаларын білдіреді. Олар мақсаттан, мазмұннанғ әдістерден, оқыту құралдарынан, оқушы мен мұғалім арасындағы қарым – қатынастардан тұратындықтан, өзара біріктіруші рөлін атқарады. Оқытудың қосымша ұйымдастыру формалары, білімдегі, кемшіліктердің орнын толтыру, біліктілікті және дағдыларды қалыптастыру, оқу пәніне жоғары ынтаны қанағаттандыру мақсатына арналады.

Әдебиеттер:

1. Базарбаева Н.Ә. Шағын комплектілі мектептердегі оқу-тәрбие үрдісіндегі ерекшеліктер: - Алматы, 2002.
2. Қ.Астамбаева, Г.И.Уәйісова, Ш ЖБМ педагогикалық үдеріс теориясы мен технологиясы- Алм.-2010-оқу құралы

ӘОЖ 372:811.111

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ КОГНИТИВТІ ЖӘНЕ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Арқабекқызы Арайлым

М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті, 2 курс студенті

Ордабаева Раушан Біләнқызы

М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз қ.

Аннотация. В данной статье рассматриваются когнитивные и лингвистические аспекты преподавания английского языка. Когнитивная лингвистика изучает механизмы восприятия, запоминания и обработки информации учащимися, тогда как лингвистические аспекты анализируют грамматические, морфологические, фонетические и лексические особенности языковых структур. В процессе освоения языка важную роль играет взаимосвязь когнитивных и лингвистических факторов. Для эффективного усвоения учебного материала подчеркивается необходимость регулирования когнитивной нагрузки, использования метафорического мышления, стратегий запоминания и глубокого понимания языковых структур. Данное исследование направлено на совершенствование методики преподавания английского языка и помогает предложить эффективные стратегии для изучающих язык.

Abstract. This article examines the cognitive and linguistic aspects of teaching English. Cognitive linguistics explores how language learners perceive, memorize, and process information, while linguistic aspects analyze the grammatical, morphological, phonetic, and lexical structures of the language. The interaction between cognitive and linguistic factors plays a crucial role in language acquisition. Effective language learning requires managing cognitive load, applying metaphorical thinking, using memory strategies, and deeply understanding linguistic structures. This study aims to enhance English teaching methodologies and provide effective strategies for language learners.

Әрбір жаңа тіл – жаңа әлемнің есігі. Мақаланы дәл осы нақыл сөзбен бастаған дұрыс болады. Себебі бұл нақыл сөз ағылшын тілін үйренудің мәнін дәл көрсетуінде. Тіл – жай ғана қарым-қатынас құралы емес, ол жаңа мәдениетті, ойлау жүйесін және дүниетанымды ашатын кілт. Әрбір жаңа тіл адамға жаңа мүмкіндіктер береді: жаңа адамдармен танысуға, басқа мәдениеттерді түсінуге, жаңа білім мен ақпаратқа қол жеткізуге мүмкіндік жасайды. Ағылшын тілі – қазіргі әлемдегі жаһандық қарым-қатынас тілі. Оны меңгеру арқылы адам халықаралық деңгейде ойлай бастайды, әлемдік білім мен технологияларға еркін қол жеткізеді, кәсіби және академиялық тұрғыда өседі. Осы тұрғыдан алғанда, ағылшын тілін үйрену – жаңа әлемге есік ашу сияқты. Бұл мақал тіл үйренудің тек техникалық процесс емес, кеңірек ойлау мен жаңа мүмкіндіктерге жол ашатын құрал екенін еске салады. Ағылшын тілін меңгеру – адамның танымдық қабілеттерін дамытуға бағытталған күрделі процесс. Ол тек сөздік қорды кеңейтумен немесе грамматикалық ережелерді жаттаумен шектелмейді, сонымен қатар когнитивтік процестермен тығыз байланысты. Тілді үйрену барысында ақпаратты қабылдау, өңдеу, есте сақтау және ойлау жүйесі ерекше рөл атқарады. Когнитивтік аспект адамның тілдік білімді қалай игеретінін, оны қалай есте сақтайтынын және қолданатынын зерттейді. Ал лингвистикалық аспект тілдің құрылымдық ерекшеліктерін, оның фонетикалық, морфологиялық және синтаксистік жүйелерін қарастырады. Тілді меңгерудің табысты болуы осы екі компоненттің өзара байланысына негізделеді. Ағылшын тілін үйренушілер көбінесе ақпаратты есте сақтауда, дұрыс дыбыстауда, сөйлем құруда қиындықтарға тап болады. Сондықтан тіл үйретудің тиімді әдістері когнитивтік ғылым мен лингвистиканың жетістіктеріне сүйенуі тиіс. Бұл мақалада ағылшын тілін меңгеру процесіндегі когнитивтік және лингвистикалық факторлардың рөлі жан-жақты талқыланады. Ағылшын тілін оқыту – бұл тек лексика мен грамматиканы меңгеру емес, сонымен қатар адамның когнитивтік процестеріне тікелей әсер ететін күрделі көпқырлы жүйе. Тілді үйрену барысында адамның миы жаңа ақпаратты қабылдап, оны өңдеп, ұзақ мерзімді жадыға енгізуге тырысады. Бұл процесте когнитивтік және лингвистикалық факторлар маңызды рөл атқарады. Когнитивтік аспектілер ойлау, есте сақтау, ассоциация және ақпаратты өңдеу механизмдерін қамтиды, ал лингвистикалық аспектілер фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік және семантикалық құрылымдарды зерттейді. Адамның танымдық процестері тілдік білімді меңгеруге тікелей байланысты. Жаңа сөздерді жаттау кезінде оқушылар бірнеше когнитивтік стратегияларды қолданады: ассоциациялар құру, қайталау, визуалды бейнелерді пайдалану және контекст арқылы меңгеру. Ағылшын тілін үйрену кезінде адамның қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді жадысы белсенді жұмыс істейді. Қысқа мерзімді жады ақпаратты уақытша сақтайды, ал ұзақ мерзімді жады оны бекітіп, кейін пайдалануға мүмкіндік береді. Осы себепті жүйелі қайталау әдістері, мысалы, “spaced repetition” техникасы, өте тиімді. Когнитивтік жүктеме оқыту процесінің маңызды факторы болып табылады. Егер материал тым күрделі немесе бірден көп көлемде берілсе, оқушы ақпаратты дұрыс қабылдай алмайды. Сондықтан когнитивтік жүктемені реттеу үшін ақпаратты кезең-кезеңімен беру, визуалды және аудио құралдарды пайдалану, контекстке негізделген оқыту әдістерін қолдану ұсынылады. Бұл оқушылардың материалды жеңіл меңгеруіне және ұзақ мерзімді жақта сақталуына көмектеседі. [1].

Когнитивтік лингвистика тілдік ойлау мен метафоралардың рөлін де қарастырады. Көптеген ұғымдар метафоралар арқылы беріледі, мысалы, “time is money” немесе “a bright future”. Мұндай құрылымдарды түсіну тіл үйренушілерге ағылшын тіліндегі мағыналарды тереңірек меңгеруге көмектеседі. Сонымен қатар, жаңа сөздерді үйрену кезінде адамның миы оларды бұрыннан таныс мағыналармен байланыстыруға тырысады. Осыған байланысты сөздерді логикалық топтарға бөліп, тақырыптық ассоциациялар арқылы үйрету тиімді. Ағылшын тілінің грамматикалық құрылымы аналитикалық сипатқа ие, сондықтан сөздердің орын тәртібі үлкен маңызға ие. Шақ жүйесінің күрделілігі, модальды етістіктердің жиі қолданылуы және көп мағыналы құрылымдар тіл үйренушілерге қиындық тудыруы мүмкін. Осы мәселелерді жеңілдету үшін оқыту барысында нақты мысалдар келтіру, грамматикалық құрылымдарды контекст ішінде түсіндіру және оларды белсенді қолдануға мүмкіндік беру қажет. Фонетикалық жүйені меңгеру де үлкен маңызға ие, себебі ағылшын тілінде дауысты және дауыссыз

дыбыстардың көптүрлілігі, екпін мен интонация ерекшеліктері бар. Бір сөздегі екпін өзгерген кезде оның мағынасы да өзгере алады, мысалы, “record” сөзі зат есім ретінде /'rek.ɔ:rd/, ал етістік ретінде /n'kɔ:rd/ деп айтылады. Фонетиканы меңгеру үшін транскрипцияны оқу, дикторларды тыңдау, арнайы жаттығулар жасау және ағылшын тілінде жиі сөйлесу маңызды. Ағылшын лексикасы өте бай, және көптеген сөздердің бірнеше мағынасы бар. “Set” сөзі 400-ден астам мағыналық қолданысқа ие, бұл оның ең көп мағыналы сөздердің бірі екенін көрсетеді. Лексикалық жүйені жақсы меңгеру үшін синонимдер мен антонимдерді қолдану, идиомалар мен фразеологизмдерді жаттау, және сөздердің контексттегі қолданысын үйрену қажет. Мысалы, “break the ice” – танысу барысында алғашқы қарым-қатынасты бастау, “hit the books” – сабаққа дайындалу деген мағынаны білдіреді. Тілді үйрену кезінде когнитивтік стратегияларды тиімді пайдалану оқыту процесін жеңілдетеді. [2] Мысалы, ассоциациялар мен мнемоникалық әдістер есте сақтауға көмектеседі, ал контекст арқылы үйрену сөздерді жаттауды жеңілдетеді. Оқушыларға тілді меңгеруге көмектесетін тағы бір маңызды әдіс – оны белсенді қолдану. Практикасыз теориялық білім ұзақ мерзімді жадта бекімейді, сондықтан оқу процесінде тыңдау, жазу, оқу және сөйлеуді қатар дамыту қажет. Ағылшын тілін үйренудің тиімділігі когнитивтік процестерді дұрыс ұйымдастыруға және лингвистикалық ерекшеліктерді дұрыс түсіндіруге байланысты. Жадының жұмыс істеу механизмдерін ескере отырып жасалған оқыту әдістері тілді тез әрі нәтижелі меңгеруге көмектеседі. [3]. Лингвистикалық жүйенің құрылымын дұрыс түсіндіріп, оны нақты өмірлік контексте қолдануға үйрету арқылы оқыту процесін жеңілдетуге болады. Осылайша, когнитивтік ғылым мен лингвистиканың жетістіктерін кешенді түрде пайдалану ағылшын тілін үйрену сапасын арттырады. Ағылшын тілін оқыту – адамның когнитивтік және лингвистикалық жүйелерінің өзара әрекеттестігіне негізделген кешенді процесс. Бұл процестің тиімділігі оқушының тілді меңгеруіне әсер ететін психологиялық, нейролингвистикалық және әдістемелік факторларды қаншалықты дұрыс қолдануға байланысты. Тілді үйрену тек грамматикалық ережелерді жаттап, сөздік қорды көбейтумен шектелмейді, ол адамның танымдық қабілеттерін дамытуды, ақпаратты өңдеу дағдыларын қалыптастыруды, сонымен қатар фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік жүйелерді терең түсінуді талап етеді. Ағылшын тілін меңгеру барысында когнитивтік аспектілер маңызды рөл атқарады, өйткені олар адамның ақпаратты қабылдау, өңдеу және есте сақтау механизмдерімен тығыз байланысты. Қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді жады тілдік білімнің беріктігін анықтайды. Егер оқыту әдістері дұрыс ұйымдастырылса, жаңа мәліметтер қысқа мерзімді жадтан ұзақ мерзімді жадқа тиімді түрде ауысып, тұрақты білімге айналады. [4]. Бұл үшін қайталау, ассоциациялар, визуалды және аудио құралдарды пайдалану, когнитивтік жүктемені реттеу сияқты әдістерді қолдану қажет. Сонымен қатар, когнитивтік лингвистика метафоралар мен аналогиялардың тілдік ойлаудағы рөлін зерттей отырып, тілдің тек қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен бірге әлемді тану және түсіндіру құралы екенін көрсетеді. Ағылшын тілін үйренушілер үшін тұрақты сөз тіркестері мен идиомаларды меңгеру өте маңызды, өйткені олар тілдің табиғилығы мен мәдени аспектілерін ашуға көмектеседі. Когнитивтік тұрғыдан алғанда, бұл құрылымдарды меңгеру адамның ойлау жүйесін өзгертіп, жаңа тілдік жүйеге бейімделуіне ықпал етеді. Лингвистикалық аспектілер тілді құрылымдық деңгейде меңгеруге бағытталған. Ағылшын тілінің фонетикалық ерекшеліктері, оның аналитикалық грамматикасы, сөзжасам жүйесі мен синтаксистік ережелері тілді үйренушілер үшін белгілі бір қиындықтар тудырады. Әсіресе, сөздердің қатал орын тәртібі, шақ жүйесінің күрделілігі, модальды етістіктердің әртүрлі қолданысы және көпмағыналы сөздер оқушылар үшін үлкен сынақ бола алады. Осы қиындықтарды жеңу үшін тілді үйретуде инновациялық әдістерді қолдану қажет. Ағылшын тілін меңгеру барысында оқушылар үшін маңызды аспектілердің бірі – фонетикалық жүйені дұрыс түсіну. Ағылшын тіліндегі екпін, интонация және дауыс ырғағы сияқты факторлар тілдік коммуникацияда шешуші рөл атқарады. Дұрыс дыбыстау мен тыңдау дағдыларын дамыту үшін аудиоматериалдармен жұмыс істеу, тыңдау жаттығулары мен дикторлардың сөйлеуін қайталау әдістері тиімді болады. Тілді үйренуде лексикалық қорды байыту да маңызды. Ағылшын тіліндегі сөздердің көпмағыналылығы, синонимия мен антонимия жүйесі, фразеологизмдер мен идиомалар күнделікті сөйлеуде кеңінен қолданылады. Сондықтан тілді үйренушілерге

лексиканы тек жаттау арқылы емес, оны контекстте қолдану арқылы меңгеру ұсынылады. Когнитивтік тәсілдерді пайдалана отырып, сөздерді мағыналық ассоциациялар арқылы есте сақтау, нақты өмірлік жағдайларда қолдану және шығармашылық тапсырмалар орындау сөздік қордың тез қалыптасуына ықпал етеді. Ағылшын тілін оқытуда когнитивтік жүктемені басқару маңызды. Егер оқыту әдісі тым күрделі немесе ақпарат шамадан тыс көп болса, оқушылардың қабылдау мүмкіндігі төмендейді, бұл олардың мотивациясына және оқу тиімділігіне кері әсер етеді. Сондықтан оқытудың тиімді әдістері когнитивтік жүктемені оңтайлы деңгейде ұстап, ақпаратты кезең-кезеңімен ұсынуға бағытталуы қажет. Бұған визуалды материалдарды пайдалану, интерактивті әдістерді енгізу, ойын элементтері мен практикалық жаттығуларды қолдану жатады. Қазіргі тіл үйрету әдістемелері технологиялық жетістіктерді кеңінен қолданады. Цифрлық платформалар, онлайн курстар, мобильді қосымшалар және жасанды интеллект негізіндегі құралдар ағылшын тілін үйрену процесін жеңілдетіп, оны қызықты әрі тиімді етеді. Заманауи оқыту әдістері оқушыларға өз бетінше үйренуге мүмкіндік береді, бұл олардың жауапкершілігін арттырып, тілдік дағдыларды белсенді түрде дамытуға ықпал етеді. Ағылшын тілін оқытудың болашағы когнитивтік ғылымдар мен лингвистикалық зерттеулердің интеграциясына негізделуі тиіс. Жаңа зерттеулер адамның тілдік қабілеттерін жақсарту әдістерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді, ал нейролингвистика мен психоллингвистика саласындағы жаңалықтар оқытудың жаңа тәсілдерін дамытуға көмектеседі.[5]

Қорыта айтқанда, ағылшын тілін меңгеру процесі – бұл тек грамматикалық ережелер мен сөздік қорды үйрену ғана емес, сонымен қатар когнитивтік дағдыларды дамыту, тілдік құрылымдарды түсіну және оларды нақты өмірлік жағдайларда қолдана білу қабілеті. Когнитивтік және лингвистикалық әдістерді үйлестіру арқылы оқыту тиімділігін арттыруға болады. Сондықтан тіл үйрену процесінде кешенді тәсілді қолдану, жаңа технологияларды енгізу және жеке оқыту стратегияларын дамыту негізгі міндеттердің бірі болып табылады. Ағылшын тілін меңгеру – үздіксіз даму мен тәжірибені талап ететін процесс. Қазіргі заманғы оқыту әдістері мен когнитивтік тәсілдерді тиімді пайдалану арқылы тіл үйренушілер өз дағдыларын тез жетілдіріп, ағылшын тілінде еркін сөйлейтін деңгейге жете алады. Бұл тек тілдік шеберлікті ғана емес, сонымен қатар мәдениаралық коммуникация мен жаһандық әлемге бейімделу қабілетін дамытудың да маңызды қадамы болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Ellis, R. (2008). *The Study of Second Language Acquisition*. Oxford University Press.
2. Krashen, S. (1982). *Principles and Practice in Second Language Acquisition*. Pergamon Press.
3. Chomsky, N. (1965). *Aspects of the Theory of Syntax*. MIT Press.
4. Lakoff, G., & Johnson, M. (1980). *Metaphors We Live By*. University of Chicago Press.
5. Құнанбаева, С. С. (2010). Қазіргі шет тіл білімінің теориялық және әдіснамалық негіздері. Алматы: “Қазақ университеті” баспасы.

ӘОЖ: 37.094.4/9

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ ҚҰРАЛ РЕТІНДЕ

Байбатыр Айгүл

М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті, 1 курс студенті

Таджибаева Жанна Сайдуллаевна

М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз қ.

Андатпа

Бұл мақалада тәуелсіз еліміздің намысын ту етіп көтеріп, ертеңгі ел тірегіне айналар жас ұрпақты жасына қарай кезеңге бөле отырып, ұлттық және патриоттық тәрбие беру арқылы олардың ұлттық салт-дәстүр туралы білімдерін қалыптастыру мәселесі қарастырылады. Қазақы тәрбиеге қатысты салт-дәстүріміздің сонау есте жоқ ескі заманнан бері ұлттық бедеріне дақ түсірмей ұрпақтың ой-санасын оятып, келешегін кемелдендіруге, адами болмысын әрлеуге, адамгершіліктің асыл қасиеттерін бойға дарытуға қызмет етіп келе жатқан рухани қазынамыз ұшан-теңіз. Олай болса, осы айтқанымыздың бәрі ұлттық тәрбиеге тікелей байланысты жүзеге асатынын мойындаймыз. Қазіргі кезеңде әлемнің әр түкпірінде өткір қойыла бастаған ең өзекті жайдың бірі – осы ұлттық тәрбие мәселесі болып отыр. Ұлттық тәрбиенің ең маңызды тұсы – адамды ойлануға үйретуі.

Кілт сөздер: Тәрбие, ұлттық тәрбие, патриоттық тәрбие, саяси-идеялық тәрбие.

Аннотация

В данной статье рассматривается вопрос формирования знаний о национальных традициях через национальное и патриотическое воспитание подрастающего поколения с разделением их на возрастные периоды. В связи с этим, в целях профилактики правонарушений среди несовершеннолетних, в целях профилактики детской безнадзорности и беспризорности среди несовершеннолетних и предупреждения правонарушений среди несовершеннолетних, а также профилактики детской безнадзорности и беспризорности среди несовершеннолетних, в целях профилактики правонарушений среди несовершеннолетних и предупреждения детской безнадзорности и беспризорности среди несовершеннолетних, профилактики детской безнадзорности, беспризорности и беспризорности среди несовершеннолетних, а также предупреждения правонарушений Мы признаем, что все, что мы говорим о том, что мы осуществляем непосредственную связь с национальным воспитанием. Одним из самых актуальных моментов, которые на современном этапе стали острыми в разных уголках мира, является проблема этого национального воспитания. Самое важное место в национальном воспитании-научить человека задуматься.

Ключевые слова: воспитание, национальное воспитание, патриотическое воспитание, политико-идейное воспитание.

Abstract

This article discusses the issue of forming knowledge about national traditions through national and Patriotic education of the younger generation with their division into age periods. In this regard, for the prevention of juvenile delinquency, prevention of child neglect and homelessness among minors and prevention of juvenile delinquency and prevention of child neglect and homelessness among minors, prevention of child neglect, homelessness and neglect among minors and the prevention of offenses We recognize that all we say is that we have a direct connection with national education. One of the most pressing issues that have become acute in different parts of the world at the present stage is the problem of this national education. The most important place in national education is to teach people to think.

Keywords: education, national education, Patriotic education, political and ideological education.

Халқымыз өте жоғары бағалаған қасиеттің бірі - кішіпейілділік. Кішіпейіл кісіні барлық жерде сыйлаған, дәріптеген, қасиеттеген, үлгі тұтқан. «Кішіпейілділік» кішілік емес, кісілік қасиет», «Кішіпейілділік - кісінің көркі», «Кішіпейілділіктен кішіреймейсің», «Ұлық болсаң кішік бол» т.б. осы сияқты нақылдар халқымыздың кішіпейілділікті қаншалықты қастерлегендігін айқын байқатады. Тәрбиелі адам - тағалаған аттай, ол өмірдің небір тайғақ қияларынан қиналмай өтпек.

«Өмірде де, ғылымда да барлық халықтарға бірдей тура келетін халықтық тәрбие жүйесі жоқ. Әр халықтың ұлттық тәрбие жүйесі әртүрлі. Өз еліне басқа елдің тәрбие әдісін енгізу мүмкін емес, себебі, халықтардың өмір сүру моделі де, тәлім-тәрбие моделі де әр басқа...» [1; 113] - деп айтқан К.Ушинский.

Біз күні кешеге дейін тәрбиенің ең күштісі, тиімдісі коммунистік тәрбие деп келдік және жас ұрпақты сол рухта тәрбиелеуге тырыстық. Сонымен бірге коммунистік тәрбиені идеялық-саяси, патриоттық, интернационалдық, еңбек, атеистік, эстетикалық, құқықтық, дене шынықтыру деп түрлі тармақтарға бөлдік. Оларды коммунистік қоғамның саналы да белсенді құрылысшыларын дені сау ұрпақ тәрбиелеудің бірден-бір жолы деп есептедік. Енді бүгін сол коммунистік тәрбие жөніндегі көзқарасымызды қайта қарап, оны сын елегінен өткізуге мәжбүр болып отырмыз. Өйткені мұнда ешқандай олқылық жоқ. Тәрбие деген атам заманнан келе жатқан нәрсе. Әр халық өз ұл-қыздарын қазан төңкерісі болмай, кеңес өкіметі орнамай тұрып-ақ тәрбиелеген, әр халықтың ұлттық ерекшелігіне, тұрмысына, шаруашылығына, ортасына орай тәлім беру әдістері, жолдары болған.

Қазақ елі ешқандай «коммунистік» - деген сөзді, терминді естіместен бұрын-ақ, Марксті, Ленинді оқымай тұрып-ақ өзінің ұл-қыздарына, жасөспірімдеріне жоғарыдағы коммунистік деп аталған тәрбиенің барлық түрлерін берген. Бұқара халықтың теңсіздігі, кембағалдығы, тақыр кедейлігі, үстемдік етуші таптардың зорлық-зомбылықтары, оларға қарсы күрес, теңдікке деген ел-арманы, халықты бостандыққа үндеу, түбі әділеттіліктің, шындықтың жеңетіндігіне сендіру т.б. жайлар халықтың ауыз әдебиетінің негізгі өзегін құраған. Олай болса, саяси-идеялық тәрбие қазан төңкерісіне дейін біздің халқымызда болмаған дегенге кімнің аузы бара алады?

Бүгінгі ғаламдану процесінде ұлттық құндылықтарды сақтау мен өзінің бет-бейнесін, ізгі дәстүрлерін сақтау жолындағы күрес ұлттық сананы сақтау күресі екенін түсіну. Ұлттық тәрбие деп жеке тұлғаның ұлттық сана-сезімі мен мінез-құлқының ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт-дәстүрлерді меңгеруі негізінде қалыптасуын айтамыз [1].

Ұлттық мәдени құндылықтар дегеніміз не? Қарапайым тілмен айтқанда ұлттық мәдени құндылықтар – белгілі бір ұлтқа, ұлт азаматына тән зат, адами қадір-қасиет, яғни халық ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық рухани және материалдық құндылықтар. Өзімізді өзіміз бағалай білуге бет бұру – ұлттық байлығымызды игеру, ұлттық санамызды дамыту. Ұлттық құндылықтарды іріктеп, оқыту процесіне енгізу арқылы ұлттың тұнып тұрған асыл мұралық рухани байлығынан болашақта ел билейтін ұрпақтарды сусындатып, отбасында да, колледжде де ұлтжандалылық пен отаншылдыққа баулып, өз халқын, өз мемлекетін көздің қарашығындай қорғайтын тұлғаларды тәрбиелеп шығару. Өз ұлтын қадірлеп-қастерлеген, ұлт қадірін білген азаматтың бірі Ж.Аймауытов: «Мен халыққа кіндігіммен байланып қалғанмын. Оны үзе алмаймын. Ұзу қолымнан келмейді» – дейді. Сырым Датұлы: «Мен ағайынды екеумін: бірі -өзім, екіншісі-халқым» – дейді. Қазақ халқының осындай дәріптеуге, қастерлеуге, дамытуға тұрарлық ұлттық рухани және материалдық құндылықтары туралы ұлағатты, құнды ойларын халық игілігіне, келешек ұрпақты, ел-жұртқа ие болар азаматтарды тәрбиелеуге неге қолданбасқа?

Өскелең ұрпақты ұлттық тәрбие арқылы дамыта отырып, нақты әрекет арқылы оқытуда төмендегі құндылықтардың болуы қажет:

- белсенді қарым-қатынас: оқушы мен мұғалімнің әрбір мәселеде өз көзқарастарын білдіріп отыруы;
- индивидуалдік: мұғалімнің әр жеке оқушының ерекшелігін дамытуы, қоғам алдындағы жауапкершілігінің болуы;
- өзіндік тәртіп: өзіндік бақылау мен бағалауды, шешім қабылдауды үйрену және оны дамыту;
- шыдамдылық: әр түрлі пікірлерді қабылдай алу, бір-бірінің пікірлері мен ерекшеліктерін құрметтеу, қабылдау [2].

«Ел болсам десең, бесігінді түзе» – дейді ұлы жазушы Мұхтар Әуезов. Біздің халқымыздың тәрбие тәсілдері мен тәжірибелері көп. Халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан

салт-дәстүр, әдет-ғұрып үлгілері мен өнегелері соның айғағы. Елін сүйген адам сол елдің салт-санасын, мәдени мұрасын қастерлеп, өнеге тұтуы тиіс.

Ал енді патриоттық тәрбиеге келсек, ол қазақта басқа тәрбие түрлеріне қарағанда шоқтығы биік тұрса керек. Себебі, қазақ жеріне, оның тыныш жатқан бейбіт еліне көз алартушылар, қолдан келсе жаулап алуды мақсат тұтқандар, дұшпандар аз болмаған. Мұндай жағдайда қолына қару ұстауға жарайтындардың барлығының, бір ғана мақсаты - елін, жерін қорғау болғандығы да шындық. Қазақ өз ұрпағын жастайынан ерлікке, батылдыққа, елін-жерін сүюге, оны сырт жаудан қорғай білуге баулыған. Қазақтың мадақтауға тұрарлық ондай батыр ұлдары да аз болмаған. Барша қазақ еліне белгілі болған батырлардың ғана тізімін, қысқаша өмірбаянын жасасақ бірнеше кітап болары даусыз. Ал енді ру көлеміндегі, белгілі бір аймақтан асып аты тармаған батырлардың тізімін (өте көп болғандықтан) ешкім ешуақытта жасай алмайды-ау деген ойдамыз.

Ұлттық тәрбие қазір елімізде орын алып отырған көптеген мәселелерді: ана тілін, ата тарихын, ұлттық салт-дәстүрін білмейтін жастар, тастанды жетім балалар, «қиын» балалар, қарттар үйлеріндегі әжелер мен аталар, нашақорлыққа салынған жастар, тағы басқаларды бірте-бірте жоюдың және олардың алдын-алып, болдырмаудың негізгі жолы. Ұлттық тәрбие алған ұрпақ дені сау, білімді, ақылды, ұлтжанды, еңбекқор, сыпайы, кішіпейіл болып өседі. Сондықтан да ұлттық тәрбие – ел болашағы.

Қазақ халқының ғасырлар тұңғығынан бері тарихымен біте қайнасып келе жатқан ұрпақ тәрбиелеудегі тәжірибелері бізге сол рухани мәдениет, этикалық, эстетикалық құндылықтарын құрайтын ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер, әдеби, музыкалық, кәсіби, тұрмыстық фольклорлар мазмұны арқылы жетіп отыр. Сонымен бірге ұрпақ тәрбиесіне, жалпы халықтың рухани дамуына байланысты ұлттық тәлім-тәрбиелік ой-пікірлерді: Қорқыт ата, Әл-Фараби, Қожа Ахмет Иассауи, Мұхамед Хайдар Дулати, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Асанқайғы, т.б. ақын-жырауларының мұраларынан, билер мен шешендердің тәлімдік сөздерінен көреміз. Әр адам өзінің ұлттық тамырын, әдет-ғұрпын, мәдениетін түсіне алады. Өз халқына деген сүйіспеншілігі, өзінің туған жеріне өз халқы өмір сүретін ортаға деген сезіммен ұласып жату керек. Халықтық әдет-ғұрып, салт-санасының байлығы, патриоттық сезім Отанға деген сүйіспеншілігін қалыптастырады.

Халқымның өз ұрпағын Отан сүйгіштікке тәрбиелеуге баса көңіл бөлгендігіне оның сансыз мақал-мәтелдері де айғақ бола алады. Бір-екеуін ғана еске сала кетейін: «Отан үшін күрес - ерге тиген үлес», «Ерінен айрылған көмгенше жылайды, елінен айрылған өлгенше жылайды», «Отанға опасыздық еткенің - өз түбіңе өзің жеткенің», «Батырдың атын жау шығарады, шешеннің атын дау шығарады», «Ерлік өлім - ерді көбейтеді», «Ер жігіт елі үшін туып, елі үшін өледі» [2; 312]. Жалпы «Қазақтың халықтық патриоттық тәрбиесі» деген арнайы тақырыпқа ғылыми-зерттеу жұмыстар жүргізілсе көптік етпес еді.

Біраз ойланып көрейікші: жер бетінде адал болма деп тәрбиелейтін ұлт бар ма? Адамгершілік деген үлкен ұғымды аяғына бас дейтін ұлт бар ма? Жоқ. «Қарапайым болма, қайырымды болма, иманды болма, кішіпейіл болма, елінді, жерінді сүйме, оларды қорғама» дейтін ұлт бар ма? Жоқ. Олай болса, адамгершілік, адалдық, қарапайымдылық, қайырымдылық, ар-ұяттылық, намысқойлық, имандылық, кішіпейілділік, еліне-жеріне, жұртына сүйіспеншілік бүкіл адамзаттық моральдың өзегі емес пе? Жоғарыдағы тізбектелген моральдық ұғымдарды әрбір ұлт өзінің ерекшелігіне орай ұрпақты тәрбиелеуге лайықтап пайдаланады. Әйтпесе орыстың ұлттық тәрбиелеу әдістерін, тәсілдерін, толыққанды қазақты тәрбиелеуге жұмсасақ, болмаса керісінше пайдалансақ опық жейтіміз анық. Жетпіс төрт жыл бойы «коммунистік» деген тәрбиені талғамсыз, жөн-жосықсыз қолдану жас ұрпақ тәрбиесіне қаншалықты зиян келтіргенін енді ұғынып отырмыз.

Сонымен, тәрбие жұмысының негізі өзегі етіп өз халқының, мыңдаған жылдар қалыптасқан, жақсы жемісін берген тәсілдерін ала отырып, оны басқа елдердің, жұрттардың тәуір, қабылдауға лайықты деген моральдық нормаларымен толықтыру жақсы нәтижеге қол жеткізеді деген қорытынды береміз. Әр халықтың бойында үйренерлік, еліктеуге тұрарлық жақсы қасиеттер баршылық. Олай болса, дана халқымыз айтқандай «жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренейік».

Бүгінгі тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңі жас ұрпақтың меңгерген біліміне, алған тәрбиесіне, өмірлік мүдде бағдарына байланысты.

Бұл ең алдымен әр ұжымның тәрбие жұмысының әдісін таңдап алуды қажет етеді.

Екінші мың жылдықта жастар қандай болу керек? - деген жанды сұрақ әрбір саналы адамды ойландыратыны сөзсіз. Сондықтан да тұңғыш президент Н.Ә. Назарбаев ұстаздардың алдына ХХІ ғасырды құрушы іскер, жаңа кезеңге икемделген, мәдениетті жеке тұлғаны тәрбиелеу керек деген міндет қойған болатын.

Қазақстанның болашағына жауапты осы біз тәрбиелеп отырған ұрпақ. Мемлекетіміздің абыройын асырып, мерейін үстем етер жаңалық ашар ғұламалар, бүкіл әлемге халқының көркем ойының құдіретін танытатын болашақ ұлы жазушылар, білімді де білікті мамандар жетіліп өсуі керек. Біздің ұстанымымыз да осы.

Қорыта келгенде, ұлттық тәрбиемізді қалпына келтіріп, жастарға ұлттық дәстүрімізді, әдет-ғұрыптарымызды, ата-бабаларымыздан қалған насихат мұраларын балалардың санасына сіңіріп, тәрбиелеу басты міндет.

Қазақ елі болашағын ұрпағына аманат етіп, сенім артып отырған заманда халқымыздың тағылымға толы қазынасын меңгеру, сол негізде ұрпақтың ұлттық салт-дәстүр туралы білімін қалыптастыру, балаларды жасына қарай кезеңге бөліп, патриоттық тәрбие беру мәселесі әлі де зерттеуді қажет етеді.

Әдебиеттер:

1. Наубаева Х. Мектеп жасына дейінгі балалардың өзара бірлесіп атқаратын іс-әрекеттерін гумандық негізде жүзеге асыру. – Талдықорған, 1999.- 113б.
2. Табылды Ә. Этнопедагогикалық оқылымдар. 2-ші кітап. – Алматы, Білім, 2006. – 312б.
3. Өтеген Қ. Тәртібі қиын оқушыларды этнопедагогика құралдары арқылы адамгершілікке тәрбиелеудің педагогикалық шарттары. – Алматы, 2007.- 150б.
4. Жұмабекова Ф.Н., Жұматаева А.Д. Балаңыз мектепке дайын ба? – Алматы: Балалар әдебиеті, 2006.
5. Ұзақбаева С. Тамыры терең тәрбие. - Алматы: Білім, 2007.

ӘОЖ-373.3

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Бақберген Нұрсая

М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті, 2 курс студенті

Ордабаева Раушан Біләнқызы

М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз қ.

Аннотация: Шығармашылық дегеніміз- өте ауқымды психологиялық процесстің бірі. Яғни, ол болмыстың, дамудың, жетілудің, алға қозғалудың тіршіліктің көзі болып табылады. Әрбір адамның бойында шығармашылық қабілет, шығармашылық тәрбие бола білуі керек. Шығармашылық қабілетті кішкентай кезінен бастап қалыптастыруымыз керек. Бастауыш сынып мұғалімі бастауыш сынып оқушыларының бойында шығармашылық қабілеттерін дамытуы керек. Егер балада шығармашылық қабілет пайда болатын болса, бала жан-жақты дамыған, қалыпты тұлғаға айналады. Мұғалім түрлі әдіс-тәсілдерді жан-жақты қолданып, қызығушылығын қалыптастырып, баланың шығармашылық қабілетін дамытатын болса, онда мұғалім өз мақсатына жете білді деуімізге болады. Себебі, балада шығармашылық қабілет пайда болса, бала дербес жеке тұлғаға айналады.

Кілтті сөздер: Шығармашылық, бастауыш сынып, мұғалім, қабілет.

Аннотация: Творчество — очень широкое психологическое понятие.

один из процессов. То есть, это источник жизни, развития, совершенствования и прогресса. Творческие способности и творческое воспитание должны быть у каждого человека.

Формировать творческие способности нужно с раннего возраста. Учитель начальных классов должен развивать творческие способности у учеников начальных классов. Если у ребенка развиваются творческие способности, он становится всесторонне развитым, нормальным человеком. Если педагог использует разнообразные методы и подходы, формирует интерес, развивает творческие способности ребенка, то можно сказать, что педагог достиг своей цели. Ведь когда у ребенка развиваются творческие способности, он становится самостоятельной личностью.

Ключевые слова: Творчество, начальная школа, учитель, способности.

1. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру жолдары.

Шығармашылық дегеніміз- өте ауқымды психологиялық процесстің

бірі. Яғни, ол болмыстың, дамудың, жетілудің, алға қозғалудың тіршіліктің көзі болып табылады. Шығармашылық тек іс-әрекет түрі болып табылатындықтан ол тек адам баласына ғана тән. Ғалымдардың зерттеуі бойынша, әртүрлі жас кезеңінде балада шығармашылыққа баулуға түрткі болардай өзіндік ерекше қабілет және бейімділік бар болады екен. Міне сондықтан да, баланы кішкентай кезінен яғни, балабақша кезінен бастап мектепті бітірген шағына дейін үнемі үзбей, жүйелі түрде шығармашылыққа баулып, ақыл-ойын, қиялын дамыта түсу керек [1].

Бастауыш сынып оқушылары әртүрлі жас шамасында болады. Көбінесе олар 6-9 жас шамасында болып келеді. Бұл жас кезеңінде баланың бойында алғырлық, шапшаңдық басым болып тұрады. Яғни, ештенені жасырмайды, барлығын еркін айта алатын болады. Және де мақтағанды ұнататын болады. Яғни, бұл кезең шығармашылыққа тәрбиелеу үшін ең қиын кезеңнің бірі болып табылады. Яғни, осы кезден баланың шығармашылық қабілетін, бастаған ісін аяғына дейін бітіркізіп үйретпейтін болсақ, онда ол жоғарғы сыныпқа барған кезде ешқандай нәтиже бермейтін болады. Баланың бойында қызығушылық, басқада қасиеттер болмайды. Үнемі бастаған ісін кейінге қалдырады, жалқаулық, алдыға қойған мақсаты болмайды. Ондай адамдардың өмірден өз орынын табуы қиын болып келеді. Бастауыш сыныптан бастап, баланың шығармашылық қабілетін дамытатын болсақ, ол кейінгі жаста тереңдей түсетін болады. Сонымен қатар, бастауыш сынып мұғалімдері баланың жас ерекшелігін, неге икемді екендігін барлығын білуі керек. Мектептегі оқытудың негізі мақсаты- оқушының білім алу кезінде оның ойлау қабілетін дамыту, қалыптастыру сол арқылы баланың таным қабілетін ашып, шығармашылық қабілеттерін тәрбиелеп дамыту болып табылады екен. Бастауыш сынып мұғалімі баланың шығармашылық қабілетін дамыту үшін мына нәрселерді басты назарға алуы керек. Олар:

- Баланың шығармашылық қабілетін, яғни деңгейін анықтау. Топтау, бақылау;
- Баланың қызығушылығын, таным белсенділігін жоғарылату;
- Шығармашылық қабілетін дамыту кезінде балада кездескен қиыншылығын есепке ала білу. Оны зерттеу керек;
- Баланың шығармашылық қабілетін кезең бойынша дамыту керек;
- Шығармашылық қабілетін дамыту процесін тәржірибе негізінде жинақтау керек;
- Өзінің жасап жатқан әрекетінің өсу динамикасын бақылауы керек;
- Мұғалім өз ісіне жауапкершілікпен қарап, сабақты қызықты, шығармашылықпен өткізе білуі керек [2].

Яғни, осы нәрселердің барлығын мұғалім баланың шығармашылық қабілетін дамыту кезінде ұстанатын болса, онда жан-жақты дамыған, шығармашыл жеке тұлғаны қалыптастыру ісі өз мақсатына жетеді екен. Бастауыш сынып оқушылары әрнәрсеге қызығушылық танытқыш болып келеді [3].

Осы қызығушылықтың білімді де игере түсуде, ақыл-ойды дамытуда, жан-жақты қалыптасқан тұлғаны тәрбиелеуде үлкен пайдасын тигізеді. Яғни, мұғалім сабақта баланың қызығушылығын арттыруы керек. Баланың қызығушылығы артқан кезде, шығармашылық қабілетін дамыту оңай болады [4].

Шығармашылық қабілетін дамытудағы қажетті жағдайлар:

- Мұғалім ең біріншіден сыныпта шығармашылық көңіл-күйлерін туғызу арқылы балалардың назарларын бір нәрсеге бағыттауы керек. Яғни, шығармашылық түрлі жаттығулар, ойындар, тапсырмалар берген дұрыс;

- Берілген тапсырмалар, ойындарды жас ерекшелігіне қарай, қызығушылығына қарай берген дұрыс;
- Балаға өзінің қолынан келетіндігін айтып, қорқыныш сезіменін арылтып, педагогикалық қолдау көрсету керек;
- Баланың шығармашылықпен шұғылданыуына мектепте және сабақтың үстерінде, үйде қолайлы жағдайды жасау керек[5].

Мұғалім баланың шығармашылық қабілетін дамытуда яғни, сабақта немесе сабақтан бос кездерде мынандай әдістерді қолдануына болады. Олар:

- Тақырыпты оның мазмұнына қарап жинақтау керек;
- Белгілі бір тақырыпта балаларға пікірталастар тудырту керек;
- Логикалық тапсырмалар беріп, ойлауын дамыту керек;
- Мәтіннің мазмұнын дұрыстау, шығарма, мәтінге ат қою, кері есептерді құрастыру деген секілді түрлендіру бағытындағы жұмыстарды да ұйымдастыру керек;
- Қиялдау арқылы түрлі суреттер салғызу керек;
- Мәтін беріп, сол жерде ұнатқан кейіпкеріне мінездеме бергізу;
- Түрлі өлең шуақтарын құрастыртқызу;
- Мәтінді немесе ертегіні өз бетінше аяқтатқызу және т.б жатады.

Ал сабақтан бос уақыттарда мұғалім баланың шығармашылық қабілетін дамыту үшін түрлі мұражайларға апарып, ақындармен кездесулер ұйымдастырып, түрлі сайыстар өткізіп жұмыс жасауына болады. Яғни, баланың шығармашылық қабілетін дамытуда мұғалімнің педагогикалық шеберлігі маңызды болып келеді. Мұғалім өзі жан-жақты, ізденпаз, жаңашыл болып келетін болса, оның жасаған әрбір әрекеті өз нәтижесін беретін болады. Мұғалім баланың шығармашылық қабілетін дамыту кезінде тапсырмаларды дауындау кезінде оқытылатын пәнінің мазмұнын, жеке сипатында ескере кетіп, тапсырмаларды түрлі деңгеге бөле білуі, ол тапсырмалар жүйелі болуы, білімі мен біліктілігін дамытатындай болуы, тапсырмалардың барлығы баланың қабілетін ашатындай, шығармашылығын

қалыптастыратындай болуы керек. Баланың шығармашылық қабілеті оның іс-әрекетінен айқын көрінеді. Яғни, ең біріншіден, оның іс-әрекетке көзқарасы өзгеріп, танымдық қабілеті арта түседі. Баланың шығармашылық қабілеті артқан кезде, қалыптасқан кезде оның бүкіл болмысы жаңа сипатқа ие болады екен. Мұғалім баланың шығармашылық қабілетін дамытуының, жалпы шығармашылықты бала бойында қалыптастырудың мәні мынада:

- Қоғамда пайда болып жатқан түрлі өзгерістерді білуге, ғылым жаңалықтарына деген қызығушылықтың пайда болуына;
- Оқу әрекеттерін орындауға талпыну;
- Білім алуға, түрлі шығармашылық жұмыстарға қызығушылық;
- Танымдық ойлау қабілетінің дамуы;
- Жеке сапалық көрсеткіші ретінде көрінетін қабілеті мен қасиетінің дамуы;
- Ақыл-ойының кеңей түсуі;
- Ізденпаздылықтың шығармашылық іс-әрекетінің дамуына әсер етеді.

УДК 378.1

СОВРЕМЕННЫЙ ВЗГЛЯД НА ПРОВЕДЕНИЕ САМОСТОЯТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ СТУДЕНТОВ В ВЫСШЕМ УЧЕБНОМ ЗАВЕДЕНИИ

**Тургунтаева Гульсара Ашимбаевна
Бектурсынова Эльмира Мадияровна**

Таразский университет имени М.Х.Дулати, г. Тараз

Аннотация: в статье рассматривается проведение самостоятельной работы студентов, поскольку она является педагогическим сопровождением развития целевой готовности к профессиональному самообразованию и является дидактическим средством образовательного процесса, искусственной педагогической структурой для организации управления деятельностью студентов. В этой статье самостоятельная работа студентов анализируется как любая организованная преподавателем активная деятельность студентов, направленная на поиск знаний, понимание, закрепление и развитие навыков и умений, обобщение и систематизацию знаний.

Ключевые слова: самостоятельная работа, активная деятельность, развитие навыков и умений, творческая личность, самообразование, инновационная деятельность.

Abstract. the article considers the independent work of students, since it is a pedagogical support for the development of targeted readiness for professional self- education and a didactic means of the educational process, an artificial pedagogical structure for the organization of management of students' activities. In this article, students' independent work is analyzed as any active student activity organized by a teacher, aimed at finding knowledge, understanding, consolidating and developing skills and abilities, generalization and systematization of knowledge.

Keywords: independent work, vigorous activity, development of skills and abilities, creative personality, self-education, innovative activity.

Смена социально-экономических условий в социуме, преобразование к рынку привели к тому, что правила к уровню и уровню подготовленности профессионалов университете значительно возросли. Передовому специалисту необходимо иметь такие качества, как активность, принципиальность, работоспособность, находчивость, энергичность, независимость, то есть быть выгодно отличающимся на трудовом рынке. Таким образом в системе высшего образования цель состоит не только в том, чтобы научить учащихся естественным дисциплинам, но и в том, чтобы научить их учиться и пополнять свои знания на протяжении всего обучения их жизни, при этом эти задачи могут быть достигнуты в ходе индивидуальной деятельности. В Отечественных образовательных стандартах высшего профессионального образования отражены новые подходы к профессиональному обучению, которые указали на необходимость пересмотра содержания образования. Всегда растущий поток материала, научный прогресс и практики потребовали включения в стандарт как аудиторной, так и внеаудиторной самостоятельной работы.

Образовательные нормативы заставляют учителей Обучать обучающихся индивидуальной работе, приобретать знания, расширять исследовательский кругозор и стремятся к истине в науке и практике. На данный момент значительная часть программы обучения, предусмотренного Республиканскими учебными нормативами, отводится внеклассной самостоятельной работе. Положение о необходимости самостоятельной работы студентов в образовательном процессе Высшей школы уже давно является общепризнанным. На сегодняшний день этому важному компоненту в образовательном процессе Высших учебных заведений уделяется особое внимание не только на местном, но и на Республиканском уровне. Идея усовершенствования образования определяет важные моменты профессионального образования: подготовка квалифицированного сотрудника соответствующего уровня и профиля, конкурентоспособного на трудовом рынке, компетентного, серьезного, свободно владеющего своей профессией и ориентирующегося в смежных сферах деятельности, способного эффективно работать по своей специальности на уровне мировых стандартов, готовый к постоянному профессиональному росту, социальной и

профессиональной мобильности; удовлетворение потребностей личности в получении соответствующего образования. Все эти задачи могут быть решены только путем увеличения доли внеаудиторной самостоятельной работы учащихся, связанной с тем, что в ходе самостоятельной работы решаются не только дидактические задачи, но и задачи воспитания личности.

На данный момент этому вопросу уделяется большое место в психолого- Педагогическом исследовании. Отнюдь, несмотря на весомый теоретическую способность, накопленный педагогической наукой, он не в полной мере используется в университетской практике: образовательный процесс в высших профессиональных учебных заведениях остается в основном слабо контролируемым, основанным на традиционных формах и методах преподавания, недостаточное внимание уделяется развитию личности студента, его самостоятельности, саморазвитию и самосовершенствованию.

Индивидуальная работа студентов является существенной, решающей составляющей специалиста система обучения. Ведь только знания, приобретенные упорной самостоятельной работой, впоследствии могут превратиться в реальную движущую силу научно-технического прогресса.

Нынешнее высшее образование призвано стремиться к дальнейшей активизации учебно-познавательной работе студентов, развитию их творческих способностей и культуры мышления, умения самостоятельно ориентироваться в потоке научной, технической и общественно-политической информации. Этого можно достичь только путем формирования у обучаемых когнитивной независимости, то есть такой черты личности, которая проявляется в желании и способности самостоятельно овладевать знаниями и методами деятельности, применять их в учебной, практической и профессиональной деятельности [1].

Университет призван учить и приучать учащегося пытаться к непрерывному пополнению своих знаний, к непрерывному самообучению во время всей своей трудовой жизни, создавать для всех и закреплять соответствующие стереотипы работы. И важным составляющим направлением трудов учителей в этой области должна стать внеаудиторная индивидуальная работа студентов. Это непростой, качественно иной вид обучения по сравнению с аудиторными уроками. В рамках внеаудиторной индивидуальной работы обучающиеся сталкиваются с необходимостью мобилизовать свои навыки к обобщению полученных данных, превращению их в умения. Но еще ценнее психологический итог: в процессе индивидуальной деятельности обучающийся постоянно чувствует себя человеком, который сам по себе принимает решения, несет за них ответственность - и на самом деле становится таким человеком. Индивидуальная работа в обязательном порядке предусматривает качество самоорганизовывать свою работу, а именно самостоятельную. Для большинства студентов сегодня принимаемые ими решения далеки от оптимальных. Большая часть обучающихся делает упражнения поздно, с большим опозданием. Качество реализации работы часто бывает только удовлетворительным [2]. Таким образом включение индивидуальной работы в план учебы, то есть регулирование ее как особого вида учебной деятельности, описывает Принципиально современный этап в развитии организация образовательного процесса в высшей школе. Целью изменения качественной сущности современного высшего образования является активизация индивидуальной деятельности учащихся.

Реализация этой задачи требует системного подхода, пересмотра устоявшихся взглядов практически на все организационно-методические основы образовательного процесса. Образовательный процесс в высшей школе предусматривает обязательное проведение внеаудиторных занятий, самостоятельная работа студентов, поскольку только в процессе активной самостоятельной деятельности может эффективно и плодотворно осуществляться обучение и познание, то есть усваиваются знания, приобретаются навыки и умения в определенной области знаний [3].

Индивидуальная деятельность способствует образованию таких значимых черт человека, как усердие, собранность и ответственность, улучшает запоминание, ум, сосредоточенность. Результатом сказанного является необходимость перехода от эмпирического решения к вопросу

Организации внеаудиторная самостоятельная работа студентов в вузе по разработке вопросов теории и технологии организации данного вида деятельности [4].

Научные исследования по дидактизму, психологов, членов частных методик показали, что целевое и преднамеренно организованное Становление когнитивной индивидуальности обучающихся происходит в течение полного обучающего процесса в институте. Это главный критерий прогрессивной организации образовательной процедуры. Лишь самостоятельная работа учащихся и проверка за ее исполнением, при необходимой их организации, помогает образованию самостоятельности познания и творческого подхода к решению задач образовательного и профессионального уровня. Формирование индивидуальной деятельности обучающихся в современном высшем образовании становится одним из важнейших направлений всей методики преподавания. Это связано с необходимостью повысить познавательную активность будущих специалистов, преобразовать этот процесс обучения из школы запоминания превращается в школу мышления.

Сегодняшний эксперт разрешает обычно часто меняющиеся вопросы, часто исследовательского типа. Поэтому университетское образование должно готовить профессионала, но и формировать творческую личность. Следовательно, одним из общих способов улучшения деятельности в вузе является переход от информативных форм обучения к контролируемому образованию, выявляющему навыки обучающихся и управляющему их ростом. Таким образом остаются важными методы образования, которые прививают умение к самосовершенствованию.

Литература:

1. Антонович И.И. Система контроля самостоятельной работы // Вестник высшей школы, 1999. - №11. – С. 34-37.
2. Архангельский С.И. Образовательный процесс в высшей школе, его правовые основы и методы. М.: Высшая школа, 1980 - 368 с.
3. Абылкасымова А.Е. Познавательная самостоятельность в учебной деятельности студента.- Алматы: Санат, 1998 - 232 с.
4. Бабанский Ю. К. Оптимизация учебно-воспитательного процесса обучения /Ю. К. Бабанский. М.: Педагогика, 1989 - 253 с.

ӘОЖ 81.2. 81.5

АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ ЕСІМДЕРГЕ ТӘН ЕРЕКШЕЛІКТЕР МЕН КӨРКЕМ АУДАРМА ПРИНЦИПТЕРІ

Белгибаева Акмарал Аблежановна
М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз қ.

Аннотация. Бұл мақалада ағылшын және қазақ тілдеріндегі есімдерге тән ерекшеліктер мен олардың көркем аудармадағы рөлі зерттеледі. Ағылшын тіліндегі есімдер мен қазақ тіліндегі есімдердің құрылымы, мағынасы, тарихи контексті мен қолданылу ерекшеліктері талқыланады. Сонымен қатар, көркем аудармада есімдерді дұрыс аудару принциптері мен әдістері қарастырылып, аударма кезінде туындайтын қиындықтар мен оларды шешу жолдары ұсынылады. Аударма теориясындағы есімдер мәселесін түсіну арқылы көркем аударма саласында кәсіби шеберлікті арттыруға болады, бұл өз кезегінде аударма мәдениетінің дамуына ықпал етеді.

Кілт сөздер: Көркем аударма, аударма принциптері, лексикалық айырмашылықтар, культуралық контекст, аударма техникасы, аудармада есімдер, тілдер арасындағы айырмашылықтар, сипаттау мен бейнелеу, тілдік сәйкестік.

Annotation. This article examines the features of names in English and Kazakh and their role in literary translation. The structure, meaning, historical context and features of use of names in English and names in Kazakh are discussed. In addition, the principles and methods of correct translation of

names in literary translation are considered, the difficulties that arise during translation and ways to solve them are proposed. By understanding the problem of names in translation theory, it is possible to improve professional skills in the field of literary translation, which, in turn, contributes to the development of translation culture.

Keywords: literary translation, principles of translation, lexical differences, cultural context, translation techniques, names in translation, differences between languages, description and representation, language identity.

Аударма – бұл тек тілдік құралдарды ғана емес, сондай-ақ адамзаттық құндылықтар мен салт-дәстүрлерді байланыстыратын маңызды процесс. Әрбір тіл өзіне тән тарих, мәдениет, дүниетаным мен ұлттық ерекшеліктерді дамыта отырып көркейеді, ал есімдер осы аспектілердің айқын көрінісі болып табылады. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі есімдер – әрбір ұлттың жеке тұлғасын, оның қоғамдық, тарихи және мәдени күйін айқындайтын негізгі элементтер болып табылады. Сондықтан, тілдер арасындағы аударма процесінде есімдердің дұрыс аударылуы мен оларды ұлт мәдениетіне сәйкес жеткізу маңызды мәселе болып табылады.

Көркем аударма саласында есімдер маңызды рөл атқарады, себебі олар тек адамдардың аттарын көрсетіп қана қоймай, кейіпкердің қоғамдық мәртебесі, этникалық шыққан тегі, психологиялық бейнесі мен мәдени контексті туралы мәліметтерді жеткізеді. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі есімдердегі айырмашылықтар, солардың қолданылу өзгешеліктері мен солардың мәдени мәні аудармашы үшін маңызды міндеттерді туындатады. Әсіресе, көркем шығармаларда есімдердің дұрыс аударылуы түпнұсқаның мәнін сақтауға және оқырманға шынайы мәдени тәжірибе ұсынуға әсер етеді. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі есімдерге тән ерекшеліктерді зерттеу аударма теориясы мен практикасы үшін үлкен маңызға ие. Бұл екі тілде есімдер түрлі әлеуметтік, тарихи және этнографиялық контекстте қолданылатынын ескеру маңызды. Ағылшын тіліндегі есімдер көбіне рухани және тарихи дәстүрлермен байланысты болса, қазақ тіліндегі есімдер көбінесе туған жер, табиғат, әлеуметтік орта мен тарихи оқиғаларды бейнелейді. Осы айырмашылықтар аудармашыға есімдердің мағынасы мен мәдени контекстін дұрыс жеткізу үшін арнайы әдіс-тәсілдерді қолдануды талап етеді.

Ағылшын тіліндегі есімдер құрылымы бойынша әдетте жеңіл әрі қысқа болады. Олар көбінесе бірінші есім (given name) мен тегі (surname) түрінде болады. Бұл құрылымның ерекшелігі – тегі әдетте ата-ана мен отбасы мүшелері арасындағы байланыс пен тектілік ерекшеліктерін білдіреді, ал бірінші есім адамның жеке тұлғасын көрсетеді. Ағылшын тілінде есімдер екі негізгі құрылымға бөлінеді:

First name (берілген есім) — адамға туылған кезде берілетін есім, оны отбасы мен достар қолданады.

Surname немесе **Last name** (тегі) — отбасының атауын білдіретін есім, оны ресми жағдайларда қолданады.

Ағылшын тілінде кейде адамға берілетін толық есім бірнеше бірінші есімнен құралған болуы мүмкін. Мысалы, «John William Smith» немесе «Mary Anne Johnson». Бұл есімдер көбінесе адамның дінін, тарихи өткенін немесе отбасының дәстүрін бейнелейді.

Ағылшын тіліндегі есімдер әртүрлі мәдениет пен салт-дәстүрлердің ықпалына ұшырайды. Ағылшын қоғамында жиі христиандық салттарға сәйкес, діни және тарихи тұлғалардың аттары кеңінен таралған. Мысалы, «John», «Mary», «David» сияқты есімдер христиандық қасиетті тұлғалармен байланысты. Сонымен қатар, ағылшын тіліндегі есімдер басқа мәдениеттердің ықпалымен де қалыптасқан. Бұл көбінесе Ұлыбританияның көпұлтты қоғамында байқалады, мұнда ағылшын есімдерімен қатар, басқа этникалық топтардың есімдері де кең таралған. Әртүрлі мәдениеттердің ықпалына қарамастан, ағылшын тіліндегі есімдер көбінесе жеке адамның әлеуметтік орнын, діни сенімін және тарихи тұлғаларды білдіреді. Бұл есімдерде белгілі бір мағыналар мен символизм болуы мүмкін, мысалы, «Hope» (үміт), «Grace» (мейірім), «Faith» (сенім) сияқты есімдер позитивті мәнге ие.

Ағылшын тіліндегі есімдердің аударылуы әрқашан біржақты болмайды, себебі есімдер әдетте жеке және мәдени мағынаға ие. Ағылшын тілінде қолданылатын есімдердің көбісі басқа

тілдердің арасында негізгі түпнұсқаға ұқсамайды. Бұл жағдайда аударма жасайтын кезде бірнеше тәсілдер мен стратегияларды қолдану қажет болады:

Тікелей аударма: Кейде есімдердің мағынасы басқа тілде тура аударылады. Мысалы, «John» есімі қазақ тілінде «Жан» немесе «Иоанн» деп берілуі мүмкін.

Транслитерация: Ағылшын есімдері басқа тілдерге дыбысталуына қарай көшірілуі мүмкін, мысалы, «David» — «Дэвид» болып жазылады.

Қалыптасқан балама атаулар: Кейбір есімдер, соның ішінде көбінесе діни немесе тарихи тұлғаларға байланысты, мәдени контекске сай басқа тілде белгілі бір баламамен берілуі мүмкін. Мысалы, ағылшын тіліндегі «Mary» есімі қазақ тілінде «Мәриям» деп аударылады.

Аударма кезінде есімдер тек тілдік қана емес, мәдени және тарихи аспектілерді де ескеруі қажет. Бұл әсіресе көркем әдебиет пен кино саласындағы аудармаларда маңызды. Аударма кезінде есімдердің мағыналық контексті мен мәдени ауқымы толық сақталуы тиіс, сонда ғана оқырман немесе көрермен нақты мағына мен әсерді түсіне алады.

Қазақ тіліндегі есімдер және олардың мәдени мәні

Қазақ тіліндегі есімдер терең мәдени және ұлттық мәнге ие. Қазақ халқының есімдері көбінесе табиғатпен, халықтың салт-дәстүрлерімен, әлеуметтік өмірмен тығыз байланысты болып келеді. Қазақ есімдері адамның жеке басын, оның мінез-құлқын, болашағын болжауды, сондай-ақ отбасының немесе ата-бабасының тарихын білдіреді. Мысалы, қазақ есімдерінде табиғат құбылыстары, жануарлар, өсімдіктер немесе басқа да мағыналық белгілер жиі кездеседі. Мұндай есімдер адамның рухани әлемін, жан дүниесін сипаттауға бағытталған.

Қазақ халқының көптеген есімдері ел тарихындағы елеулі оқиғалармен, батырлармен, билермен, ақындармен немесе беледі ұлы тұлғалармен байланысты болып келеді. Мысалы, «Абай», «Абылай», «Бауыржан» секілді есімдер қазақтың ұлттық батырларын, ал «Тұрсын» есімі қазақ қоғамындағы ықпалды билердің немесе ақсақалдардың аттарын еске салады. Осылайша, есімдердің мәдени мәні олардың тек жеке адамның атын ғана емес, сол адамның өмірлік бағытын да көрсетеді.

Қазақ есімдері өз тарихында көптеген этнографиялық және діни өзгерістерге ұшыраған. Бұрынғы кезде қазақ есімдері көбінесе ата-бабалардан немесе белгілі тарихи тұлғалардан алынған. Қазақ халқының көптеген есімдері ел тарихындағы маңызды оқиғалармен, батырлармен, билермен, ақындармен немесе басқа да ұлы тұлғалармен байланысты. Мысалы, «Абылай», «Қабанбай», «Бауыржан» сияқты есімдер қазақтың ұлттық батырларын, ал «Тұрсын» есімі қазақ қоғамындағы беделді билердің немесе ақсақалдардың есімдерін еске түсіреді.

Сонымен қатар, қазақ есімдері діни мағынаға да ие бола алады. Мұсылмандық діннің әсері нәтижесінде қазақ халқының есімдерінде «Мұхаммед», «Әли», «Саид», «Фатима» сияқты арабтық немесе исламдық есімдер жиі кездеседі. Бұл есімдер көбінесе діни сенім мен рухани әлемге байланысты болғандықтан, адам өміріне үлкен әсер етуі мүмкін деп есептеледі. Қазақ есімдері этнографиялық тұрғыдан да маңызды рөл атқарады. Әсіресе ру немесе тайпа аттары, сонымен қатар белгілі бір жердің немесе елдің атауы да есім ретінде қолданылып, жеке адамның шыққан тегін немесе атажұртты білдіреді. Мысалы, «Қазақбай», «Дулат», «Жанқожа» сияқты есімдер белгілі бір тарихи кезеңдермен және этникалық топтармен байланысты.

Қазақ есімдерінің қалыптасуы мен құрылымы көбінесе сол халықтың мәдениеті мен дәстүрлеріне негізделген. Қазақ есімдері үш негізгі топқа бөлінеді: жеке есімдер, әке есімдері (патронимдер), және фамилиялар (тегі).

Жеке есімдер: Бұл есімдер адамның өз аты ретінде қолданылады және көбінесе отбасы немесе халықтың дәстүріне, сондай-ақ адамның сыртқы қасиеттеріне, мінез-құлқына, өмірлік мақсаттарына сай қойылады. Мысалы, «Айша», «Нұржан», «Қанат» сияқты есімдер адамның физикалық немесе рухани ерекшеліктерін білдіреді.

Әке есімі (патроним): Қазақта әке есімі көбінесе адамның атымен бірге беріледі, әрі әке есімі адамның тегі мен шыққан тегін білдіреді. Мысалы, «Жақсылықұлы», «Аманжолович» сияқты есімдер адамның әкесінің атынан шыққан. Бұл атау дәстүрі көбіне жеке адамның әлеуметтік жағдайын анықтап, оның әкесі мен ұрпағы арасындағы байланысты көрсетеді.

Фамилиялар (тегі): Кеңес заманында туған қазақтардың көпшілігі тегі бойынша атала бастаған, бірақ бұрынғы дәстүр бойынша тек әке есімінен, ру аттарынан немесе белгілі бір атакты адамдардың есімдерінен құралған. Қазақ фамилиялары әдетте туыстық қатынастарды білдіреді, сондай-ақ ұлттың өзіндік ерекшеліктері мен тарихын көрсетеді. Мысалы, «Қарақұлов», «Есенбеков» сияқты фамилиялар қазақтың белгілі руын немесе ата-бабасын еске түсіреді.

Қазақ есімдері оның құрылымы мен мәні жағынан әрдайым ұлттық дәстүр мен мәдениеттің белгісі болып табылады, және оларды аударған кезде тілдің әрі мәдениеттің маңызды ерекшеліктерін ескеру қажет.

Көркем аудармадағы есімдердің рөлі. Көркем аудармада есімдер тек жеке тұлғаларды белгілеумен шектелмейді, олар көбінесе шығарманың атмосферасын, кейіпкерлердің рухани әлемін, мәдени және әлеуметтік жағдайын айқындайтын маңызды элементтер болып табылады. Әрбір есімнің артында тарих, ұлттық ерекшеліктер, дәстүрлер мен діни сенімдер жатыр. Сондықтан көркем аудармада есімдерді дұрыс таңдау және олардың мағыналарын сақтап жеткізу үлкен жауапкершілік жүктейді. Есімдердің дұрыс аударылуы немесе жеткізілуі шығарманың түпнұсқасын сақтауға және оқырманға автордың ойы мен кейіпкердің жеке қасиеттерін дұрыс түсінуге мүмкіндік береді. Көркем аудармада есімдердің мағыналық контексті мен мәдени мәнін сақтау өте маңызды. Әрбір есімнің тек лексикалық мағынасы ғана емес, сондай-ақ сол есімнің қолданылатын мәдени ортадағы терең мәні де бар. Мысалы, ағылшын тіліндегі «Grace» (мейірім) есімі қазақ тілінде тек сөздік мағынасы емес, сондай-ақ діни және мәдени контекстте ерекше маңызға ие болуы мүмкін. Аударма кезінде тек есімнің дыбысталуын емес, оның мәдени контекстін, түпнұсқалық мағынасын да ескеру қажет. Есімдер кейде белгілі бір тарихи немесе әлеуметтік жағдайлармен тығыз байланысты болады. Аудармашы олардың мәнін сақтап, оқырманға немесе тыңдаушыға осы мәдени контекстті жеткізу үшін арнайы тәсілдер қолдануы керек. Есімдер арқылы оқырман сол қоғамның, дәуірдің ерекшеліктерін сезіне алады, сондықтан олардың дұрыс аударылуы көркем аударманың табысты болуы үшін маңызды.

Көркем аударма кезінде есімдердің мәдени ерекшеліктерін сақтау тек тілдік мәселе ғана емес, сондай-ақ мәдени айырмашылықтардың дұрыс түсінілуі мен жеткізілуі болып табылады. Әрбір мәдениет өзіндік есім беру дәстүрлеріне ие, олар сол халықтың құндылықтарын, дүниетанымын және әлеуметтік құрылымын бейнелейді. Мысалы, қазақ мәдениетінде табиғатқа, тарихи тұлғаларға немесе отбасылық құндылықтарға негізделген есімдер жиі кездеседі, ал ағылшын тілінде бұл дәстүрлер әртүрлі болуы мүмкін.

Аударма кезінде мәдени ерекшеліктерді ескеру өте маңызды. Бір тілде мағынасы терең, белгілі бір мәдени құндылықпен байланысты есім екінші тілде дәл осылай қабылданбауы мүмкін. Сондықтан, аудармашы есімдердің мәдени құндылығын сақтай отырып, оларды басқа тілде немесе мәдениетте дәл түсінікті әрі мәнді етіп жеткізу үшін балама әдістер мен стратегияларды қолдануы қажет.

Көркем аудармада есімдерді таңдау мен дұрыс жеткізу үшін бірнеше әдіс-тәсілдер қолданылады. Әрбір әдіс аударма контекстіне және тілдер арасындағы айырмашылықтарға байланысты өзгеруі мүмкін. Мысалы, есімдерді аударудың негізгі әдістері де қарастырылған. Тікелей аударма (транслитерация) әдісі. Бұл әдіс есімдерді олардың бастапқы дыбысталуын сақтай отырып аударуға бағытталған. Мұндай тәсіл көбінесе есімдердің мәдени контексті мен ұлттық ерекшеліктерін сақтау қажет болған жағдайда қолданылады. Балама есімдер қолдану әдісі. Кейбір жағдайларда, егер есімнің түпнұсқадағы мағынасы мен оның мәдени мәні басқа тілде түсініксіз болса, онда есімнің баламасы таңдалады. Мысалы, «John» есімі қазақ тіліне «Жан» деп аударылуы мүмкін, бірақ «John» тұлғасының мәдени мәнін түсіну үшін сәйкес балама таңдалады. Мағыналық аударма: кейбір есімдер тек дыбыстық тұрғыдан емес, мағынасы жағынан да аударылуы мүмкін. Мысалы, «Hore» есімі қазақ тілінде «Үміт» деп аударылуы мүмкін, өйткені бұл есімнің мағынасы негізгі мәнін сақтап, жаңа тілде де дәл жеткізіледі. Діни және тарихи мәнін сақтау әдісі. Діни немесе тарихи мәні бар есімдер, мысалы, «Muhammad» немесе «Иса», кейде тікелей аударылып, сол мәдени және діни контекстке сәйкес беріледі. Мұндай есімдер аудармада ерекше назарды талап етеді, себебі олар адамға тек ат емес, сол мәдениет пен діннің маңызды бөлігі болып табылады.

Көркем аудармада есімдер тек тілдік бірліктер ғана емес, олар аударма процесінің барлық кезеңдерінде маңызды рөл атқарады. Дұрыс таңдалған есімдер шығарманың түпнұсқасының эмоциялық және мәдени мәнін сақтап қалуға көмектеседі, сондай-ақ оқырманның мәдени құндылықтар мен әлемге деген көзқарасын дұрыс жеткізуге мүмкіндік береді.

Осылайша, ағылшын және қазақ тілдеріндегі есімдерді аудару мәселелеріне де мән берсек болады. Екі елдің өзі де, табиғаты да, болмысы да өзгеше болғандықтан мәселелер жетіп жатыр.

Ағылшын және қазақ тілдеріндегі есімдерге тән ерекшеліктер мен олардың көркем аудармадағы рөлі үлкен маңызға ие. Бұл екі тілдің есімдер жүйесі мәдени және тарихи контекстте әртүрлі қалыптасқандықтан, есімдерді аудару кезінде көптеген қиындықтар туындайды. Ағылшын тілінде есімдер көбінесе діни және тарихи тұлғалармен байланысты болса, қазақ тілінде есімдер табиғатпен, ұлттық құндылықтармен және тарихи тұлғалармен тығыз байланысты. Осы ерекшеліктерді ескере отырып, көркем аудармада есімдерді дұрыс қолдану – бұл тек тілдік тапсырма емес, сонымен қатар мәдениетаралық қарым-қатынасты дұрыс жеткізу болып табылады. Көркем аудармада есімдерді дұрыс қолдану кезінде аудармашы тек дыбысталууды ғана емес, сондай-ақ есімнің мағыналық және мәдени контекстін сақтауға тиіс. Әрбір есімнің артында сол мәдениеттің құндылықтары мен дәстүрлері жатыр, оларды ескере отырып, түпнұсқаны басқа тілде дәл әрі мағыналы етіп жеткізу міндеті тұр. Аударма кезінде есімдердегі эмоционалдық, стилистикалық және мәдени компоненттерді сақтау өте маңызды. Бұл көркем шығарманың жалпы атмосферасын, кейіпкерлердің рухани әлемін және шығарманың түпнұсқалық мәнін толық бере алады.

Қазіргі аударма теориясында есімдерге қатысты мәселеге ерекше көңіл бөлінуде. Есімдерді аудару мен мәдени ерекшеліктерді ескеру аударманың сапасын жақсартып қана қоймай, сонымен қатар әртүрлі мәдениеттер арасындағы өзара түсіністік пен құрметті нығайтады. Болашақта аударма теориясында есімдер мәселесін тереңірек зерттеуге көбірек назар аударылып, әртүрлі әдіс-тәсілдер мен стратегиялар ұсынылуы қажет. Бұл әсіресе жаһандану кезеңінде және көп мәдениетті қоғамда маңызды әрі өзекті болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Әдеби шығармашылық және көркем аударма теориясы : таңдамалы дәрістер / Әл-Фараби атын. ҚазҰУ; [ред. алқа: Ж. Дәдебаев және т. б.]. - Алматы: Ценные бумаги, 2010. - 188 б.
2. Сөз мәдениеті: оқу құралы / Д. Әлкебаева. - Алматы: Қазақ ун-ті, 2011. - 195, [1] б.
3. Мәдени антропология: оқу құралы / Ә.Р. Масалимова, А.Т. Құлсариева; Әл-Фараби атын. ҚазҰУ. - Алматы: Қазақ ун-ті, 2011. - 163, [1] б.
4. Философия және мәдениеттану: оқу құралы / [жауапты ред. Ғ. Ақмамбетов; құраст: Ж. Алтаев және т. б.]. - Алматы: Жеті жарғы, 1998. - 269, [3] б.
5. Қазақ тілі / Ж.Т. Дәулетбекова ; ҚР Білім және ғылым м-гі. - 3-бас., өнд. - Алматы : Мектеп, 2015. – 102б
6. Қазақ этикасы: оқу құралы / Т. Х. Ғабитов; әл-Фараби атын. ҚазҰУ. – Алматы Қазақ ун-ті, 2014. - 274, [2] б.

ӨОЖ 37.013:371.21

МҰҒАЛІМ – ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНДЕГІ МАҢЫЗДЫ ТҰЛҒА

Бөпетай Диана Медетқызы

М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті 2 курс студенті

Ордабаева Раушан Біләнқызы

М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз қ.

Аннотация: Бұл мақалада ұрпақ тәрбиесіндегі маңызды тұлға «мұғалім» мәртебесі туралы айтылады. Мұғалім мәртебесі білім беру жүйесінің дамуына, оқушылардың білім сапасына, қоғамның мәдениетіне әсер етеді. Қоғам мұғалімдерді жоғары бағалап, оларды қолдаған жағдайда, мұғалімдердің өз мамандығына деген сүйіспеншілігі мен жауапкершілігі артады. Зерттеуде педагогика саласындағы педагогтың орны оның кәсіби біліктілігі, педагогикалық шеберлігі ескеріле отырып, тиімді оқу процесін ұйымдастыру қабілеті талқыланады.

Аннотация: В статье рассматривается статус «учителя» как важной фигуры в воспитании поколения. Статус учителя влияет на развитие системы образования, качество подготовки учащихся и культуру общества. Когда общество ценит и поддерживает учителей, любовь и ответственность учителей за свою профессию возрастают. В исследовании рассматривается место учителя в сфере педагогики с учетом его профессиональной квалификации, педагогического мастерства, умения организовать эффективный процесс обучения.

Тірек сөздер: педагог, жаңашылдық, Коменский дәуірі, методика, AR,VR,3D платформалары

Ключевые слова: учитель,инновация, эпоха Коменского, методика, AR, VR, 3D-платформы

«Әлемдегі ең үздік мамандық –мұғалім» - деп қарауының өзі бөлек. Себебі, барлық жерде мұғалім керек. Мұғалімнің мәртебесі зор. Мектеп табалдырығын аттаған бүлдіршіндерді қабылдап алып, оларға оңды- солын үйретіп, болашаққа бағдар беретін де мұғалім.

Мұғалім – ол өз шәкіртінің бойына білім нәрін сеуіп, тура жолға салатын абзал жан. Мұғалім әр сабағын қызықты өтсе, оқушыларда әр күн сайын мұғалім тарапынан жаңа идея, жаңа тапсырма күтіп отырады. Бұның өзі мұғалімге, пәнге деген қызығушылығы артады. Яғни, мұғалімге сенімі артады. Абай атамыз айтқандай «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» демекші ұстаздың еңбегін бағалай білуіміз қажет. Қазіргі таңдағы мұғалім мен 19 ғасыр аяғындағы мұғалім арасында үлкен айырмашылық бар. 19 ғасыр педагогтары – білімнің ішіндегі ең құнарлысын тек тақта мен бор арқылы бере алды. Яғни, тақта мен бордың мәртебесі өз деңгейінде болды. Атақты педагогтарымыз А.Байтұрсынов, Ыбырай Алтынсарин секілді педагогтарымыз тіпті ақ тақта мен борсыз да білім бере білді. Олардың методикасы ешқашан күшін жоймаған, тарих сахнасында өзіндік орны бар.

Сондай-ақ ешқандай жағдайы жасалмаған мектепте білім алған тұлғаларымыз тарихтан ойып тұрып орын алды. Есімдері жас ұрпақтың санасында жатталып қалып жатыр. Атақты тұлғаларымыз да ешқандай парта, тақта көрмей-ақ жоғары деңгейде білім алып шығып, еліміздің болашағы үшін өз үлестерін қоса алды деп айта аламыз.

Ы. Алтынсарин, А.Құнанбаев, Әбубәкір Диваев, Шәкәрім Құдайбердиевтың мұралары. Ахмет Байтұрсынов, Хәлел Досмұхамедов Міржақып Дулатовтың тәлімдік идеялары мен Нәзипа Құлжанова, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаевтардың этнопедагогикалық ой-пікірлеріне қарасақ –педагогика саласы ерте заманнан бастау алған ғылым. Педагогиканың философиядан бөлініп, өз алдына ғылыми жүйеге келуі ұлы чех педагогы Ян Амос Коменскийдің (1592-1670) есімімен байланысты.

XVII ғасырда педагогика статус алып, өзінше ғылым болып бөлініп шыққаннан кейін Чехияның ұлы педагогі Я. А. Коменскийдің (1592-1670) беделі және еңбектерімен әрі қарай бекіп, дами түсті. Педагогика саласының тарихында ерекше орын алатын Я.А.Коменский екенін

барлығымыз да мойындап келеміз. Міне, осы кезден бастап Коменский-дің теориялық ой-пікірлері педагогиканы дамытып, ол күні бүгінге дейін ғылыми маңызын жоғалтқан жоқ. Я.Коменский тіпті дүниежүзілік аренаға шығып педагогикаға әлем жұртшылығының назарын аударды, қолдау тапты. Коменский дәуірі Еуропада буржуазиялық формацияның үстемдік етіп тұрған кезі болатын, ол соған соқтығысып өзінің философ-гуманист, қоғам-қайраткері, аса көрнекті педагог екенін таныта білді.

Педагогика тарихының маңызы –міне осыдан бастау алады. Ары қарай өзіміздің атақта педагогтарымыздың еңбегіне тоқталмай кету мүмкін емес. Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедов, М.Дулатовтар балларды өздерінің шынайы методикаларымен оқыта бастады. Осылайша қазақ жерінде педагогика саласы қанатын жая бастады. Бала оқыту саласы әлі де өз деңгейін жоғалтқан жоқ.

Педагогика саласы –әрқашан күш-қуатты, жігерлілікті қажет етіп келеді. Төзімділікті, сабырлықты ұстанған адам ғана –педагог бола алады. 21 ғасырдың басында педагог жаңа буын үшін таптырмас мамандық бола бастады. Қазақстан жерінде түрлі қиын кезеңдер орын алды. Түрлі тарихи кезеңдер өтті. Бірақ қандай жағдай болса да педагогика ескерусіз қалған жоқ.

Тәуелсіздік алып, етек жеңін жиган соң Қазақстан педагогтарды үздіксіз оқытуды, педагог мамандығын көбейтуді қолға алды. Міне, сол уақыттан бастап елімізде атақты, дарынды педагогтар пайда бола бастады. Педагогика салысымен қатар түрлі методикалар да көбейе бастады. Тақта мен бор мен қатар түрлі көрнекіліктер пайда болып, сабақ беру әдістерінің көлемі кеңейе бастады. Педагог мәртебесі де қолға алынып, түрлі заңдар қабылдана бастады. Заң аясында мұғалімнің күші азайып, оқушы мен ата-ананың басымдығы көріне бастады. Өткен ғасырдағы – баламның еті сенікі, сүйегі менікі деген ұғымның күші кетіп, керісінше ұғымдар пайда бола бастады. Қазіргі таңда мұғалімге оқушыны ұруға, балағат сөз айтуға тыйым салынды. Тіпті, алдында оқушыға «сіз» деп сөйлеуге мәжбүр етті. Әрбір таяқтың екі ұшы болады демекші, әрбір қабылданған қағиданың да екі жағы болды. Жақсы жағы: оқушы ойын еркін жеткізе алса, жаман жағы: оқушылар мұғалімді сыйлауды, құрмет тұтуды азайтып жатты.

Бірақ, қандай заман болмасын, қандай жағдай болмасын –ұстаздың мәртебесі қашанда биік тұруы тиіс. Ғалым да, шахтер де ұстаздан білім алған жоқ па? Сондықтан ұстаздың мәртебесі үнемі жоғары болуы керек. «Еліміздің ертеңі - бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры –ұстаздардың қолында» деп Нұрсұлтан Әбішұлы айтқандай ұстазға деген құрмет пен ықыластың ерекше екенін байқауға болады. Шындығында, ұстаз болу неткен бақыт десеңші! ...

Ұстаз болу –үлкен қажырлықты талап етіп қана қоймай, үлкен ізденісті қажет етеді. Үнемі ізденіс үстінде жүрген мұғалім ғана оқушыға жан-жақты білім бере алады деп түсінемін. Қазіргі таңда белең алып жатқан түрлі платформалар да осының дәлелі. Жасанды интеллект негізінде құрылған AR, VR, 3D платформалары педагог үшін тиімділігі өте жоғары. Мұғалімнің жұмысын жеңілдетіп, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын оятады. Сондықтан өзім қатарлы заман ағымына сай дамып келе жатқан педагогтерге осындай тиімділігі жоғары платформаларды ұсынар едім. Шексіз әлемге үнемі қанатын қаға білетін тағы да мұғалім екені даусыз. Сондықтан шексіз әлемге еш қорықпай еніп, өзіне қажетті ақпараттарды ала білу, ол да ұстаздың үлкен жетістігі.

Абай атамыз өзінің ең бірінші қара сөзінде «бала бағар едім, бірақ баланы қалай бағамын, қандай бағытқа бағамын,, » -дейді емес па? Шынында да қазаны қайнап жатқан мына заманда шәкірт тәрбиелеп, білім беру де оңай емес. Әрбір педагог әр күнінде бір жаңалық айтып, оқушының көңілін таппаса тағы болмайды. Себебі, біздің алдымызда жаһандану заманының жаңашыл, болашаққа деген көзқарасы оразан зор, алдарына қойған мақсаттары өте биік оқушылар отыр.

Әр бала өзінше бір әлем! Сол әлемнің ішіне еніп, сырласындай болып, анасындай қамқорлық таныту тағы да ұстаздың міндеті. Бір сыныпта қанша бала отырса, сонша мейірім, адалдық, ұлылық бір ұстаздың бойынан табылу ғажап дүние емес пе ?!

Міне, осындай ғажайып әлемнің ғаламатында тағы да басты орында мұғалім тұрады. Сондықтан да ұстаз –ұлылықтың, адалдықтың символы деп түсінемін. «Ұстаздық еткен жалықпас –үйретуден балаға» демекші, ұстаз қауымы ешқашан білім мен тәрбиені ұштастыра

отырып сабақ беруден еш шаршамайды. Ұстаз болу –өзінді ғана емес, өзгені де тәрбиелеу. Болашақ ұрпақтың жарқын болашағына үлес қосу. Мектеп қабырғасында ғана емес, өмірдегі түрлі қиыншылықтарға төтеп беруге дағдыландыру, құлаған жерінен тік тұрып, шынайы өмірдегі шынайы бақытқа жетелеуге көмектесу. Ата-анасының қамқорлығымен қатар, мектеп қабырғасының ерекше махаббатынан нәр беру. Өмірдің биік белестерінде өздерін еркін сезініп, нақты шешім қабылдауға үйрету. Мұның барлығы да мұғалімнің міндеті болып табылады.

Рас, ұстаз болу үлкен бақыт. Алдындағы отырған періште сәбилерге ұқсаған шәкірттеріңе алғаш әріпті, жазуды үйретудің өзі неткен ғанибет емес па?! Оқушының екінші анасы болу, оқушы үшін жанын беру, тіпті, кейде туған балаңнан артық көріп, барлық махаббатыңды бөлетін кездер де болады. Оқушының өз ата-анасынан алған тәрбиесін мектеп қабырғасында ары қарай дамытып, жан-жақты тануға, күнделікті өмірде өзін еркін ұстауға, үлкен шешімдер қабылдауға да үйрететін мұғалім ғой.

Барша ғажайыптың ішіндегі ең кереметі –жақсы тәрбие алған адам. Ал, осы жақсы тәрбиені беретін - ұстаз. Барлығымыз да ұстазға бас иеміз, оларды құрметтеп, жоғары бағалаймыз. Ұстаз еңбегі зор мәртебе.

Әдебиеттер:

1. Берикханова А.Е. Педагогикалық мамандыққа кіріспе. Оқу құралы. - Алматы, 2009.-240 б.
2. Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы. А; “Санат” 2001 ж.
3. Е.Сағындықұлы Педагогика Оқу құралы.- Алматы, 1999жыл

ӘОЖ 37.01.13:94(574)

КЕҢЕС ДӘУІРІНДЕГІ МЕКТЕПТЕР

Бупетаева С.Ж., Бупетаева А.Ж

М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, №47 орта мектебі, Тараз қ.

Аннотация

Мақалада Кеңес дәуіріндегі мектептер жайы, 4 жылдық бірінші басқыш мектептер, екі орталықтан тұратын жеті жылдық мектептердің ашылуы, қазақ мектебінде мектеп үйлері, көрнекі құралдар, оқулықтың болмауы, мұғалімдердің жеткілікті даярлығының жоқтығы мектеп ісіне зор кедергі келтіргендігі, қазақ мектебіне арнайы оқулықтар шығару мәселесі де қиындыққа ұшырағаны, Білім саласындағы «ақтандақтар» туралы сөз етіледі.

Аннотация

В статье будет рассказано о состоянии школ Советского периода, 4-х летних первых ступенчатых школ, открытии двухцентровых семилетних школ, отсутствии школьных домов в казахской школе, наглядных пособий, учебников, недостаточной подготовке учителей, что сильно мешало школьному делу, проблема выпуска специальных учебников в казахской школе, недостатки в сфере образования.

Кілтті сөздер

Кеңес мектебі, ауыл мектептері, Оқу-ағарту жүйесі, оқулық, мектеп үйлері, ағартушылық, мектепке қамтылу, қазақ балалары, тәржімалау.

Соңғы жылдары тарихымызды жана тұрғыдан зерттеу, өсіресе, ақтандақтар ақиқатын зерделеу күн тәртібіне қойылғаны мәлім.

Бұл тұрғыда білім саласына катысты оқиғаларды байыптауға терең мән беріле бастады.

Сондай-ақ мәдениет саласындағы ақтандақтардың бірі - алғашқы білім баспалдағы саналатын мектеп ісіне байланысты.

Әл-Фараби атындағы ҚазМҰУ-дін аспиранты Гүлқыз Жусанбаеваның «Кеңес дәуіріндегі асыра сілтеулер»/1/ атты мақаласында 1918 жылдан бастап қазақ жеріндегі ашылған мектептер мен ондағы мұғалімдер санына, олардың біліміне тереңірек үңіледі.

1918 жылы 16-қазанда «РКФСР-дегі бірыңғай еңбек мектебі туралы ереже» мен «Бірыңғай еңбек мектебі туралы декларация» жарияланды. Ережеде екі басқышы болатын мектеп жүйесі бекітілді. Қазақстанда жазу мен сызудың артта қалуына байланысты ұйымдастырылған жүйе төмендегідей еді:

- оқыту мерзімі 4 жылдық бірінші басқыш мектептер;
- екі орталықтан тұратын жеті жылдық мектептер (бұлардың біріншісі төртжылдық, ал екіншісі үшжылдық болды) дей келе 1918 жылы Шымкентте, Перовскіде, Түркістанда қазақ-орыс мектептері ашылды. Ардагер ұстаз Х.Ыбырайымұлы өзінің естелігінде қазақ мектебінің қалай ашылғанын: «1918 жылы Жаңа Семейде қазақтың тұңғыш бастауыш мектебін аштым. Бір жылдан кейін 1919 жылы бұл мектеп Кеңес мектебіне айналып, №26 қазақ бастауыш мектебі деп аталатын болды. Мектеп ашу үшін біз Жаңа Семейде тұратын Мұхамметжан Сейітқұлов деген байдың үйін жалдап тұрдық. Кейінірек М. Сейітқұловтың үй-жайы тәркіленіп, үйі түбегейлі түрде мектепке берілді. Тұңғыш ашылған жылы 60 оқушы болған. Оларды Дүйсенбай Иманқұлов деген мұғалім екеуіміз оқыттық. Біз татар мектептеріне арналған оқулықтар бойынша дайындалып келіп, сабағымызды қазақ тілінде оқытып жүрдік...» - деп әңгімелейді.

Қазақ мектебінде мектеп үйлері, көрнекі құралдар, оқулықтың болмауы, мұғалімдердің жеткілікті даярлығының жоқтығы мектеп ісіне зор кедергі келтірді.

Республикада қазақ мектебіне арнайы оқулықтар шығару мәселесі де көп қиындыққа ұшырады. Қазақ тілінде оқулықтар жазуға даярлығы бар топ, негізінен, бұрынғы Алаш қозғалысының қайраткерлері еді. 1920 жылы (4-12-қазанда) Қазақстан Кеңестерінің I Құрылтай жиналысында Ахмет Байтұрсынов КазАССР-інің Халық ағарту комиссары болып сайланды. Құрылтай жиналысынан кейін Ахмет Байтұрсынов 1921 жылы 31-қаңтарда зиялы қазақ азаматтарын мәжіліске шақырып, кеңес ашқан. Мәжіліс қазақ тілінде 1-ші 2-ші басқыш (баспалдақ) мектептері үшін оқулықтар жазуға һәм тәржімалауға тез арада кірісу мәселесін көтерді. Мәжіліске Елдес Омарұлы, Хайритдин Болғанбайұлы, Сымағұл Сәдуақасұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Сәкен Сейфуллин, Биахмет Сәрсенұлы, Әлихан Бөкейханов, Сабыр Айтқожин қатысты. Мәжіліс оқулық шығаруға бағытталған төмендегідей қарар шығарды.

1. Қазақ-қырғыз тарихы - М. Жұмабаев.
2. Жалпы тарих - Х. Болғанбаев.
3. География - А. Бөкейханов.
4. Геометрия - Б. Сәрсенов.
5. Жаратылыстану - Е. Омаров.
6. Педагогика - М. Жұмабаев.
7. Мектептер гигиенасы - К. Тілеулин.
8. Алгебра бастауыш - Е. Омаров.
9. Арифметика - М. Тұрғанбаев.
10. Физика - Ф. Ғалымжанов.
11. Қазақ тілінің оқуы - А. Байтұрсынов.

Аталған оқу кітаптары дер кезінде жазылып басылып шығып, 1928-1929 жылдарға дейін қазақ мектептерінде оқу құралы болып келген. 1930-34 жылдар аралығында қазақ тілінде бастауыш мектебі үшін 92 оқулық атауы (жалпы данасы - 5.672,2 мың), орта мектеп үшін 52 оқулық атауы (жалпы данасы - 726,2 мың) шығарылды².

Автор кеңес үкіметінің алғашқы кезеңдерінде Қазақстанда мектеп салу ісіне жеткілікті көңіл бөлінбегендігін, орыс мектептерінің өз алдына үйлері болса, қазақ мектептерінде үйлер жоқтын қасы болғандығын, Павлодар уезінің халық ағарту мәлімдемесінде қазақ мектептері жалдап алған үйлерде, қара көлеңке жер үйлерде сабақ өткізгендігін, отыратын парта жоқ, тақыр еденде оқығандығын баса айтады ...

Қағаз, қарындаш бола қалса, тізесіне қойып жазады, сынып тақтасы болмағандықтан үйдің қабырғасына немесе пешке жаза салады. Онда да бормен емес, ақ кесекпен, болмаса жанған ағаштын көмірімен жазады делінген.

Қазақ ауылдарында ашылған қазақ мектептерінің көпшілігі колхоздар есебінен бой көтерген. Қазақстан Орталық Атқару Комитеті 1921 жылдың ақпанында өткізілген 1-ші сессиясында республикада халық-ағарту ісінің материалдық базасы қаралды. Сессия «Қазақ мектептері үшін үй салу негізгі міндет деп есептелсін» деп қаулы етті. Осы қаулыға сәйкес губерниялық оқу-ағарту бөлімінің халықтық мектеп үйлерін салуға, көмектесуге шақырған Үндеуі Қарқаралы, Павлодар, Семей, Өскемен, Атбасар, Ақтөбе уездерінің көптеген ауылдарында қолдау тауып, мектеп үйлерін салуға жергілікті халық белсене қатысқан. Соның нәтижесінде Өскемен уезінде-23, Бұқтырмада-30, Семейде-33, Атбасарда -35, Ақтөбеде -22 мектеп еңбекші халықтың көмегімен салынып, өз алдында жұмыс істеген. Сол кезеңде мектеп үйін салу жайлы жоспарлар қабылданғанмен, жергілікті қаржының дұрыс бөлінбеуінен, құрылыс материалдарының тапшылығынан, ұйымдастыру жұмысының нашарлығынан орындалмай қалып отырған.

1925-1926 жылдардағы Қазақстан Халық ағарту мәліметі бойынша қазақ мектептерінің 29,5 проценті мектеп үйімен қамтамасыз етілсе, 70,5 процент қамтамасыз етілмеген. Қазақ мектептері жазу құралдарымен 15-20 процентке, оқулықтармен 10-12 процентке жабдықталып отырған.

Қазақ балаларының мектепке қамтылуы басқа елдерден әлдеқайда төмен тұрған. 1929 жылдың аяғында Қазақстанда 8-11 жастағы балалардың бастауыш мектепке қамтылуы 75 процент болса, РСФСР-да 93,8 процентке жеткен. Шындығына келсек, 1918-20 жылдардағы азамат соғысы, іле-шала басталған аштық, ауыл шаруашылығын күштеп ұжымдастыру, зиялыларға қарсы репрессия қазақ мектептеріне кері әсерін тигізгені анық.

1921-22 жылдары Қазақстанда болған жұт, ашаршылықтан күйзеліске ұшыраған губерниялар мектеп жұмысын мүлде тоқтатты.

1921-22 жылдар аралығында 6248 мектептен 3125 мектеп қалған, яғни екі есеге қысқарған.

Оқушы саны 492420дан 223281-ге азайған, ал мұғалім саны 10560-тан5386-ға кеміген.

Халық санағы мәліметі бойынша 1920 жылы Қазақстандағы сауаттылар республика тұрғындарының бәрінің 14,4 проценті, ал жергілікті қазақтардың 3,1 проценті құрағанын атап көрсетті.

1930 жылғы тамызда Қазақ АССР-нің Орталық Атқару Комитеті мен Халық комиссарлар Советінің республикадағы жалпыға бірдей бастауыш оқу туралы заңы жарияланды. Заң 1930-31 оқу жылынан бастап күшіне еруге тиіс болды. Жалпыға бірдей міндетті бастауыш оқуға 8-11 жастағы балалар тартылуға тиіс еді.

1931-33 жылдарғы ашаршылық кезеңінде жалпы білім беру ісі құлдырай бастады. 1932 жылдың 1-ші ширегінде 10 мыңдаған оқушы мектеп қатарынан шығып, жүздеген мектептер жабылды. Мәселен, Алматы облысында 1932 жылдың аяғында оқу жылының аяқталуына 2 ай қалғанда 305 бірінші басқыш мектебі, 2 екінші басқыш мектептері жабылды. 1-ші басқыш мектептен 35337 оқушы, 2-ші басқыш мектептен 2140 оқушы таратылды. Мәселен, Ақтөбе облысы бойынша оқушылардың мектепке қатысуы 50 процентке төмендеп кеткен.

Республикада 1939 жылдың басында 5997 бастауыш, 1619 орталау, 532 орта мектептер жұмыс істеген.

1939-40 оқу жылында мектеп жасындағы 8-14 жас аралығындағы 7122 бала мектепке тартылмай қалып отырған. Балалардың оқуға толық қамтылмау себебі, кейбір халық ағарту бөлімдерінің жұмысының нашарлығынан және мектеп басшыларының есеп жұмысын дұрыс жүргізеу салдарынан болды.

Қазақ ССР Оқу Халық Комиссариатының мәліметі бойынша 1939-40 жылдары киім-кешектің жоқтығынан Солтүстік Қазақстан облысында - 1592 бала, Алматы облысында - 672, Батыс Қазақстанда - 1190, Ақмола облысында - 1129 бала мектепте оқымаған.

А.Байтұрсынов 1914 жылғы жазған мақаласында: **«Мектептің жаны-мұғалім, мұғалім білімді болса. білген білімін басқаға үйрете білетін болса. ол мектептен балалар көбірек**

білім алып шықпақшы» деген болатын деп автор мектептің жаны - мұғалім екендігін келешек ұрпаққа насихаттайды.

Жаңа ашылған қазақ мектептерінде мұғалім кадрларының жетіспеуі, білім таяздығы мектептегі білім беру ісіне өз әсерін тигізді.

1925-26 оқу жылында республика бойынша 5853 мұғалім жұмыс істеді, оның 2061-і қазақ мектебінің мұғалімі болған. Сол жылдары жоғары білімді мұғалім саны - 61, арнайы білімді мұғалім саны - 490.

1939-40 жылдары Қазақстандағы мұғалімдер білімінің төмендігін мына мәліметтерден көруге болады. Сынақ барысында 30 263 мұғалімнің тек 9046-сы, яғни 29,9 проценті мұғалім дәрежесіне ие болған, ал 18 546 мұғалім, яғни 61,9 проценті жұмысқа уақытша жіберілген сырттан оқитын мұғалімдер екені анықталды.

Кеңес дәуіріндегі ілгерілеушілікті асыра көрсету барысында Қазақстан 30-жылдардың аяғында жаппай сауатты елге айналды деп жарияланып келді. Шын мәнінде солай болды ма? Архив деректеріне сүйенсек, 1935 жылы республикада тұрғындардың бөрінің 61 проценті, қазақтардың 49 проценті ғана сауатты болған. Білім саласындағы «ақтаңдақтар» Кеңес дәуірінде ғылымда да қордаланып келді деп автор өз ойын тұжырымдайды.

Ол қоғам мүшелерінің дүниетанымын қалыптастыруға кесірін тигізбесе, пайдасын берген жоқ. Демек, зарығып күттірген тәуелсіздік жағдайында Кеңес үкіметі қасақана жасаған олқылықтардың орнын шұғыл толтыруымыз қажет. Осынау ащы шындықтың мәнін тез арада ұғынып, іске кіріспесек әлемдік өркениеттен дәмеленуге қақымыз да болмайды деп насихаттаған.

Әдебиеттер:

1. Жусанбаева Г. Кеңес дәуіріндегі асыра сілтеулер // Қазақстан мектебі 1998. №4
2. Бержанов К.Б., Мусин С. Педагогика тарихы. Алматы, 1984.
3. Ә.Қайдари, Ә.Айтбайұлы. Ұлт мәдениетінің хантәңірі. // Егемен Қазақстан, 28. 01. 1993.
4. М.Дулатов. Шығармалары. - Жазушы, 1991, -239 – б.

СҰЛТАНМАХМҰТ ТАҒЫЛЫМЫ

Бупетаева С.Ж., Бупетаева А.Ж

М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті, №47 орта мектебі Тараз қ.

Аннотация

Мақалада ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің аса көрнекті өкілі Сұлтанмахмұт Торайғыровтың педагогикаға, тәрбие мәселесіне қатысты ой-пікірлері баяндалады.

Аннотация

В статье излагаются мнения видного представителя казахской литературы начала ХХ века Султанмахмута Торайгырова по вопросам педагогики, воспитания.

Кілтті сөздер

Ақыл-ой тәрбиесі, Адамгершілік тәрбиесі, еңбек тәрбиесі, эстетикалық тәрбие, үйелмен тәрбиесі.

ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің аса көрнекті өкілі Сұлтанмахмұт Торайғыровтың педагогикаға, тәрбие мәселесіне қатысты ой-пікірлері айрықша зерттеуді қажет ететін. Біз бұл мақаламызда ұлы ақынның педагогикалық көзқарасына сипаттама беруді мақсат еттік.

1. Ақыл-ой тәрбиесі және халыққа білім беру мәселесі туралы.

Сұлтанмахмұт – ұлы Абайдың және Ыбырай Алтынсаринның ағартушылық идеяларын дамытқан ақын. Абай мен Ыбырай өзінің туған халқына қараңғылықтан, надандықтан құтқару үшін, оқуға, білімге шақырған еді, туған халқын жарық күнге шығаруға талпынды. Жастарды өнер, білім жолына түсуге шақырды. Оларға:

«Қарасаң басқалардың жастарына,
Өнер ғылым толып тұр бастарында.
Өзіне от, жел, суды жалшы қылып,
Алланың сайран етер аспанында,» - деп басқа елдің өнерлі жастарын үлгі етіп көрсетті.
«Басқалар жоғын тапқанда,
Біздер қайтып қаламыз.
Тәуекелге бел бусақ,

Кедергіні аламыз», - деп, оқуға талпынған жастарға сенім білдіреді. Бірақ ол заманда қазақ жастарының білім алуына, өнер, ғылым іздеуіне бөгеттер көп еді. Ең басты бөгет – қараңғылық пен надандықтың зардабы болатын. Феодалдық кертартпа тәртіптер, ескі діннің шырмауы, жалқаулық, еріншектік, жатыпшіерлік секілді дерттер жастардың оқып, білім алуына тұсау салды. Сондықтан Сұлтанмахмұт елдің еңсесін көтертпеген қараңғылық пен надандыққа қарсы күрес ашты. «Сахарада өмір кешіп жүрген қазақ балалары... жасынан бір ауыз ғылым оқымаған, әліпті таяқ деп білмейтін, айуан секілді ішіп-жеп, мал бағып, өсек аңдып, айтуға ауыз шошитын неше түрлі бұзық мінездермен қараңғылықта күнін өткізіп барады», - деп, күйініп жазады Сұлтанмахмұт «Зарландым» әңгімесінде.

Сондықтан қазақтың жасөспірім балаларын надандықтың шеңгелінен құтқару үшін, ең алдымен, солардың ата-аналарының санасын ояту керек. Жастарды надандықтан құтқаратын жол – білім. Ал білім алу үшін оқу керек, осыны түсіндіріп, балаларын оқытуға ата-аналардың ықыласы, ниеттерін түзету керек деп талап қояды. Кейбір ата-аналар оқуға барған баласына «қалам, сия, қағаз, қарындаш та әпергісі келмейді» деп сынайды. «Бір баланың тілек-батасы» деген өлеңінде:

«Оқыт бізді әкетай,
Қам көңілім болсын жай.
Надандықтан құтқарып,

Қуанта көр, құдай-ай», - деп жастардың оқып, білім алып, надандықтан құтылуына олардың ата-аналары қарсы болмауын тілейді.

Сұлтанмахмұт балаларға оқуға ұсынылатын кітаптардың мазмұны қызықты, тілі түсінікті болуын, жасөспірімдерге білім, үлгі-өнеге беретін қасиеті жоғары болуын талап еткен. Баланың «зейінін ашып, ақыл беретін, ұғынуына қолайлы, заманына лайықты бұл уақытта пайдалы кітаптар көп, соларды оқыту керек» - деп жазады. («Зарландым»).

Өркендеген елдердегі дамыған ғаламды Сұлтанмахмұт екі жікке бөліп, бірі – дене азығы, бірі – ар азығы деген анықтама береді. Адам баласының күн көрісіне жеңілдік келтіретін құралдарды, мысалы: пароход, от арба, телефон, самолет, электр және басқа осылар сияқтыларды дене азығы деп айтады. Ал ар азығы дегеніміз әділдік дейді. Егер ар азығы - әділдік табылмаса, дене азығы қаншама көбейгенмен, адам баласының бақытсыздығы азаймайды деп қорытынды жасайды. «Соның үшін, - деп жазады Сұлтанмахмұт – қазақты бақытты қылуға кірісе бастаған біздің мектептеріміз, осы бастан жас буындарымызға Европаның дене азығы өнерлерімен бірге ар азығын да беру керек. Ар азығынсыз, құр өнердің өсуімен басқалардың бақытты бола алмағаны секілді, келешекте қазақта та баққыты бола алмайды». («Социализм» мақаласы).

Сұлтанмахмұт бұл сөзінде жастарға білім беру, өнерге үйрету жұмыстарын оларды адамгершілік жағынан тәрбиелеу ісімен тығыз ұштастырып жүргізу керек деген мәселені алға қойып отыр.

«Қазақ ішінде оқу, оқыту жолы қалай?» мақаласында Сұлтанмахмұт қазақ ауылдарында балаларды оқыту ісінің нашарлығы және мұғалімдердің тұрмысының ауырлығы туралы мәселе көтерді. Балаларға оқу оқытуда, ақыл-ой тәрбиесін беруде Сұлтанмахмұт дидактиканың принциптеріне сүйенгенін көреміз. Біріншіден, балаларды оқытқанда, оларға ең түсінікті

нәрселерді үйретуден бастау керек дейді. Бұл – дидактиканың жеңілден күрделіге қарай оқытуды ұсынатын принципі.

Екіншіден, оқытуда балалардың жас ерекшеліктері және қабілеттері ескерілуі керек дейді. «Қазақ ауылдарында балалардың жас мөлшеріне қарамай, бәрінің басын қосып, бір мұғалімге жиып бере салады» дейді Сұлтанмахмұт. «Ал енді қалай оқытуға керек?» деп сұрақ қояды. – Бірінің баласы жүйрік, бірінікі жорға, бірінікі шабан. Балалардың жайын түсіндіріп реттеймін деуге көне қоятын қазақ па!

Сұлтанмахмұт 1914-1915 жылдарды Тарбағатайдағы қазақ ауылдарында өзі мұғалім болып, бала оқытқан. Қазақ ішінде оқу оқытудағы осындай кемшіліктерді өз көзімен көрген. Бала оқытушы мұғалімдердің жағдайлары да өте ауыр екендігін өз басынан кешірген. Қазақ ауылдарында бала оқытуда белгілі жүйе жоқтығын, мұғалімдердің жағдайын ауырлатып отырған ең бірінші ауыртпалық сол екендігін дәлелдеп айтады. «Осы күні қазақ ішіндегі молдалардың қолында жеті бөлімнен кейін шәкірт жоқ. Бір бөлімнің балаларын ата-анасы разы болмағандығын, я бір уақытта жиналмағандығынан, екі-үш бөлім қылып оқытуға тура келеді. Олай болғанда әрбір бөлім басына күніне екі мезгіл оқытқанда, ең азы үш түрлі сабақ үйретуге керек. Бөлім басы үш сабақтан күніне жеті бөлімге 21 сабақ болады. 21 сабақты жақсылап үйретуге 21 сағат уақыт керек. Міне, сонда мейлің бұлбұл бол, мейлің дүлдүл бол, 21 сағаттың жартысын оқытатын шамаң бар ма? Жоқ, оған сен де, балалар да шыдамайды», - деп жазады.

Сұлтанмахмұт халыққа білім беру мәселесінде, әсіресе, жасөспірімдерді оқыту ісіне қатысты үлкен талаптар қояды.

Ақыл-ой тәрбиесінде Сұлтанмахмұт ана тілінің үлкен рөл атқаратынын терең түсінген. Сұлтанмахмұт ана тілінің тазалығы үшін күреседі. Ана тілін шұбарлаушыларды сынайды. Қазақ тілінде шыққан кітаптардың тіліндегі кемшіліктерді көрсетіп: «Бұлардың көбінде қазақтың иісі де жоқ», -деп қатты айтады («Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан» мақаласында). Сұлтанмахмұт ана тілінің қасиетінің Абайдың шығармаларынан үйренуге шақырады.

2. Адамгершілік тәрбиесі туралы.

Барлық елдердің де бұрынғы өткен ұлы ғалымдары мен жазушылары, атақты педагогтері адамгершілік тәрбиесі туралы үлкен ойлар айтқан. Қазақ халқының өткен ғасырда жасаған ұлы ағартушылары: Шоқан, Ыбырай, Абай сол пікірлермен таныс болған. Олардың адамгершілік тәрбиесі жөніндегі ойлары солардың адамгершілік ойларымен үндес келіп отырады. Сұлтанмахмұт туралы да осылай айтуыңызға болады. Оның шығармаларында адамгершілік туралы тәрбиесі жөнінде өте бағалы пікірлер бар. Сұлтанмахмұт адам жаратылысынан жаман болып тумайды деп қарайды. Жас баланың жаны кіршіксіз таза болады деп сипаттайды:

Өмірде әртүрлі оңбаған, бұзық, өтірікші, тағы осылар сияқты адамгершілігі төмен адамдар толып жатады. Осылар қайдан шығады? Сұлтанмахмұт бұл мәселені тәрбиеге байланыстырып қарайды.

Сұлтанмахмұт тәрбиенің күшіне сенеді. Дұрыс тәрбие арқылы адамгершілік жақсы қасиеттерді қалыптастыруға болады деп есептейді. Бұл ретте ата-ананың, өскен ортаның тәрбиелік ықпалы зор болатындығын атап көрсетеді. Сонымен қатар адамның өзін-өзі тәрбиелеуі мәселесіне ерекше назар аударады. Жақсы істерге ұмтылу, жаман қылықтардан аулақ жүру, өнегелі, мәдениетті азамат болуы үшін тырысу – осылардың барлығы адамның өзіне, яғни, оның ерік-жігеріне байланысты нәрселер. Адам өзінің ерік-жігерін күшті етіп тәрбиелей білу керек дейді Сұлтанмахмұт. «Ендігі бет алыс» деген өлеңіндегі: «Адам құл өзін жеңіп ұстамаған» деп, данышпан Сократтың бір нақылын мысалға келтіреді.

Қоғамнан өз орнын тауып, халқына пайдалы және адал қызмет істеуді – Сұлтанмахмұт ең ардақты азаматтық борыш деп көрсетеді. Ардың таза болуын, арға дақ түсірмеуді – адамгершіліктің ең бірінші парызы деп санайды. Адамның ақылы, ойы, ісі, мінезі, көркі түгел сүйкімді болуын арман етеді.

Сұлтанмахмұт адамгершілікке кір келтіретін міндерді сынайды. Әдепсіздік, жеңілтектік, екіжүзділік, көрсеқызарлық, опасыздық, өркөкіректік сияқты ұнамсыз мінездерді қатты әшкерелейді. Адамның адамгершілігіне баға болатын сипаттың бірі – адалдық, достық қасиеттерді жоғары ұстайды. Сұлтанмахмұт адамдардың біріне бірі сүйеу болуын, ынтымақтары

жарасып отыруын тілейді. «Адам сәні - абырой, бірлік, ынтымықта» - деп көрсетеді. Ақын «достық» деген сөзді – екі адамның немесе ағайындылардың арасындағы жарастық деген мағынада ғана алмайды, одан гөрі кең ұғымды алады. Адам өз ағайындарын, өз ұлтын сүйемен қатар, басқа халықтарды да дос тұтып, құрметтеп, сүйе білуге тиісті деп, үлкен гуманистік пікір айтады. «Адамның дүниедегі бәрі досын» («Қызым» өлеңінде), «Өнер, білім, әділет, кім қолдаса, қай ұлт болсын – бәрі де бауыр маған» («Ұлт» өлеңінде) дейді.

Сұлтанмахмұт жастарға ата-ананы, туып-өскен жерді, туған ұлтты сүйе – ең жоғары қасиетті сезім екендігін айта отырып, басқа халықтарды да өз жұртындай жақсы көру – жүректегі үлкен адамгершілік сезімді көрсетеді деп қорытынды жасайды.

3. Еңбек тәрбиесі туралы.

Қазақтың ұлы ағартушы-демократ ақындары Ыбырай Алтынсарин мен Абай Құнанбаев жастарға еңбек тәрбиесін беру мәселесіне үлкен көңіл бөлген. Сұлтанмахмұттың жастарды еңбекке баулу жөніндегі пікірлері сол ұлы ағартушылардың ойларымен үндесіп отырады. Оның еңбек тәрбиесі туралы пікірлері мынандай жүйемен келіп отыратындағын байқаймыз.

1. Еңбектің қадыр-қасиеті туралы айтылады. Еңбектің түрлері көп екендігі және еңбектің мейлі үлкені, мейлі кішісі болсын – бәрі де ардақты саналатындығы, еңбек – тіршілік көзі екендігі түсіндіріледі.

2. Адамды бақытқа, барлық көздеген мақсатына тек еңбек жеткізетіндігі, еңбектің жолы жеңіл болмайтындығы, еңбек ету үшін адамға күш те, жігер де, талап та, денсаулық та керек екендігі ұғындырылады.

3. Еңбек етуде мақсат ірі болсын дейді. Өз қарнын тойдыру үшін ғана еңбек етуді нашарлыққа санайды. Бұл жерде Абайдың сөзін еске алуымызға болады. «Өзің үшін ғана еңбек етсең, өзі үшін оттаған хайуан сияқты боласың» - деп айтқан ол. Сұлтанмахмұттың: «елің, халқың үшін жаныңды салып, адал еңбек ет, жұртқа пайда келтір» деп жастарға талап қояды.

4. Жалқаулық, еріншектік, талапсыздық, жігерсіздік, жасықтық сияқты мінездер – еңбектің қас жауы екендігін ескертіп, жастарды солармен күресуге шақырады.

4. Эстетикалық тәрбие туралы.

Адамды жан-жақты тәрбиелеудің бір түрі – эстетикалық тәрбие. Сұлтанмахмұттың эстетикалық тәрбиеге қатысты ойлары оның әдебиет пен өнер мәселесі туралы айтқан пікірлерінен көрінеді. Адамға өмірдің әсемдігін танытатын, оның жүрегін нәзік сезімдерге бөлейтін ең әсерлі құрал – әдебиет деп санайды Сұлтанмахмұт. «Бір халықтың сүтпен бірге байланысқан ірік-шірік қара көңілдерін аршып, жаңа рухпен қандандыратын, таза пейілмен жандандыратын машина – шын жүректен шырқып шыққан өлең-жыр, әдебиет деген нәрсе болады. Көңілді түзейтін машина – өлең-жыр», - деп жазады («Өлең һәм айтушылар» мақаласында).

Ән мен күй өнерінің тәрбиелік әсері қандай күшті болатындығы туралы ұлы Абай: «Құлақтан кіріп бойды алар, жақсы ән мен тәтті күй, Көңілге түрлі ой салар, әнді сүйсең, менше сүй» - деп, өте тамаша айтқан.

«Жақсы ән халықтың арман-тілегін, мұң-мұқтажын білдіреді. Мұндай ән, қандай жүректі болса да, жібітпей қоймайды, қанды қайнатады, арқаны қоздырады, көзден жас моншақтатады», - дейді Сұлтанмахмұт. «Біздің қазақ ән құмар халық» деп баға беріп, балалардың жан дүниесіне, кішкентай кезінен бастап, халқымыздың осы қасиетін сіңіру керек деп талап қояды. Ол үшін баланың жанына әннің рухын сіңіруді мақсат ету керек дейді. «Бір халықтың әні кетсе, сәні кетеді. Сәні кетсе, жаны кетеді. Қазақты жансыз ағаш қылып отқа жаққыларың келмесе, әнді сақтаудың қамын қылыңдар... Жас балаларды ән үйретуге қызықтырыңдар! Жаңа шыққан өлеңдердің жүрек жандыратындарынан үні жақсы балаларға әнгесалғызып қойсаңдар- ау! Шіркін, қандай өтімді». – деп жазады ақын.

5. Үйелмендік тәрбие мәселесі

Баланың үйелемендегі мәселесіне Сұлтанмахмұт үлкен мән берген. Бұл тақырыпқа арнап мақала жазбаса да, өзінің көркем шығармаларына осы мәселені көтереді.

Халықта: «Ата көрген – оқ жанар, ана көрген – тон пішер», «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны ілер» деген мақалдар бар. Осы даналық сөздердің мәнісі: 1) баланың мінез – құлықының

қалыптасуында үйелмен тәрбиесі маңызды роль атқарады. 2) баланың үйелменде өнегелі немесе өнегесіз болып өсуі – үйінде көрген тәрбиесіне, ата-анасына үйренген үлгісіне тікелей байланысты болады. Сұлтанмахмұт үйелмендік тәрбие мәселесіне осы тұрғыдан қарайды.

Қорыта келе, білім беру саласы тарихын оқу-тәрбие үрдісінде пайдалану жастарға нағыз ұлттық білім беру негіздерін алуға мүмкіндік береді. Себебі, тәуелсіз мемлекет ретінде жастардың ұлттық білім алуының маңызы арта түсуде. Ендеше Қазақстандағы білім беру жүйесінің қалыптасуы мен дамуы туралы мағлұматтар жинақтап, оны оқу-тәрбие үрдісінде қолдану жастарды адалдыққа, ізгілікке, отансүйгіштікке тәрбиелеуге септігін тигізері сөзсіз демекпіз.

Әдебиеттер:

1. Шамшиева М. XX ғасыр басындағы білім беру жүйесі //Қазақстан мектебі 2005. №12
2. Бержанов К.Б., Мусин С. Педагогика тарихы. Алматы, 1984.
3. Құлдышев О. Жадидшілер - ұлт жанашырлары// Қазақстан тарихы, 1996
4. Қуатов Б. Сұлтанмахмұттың педагогикалық көзқарасы. // Қазақстан мектебі 1992. №15-6

ӘОЖ 37.01.13:94(574)

ҚАЗАҚСТАНДА ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДАМЫП, ҚАЛЫПТАСУЫ МӘСЕЛЕСІНІҢ НАСИХАТТАЛУЫ

Бупетаева С.Ж., Бупетаева А.Ж., А.Е.Райымжанова
М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті, №47орта мектебі Тараз қ.

Аннотация

Мақалада Қазақстанда педагогика ғылымының дамып, қалыптасуына және педагогикалық ой-пікірдің, теориялық еңбектердің Қазақстан топырағында тұңғыш пайда болуы, қазақ зиялылары оқу-ағарту, денсаулық сақтау, әйел теңдігі, сауатсыздықпен күрес, ауыл мәдениетін көтеру сияқты мәселелерге арнап құнды мақалалар жазуы, алғашқы жеті жылдық, кейін сегіз жылдық білім беруді жүзеге асыру насихатталады

Аннотация

В статье рассказывается о развитии и становлении педагогической науки в Казахстане и первом появлении на земле Казахстана педагогического мышления, теоретических трудов, казахской интеллигенции, написании ценных статей по таким вопросам, как просвещение, здравоохранение, равенство женщин, борьба с неграмотностью, поднятие сельской культуры, реализация первого семилетнего, а затем восьмилетнего образования.

Кілтті сөздер

Қазақстандағы педагогика ғылымы, «Қазақстан мектебі» журналы, педагогикалық ой-пікір, қазақ зиялылары, оқу-ағарту мәселесі, мектеп.

«Қазақстан мектебі» журналы қазіргі кезеңде елімізде болып жатқан ірі өзгерістерді, оның ішінде ана тіліміздің өзгерісінің кеңейуіне, халқымыздың озық әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерінің қайта түлеп қалыптасуына байланысты және олардың мәнін ашып, мағынасын түсіндіріп насихаттауда жақсы ізденіс үлестерін көрсетуде.

Бұл журнал – жалпы ғылыми-ағарту мәселелері бойынша оқырмандардың шығармашылық ойына бағыт-бағдар беретін, ұлттық сана-сезімімізді дамытып, рухани байыта түседі.

Педагогика ғылымының докторы Серғазы Қалиевтің «Қазақстанда педагогика ғылымының дамып, қалыптасуы»/1/ атты мақаласында Қазақстанда педагогика ғылымының дамып, қалыптасуы және педагогикалық ой-пікірдің пайда болуын, шыққан теориялық еңбектер туралы мағлұмат берілген.

Қазақстанда педагогика ғылымының дамып, қалыптасуына және педагогикалық ой-пікірдің, теориялық еңбектердің Қазақстан топырағында тұңғыш пайда болуына Қазан төңкерісінен кейін 1918 жылы Семей қаласында шыға бастаған «Абай» журналы мен 1919 жылы Орал қаласында шыққан «Мұғалім» журналдары елеулі үлес қосты. Осы журналдарда А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, М. Әуезов, Ғ. Қарашевтардың ғылыми-әдістемелік, теориялық мақалалары жиі-жиі жарияланып отырды. Мәселен Ғ.Қарашевтің «Педагогика» атты еңбегінде қазақ халқының ұлттық тәлім-тәрбиесімен бірге ертедегі грек философтері Аристотель, Сократ, XVIII-XIX ғасырлардағы орыс, француз ағартушы-демократтары Ж.Ж.Руссо, Л.Н.Толстой, К.Д.Ушинский, А.Пироговтардың еңбектері де сөз болады. Ал, Ж.Аймауытов өзінің «Тәрбиеге жетекші» мақаласында ұлттық тәрбиенің мәселелерін автор ғылыми тұрғыда сөз етеді.

1920-1930 жылдары қазақ зиялылары оқу-ағарту, денсаулық сақтау, әйел теңдігі, сауатсыздықпен күрес, ауыл мәдениетін көтеру сияқты мәселелерге де арнап құнды мақалалар жазды. Әсіресе, бұл жылдары оқулық жазумен, оқу-ағарту мәселелерімен тікелей айналысқан Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Н.Төреқұлов, С.Сәдуақасов, О.Жандосов, М.Әуезов, Т.Шонанов, Қ.Жұбанов, С.Сейфуллин, М.Жолдыбаев, Б.Майлин, Ж.Кемеңгеров сияқты қайраткерлер болды. Атап айтқанда, Н.Төреқұловтың «Ұлт мәселесі және мектеп» (1926), «Бізге әліппе неге керек?» («Шығыс әйелдері» журн. № 1,2. 1928), О.Жандосовтың «Жаңа алфавит туралы» («Еңбекші қазақ» газ. 1928), Т.Шонановтың «Оқыту, зерттеу туралы» («Жаңа мектеп» журн. № 4, 1926), С.Мұқановтың «Тәрбие туралы» («Еңбекші қазақ» газ. 1928), Ә. Сыдықовтың «Оқу, жазудың психологиялық негізі» («Жаңа мектеп» журн. № 10, 1929), Ә.Сәтбаевтың «Оқытушы деген кім?» («Таң» журн. № 1, 1925), «Ағарту жолында не шара қолдануға болады?» («Таң» журн. № 4, 1925), М.Жолдыбаевтың «Мектепте оқу тілі» («Жаңа мектеп» журн. № 8, 1930), Ш.Әлжановтың «Ауыл мектептерін политехнизацияландыру жолдары» («Мектепті политехнизациялау» журн. № 2, 1933), С.Аманжоловтың «Мектепте ана тілін оқытудың мақсаты мен маңызы» («Жаңа мектеп» журн. № 7,8,1932) мақалаларында оқушы жастарға білім мен тәрбие берудің мәселелері жан-жақты көтерілген.

1920-1930 жылдары ұлт мектептеріне керекті оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар Қазан, Орынбор, Ташкент, Қызылорда, Алматы қалаларында кітап болып басылып шықты. Оқу-ағарту істерін жандандыру, мектептерді керекті оқулықтармен, оқу-әдістемелік құралдармен жабдықтау ісімен Қазақ АКСР Оқу халық комиссариаты жанынан құрылған Академиялық Орталық айналысып отырған. Оның басында кернекті тіл ғалымы А.Байтұрсынов тұрды. Сондай-ақ Орталық құрамына көрнекті қоғам қайраткерлеріміз М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, С.Сәдуақасов, О.Жандосов, С.Сейфуллин, М.Әуезов, Т.Шонанов, С.Асфендияров, Т.Жолдыбаев, Ш.Әлжанов, Ә.Ермеков, Б.Майлиндер енді. Орталық, негізінен, жаңа жазылған оқулықтар қолжазбаларының сапасын тексеру ісімен айналысты.

1929 жылы республика жұртшылығы сан ғасырлар бойы қолданып келген араб алфавитінен латын графикасына көшті. Латынға көшу жаңа сауаттанып келе жатқан қазақ халқының мәдени даму ісіне үлкен соққы болып тиді. Бұл мәселе 1926 жылы 26-ақпанда Баку қаласында өткен Бүкілодақтық түркологтердің бірінші құрылтайында талқыланды. Қазақстан делегаттарын бастап барған көрнекті түрколог-ғалым А.Байтұрсынов сиезде баяндама жасап, араб әрпін пайдаланудың тиімділігін жан-жақты дәлелдеп берген еді. Оның пікірі бойынша араб алфавиті тез оқуға, жылдам жазуға қолайлы. Ал ол жастарды тез сауаттандыруға мүмкіндік туғызады. Баспахана техникасы мен өнімнің құнын төмендетуге де араб әрпін қолдану арзанға түседі және әрпінің құрамы қазақ тілінің орфографиялық қажетін толық қанағаттандырады. Ең бастысы, ежелден бүкіл Орта Азия елдері пайдаланып келген мәдени мұрадан көз жазып қалмау үшін араб әрпін сақтау пайдалы. Ғалымның мұндай дәйекті пікірлері «Халық жауы» деп айыпталғанда көпе-көрнеу бұрмаланып, ұлтшыл, пантуркист, кеңестік саясатқа қарсы деген кінәлар тағылып, оның көзін жоюға себепші болды.

Отызыншы жылдардың басында «Жалпыға бірдей бастауыш білім беру» туралы Заң қабылданды. Осыған байланысты «Бастауыш және орта мектеп туралы» (1931 жылы қыркүйек) және «Бастауыш және орта мектептердегі оқу бағдарламалары мен режимі» (1932 жыл, тамыз) атты екі тарихи қаулы қабылданып, Қазақстанда оқу-ағарту істеріне түбірлі өзгерістер енгізілді. Оқытудың сыныптық-сабақтық жүйесі берік орнады. Барлық пәндердің бағдарламаларын қайта қарау, сонымен бірге жаңа идеядағы оқулықтар жасау істері қолға алынды деп автор хабарлайды. Бұл істерді ұйымдастыру үшін ғылыми-педагогикалық кабинеттің негізінде (бұрынғы Академорталық) Педагогикалық ғылыми-зерттеу институты (1933 жыл, қаңтар) құрылды. Алғаш оның құрамында бағдарламалық-әдістемелік, педагогикалық және политехникалық 3 сектор болды. Институттың директорлығына Мәскеудің Ұлттар ағарту институтының аспирантурасын бітіріп келген жас ғалым Ш. Әлжанов тағайындалды. Ол 1933-36 жылдары ҚазПИ-дің педагогика кафедрасы меңгерушісі және профессорлық қызметтерін қоса атқарды. Институттың тұңғыш ғылыми қызметкерлері С.Балаубаев (психолог), Қ.Жұбанов (түрколог), Ә.Сыдықов (педагог), Е.Бекмаханов (тарихшы), Б.М.Хамутов (әдіскер), С.Логинов, С.Жиенбаев, Ш.Кәрібаев (тілші-әдіскерлер), Ә.Қоңыратбаев (әдебиетші), Ә.Шәмиева (ұйғыр тілінің маманы), т.б. болды. Олардың тікелей басшылығымен кеңестік Қазақстан мектептерінің жаңа оқулықтары, оқу-әдістемелік құралдары жарық көрді. Ұлт мектептеріне қажетті оқулық жазу ісіне С.Сейфуллин, М. Әуезов, С.Мұқанов, Б.Майлин сияқты көрнекті жазушылар, С.Асфендияров, Қ.Жұбанов, Ә.Сыдықов, Х.Досмұхамедов, Ә.Ермеков, С.Боқаев сияқты ғалымдар да тартылғанын автор өз мақаласында тілге тиек етеді.

1935 жылы профессор Ш.Әлжановтың басшылығымен екі бөлімді «Әлемдік педагогикалық хрестоматия» басылып шықты. Онда дүниежүзілік педагогиканың классиктері Я.А.Коменский, И.Г.Песталоцци, И.Ф.Герbart, К.Д. Ушинский, Л.Н.Толстой, Н.К.Крупская, А.С.Макаренко еңбектері қазақшаға аударылып берілді. Сондай-ақ мектептер тарихын зерттеу істері қолға алынды.

Институттың қызметі 1930 жылдардың екінші жартысында жемісті болды. 1938 жылдың аяғында институттың аты мектептер институты болып өзгерді. Институтта Е.Бекмаханов, С.Жиенбаев, Ш.Кәрібаев, Р.Г.Лемберг, Н.Сауранбаев сияқты белгілі ғалымдар еңбек етті. Халық ағарту комиссариаты мен институттың қызметкерлерінің белсене араласуымен 1940 жылға дейін республиканың ұлт мектептері төл және аударма оқулықтар кешенімен толық қамтамасыз етілді. Солардың ішінде С.Жиенбаевтың орыс мектептерінің VI-VIII сыныптарына арналған «Қазақ тілі», Қ.Жұбановтың «Қазақ тілінің грамматикасы», С. Аманжоловтың «Қазақ тілінің грамматикасы» (синтаксис), Е.Кротевичтің «Орыс тіліндегі оқу кітабы», А.Воскресенская мен Л.Головорьконың «Орыс тілі», т.б. оқулықтары бар. Бұл оқулықтардан мектеп шәкірттерінің әлденеше буыны білім алып, сауат ашып, кейін олар республикадағы ағарту ісінің алға басуына үлкен үлес қосты.

Мұғалімдерге арналған әдістемелік құралдар да көптеп шығарыла бастады дей келе автор еңбектерді атап өтеді. Олардың қатарында Ш.Кәрібаевтың «Әдеби оқу» (1940), «Қазақ тілінің әдістемесі» (1941), С.Жиенбаевтың «Қазақ мектептеріндегі орыс тілінің әдістемелік тәжірибесі» (1941), Г.Бегалиевтің «Орыс мектептерінде қазақ тілін оқыту» (1940) сияқты еңбектерді атауға болады.

Өкінішке орай, 1937 жылы сталиндік репрессияның кесірінен Қазақстанның бір топ педагог-ғалымдары жазықсыз халық жауы атанып қуғынға ұшырап, абақтыға жабылды, жер аударылды. Олардың сапында бұрынғы институт директоры Ш.Әлжанов, педагог-ғалымдар Қ.Жұбанов, Ш.Кәрібаев, Ә.Қоңыратбаев, Ә.Сыдықов, Е.Бекмаханов, С.Қожахметов, т.б. бар еді. Осы орынсыз қуғын-сүргіннің кесірінен 1937-1947 жылдар арасында Қазақстанда ұлттық педагогика ғылымы біршама тоқырап қалды.

1946 жылы екінші дүниежүзілік соғысы аяқталысымен, КСРО Ғылым Академиясының қазақстандық бөлімшесі дербес Ғылым академиясына айналды. Осыған байланысты Мәскеу, Ленинград, Киев, Одесса, Новосібір қалаларынан әр ғылым саласынан көрнекті ғалымдар Қазақстанға қызметке жіберілді. Олар С.Е.Малов, А.Н.Бернштам, А.М.Панкратова, Е.П.Брусилловский, А.П.Нечаев, С.Н.Покровский, У.М.Ахметсафин, М.П.Русаков, И.Г.Галузо,

А.П.Полосухин, Н.С.Смирнова, т.б. Сөйтіп, орталықтан келген академик, түрколог, педагог, психолог ғалымдардың басшылығымен қазақстандық төл ғалымдар шығып, ғылым докторлары, профессорлар атанды (І.Кеңесбаев, Н.Сауранбаев, М.Балақаев, Қ.Жұмалиев, Ысмайылов, Ә.Сембаев, М.Ғабдуллин, Ә.Тәжібаев, М.Мұқанов, С.Қожахметов, Ә.Сыдықов, Қ.Бержанов, Қ.Жарықбаев, Т.Сабиров, т.б.).

Соғыстың басталуына байланысты 1941 жылдың 15-желтоқсанынан ғылыми-зерттеу институты уақытша жабылып, 1943 жылдың 1-сәуірінде ашылды. Институтта 13 адамдық штат белгіленді, тек 1959 жылы қызметкерлердің саны 35 адамға жетті. Оған қоса институттың құрамында да өзгерістер болды: тарих, КСРО конституциясы және географиясы, физика және математика, жаратылыстану және химия, ән, сурет, денешынықтыру сияқты секторлар құрылды. Бұл ғылыми-зерттеу жұмыстарының тақырыбын елеулі түрде кеңейтуге және әдістемелік көмек көрсетуді жақсартуға мүмкіндік туғызды.

1943-1952 жылдары институттың директоры болып істеген Ә.Сыдықовтың «Ы.Алтынсарин педагогикалық ойлары мен ағартушылық қызметі» монографиялық еңбегі 1949 жылы жарық көрді. Онда ұлы ағартушының педагогикалық озат идеяларынан бастап, қазақ даласындағы қазақ мектептерің ашу жолындағы күресі, жалпы қазақ халқының мәдениетін дамытудағы аса қажырлы еңбегі көрсетілген. Бұл еңбек Ы.Алтынсаринды педагог-ғалым ретінде тұңғыш танытқан іргелі ердің бірі әрі бірегейі.

1950 жылдардың басты мәселесі ретінде толық емес білімді, яғни алғашқы жеті жылдық, кейін сегіз жылдық білім беруді жүзеге асыру күн тәртібіне қойылды. Бұл кезде институт директоры филология ғылымының кандидаты Ә.Ермеков (1952-1954) еді. Сөйтіп, 1958 жылы бұрынғы КСРО-да жалпыға бірдей сегіз жылдық білім беру енгізілді. Институтта сегіз жылдық және жалпы білім беретін политехникалық орта мектептердің оқу жоспары жасалып, жаңа оқу бағдарламалары, оқулықтар мен оқу әдістемелік құралдарды даярлау бағытында жұмыс жүргізіліп, қарқыны артты. Осы кезде қазақ тілі мен әдебиетінен оқулықтар даярлау мен оларды оқыту әдістемесін жасау ісіне Қазақ КСР ҒА корреспондент мүшесі, филология ғылымының докторы, 1953-1962 жылдар аралығындағы институт директоры А.Ысқақов, ғылым кандидаттары И.Ұйықбаев, Ә.Хасенов, профессорлар С.Аманжолов, М.Балақаев, К.Аханов, М.Ғабдуллин, Қ.Жұмалиев, С.Қирабаев, Ә.Шәріпов, т.б. үлкен үлес қосты. 1959-1960 жылдары белгілі қазақ тарихшысы Қазақ КСР ҒА корреспондент мүшесі, тарих ғылымының докторы Е.Бекмаханов (1937-1939 ж.ж. институт директоры) мектептің 8-10 сыныптарына арнап Қазақстан тарихы бойынша оқу құралын жазды.

1950 жылдардың соңында институт Педагогика ғылымдары ғылыми зерттеу институты атанды.

Институт қызметінің жандануына 1960 жылдың 25-шілдесінде Қазақстан КП Орталық Комитетінің «Республикада педагогикалық ғылымды одан әрі дамыту шаралары туралы» қаулысының біршама әсері тиіп, жаңа талаптардың негізінде институттың құрамы әрі қарай жетілдірілді, бастауыш оқытудың әдістемесі, мектепке дейінгі тәрбие, ұйғыр тілі мен әдістемесі, халыққа білім берудің экономикасы мен жоспарлау, еңбекті оқыту мен бағдарлау, тәрбие жұмыстары, кешкі мектептер, техникалық құралдары секторлары құрылды деп автор өз ойын тұжырымдайды.

Әдебиеттер:

1. С.Қалиев. Қазақстанда педагогика ғылымының дамып, қалыптасуы. //Қазақстан мектебі. 1998.№4
2. Бержанов К.Б., Мусин С. Педагогика тарихы. Алматы, 1984.
3. Ә. Қайдари, Ә. Айтбайұлы. Ұлт мәдениетінің хантәңірі.//Егемен Қазақстан, 28. 01. 1993.
4. М.Дулатов. Шығармалары. -Жазушы, 1991, -239 – б.

ӘОЖ 37.01.13:94(574)

XX ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ШИРЕГІНДЕГІ ҚАЗАҚ МЕКТЕБІ

Бупетаева С.Ж., Бупетаева А.Ж., Садатқызы А.

М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, №47 орта мектебі Тараз қ.

Аннотация

Мақалада XX ғасырдың бірінші ширегіндегі қазақ мектебі, болашақта қазақ мектебі үшін жазылатын оқулықтардың мазмұны, қарастыратын мәселесі туралы ой, басты мақсат қазақ баласының сауатын ашу болса соны іске асыру үшін алдымен «Оқу құралы» («Әліпбиді»), сонынан тілді тереңірек түсіндіріп баяндау үшін «Тіл құралы» өмірге келуі, ғұламаларымыздың ой-пікірлері сөз болады.

Аннотация

В статье рассматривается содержание учебников, которые будут написаны для казахской школы первой четверти XX века, для казахской школы в будущем, размышления о рассматриваемой проблеме, для реализации того, что основной целью является развитие грамотности казахского ребенка-сначала «Оқу құралы» («алфавит»), а затем «Тіл құралы» для более глубокого объяснения языка.

Кілтті сөздер

XX ғасырдың бірінші ширегі, қазақ мектебі, қазақ баласының сауатын ашу, ғұламаларымыздың ой-пікірлері, ғылыми-педагогикалық еңбектер.

XX ғасырдың бірінші ширегінде қазақ елінде педагогика мен психологияның қалыптасуына Ш.Құдайбердиев, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытовтар зор үлес қосты/1/.

Ш.Құдайбердиев білім беруде жастардың ойлау белсенділігін, ақыл-парасатын дамытуды басты бағдар деп танытады. Берілетін білім мен оның тәлімдік, тәрбиелік ғибрат жолын бөлмей, бірлікте қарауға айрықша мән берді. Оқудың әдіс-тәсілдеріне уақыт деңгейі тұрғысынан қарап, білімді алудың өнегелі жолын дұрыс көрсетті. Білім әр адамның жеке басына тән ерекшеліктерге, қабілетіне және мүмкіндіктеріне қарай іске асырылса, нәтижелі болатынын дұрыс нұсқады.

Демек, берілетін білім де, тәрбиелік тәлім де шәкірттің шамасына үйлесімді, таным-түсінігіне сәйкес келсе ғана жүзеге асады. Ал білсін, ұқсын деген құр игі тілек баланың жасы мен түсінігіне үйлеспесе, нәтиже шықпайтынын дөп баса айтқан Шәкәрім: «Оқыту мен үйрету зорлау, күш көрсету емес, баланың дербес ерекшелігі мен бейімділігіне қарай жүргізілсе дұрыс болады» дейді.

Жас баланы ұрғанмен шырылдатып,

Ойы толмай тұрғанда ақылы еңбес/2/.

Адамның танып білуі үшін, терең ойланып, толғану үшін көрнекілікті тиімді пайдалану, сезім мүшелерінің бәрін қатыстыра алу ақыл-ойдың дамуына, түсініктің дұрыс та тиянақты болуына жол ашатындығын пайымдайды.

Тән сезіп, құлақ естіп, көзбен көрмек,

Мұрын-иіс, тіл-дәмнен бермек,

Бесеуінен мидағы ой хабар алып,

Жаксы, жаман әрі істі сол тексермек.

Ақынның тағы көңіл аударған мәселесі - өздігінен білім алу. Оқушы тиісті мәліметті шын құлқымен, өзінің танымдық қажетін қанағаттандыру үшін ұмтылса ықылас, ынта та тез жетіледі. Ал оған өзінің қалауымен емес, тек бұйрықты, нұсқауды орындау түрінде болса, ырызсыздық, немкеттілік пен самарқаулыққа ұрындырады. Құлықсыздық ынтаны тежейді, дербестіктен

айырады. Керісінше, шын пейілімен ұмтылса, адам білім жолындағы ізденістен рухани ләззат алып, рақат табады.

Бірліктік көзқарастың бекіп, таным түсініктің өсіп, зораюының шарты – пікірталасы. Ол білім беруде шәкірттің шығармашылық ізденісін дамытудың тиімді тәсілі деп біледі. Пікірталас, ой жарысы іздену жолындағы белсенділікті көтеріп, самарқаулықтан айықтырудың ең қолайлы амалы. Соны ойшыл ақын дәл таниды. Сондықтан да бүгінгі оқыту мен білім беру саласындағы проблемалық сұрақтар мен жағдай туғызу тұрғысынан көз жіберсек, Шәкәрім сол кездің өзінде-ақ ақыл-парасатты дамытудың, әр адамның өзіндік таным деңгейін жетілдірудің жөн-жобасын көргендікпен тұжырымдайды.

Шәкәрім ес-ақылды жан-жақты дамытудың да жолдарын көрсеткен.

Сөзбен де, өлеңмен де сабақ беріп,

Алсын деп керектісін өзі теріп.

Қапы қалсаң, қайта оқып, тағы да ойла,

Деп жүрме: сөзім қалды ішімде өліп.

Алған білімді тиянақтаудың бірден-бір жолы қайтару, пысықтау деп дұрыс бағымдайды. Сөйтіп, ол А.Байтұрсынов, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин және А.Құнанбаевтың ағартушылық ойын ілгері дамыта келіп, өз шығармаларында ана тілімен сусындап, жетілген, қалыптасқан, халықтық педагогикаға негізделген ұлттық мектепті дәріптеді/3/.

А.Байтұрсынов қазақ мектептеріне арнап («Әліппе», «Тіл құралы», «Әдебиет танытқыш», т.б.) құрастырған оқулықтары мазмұндылығымен, ұлттық бояуы мен ерекшеленеді. Өйткені онда енгізілген мақал-мәтелдердің, өлеңдердің, ертеңдердің, санамақтардың тәрбиелік мәні зор. Ахмет 1925 жылы «Әліпбидің» жаңа түрін жариялайды. Бұл «Әліпбидің» мазмұны қазақ жағдайына қарай Мемлекеттік Білім Кеңесінің жаңа бағдарламасына үйлесімді болды. Өңгімелері балалар үшін қызықты, жеңіл, заманға лайық деп баға беріледі. Ағартушы-ғалым А.Байтұрсынов қазақ тілінің оқыту әдістемесін жасап, жүйелі мақсатқа құрады. Басты мақсат қазақ баласының сауатын ашу болса соны іске асыру үшін алдымен «Оқу құралын» («Әліпбиді»), сонынан тілді тереңірек түсіндіріп баяндау үшін «Тіл құралын» жазды.

«Жан мен тән» мақаласында адамның жан-жақты, үйлесімді дамуына ерекше мән беріп, кімнің тәні сау болса, жаны да сұлу болады және адамның рухани мәдениетінің негізгі болып, оның оқып жиған білім, әдет-ғұрпы мен дағдылары, жақсы материалдық жағдайы, салауатты тұрмыс мен өмір әсер ететінін дәлелдейді. Сөйтіп бала тәрбиесімен бірге ұлттық санаға дейінгі педагогикалық мәселелерді жан-жақты зерделейді. «Бұл заманда қолы жетпегендерді теңдікке жеткізетін, негіздерге күш беретін өнер-білім, сол өнер-білімін үйренсек, тұрмысымызды түзетіп, басқалардың аяқ астында жаншылмас едік, біз де өз алдымызға бір жұрт екенімізді білдірер едік», - деп армандайды.

М.Дулатов та мектептегі оқу-тәрбие үрдісі, оқытудың түрлері мен әдістері туралы соны ой-пікірлер айтқан ғұлама. Ол бастауыш сыныптардағы білім беру жүйесінің ерекшелігін ашып, патша отаршылдарының шовинистік пиғылдарын әшкерелей келіп, «Бастауыш мектепте алған тәрбиенің әсері күшті, сіңімді болуы қай халықтың мектебінде болса да оқу кітапшасы ана тілінде өз ұлтының тұрмысынан һәм табиғатынан жазылып, баяндап оқытуды... осылай біліп, баяндап оқытқанда, жас баланың ойына, қанына, сүйегіне ұлт рухы сіңісіп, ана тілін анық үйреніп керекті мағлұмат алып шығады... Мұндай балалар бастауыш мектепті бітіргеннен кейін қай жұрттың мектеп медресесінде оқыса да, қай жұрттың арасында жүрсе де, сүйегіне сіңген рухы жасымайды. Қайда болса да, тіршілігінде қандай ауырлық өзгерістер көрсе де ұлт ұлы болып қалады...» дейді /4/. М.Дулатовтың мектеп, медресе, оқу орындарына арналған мақалаларынан ағартушының демократиялық көзқарастары айқын көрінеді. Автордың «Қирағат» кітабына алғысөз ретінде жазған «Мұғалімдерге» мақаласының үлкен әдістемелік мәні бар. Мұнда мұсылманша, орысша білім алған мұғалімдерді, шәкірттерді қазақша оқытуда қандай тәсіл-амал қолдану керектігі сөз болады. Ол шәкірттерге ұлт рухынан сіңіруді мұрат тұтады.

Бастауыш сыныпқа жазған «Есеп құралын» қазақ балалары өмір сүріп жатқан ортаның талғамына сай жазып, мысалдарды қазақтардың күнделікті тіршілігінен алды. Тапсырмалар балалар ұғымына сай жеңіл, түсінікті тілмен жазылды.

Ж.Аймауытов та мектептегі оқу-тәрбие үрдістері туралы арнайы еңбек жазып, мол мұра қалдырған жан. Ол кешенді оқыту мәнін «Бұл өмірдегі құбылыстарды, нәрселерді, бір тақырыпты, бір пікірдің төңірегіне жинап, қосып түйіндеп, біріктіріп оқыту-комплексік оқыту дегеніміздің мәні де осы», - деп дәйектеп түсіндіреді/5/. Оқыту үрдісінің жай-жапсарына орай «Оқыту баланың табиғатына, жеке дара ерекшелігіне орай жүргізілуі тиіс. Ол сонда ғана шәкірттің жай қуаттарының өсіп, жетіліп, қалыптасуына жағдай жасайды. Баланың табиғатын ескеріп оқыту дегеніміз – оның бұрынғы тәжірибесіне, азды-көпті біліміне сүйену деген сөз. Өткені жаңа білім әркез адамның бұрынғы білетіндеріне сүйенбейінше тиянақты болмайды» - деп талдау жасайды/6/.

Ж.Аймауытұлы дидактика мәселесінде Я.А.Коменский.(Коменский Я. А. «Великая дидактика», изб. пед. соч. М., «Педагогика», 1982, 656 – б) заманнан келе жатқан «оқыту жақыннан алысқа, жеңілден ауырға, оңайдан қиынға ... жылжып отыратын болсын» деген принципті қолдайды. Ол ылғи да оңай оқыту дұрыс емес, өйткені, оқу үнемі оңай болып отырса, балаға ойландырылғы ешнәрсе қалмайды, ал шәкірттің ойы қозғалып, өз бетімен жұмыс істемесе, жан қуаттары жетілмей, ол жөнді біле де алмай қалады дейді. Сондықтан баланы оңай ұғуға әуес қылмай, оны ойландыратындай қылып оқытуымыз қажет.

Ж.Аймауытұлы оқытудың басты түрлеріне сөйлеу және сұрау түрлерін жатқызады. Алғашқысында мұғалімнің сабақтағы кездерін шәкірттер алаңсыз тыңдап жазып отырса, бұл сөйлеу түрі болады. Ал мұғалім мен шәкірттер арасындағы сұрақ, жауап төңірегіндегі диалог сұрау түріне жатады. Алғашқы түрде мұғалім жаңа сабақты жалықтырмайтындай алуан әдіс-тәсілмен, бай дерек-дәйектермен әспеттеп қызықты өткізуге тиіс. Ал екінші түрде маңызды мағлұматтар бере отырып, қызықты сұрақтар беру арқылы пікіралысуға кең жол ашу мақсат етіледі/6/. М.Жұмабаев болашақ қазақ мектебінің бет-бейнесі, бағыт-бағдары қандай болу керектігін дұрыс пайымдайды. «Мектебімізді таза, сау, берік хәм өз жанымызға (қазақ жанына) қабысатын, үйлесетін негізде құра білсек, келешегіміз үшін тайынбай-ақ серттесуге болады. Сондай негізді құра алмасак келешегіміз күнгірт»/7/. Қазақ мектебіндегі тәрбие жұмысы қандай бағытта жүргізілуі керек деген сауалға былай деп дұрыс жол сілтейді: «Әрбір ұлттың бала тәрбиесі туралы ескіден келе жатқан жеке-жеке жолы бар. Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып көп буын қолданып келе жатқан тақтай жол болмағандықтан, әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиісті. Және әрі әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан тәрбие қылуға міндетті».

20-30 жылдардағы қазақ интеллигенциясының көрнекті өкілі, журналист-публицист, жазушы-аудармашы, педагог-ғалым Нәзипа Құлжанова 1903 жылы Қостанай қаласындағы орыс-қазақ гимназиясын бітіреді. 1903-1904 жылдары Торғайдағы қыздар училищесінде дәріс береді. 1905-1920 жылдары Семейдегі мұғалімдер гимназиясында оқытушылық қызметпен айналысады. 1920-21 жылдары Ақмолада уездік комитетте жауапты қызмет атқарады. 1922 жылы арнайы шақыртумен «Еңбекші қазақ» газетінде редакция алқасы мүшелерінің бірі, ал 1923-25 жылдары «Қызыл Қазақстан» журналында жауапты хатшы, 1925-34 жылдары «Әйел теңдігі» журналында бөлім меңгерушісі, кейіннен жауапты хатшысы болып қызмет атқарады. 1934 жылдың көктемінде дүниеден қайтады/1/.

Нәзипа Сансызбайқызы сол кезде Қазақстанда кенже қалып келген ғылым саласы – мектепке дейінгі педагогиканың негізін салып, іргетасын қалаушы педагог-ғалым. Оның қаламынан «Мектептен бұрынғы тәрбие» (1923 ж), «Ана мен бала» (1921 ж) ғылыми-педагогикалық еңбектері жарық көрді. Бұл еңбектердің алғашқысына алғы сөзді көрнекті қоғам қайраткері, ірі түрколог-ғалым, ақын, жазушы, публицист, ағартушы-педагог Ахмет Байтұрсынов жазады. Олай болуының себебі түсінікті еді: ол – қос ағартушы-ғалымның мүлде ортақтастығынан болса керек. Олар «тәй-тәй» басқан ұлттық педагогика ғылымы үшін аянбай еңбек етті. Ахмет Байтұрсыновтың бастауыш мектепте білім беру мазмұнын қайта құруы үлкен табыс болды. А.Байтұрсынов қаламынан туған бастауыш мектепке арналған «Оқу құралы» (1912

ж), «Әліпби» (1928 ж), «Сауат ашқыш» (1926 ж), «Тіл құрал» (1914 ж) сияқты оқу құралдары қазақ мектептерінің тарихында тұңғыш бастама еді. Қазіргі қазақ мектептерінің пайдаланып жүрген «Әліппе» оқулығының негізі осы А.Байтұрсынов жазған оқу құралының жүйесімен жасалғандығы мәлім/1/.

Қос педагог-ғалымның шығармашылығының бала тәрбиесіне арналуы да олардың педагогикалық ой-пікірлерінің идеялық үндестігін құрайды. Мысалы, Ахмет Байтұрсынов Нәзипа Құлжанованың «Мектептен бұрынғы тәрбие» атты кітапшасына жазған алғы сөзінде: «Баланы бастан тәрбиелеу деген – баланы жас басынан дұрыс тәрбиемен өсіру деген сөз. Дұрыс тәрбиемен өскен бала тіршілік ісіне икем, бейнетіне берік болып өспек. Дұрыс тәрбиенің асылы – баланың жаны мен тәніне керек деп танылған істерді бала табиғатының әуенімен істеу – сол дұрыс тәрбие болады» деп, баланың жас кезеңдеріне сай, даму процесіндегі ерекшеліктерді ескерек отырып тәрбиелеу мәселесін ғылыми дұрыс тұжырымдайды. Ал Нәзипа Құлжанова бұл пікірді әрмен қарай былайша дамытады: «Біздің қазақтың осы күнге дейін өзгермей келе жатқан балаға көзқарасы неғұрлым шапшаңырақ үлкенге ұқсап, үлкеннің еткенін етсе – мақсатқа жеткен болып табылады.

Әуелі балаға тәннің саулығы керек. Тәні сау баланың жанғы да сау болып, есі дұрыс, зейіні алғыр болып өспек. Зейіні алғыр болуы адам тіршілігіне керек өнер білім алуы, ал адамның өнер-білім алуы табиғи жолмен олуы тиіс» деп, «Тәні саудың – жаны сау» деген халықтық қағиданың растығын дәлелдейді. Бұл пікірді қуаттайтын Нәзипаның ғылыми деректері осы еңбектің «Еңбекшілер баласының тұрмыс жайы» деп аталатын тарауында нақты деректермен шындықты ашып көрсетеді. Мұнда еңбекші балаларының ауыр халі, баланың әлжуаз, нашар болып дүниеге келуі, анасының дұрыс күтім көрмегендігінен екенін медициналық тұрғыдан түсіндіріп береді.

Жалпы А.Байтұрсынов пен Н.Құлжанованың оқу-ағарту саласы жайында жазған шығармаларының идеясы ортақ болып келеді.

А.Байтұрсыновтың «Мектеп керектері» мақаласында: «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалімқандай болса, мектебі хәм сондай болмақшы. Яғни мұғалім білімді болса, білген білімін басқаға үйрете білетін болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім» - деп, кадр мәселесіне айрықша мән беріп, оған қойылар талап мөлшерін нақтылай түседі.

Ал Н.Құлжанова болса «Мектептен бұрынғы тәрбие» еңбегінде: «Бала бақшасының жүйесінде басшы әйелдің сыр-сипаты көп әсер береді. Мұның себебі балаға жұмсалатын тәрбие құралдарының ең күштісі – алдындағы үлкеннің өз үлгісі. Сондықтан бала тәрбиешісі жылы шырайлы, сабырлы, шыншыл болуы керек. бір сөзді де, жұмсақ та болғаны дұрыс. «Баланың міндетін, зейінін, тілегін хәм қай ретпен қарайлау дұрыс екенін біліп отыруы керек... Және ең мықты керегі балаларды да сол қызметінде сүйіп, өзіне-өзі хәм істеген ісіне де сеніп, жан-тәнімен кірісуі керек» - деп, тәрбиешіге қойылар талаптарды ғылыми әдебиеттерге сүйене отырып дұрыс тұжырымдайды.

Қос ағартушының мұғалім, тәриеші кадрларын даярлау мәселесі жөніндегі пікірлері де үндестік тауып жатады. Ахан жоғарыда аталған мақаласында: «Мұғалім сайлы болу үшін, мұғалімге керек білімді үйрететін орыннан оқып шығаруға тиіс. Ондай орын қазақ түгіл, қазақтан бұрынырақ қимылдап жатқан ноғай бауырларымызда да жоқ... Қолдан келмейтінді қоя тұрып, қолдан келерлігін, дұрыстауға тиіс» деп, қолда бар мүмкіндікті пайдаланып, қазақтың түрлі оқу орындарынан білім алған сауатты жастарын осы игі іске жұмылдыру мәселесін көтерсе, Нәзипа Құлжанова: «Мәдениетті елдердің бәрінде, Россияда да бала бақшаларына тәрбиеші даярлайтын айрықша басқа институттың курстары болады. Бұлар онда бірнеше жыл оқып, дәрігер, тіпті, екінші басқыш мектептерде болатын мұғалімдерден кем даярланбайды. Бірақ... қашан бұқара халық жас баланың тәрбиесіне есті көзбен қарап, бұл жұмысқа жұмыла кіріскенше, мектептен бұрынғы тәрбиені көркейтуге шамалары келмейді» - деп, бала бақшаларға қажетті кадр даярлау ісінің дұрыс ағыт алуы үшін халық санасының, мәдениетінің көтерілуі, жаңа сипатқа ие болуы басты шарт деп қарады.

Ұлы ғұламаның еткен еңбегі еш кеткен жоқ, оның өзі өмір сүрген ХХ ғасырдың бас кезінде-ақ қазақ интеллигенциясының «рухани көсемі» болған Ахмет Байтұрсынов туралы

заманымыздың заңғар жазушысы, академик Мұхтар Әуезов тебірене қалам тартып, «Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі орны – «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымас қайраты... тарих ұмытпайтын іздер болмақ» деп, 1926 жылы «Ақ жол» газетіне көлемді мақала жазып, ылайықты бағасын берген болатын.

Қорыта келе, жоғарыда сөз еткен ғұламаларымыздың ой-пікірлері бүгінде өз мән-маңызын жоймай, өміршең болып отыр. Сондықтан өркениетті даму жолына түскен еліміздің, мектебіміздің, оның оқу құралының және ондағы тәрбиенің бағытын саралағанда олар нұсқаған жолдарын ескеріп, елегені жөн. Олардың педагогикалық еңбектерін бүгінгі күн тұрғысынан ғылыми тұрғыда зерделеу келешектің абыройлы ісі демекпіз.

Әдебиеттер:

1. Елікбаев К. Ғұламалар тағылымдары.//Қазақстан мектебі 1991.№5
2. С.Қалиев., Р.Орынбаева. Нәзипа Құлжанова және Ахмет Байтұрсынов. //Қазақстан мектебі.1997. №7
3. Шәкәрім. Өлендер мен поэмалар. -Жалын, А., 1988.-138 бет.
4. Ә.Қайдари, Ә.Айтбайұлы. Ұлт мәдениетінің хантәңірі.//Егемен Қазақстан, 28.01.1993.
5. М.Дулатов. Шығармалары. -Жазушы, 1991, -239б.
6. Ж.Аймауытұлы. Комплексті оқыту жолдары. А., 1929.- 60б.
7. Ж.Аймауытұлы. Тәрбие жетекшісі. Орынбор. 1924. -183б.
8. М.Жұмабаев.Жазылшақ оқу құралдары һәм мектебіміз. Шығармалары.Жазушы, А., 1989.- 313б.

ӘОЖ: 37.028.5/8

КӨРКЕМ ЕҢБЕК САБАҚТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жиенбаева Алия

М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті, 1 курс студенті

Таджибаева Жанна Сайдуллаевна

М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз қ.

Андатпа:

Мақалада көркем еңбек сабақтарын ұйымдастырудың ерекшеліктері қарастырылады. Көркем еңбек пәні оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, эстетикалық талғамын қалыптастыру, колөнер және дизайн саласындағы практикалық дағдыларын жетілдіруде маңызды рөл атқарады. Сабақтарды тиімді ұйымдастыру үшін мұғалімдер оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеріп, әртүрлі техникалық және шығармашылық әдістерді қолдануы қажет. Мақалада көркем еңбек пәнін оқытудың заманауи тәсілдері, инновациялық технологиялар мен әдістер, сондай-ақ сабақты қызықты әрі тиімді өткізуге бағытталған әдістемелік ұсыныстар қарастырылады. Сонымен қатар, пәннің оқу бағдарламасына енгізілген жаңа бағыттар мен талаптарға сай көркем еңбек сабақтарының мазмұны мен құрылымына талдау жасалады.

Кілт сөз: сабақ, оқу-әдістемелік, көркем еңбек, заманауи әдістер дәстүрлі әдістер

Аннотация:

В статье рассматриваются особенности организации уроков художественного труда. Предмет художественного труда играет важную роль в развитии творческих способностей учащихся, формировании эстетического вкуса, совершенствовании практических навыков в области рукоделия и дизайна. Для эффективной организации занятий учителям необходимо учитывать возрастные особенности учащихся и применять различные технические и творческие

методы. В статье рассматриваются современные подходы к преподаванию предмета художественного труда, инновационные технологии и методы, а также методические рекомендации, направленные на интересное и эффективное проведение урока. Кроме того, проводится анализ содержания и структуры уроков художественного труда в соответствии с новыми направлениями и требованиями, включенными в учебную программу дисциплины.

Ключевое слово: урок, учебно-методический, художественный труд, современные методы и приемы

Annotation:

The article discusses the features of the organization of artistic labor lessons. The subject of artistic labor plays an important role in the development of students' creative abilities, the formation of aesthetic taste, the improvement of practical skills in the field of needlework and design. For effective organization of classes, teachers need to take into account the age characteristics of students and use various technical and creative methods. The article discusses modern approaches to teaching the subject of artistic labor, innovative technologies and methods, as well as methodological recommendations aimed at conducting an interesting and effective lesson. In addition, an analysis of the content and structure of classes of artistic labor in accordance with the new directions and requirements included in the curriculum of the discipline is carried out.

Keyword: lesson, educational and methodical, artistic work, modern methods traditional methods

Оқушылардың оқу-тәрбие міндеттерін толығымен шешу сабақтарды іскерлікпен ұйымдастыру мен өткізуге байланысты. Бейнелеу өнерінің әрбір сабағы аяқталған, мақсаты бар оқу пәнінің жалпы мақсаттары мен міндеттеріне байланысты сабақтар жүйесінің бір бөлігі болып табылады.

Орта мектептегі бейнелеу өнерінің сабақтары құрылымы жағынан басқа пәндердің сабақтарынан айырмашылығы аз. Бұл сабақтарда да: ұйымдастыру кезеңі, үй жұмысын тексеру, өткенді пысықтау және қорытынды шығару бөліктері сияқты құрылымдар болады. Сабақтың бұл элементтері барлық сыныптарда, әр түрлі оқу жылдарында, бір оқу жылының өзінде, сабақтың белгілі бір немесе басқа кезеңдеріне бөлінген сағат саны әр түрлі болып өзгеріп отырады.

Сабақтар әр уақытта бірсарынды болмауға тиіс. Бейнелеу өнері сабақтары түрі, формасы мен мазмұны бойынша әр алуан болғандықтан бұл шартты орындау қиындыққа соқпайды. Нұсқаға қарап сурет салу сабақтарында балалар сурет салумен де, кескіндеме жұмыстарымен де айналысады; сәндік сурет салу сабақтарында олар өрнектер құрастырып, шрифтерді оқып, сәндік композициялар құрастырады, дизайн элементтерімен таныстырылады; өнер туралы әңгіме сабақта олар архитектураның, мүсіннің, кескіндеменің, графикалық, сәндік қолданбалы өнердің тамаша шығармаларымен танысады.

Нұсқаға қарап сурет салу, сәндік және тақырыптық сурет салу сабағы болсын, әрбір сабақты ұйымдастыру барысында уақытты ұтымды пайдалануға көңіл бөлінеді. Әрбір сабақ мынандай бөліктерге жіктеледі:

1. Сабақты ұйымдастыру. Бұған мұғалімнің сыныпта қажетті тәртіпті орнату, сабаққа қатыспағандарды сынып журналына белгілеу, балаларды оқу жұмысына дайындау іс-әрекеттері кіреді.

Сабақ басталар алдында жұмыс орны дайындалып, нұсқа ретінде қойылатын заттар мен басқа да материалдар ертерек әкелініп, керекті тәртіппен орналастырылады. Мұны ұйымдастыру үшін кезекші оқушылар жұмылдырылады.

Бастауыш сыныптардағы бейнелеу өнерін оқыту әдістемесінде оқушылардың жұмыс орнын ұйымдастырудың мәні ерекше. Бұл үшін мұғалім балаға сурет салуға қажетті құрал-жабдықтармен белгілі тәртіппен орналастыруды, жұмыстан соң оларды жинап алып, арнаулы орындарға сақтауды үйретеді. Кейбір мектептерде бейнелеу өнері кабинетінде оқушылардың альбомдары мен құрал-жабдықтары сақталатын арнаулы шкафтар болады. Сабақ алдында кезекші қалам, бояу және дәптерлерді парталарға таратып, бояумен жұмыс істеу үшін суды кішкене банкаларға құйып толтырады. Кір суды төгуге арналған шелек бұрышқа қойылады, бұл оқушының жұмыс барысында суын ауыстырып отыруына мүмкіндік туғызады [1; 26].

Егер өткен сабақта оқушыларға үй тапсырмасы берілген болса, ол тексеріліп, сыныпқа ортақ қателіктері көрсетіледі және оны жөндеу жолдары айтып түсіндіріледі. Үй жұмысын тексеру барысында оқушылар өз суреттерін партаға қояды да, педагог аралап жүріп, суреттерді қарайды, ескертпелер жасайды, жақсы және нашар орындағандарын сыныпқа көрсету үшін таңдап алады. Аяқталған үй жұмыстарының бағасы сынып журналына толтырылады.

2. Жаңа материалдарды түсіндіру.

Бұл кезеңде мұғалім жаңа тақырыптың мақсат міндеттерін түсіндіріп, тапсырманы қалай орындау керектігін көрсетеді, көрнекті құралдар – схемалар, сызбалар, әдістемелік таблицалар көмегімен түсініктемелер береді.

Оқушылардың материалды қалай түсінгендерін байқау үшін сыныпқа сұрақтар беріледі.

Бейне құрылымын салу принциптерін ашу барысында мұғалім міндетті түрде өз түсіндірулерін сынып тақтасына немесе арнаулы планшетке, бір бет қағазға иллюстрация жасап көрсетеді.

Мұғалім бұл суреттерінде ұсақ түйекке дейін бейнелеп көрсетуі қажет емес. Оның мақсаты, оқушыларға шешуі қиын болып тұрғандарға жәрдем көрсетіп, негізгі зат формасын құрудың дұрыс жолын көрсету. Бастауыш сынып оқушылары мұғалімнің тақтаға көрсеткен суретінің ұсақ бөлшектеріне қызығушылық танытып, бұл кейде мұғалімнің сынып алдына қойған мақсатына жетуге көмектеспей оған кедергі жасауы да мүмкін.

Тақтаға сурет салудың бірізділігін көрсету барысында біз схемалық сурет салудан, заттың көрінісін бөлшектерімен бейнелеуге өтеміз. Сурет салудың алғашқы кезеңінде сурет құрылысын белгілі схемаға салусыз өте алмайды. Бұл, мысалы, қайынның жапырағын көпқырлы геометриялық формаға, көбелекті-трапеция ішіне, горизонталь және вертикаль ось сызықтарын жүргізу түрінде көрініс табады. Мұндай зат құрылысын салудың қосымша сызықтарды пайдалану әдістері бейне көрінісін салуды дұрыс бастап, дұрыс жалғастыруға жол ашады.

Тақтаға салған суретті оқушылардың бейнелеу жұмысы кезінде қалдыруға болмайды. Себебі оқушылар тақтадағы дайын суретті көшірумен айналысып, нұсқаға қарап сурет салудың қажеттігін ұмытады.

Бірінші сыныптың бірінші сабағынан бастап оқушыларға дұрыс отыру, қалам мен өшіргішті пайдалану ережелерін, сонымен қатар альбом мен қағазға дұрыс орналастыру ережелері үйретіледі.

Сурет қағазын сурет салу кезінде айналдыруға болмайтындығы айтылады. Егер формат оқушының алдында жатса, мұғалімнің түсіндіруіне ал оқушының түзу сызықтық бағыттарын түсінуіне жеңіл болады [2; 65].

Сурет салу барысында оқушы еркін және түзу отыруы қажет. Педагог оқушының түзу отыруын, суретті қол созым жерде ұстауын және өз суреті мен нұсқаны үнемі салыстырып отыруына басшылық жасайды. Алғашқы кезде қол саусақтары қозғалысының еркін болуына үлкен көңіл бөлінуі тиіс. Қолдың бостандық қозғалысының дамуы сурет салу дағдыларының дамуымен қатар әріптер мен цифрларды жазуына да жеңілдік туғызады.

Сонымен қатар сабақта оқушылар түзу сызық сызу үшін сызғыш, қорап, панель құралдарын жиі пайдаланатындығы жиі кездеседі. Сондықтан оқушыларға барлық сызық қолмен, құралдың жәрдемінен, көз мөлшерімен салынатындығы айтып түсіндіріледі.

3. Оқушылардың өзіндік жұмысы. Жаңа материалдарды түсіндірген соң балалар сурет салуға кіріседі. Мұғалім балалардың салған суретін мұқият бақылайды. Балалардың сурет салу кезінде мұғалім сыныпты аралап, ескертулер жасап, кейбіреулеріне қосымша түсініктемелер беріп, кейбір жағдайда балалардың суретіндегі қателерді жөндейді.

Көптеген оқушылар мұғалімнің алдын ала жасаған ескертпелеріне қарамастан суретті қағаз бетінің өлшеміне сай қылмай кіші етіп бейнелеуге бейім тұрады. Мұндай жағдайда мұғалім бейнені қағаз бетіне қалай дұрыс орналастыруға болатындығын балаларға ескертіп, суретті қағаз бетіне дұрыс орналастыру, қағазды салынатын заттың формасына байланысты ұзындығынан немесе биіктігінен орналастыру керектігін көрсетеді.

Жіберілген қателіктер дер кезінде көрсетілуі тиіс. Жеке балалармен жұмыс үлгермеушілікті болдырмау жолындағы ерекше маңызды жұмыс. Педагог әр уақытта

оқушылардың құрамының бәрі бірдей талант емес екендігін ескеруі тиіс. Олардың ішінде кішкене де болса қабілеттілері де, кішкене де болса дамығандары болады, кейбір оқушылар не істеу керектігін бірден түсінсе, кейбіреулері қосымша, жеке түсіндіруді қажет етді. Оқу материалын оқушылар бірқалыпты түсінуі үшін, үлгермеушілерге көп көңіл бөлуді қажет етеді, олардың жұмысын барлық уақытта бақылап, олардың сергектік сезімін туғызып, өздерінің қабілетіне деген сенімділікті арттырады [2; 65].

Сонымен қатар мұғалім өз оқушыларының жаман және әлсіз жұмыстарына жайбарахат қарауға болмайды. Педагог оқушылардан суретті асықпай салуын, бейненің сапасына нұсқан келтірмеуін талап етеді.

Әдетте, кіші жастағы балалар суретті тез салады. Мұғалім суретті қалай салу керектігін түсіндіріп болысымен оқушылар салған суреттерін көрсетуге асығып жатады. Мұндай орындаудағы жылдамдық, балалардың өз әрекеттерін талдауға әдеттенбегендігін, жұмыс тек қана бірінші көрген әсермен жүйесіз салынғандығын көрсетеді. Бұл жерде мұғалімнің бейне құрылымын салудың әдістемелік бірізділігіне мұқият көңіл аударуын қажет етеді. Әдетте балалар бейнені жеңіл, әзер көрінетін сызықтармен салудың орнына, өшіргішпен өшіріп жөндеуге қиындық туғызатын, айқын және өте қара сызықтармен белгілейді. Олар алғашқы кезде қалам мен қағазға әзер дегенде үйреніп, қаламды қағазға бар күшімен батыра сурет салып, бейнедегі қатені жөндеуге болатын мүмкіндіктен өзінен-өзі айырылып қалады.

Кейбір оқушылардың бейнелеу іс-әрекетінің нәтижесін күні бұрын көруге болмайтындықтан жоғары сынып оқушыларымен жұмыс жүргізуде түрлі әдістерді, пайдаланып жеке дара ерекшеліктерді ескеріп іс-әрекет етуді талап етеді.

4. Жұмыстың қорытындысын шығару және сабақты аяқтау. Жұмыстың соңына қарай мұғалім оқушылардың жақсы орындалған және әлсіз шыққан жұмыстарын таңдап алып, бүкіл сыныпқа көрсетеді, ондағы жетістіктер мен кемшіліктерге түсініктеме береді. Оқушының жұмысындағы кемшіліктерді көрсету барысында оқушының жеке тұлғасына сыйластық пен ілтипаттық көрсетіп, педагогикалық оралым көрсетіледі.

Сабақ соңында мұғалім тексеріп баға қою үшін барлық жұмыстарды жинап алады. Кезекші суы бар шелекті шығарып, егер акварель бояумен жұмыс істеген болса, парталар сүртіліп тазаланады.

Сабақты дұрыс ұйымдастырып, өткізу үшін, алдын ала сабақтың жоспар-конспектсі жасалады. Жоспар-конспектіні жасау үшін белгілі форма мен құрылым басшылыққа алынады. Жоспар-конспектіде мына мәліметтер көрініс табу қажет: 1) сабақтың түрі; 2) сабақтың тақырыбы; 3) сабақтың мақсаты; 4) сабақтың жабдықтары; а) мұғалім үшін, б) оқушылар үшін; 5) сынып тақтасын қолдану; 6) жоспар және сабақ барысы: а) ұйымдастыру бөлімі, б) жаңа материалды түсіндіру, в) оқушылардың өзіндік жұмыстары,

г) сабақты аяқтау және үйге тапсырма; 7) қолданылған әдебиеттер тізімі.

Енді осы құрылымды және оны сабақтың жоспар конспектісін жасауда қолдануын қарастырамыз.

Сабақтың түрі. Ең алдымен конспектте сабақтың бейнелеу өнері қандай іс әрекетіне байланысты екендігі анықталып, нұсқаға қарап сурет салу, (сурет немесе кескіндеме), сәндік, тақырыптық сурет салу немесе өнер туралы әңгіме сабақтарының бірі көрсетіледі. Егер сабақ нұсқаға қарап вазаның суретін салу болса, ол жағдайда сабақ бірнеше сағатқа жоспарланады, бірақ мектептегі бейнелеу өнері пәнінің сабақтары шектеулі болғандықтан олар екі сағаттан артпауға тиіс.

Сабақтың тақырыбы. Бұл жерде біз оқу жұмысының мазмұнын көрсетеміз. Мысалы, нұсқаға қарап сурет салу бойынша – «Гипс вазаның суреті», кескіндеме бойынша – «Тұрмыс заттарынан құралған натюрморт», сәндік сурет бойынша «Шеңбер ішіне өрнектер салу», тақырыптық сурет салу бойынша «Күзгі егін жинау», өнер туралы әңгіме бойынша – «Бейнелеу өнерінің түрлері мен жанрлары» атты тақырыптар алынады.

Сабақтың мақсаты. Сабақтың түрі мен тақырыбы көрсетілген соң оқу бағдарламасына сай оның білімдік және тәрбиелік міндеттері ашып көрсетіледі. Енді жоғарыда көрсетілген мысалдарға сүйене отырып, конспект жазу туралы жалғастырамыз.

«Гипс вазаның суретін салу», «Тұрмыс заттарынан құралған натюрморт» тақырыптары бойынша сабақтардың мақсаты – күрделі формалы затты бейнелеуді үйрету, форманың конструктивтік құрылым ерекшеліктерін түсінуге, кеңістік пен образды ойлауын дамытуға, сурет пен кескіндеменің бейнелеу мүмкіндіктерін қолдануға үйрету болып табылады.

6. Сабақтың жоспары мен барысы. Бейнелеу өнері сабақтарын дұрыс ұйымдастырып және өткізу үшін, конспектіде сабақ мазмұнын ашып көрсетіледі. Мазмұнында сабақта қандай материал көрініс табады, ол қандай бірізділікпен баяндалады, оқу уақыты қалай бөлінетіндігі туралы мәліметтер беріледі. Сабақ конспектісінде біз мынадай формада жазу жазуымызға болады:

Сабақ жоспары: 1) Ұйымдастыру бөлімі 2-3 минут; 2) Жаңа білімді хабарлау - 8-10 минут; 3) Оқушылардың практикалық жұмысы – 25-30 минут; 4) Үй тапсырмасын хабарлау; 5) Сабақты аяқтау – 2-3 минут.

Мұнан соң мұғалім сабақты кейбір терминдер мен ұғымдарға түсінік беріп, оқу материалдарын берудің бірізділігін, көрнекті құралдарды пайдалану тәсілдерін ашып көрсетеді.

Бұл жерде бейне құрылымын салу әдістерін баяндауда ерекше мұқият болу керек. Себебі, мұғалім үшін қарапайым болып көрінетін нәрсе, оқушылар үшін мейлінше күрделі болатындығы жиі кездеседі. Сондықтан сабақ конспектісінде сыныппен жұмыс әдістері мүмкіндігінше толық ашып көрсетіледі.

Көркем еңбек сабақтарын ұйымдастыру ерекшеліктері тақырыбындағы мақаланың қорытындысында, қазіргі уақытта білім беру саласында көркем еңбек пәнінің маңызы артып келе жатқанын атап өту маңызды. Бұл пән балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, олардың эстетикалық талғамын қалыптастыруға және өнерге деген қызығушылықтарын оятуға мүмкіндік береді. Сабақтарды ұйымдастыруда шығармашылық әдістер мен жаңа технологияларды пайдалану оқушылардың білім сапасын арттыруға ықпал етеді.

Көркем еңбек пәнін тиімді оқыту үшін мұғалімдер оқу процесін дұрыс жоспарлап, әртүрлі көрнекі құралдар мен әдістемелерді қолдануы қажет. Сонымен қатар, оқушылардың жеке ерекшеліктері мен қабілеттерін ескере отырып, тапсырмалар мен жобаларды нақты бағытта ұсыну керек [3; 65].

Қорытындылай келе, көркем еңбек сабақтарын ұйымдастыру балалардың эстетикалық дамуымен қатар, олардың бойында ұқыптылық, шыдамдылық және еңбексүйгіштік қасиеттерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл пәннің болашақтағы дамуы үшін мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыру және жаңашыл әдістерді енгізу өте маңызды.

Әдебиеттер:

1. Уалиев Б. М. Композиция: [Мәтін]: оқу құралы / Б. М. Уалиев. - Алматы: Эверо, 2015. - 128 б. (25 дана)
2. Ахмедова А. Т. Композиция: учеб. пособие / А. Т. Ахмедова. - Алматы: Лантар Трейд, 2019. - 159 с. (5экз)
3. Уалиев Б. М. Композиция негіздері: [Мәтін]: оқулық құрал / Б. М. Уалиев А. М. Мукаева. - Алматы: Отан, 2016. - 158 б. (20 дана) <http://rmebrk.kz/book/1176069>

ҚАЗІРГІ ӘЛЕМДЕГІ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

Ишанкулова Кулипа Давировна

Білім беру — қоғамның ілгерілеуінің, мәдениет пен өркениеттің дамуының негізі. Бүгінде әлемде білім беру жүйелерінде көптеген өзгерістер мен жаңалықтар орын алуда, себебі қоғам мен технологиялардың өзгеруі жаңа талаптарды туындатады. Білім беру жүйесін дамыту — бұл тек қана оқушылардың білім деңгейін арттыру емес, сонымен қатар олардың жан-жақты тұлға болып қалыптасуына ықпал ету. Тәуелсіз ел тірегі білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған мәселе білім беру, ғылымды дамыту. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шындауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар: оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді акпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді.

Әлемдегі білім беру жүйелері әрдайым өзгеріп, дамып отырады. Технологиялардың жетілдірілуі, жаңа педагогикалық әдістердің енгізілуі және қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер білім беру саласына елеулі әсер етті. Қазіргі уақытта білім беру жүйесінің дамуында бірнеше негізгі тенденциялар байқалады:

Қазіргі заманғы білім берудің негізгі тенденциялары А.А.Вербицкий бойынша;

Бірінші тенденция – білім берудің әрбір кезеңін үздіксіз халықтық білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде ұғыну (мектеп пен жоғары оқу орны; ЖОО мен студенттердің болашақ өндірістік қызметі);

Екінші тенденция – «оқытуды индустрияландыру», яғни қазіргі заманғы қоғамның интеллектуалдық әрекетін іс жүзінде күшейтуге мүмкіндік беретін оқытуды компьютерлендіру және оны технологияландыру.

Үшінші тенденция - басым мәлеметтік формалардан проблемалық элементтер, ғылыми ізденістер, оқушылардың өз бетімен жұмыс істеу қорын кеңінен қолданулары қамтылған оқытудың белсенді әдістері мен формаларына көшу.

Төртінші тенденция – оқу-тәрбие процесін қатаң тәртіппен ұйымдастыру мен алгоритмделген әдістерден осы процесті дамытушы, белсендіруші, жылдамдатушы, ойын және т.б. әдістеріне ауысудың психологиялық-дидактикалық шарттарын қарастыру.

Бесінші және алтыншы тенденция - оқушы мен оқытушының өзара әрекеттесуін ұйымдастыруға оқушылардың бірлескен әрекеті ретінде ұйымдастыру қажеттілігін атап өтеді, бұл жерде басты назар «оқытушының оқыту әрекетінен оқушының танымдық әрекетіне ауысады».

Білім – әлеуметтік жағдайды жақсартудың құралы ғана емес, бүкіл болашаққа апаратын даңғыл жол. Осы даңғылды жасайтын да, бағыттайтын да мектеп және оның ұстаздар ұжымы. А. Байтұрсынұлының «Мектеп керектері» еңбегінде былай делінген: «...Мұғалім қандай болса, мектеп хәм осындай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика әдістемеден хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім». Ендеше, мектептегі білім мен тәрбие берудегі басты тұлға – ұстаз. Білім беру процесінің мағынасы тек кәсіби дағдыларды игерумен ғана шектелмей, қоғамға жауапты азамат қалыптастыруға да бағытталуы керек. Бұл тұрғыда әлеуметтік және эмоционалды дағдылардың дамуы аса маңызды болып табылады. Қазіргі уақытта әлеуметтік және эмоционалды интеллект, сыни ойлау, креативтілік және командалық жұмыс секілді дағдылар білім беру бағдарламаларының негізгі құрамдас бөлігіне айналууда. Оқушылар тек білім алып қана қоймай, сонымен қатар қоғамда өз орнын таба алатын, жауапкершілігі жоғары тұлғалар болып қалыптасуы керек.

Білім беру процесі цифрландырудың әсерінен түбегейлі өзгеруде. Оқыту платформалары мен онлайн курстар, виртуалды және кеңейтілген шындық (VR және AR) технологиялары оқу

тәжірибесін жаңа деңгейге көтеруде. Мысалы, білім беру үшін жасанды интеллект (AI) және машина оқыту технологиялары қолданылуда, олар оқушылардың қажеттіліктеріне сәйкес бейімделген оқу материалдарын ұсына алады. Жаңа технологиялар білім алу мен оқытудың әдіс-тәсілдеріне үлкен өзгерістер енгізді. Онлайн білім беру платформалары, виртуалды және кеңейтілген шындық, жасанды интеллект пен робот техникасы білім беру процесіне енуде. Бұл өз кезегінде оқытушылар мен оқушыларға үлкен мүмкіндіктер туғызады: білім алушылар кез келген уақытта және жерде сабаққа қатыса алады, ал мұғалімдер оқу үдерісін тиімді басқару үшін түрлі интерактивті құралдарды пайдалана алады. Қашықтан оқыту пандемия кезеңінде өзінің қажеттілігін көрсетіп, бұл модельдің болашақта да өзекті болатынын дәлелдеді.

Пандемия кезеңі білім беру саласындағы гибридті және қашықтан оқытудың маңыздылығын көрсетті. Бүгінде көптеген білім беру мекемелері дәстүрлі сыныптық оқытуды қашықтан оқытумен үйлестіретін жүйеге көшті. Бұл оқушыларға кез келген уақытта және кез келген жерде білім алу мүмкіндігін береді.

Білім беру жүйелері дәстүрлі білім мен дағдылардан басқа, жаңа құзыреттіліктерді меңгеруге бағытталып келеді. Қазіргі уақытта мұғалімдер мен оқушылар үшін маңыздысы - мәселелерді шешу, шығармашылық ойлау, сыни ойлау, қарым-қатынас жасау және командада жұмыс істей білу сияқты дағдылар. Бұл бағыт бойынша білім беру көптеген елдерде қайта құрылып, жаңаша әдістемелер енгізілуде.

Әрбір оқушының білім алу қажеттіліктері әртүрлі болғандықтан, қазіргі білім беру жүйесінде жеке тұлғаға бағытталған оқыту жүйесі үлкен маңызға ие. Бұл жеке оқу жоспарларын, оқушының қабілетіне сай бейімделген әдістер мен бағалау жүйелерін қамтиды. Жеке оқыту жолдары әрбір оқушының әлеуетін толық ашуға мүмкіндік береді. Білім беру тек академиялық біліммен шектелмей, әрбір адамның жеке даму жолын, қабілеттерін және мүдделерін ескеруі тиіс. Бұл үдеріс оқушылардың өзіне тән ерекшеліктері мен қызығушылықтарына сәйкес оқу бағдарламаларын құруды талап етеді. Әрбір оқушының жеке қажеттілігі мен оқу стилін ескеретін білім беру жүйесі оның мотивациясын арттырып, нәтижелі оқу процесіне жол ашады. Осы бағытта көптеген елдерде «кешенді білім беру» моделі жүзеге асырылуда, бұл өз кезегінде оқушылардың көпқырлы дамуын қамтамасыз етеді.

Қазіргі кезде әлемдік білім беру жүйесі тұрақты даму мақсаттарына, экологиялық мәселелерге және әлеуметтік жауапкершілікке назар аударатын отырып, жас ұрпақты экологиялық мәселелер бойынша біліммен қаруландыруды мақсат етеді. Бұл бағытта көптеген мектептерде экологиялық білім беру мен әлеуметтік жобалар енгізілуде.

Жаһандану үрдісінің күшеюі білім беру жүйелерінде көптілділікке және мәдениаралық қарым-қатынасқа ерекше назар аударуды қажет етеді. Бұл оқушыларға тек өз елінің мәдениетін ғана емес, сонымен қатар басқа мәдениеттерді де түсінуге мүмкіндік береді. Әлемдік деңгейде білім беру бағдарламалары көптілді білім беруге бейімделіп, халықаралық ынтымақтастықты арттыруға бағытталған.

Инклюзивті білім беру қоғамдағы әрбір баланың жеке қажеттіліктеріне сәйкес білім алуына мүмкіндік беруді көздейді. Бұл мүгедектігі бар балалар мен ерекше білім алу қажеттіліктері бар оқушылар үшін маңызды. Әрбір балаға тең мүмкіндік беру білім беру жүйесінің басты мақсаты болып табылады.

Ақырында, білім беру жүйесінің теңдігі де өте маңызды мәселе болып табылады. Әлемнің әр түрлі аймақтарында әлеуметтік және экономикалық теңсіздіктер білім алуға деген қолжетімділікті шектеп отыр. Сондықтан білім беру саласында теңдік пен инклюзивтілікті қамтамасыз ету үшін көптеген шаралар қабылданды. Мысалы, ауылдық және шалғай аймақтарда тұратын балаларға, мүмкіндігі шектеулі адамдарға білім беруді жеңілдететін арнайы бағдарламалар мен әдіс-тәсілдер дамытылуда.

Қазіргі әлемдегі білім берудің негізгі тенденциялары жаңа технологиялар мен инновацияларды енгізу, жеке тұлғаға бағытталған білім беру, экологиялық және мәдени мәселелерді ескеру сияқты бірнеше бағытты қамтиды. Бұл өзгерістер білім беру сапасын арттырып, оқушылардың өмірге бейімделген дағдыларды игеруіне ықпал етеді. Білім беру

жүйесіндегі бұл жаңа тенденциялар бүкіл әлем бойынша оқу мен тәрбиенің тиімділігін арттыруға бағытталған.

Білім беруді дамыту — бұл үздіксіз процесс, ол әр кезеңде қоғамның өзгеруіне, ғылыми жаңалықтар мен технологиялар дамуына сәйкес жаңаруы тиіс. Оқушылардың білімін арттыру және олардың жеке тұлға болып қалыптасуына көмектесу — білім беру жүйесінің басты мақсаты. Цифрландыру, инклюзивті білім беру, мұғалімдердің кәсіби дамуы мен әлеуметтік жауапкершілік сияқты аспектілер білім берудің болашағын айқындайтын маңызды факторлар болып табылады. Бұл қадамдар білім беру саласының сапасын арттырып, қоғамның дамуына маңызды үлес қосатын болады.

Әрбір қазіргі заман үстелге жаңа нәрсе әкелуі керек. Ол қоғамды жақсы жаққа өзгертуі керек. Дәл қазір мұның бәрі оқушылардың өсуіне көмектесетін технологияны енгізу туралы. Оның рөлі - адамдарға табысты болашаққа жақсы мүмкіндік беру. Бірақ технология маңызды емес. Сыныпта әлеуметтік қабылдау мен эмпатияны үйрету тағы бір өсіп келе жатқан үрдіске айналды. Осы өзгерістердің барлығы білім беру саласының алға жылжуына ықпал етуі мүмкін.

ӘОЖ 376:37.013

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫ: МАМАН ДАЯРЛАУДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕР

Қадирова Азима Мақсет қизи

М.Х.Дуллати атындағы Тараз университеті, 2 курс студенті

Ордабаева Раушан Біләнқызы

М.Х.Дуллати атындағы Тараз университеті, Тараз қ.

Аннотация: Бұл мақалада инклюзивті білім берудің теориялық жағы мен тәжірибелік жағы қарастырылады. Инклюзивті білім - барлық балалардың, соның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың барлық балалармен бірге оқытылуы мен тәрбиеленуі үшін жағдай жасайтын педагогикалық жүйе. Зерттеуде арнайы білім беру саласына маман даярлаудағы мәселелер, және инклюзивті оқыту саласына енгізіліп жатқан инновациялар талқыланады.

Аннотация: В данной статье рассматриваются теоретические и практические аспекты инклюзивного образования. Инклюзивное образование – это педагогическая система, создающая условия для обучения и воспитания всех детей, включая детей с особыми образовательными потребностями, совместно со всеми детьми. В исследовании рассматриваются проблемы подготовки специалистов в сфере специального образования, а также анализируются инновации, внедряемые в области инклюзивного обучения.

Тірек сөздер: Инклюзивті білім беру, мүмкіндігі шектелген бала, арнайы педагогика, арнайы педагог, ерекше білім беру қажеттіліктері бар бала, инновация, жас маман, болашақ маман.

Ключевые слова: Инклюзивное образование, ребенок с ограниченными возможностями, специальная педагогика, специальный педагог, дети с особенными потребностями в образовании, молодой специалист, будущий специалист.

Кіріспе. Ғасырлар бойы аномальді даму мәселесі ғылыми позициялық деңгейде қарастырылмады. Тарихтан біз мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға деген қарым-қатынастың қандай болғанын көре аламыз. Жалпы бұл түсінік Аристотельдің заманынан бері қалыптасқан ұғым болып саналады. Ежелгі Рим, Спарта сияқты көне Еуропа елдерінде IV-V ғасырларда дамуында кемістігі бар балалардың жағдайы қиын болатын, олардың кемшілігінің себептері түрлі жолдармен түсіндіріліп, бала дамуының жағдайына қарай оның болашағы анықталды.

Ренессанс дәуірінде Томас Мор, Эразм Роттердамский, Ян Амос Коменский және Джон Локк сияқты ағартушы философтар мүмкіндігі шектелген тұлғаларға деген гуманистік көзқарастарды қалыптастырып, мейірімділік, адамгершілік идеяларын ұсынған. Осы кезеңнен бастап дәрігерлер ақыл-есі кем адамдарды ақылынан алжасқандар емес, пациент ретінде

қарастырып, монастырьлер мен түрмелерге барып, оларға бақылау жүргізіп, көмек көрсету және қоғамға бейімделуге бағыт беру сияқты жұмыстарды ұйымдастыра бастаған.

Ақыл-ой дамуында ауытқуы бар балалар білім алуға және тәрбиеленуге мұқтаж екенін, бірақ оларды өзгеше түрде оқыту керектігін атап өткен алғашқы адам швейцар педагогы Иоганн Генри Песталоцци болды. Ал чех педагогы Ян Амос Коменский барлық тұлғаның білім алуға деген құқығы бар екендігін атап өтіп, ақыл-ойының даму деңгейіне, мінез-құлық ерекшеліктеріне қарай мүмкіндігі шектеулі балаларды типтерге бөлген болатын.

Қазақстан Республикасындағы мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру тарихына тоқталайық. Көшпелі қазақтардың мүгедек балаларға қатігездікпен қарағаны туралы ақпарат жоқ. Батыс Еуропа елдеріндегідей мүгедек балаларға арналған діни-қайырымдылық ұйымдар біздің елімізде қалыптаспаған. Халық дастандарынан біз халқымыздың қоғамның осал топтарына, оның ішінде кемтарларға жақсы қарым-қатынас жасағанын біле аламыз. Қазақстан жерінде мүмкіндігі шектелген балаларға арнайы білім беру жүйесі жерімізге Кеңес Одағының билігі орнағаннан бастап қалыптасты. Аз уақыт ішінде соқыр, сөйлеу тілінде кемістігі бар, есту қабілеті бұзылған және ақыл-ойы дамымаған балаларға арнап түрлі мекемелер ашыла бастады. Сонау XX-ғасырдан бастап, қазіргі уақытқа дейін елімізде мүмкіндігі шектелген балаларға білім беру мен тәрбиелеу шаралары бойынша 8 типтегі білім беру мекемелері жұмыс істеуде. [1]

Инклюзивті оқыту – заман талабы. Себебі, ол барлық балаларға бірдей білім алу мүмкіндігін ұсынады. XXI ғасырда қоғамның дамуымен қатар, білім беру жүйесі де жаңғыртылуда. Соған орай, инклюзивті білім берудің маңызы өсіп отыр. Инклюзивті білім берудің маңыздылығы:

Біріншіден, инклюзивті білім беру – барлық балаларды тең мүмкіндіктермен қамтамасыз ету. Мүмкіндігі шектеулі балалар арнайы мектептерде емес, жалпы білім беру мекемелерінде оқуға мүмкіндік алады, бұл өз кезегінде ерекше балалардың қоғамға бейімделуіне үлкен сеп болатыны анық.

Екіншіден, ерекше білім беру қажеттіліктерін қолдау – саналы қоғам қалыптастырудың бірден-бір жолы. Мүмкіндігі шектеулі балаларды қалыпты дамыған балалармен қоса оқыту болашақта қоғамда толерантты, түсінігі жоғары тұлғалардың көп болуына ықпал жасайды.

Үшіншіден, мұндай оқыту заманауи талаптарға сай тиімді инновациялық әдістер мен технологияларды енгізуге жол ашады. Мұндай жүйеде ерекше балалардың өзіндік ерекшеліктері есепке алынып, тиімді оқыту бағдарламалары мен әдіс-тәсілдері қолданылады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, «ҚР инклюзивті білім беруді дамыту тұжырымдамасы» сияқты құқықтық-нормативті құжаттарда көрсетілген инклюзивті білім беру процесіндегі жаңалықтар педагогтардың кәсіби іс-рекетіне қойылатын талаптарды күшейтеді. Барлық деңгейдегі педагогтарды инклюзивті білім беру саласында арнайы біліктіліктерді меңгеруін 2017 жылы қабылданған «Педагог» кәсіби стандарты міндеттейді. [2]

Инклюзияны іске асыруда қазақстандық білім беру жүйесіндегі күрделі мәселелердің қатарына арнайы педагогтарды даярлаудағы проблемаларды жатқыза аламыз. Көптеген адамдар бұл мамандық туралы біле бермейді, сонымен қатар көптің ойынша арнайы педагогика саласында жұмыс жасау өте күрделі. Себебі бұл саладағы жандар дамуында әртүрлі кемістіктері бар балалармен жұмыс жасайды, ал бұл жүрекке де, миға да үлкен салмақ түсіреді. Шынында да солай, белгілі неміс педагогы П.Шуман айтпақшы, баланың психикалық даму деңгейі қаншалықты төмен болса, мұғалым соншалықты біліктірек болуы керек. Инклюзивті ортада жұмыс істеу педагогтан көп нәрсені талап етеді. Ерекше балалармен жұмыс жасайтын маманның жүрегінде балаға деген махаббат, мейірім және жанашырлық, жоғары кәсіби біліктілік, сабырлық және төзімділік болуы қажет. Болашақ педагогтерге қойылатын барлық талаптар білім беру бағдарламасын меңгерген, түлектер меңгеруі тиіс жалпы-мәдени, жалпы-кәсіптік және кәсіби құзіреттерде көрсетілген.

Білім беру саласындағы арнайы педагогтерді кәсіби даярлаудағы тағы бір өзекті тенденция - білім беру үдерісін дараландыру, ол білім беру жоспарындағы студенттердің өзіндік жұмысының артуымен ғана емес, сонымен қатар болашақ кәсіби қызметтегі қызығушылықтар мен қалауларын ескере отыра жеке оқу траекториясын құруда да көрінеді. [3]

Қазіргі таңда арнайы білім беру ұйымдарында жұмыс жасайтын мамандардың басым көпшілігі орта немесе одан үлкен жастағы мамандар. Жас педагогтардың азаюының түрлі себептері бар, соларға тоқталсақ: республиканың жұртшылығының бұл мамандық туралы, тіпті

бұл ғылым туралы білетіні азды-көпті. Сондықтан кәсіби бағлар алған кезде арнайы педагогиканы қарастыратындардың да саны өкінішке орай, аз болып отыр.

Қазақстанда арнайы педагогика саласы ғылымның жаңадан дамып келе жатқан саласы болып табылады. Сондықтан оның жүйесі толықтай қалыптасып болған жоқ, ал бұл өз кезегінде арнайы мамандарды дайындау процесіне теріс әсер ететін процесс ретінде қарастырылады. Өйткені жүйе өз жұмысы тиімді атқармаса, студенттер практикада қажет болатын сапалы біліммен, құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілмейді, соның нәтижесінде нарыққа кәсіби біліктілігі төмен түлектер шығады. Кәсіби біліктілік - мұғалімнің басты қаруы, онсыз оның жұмысы тиімді болуы екіталай.

Соңғы уақытта ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың көбеюіне байланысты дефектологияға, яғни арнайы педагогика саласына көп көңіл бөлінуде. Болашақ мамандарды даярлауда көптеген инновациялар енгізілуде. Онлайн курстар мен вебинарлар арнайы педагогика бойынша үздіксіз кәсіби даму мүмкіндігін ұсынады. Және адаптивті оқыту платформалары - болашақ мұғалімдер ерекше балалардың қабілеттеріне бейімделген бағдарламаларды игереді. Сонымен қатар студенттердің оқу барысында арнайы мектептер мен басқа да ұйымдарға барып, тәжірибе жинақтауы болашақта олардың жұмысқа бірден кірісіп кетуіне сеп болады.

Қорытынды. Заманауи білім беру парадигмасы оқытудың негізгі міндеті ретінде балаларды нақты өмір жағдайына бейімдеу; бұл – жаһандық өмір талабы. Қоғамнан оқшаулаудың кез-келген түрі тұлғаның әлеуметтену үрдісіне үлкен зардабын тигізеді. Балаларды бір-бірінен бөлетін кедергілерді барынша жою үшін тұтас қоғам болып атсалысу және осы жолда ата-аналар мен педагогтардың бірлескен белсенді әрекетіне сүйену қажет.

Кәсіби күзiреттiлiгi жоғары, қазiргi заман талабына сай жас маман даярлау жоғарғы оқу орындарындағы профессор-оқытушылар құрамына тiкелей байланысты. Сондықтан да оқытушылар студенттерге теориялық бiлiм берiп қана қоймай, практикаға бағдарлап оқытқаны жөн, себебi практикалық бiлiм әрқашан да теориялық бiлiмнен маңыздырақ болып қала бередi.

Әдебиеттер:

1. Арнай педагогика: оқулық (2-басылым) /құрастырушылар: п.ғ.к., доцент Абаева Ғ.Ә., п.ғ.д., доцент Төребаева К.Ж., п.ғ.к., доцент Оразаева Ғ.С., п.ғ.к., доцент Қартбаева Ж.Ж.-Қарағанды.2019.-262б.
2. Оспанбаева М.П. Инклюзивті білім беру мазмұны және әдістемесі: оқу құралы / М.П. Оспанбаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 232 бет.
3. «**Материалы конференции:** Включение (Inclusion) детей с ограниченными возможностями в образовательный процесс: прошлое, настоящее, будущее» -Алматы: ТОО «ЦЕНТР САТР», 2021. - 332с.

UDK: 371.21:616.057

WAYS TO IMPROVE THE COGNITIVE ABILITIES OF STUDENTS WITH DISABILITIES.

Kelimanova Zhanar Meirambaevna, Dauletbai Aruzhan
Taraz University named after M. H. Dulaty

Correction, localization, and development of deficiencies in the behavior of children with disabilities is the main goal in the system of pedagogy. In order to contribute to the overall success of the child, I sought to improve the quality of learning based on playing instruments in the development of cognitive activity of a mentally retarded child. The main factor in the development of cognitive interest of younger schoolchildren is not only the degree of their knowledge and skills, but also the need to establish an educational process, which allows you to form important mental functions of the child, ways of mental work. Cognitive activity stimulates the need and interest in cognition of mentally retarded children, the form and content of the lesson, the ability to conduct the process of "learning" through game technologies, the art of the teacher and his emotional state. Cognitive activity is a special manifestation of a student's enthusiasm, desire for learning and knowledge. For example: in order to

understand the material presented by the teacher, the student must listen carefully to him, expand and supplement the knowledge gained, read books on his own, perform such work as observation, experimentation, writing, drawing. After all, it is impossible without activity in the conscious repetition of the material covered, in learning new things, in studying its ways and skills. That is, the activity of students is necessary at all stages of the educational process.

The main conditions for the formation of cognition:

- the content of the training;
- improvement of the forms of organization of cognitive activity of students. These include: improving the effectiveness of visual aids used in the classroom, organizing cognitive games, creating interdisciplinary connections, effectively organizing students' independent work, improving feedback in learning through the rational use of various forms of knowledge verification and assessment.
- The use of effective technologies for the development of cognitive abilities of students in primary schools with developmental disabilities.
- Establish a relationship between teacher and student, student and student in the form of respect and provide warmth of heart.

The task of each teacher is to create conditions for free development, comprehensive education, active, creative future generation using pedagogical technologies in the education system. Pedagogical technologies used in the education system: game-based learning, modular learning, Training based on reference signals, computer-based learning technology, level-based learning, etc.

Any learning technology requires a teacher to have deep theoretical, psychological, pedagogical methodological knowledge, pedagogical skills, deep immersion in the soul of children and the ability to comprehend it. For example, the goal of the technology of learning through play is to achieve a didactic, educational, developing, socializing goal. At the same time, it aims to reveal the educational, cognitive and creative qualities of the child. Play is both learning and work for children. A game is a way of learning about the world around you. In addition, the game will not only teach children to overcome the difficulties they face in life, but also forms their organizational skills.

This increases the child's desire to get to know his environment with age.

In the lesson of the surrounding world, depending on the topic "seasons", you can ask the question: "where, when ? "It is possible to increase the cognitive interest of students by using the question-answer method during the lesson.

- How many months are there in a year?
- What seasons do you know? etc.

The a chapter related to the winter season, "Who is witty?" You can connect a new lesson with the previous topic before the new lesson of the game. Excerpts will be read on the topics covered. The condition is to find the name of the text, to continue, to find the features of winter. When organizing independent work of students, it is important to divide them into groups depending on the level of knowledge and conduct individual work with each of them. According to the level, students should talk about: 1st group - winter work, 2nd group - winter life of animals, 3rd group - winter games, 4th group – features of winter.

Games that are played in reading and language development lessons: "create a story by looking at a picture", "draw a picture by looking at the content of the text", etc. games are designed to introduce children to oral speech, expand their vocabulary and develop their language.

It is very important to transform the mathematics lesson in order to develop the student's cognitive ability. I made it a habit to start each lesson with "thought exercises":

- Name the fifth month of the year.
- Which color of the traffic light can you cross the road on?
- What day of the week is it today?
- Why do people need eyes?
- What number is there between 9 and 10?
- What geometric shape is the door?

Such questions immediately draw children's attention to the lesson, increase their activity and form their attention.

Thus, in improving the quality of education, it is advisable to transform methods and techniques as much as possible. Our daily search, mastering new technologies and skillfully using them in our practice is our need to provide deep and thorough education to our students.

Literature:

1. Defectology. №2, 2014.
2. Primary School. №5, 1998.
3. Primary School. №3, 4, 2010.
4. School of Kazakhstan. - Almaty, №8, 2003.
5. "I and everything, everything, everything." - Almaty, Aruna publishing house. 2006.
6. training in Primary School. №1, 2006.

ӘОЖ: 37.094.4/9

ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ ҚОЛӨНЕРІН ОҚИТУ – ҰЛТТЫҚ МҰРАНЫ САҚТАУ ЖОЛЫ

Кеңесбек Меңліайым

М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, 4 курс студенті

Таджибаева Жанна Сайдуллаевна

М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз қ.

Аңдатпа: Қазақ халқының дәстүрлі қолөнері ғасырлар бойы қалыптасып, ұлттық мәдениетіміздің негізін қалаған құндылықтардың бірі болып табылады. Мақалада қазақтың қолөнерінің түрлері мен оның ұлттық өмір салтымен байланысы туралы зерттеп көрсетілген. Сонымен қатар, көркем еңбек пәні арқылы жастарға осы қолөнер түрлерін үйретудің маңыздылығы, олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және ұлттық мұраны сақтау жолындағы ролі қарастырылады. Бұл жұмыс ұлттық өнерді таныту арқылы болашақ ұрпақтың ұлттық сана-сезімін қалыптастыруға, рухани байлықты сақтап қалуға бағытталған.

Тірек сөздер: Қазақ халқының дәстүрлі қолөнері, ұлттық мұра, күміс өңдеу, ер тоқым жасау, тері илегіштік, ұлттық мәдениет, ұлттық эстетика.

Қазақ халқының дәстүрлі қолөнері – ғасырлар бойы қалыптасып, қазақ мәдениетінің ажырамас бөлігіне айналған құндылық. Ұрпақтан-ұрпаққа берілу арқылы сақталған бұл мұра қазақ халқының өмір салтын, рухани әлемін, эстетикалық талғамын айқындайды.

Қазақ халқының мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігі тарихтың терең қатпарларында қалыптасқан, бай әрі сан ғасырлық тәжірибеге негізделген. Бұл мәдениет көптеген ұрпақтар бойы жинақталған, дамыған және оның негізгі тұғырларының бірі – дәстүрлі қолөнер. Қазақтың қолөнері тек тұрмыстық қажеттіліктерді қанағаттандыру ғана емес, сонымен қатар ұлттың рухани болмысын, эстетикалық талғамын, еңбекқорлық дәстүрін, өнерге деген сүйіспеншілігін бейнелейді. Қазіргі таңда қазақтың дәстүрлі қолөнерін сақтау, насихаттау және оны болашақ ұрпаққа үйрету – ұлттың мәдени мұрасын сақтаудың және оны келешек ұрпаққа аманат етудің маңызды жолдарының бірі болып табылады.

Қазақ халқының ұлттық қолөнерінің адам өміріндегі рөліне Орта Азия халықтарының этнографиясын, тарихын зерттеген ғалымдар (И.Г. Андреев, А.А. Бобринский, А.А. Боголюбов, А. Фелькерзам және т.б.) қазақ ағартушылары Ш. Уәлиханов, А. Құнанбаев, Ы. Алтынсарин аса мән берген. Ұлттық қолөнердің әсемдігі мен көркемдігі, мазмұны мен маңызы, қазақ шеберлерінің эстетикалық талғамы С.М. Дудин, В. Чепелев, Б. Веймарн, В. Мошкова, А.И. Тереножкин, Е.Р. Шнейдер, Т.К. Бәсенов және т.б. ғалымдар еңбектерінде мазмұндалады. Қазақтың ұлттық қолөнер мәселелері өз алдына зерттеу объектісі тұрғысынан этнографтар

(Ө.Тәжімұратов, Х.Арғынбаев, Ә.Марғұлан, С.Қасиманов, Ө.Жәнібеков, М.С.Мұқанов, Қ.Ақышев, М. Қадырбаев, А. Оразбаев және т.б.), өнертанушылар (Қ.Ибраева, Г.Абдрахманова, С.Садырбаева және т.б.), философтар (Ж.Әлібеков, Б.Байжігітов, К.Ж.Каракузова, К.Нұрланова, Б.Р. Қазыханова және т.б.), филологтар (М.Өмірбекова, Р.Шойбеков және т.б.), технологтар (С.Ж.Асанова, М.А.Нұржасарова және т.б.), суретшілер (Р.Д.Ходжаева, И.В.Захарова, Г.Тәкішева, А.Құралов, Қ. Саматұлы), қолөнер шеберлері (Д.Шоқпарұлы, Ә.Ш. Әбдуәлиева және т.б.) еңбектерінде жан-жақты қарастырылады.

Қазақтың дәстүрлі қолөнері – көшпелі өмір салтына сай дамыған өнер түрлерінен тұрады. Ол тұрмыстық заттар мен киім-кешек, үй жабдықтары, сәндік бұйымдар сияқты әр түрлі салаларды қамтиды. Қазақтың қолөнерінің негізгі түрлері:

1. **Тоқыма өнері** – қазақ халқының әйелдері мен қыздары үй тұрмысындағы қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін қышқылданған жүн мен теріден түрлі бұйымдар жасаған. Бұл сан алуан киіз үй жабдықтарынан бастап, текеметтер, алашалар мен сырмақтарға дейін жалғасады. Жүннен тоқылған бұйымдар – қазақ мәдениетінің ажырамас бөлігі.

2. **Кескіндеме және ою-өрнек өнері** – қазақтың ою-өрнектері тек сәндік емес, терең мағыналық құндылықтарды да білдіреді. Ою-өрнектердің әр түрі белгілі бір наным-сенімдерге, табиғаттың түрлі құбылыстарына және адамның ішкі жан-дүниесіне байланысты болған.

3. **Күймелі қолөнер** – қазақ халқының ертеден келе жатқан шеберлік саласының бірі. Қолөнершілер күміс, мыс, алтын сынды бағалы металдарды ұқыптылықпен өңдеп, сәндік бұйымдар, әшекейлер, қару-жарақтар мен тұрмыстық заттар жасаған.

4. **Ағаш шеберлігі** – қазақ қолөнерінде ағаш өңдеу өте маңызды орын алады. Ағаштан жасалған бұйымдар мен үй жиһаздары қазақ халқының тұрмысында кеңінен қолданылған. Бұған қоса, ағаштан жасалған музыкалық аспаптар, астау, ожау сияқты заттар да бар.

Қазақ қолөнерінің маңызы тек эстетикалық тұрғыдан ғана емес, ол өмірлік тәжірибе, дүниетаным мен рухани құндылықтарды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізудің тәсілі болып табылады. Бүгінгі күні жастарды осы қолөнер түрлеріне үйрету, олардың ұлттық мұраны сақтап қалуына және дамытуына ықпал ету – аса маңызды міндеттердің бірі болып келеді. «Көркем еңбек» пәні осы мәселенің шешімін табуда негізгі рөл атқарады.

Қазақтың дәстүрлі қолөнерінің ерекшеліктеріне келсек – өте көпжақтылығымен ерекшеленеді. Оған киіз басу, тоқыма тоқу өнері, ұлттық киімдер тігу, ағаш ою, күміс өңдеу, ер тоқым жасау, тері илегіштік өнері және басқа да қолөнер түрлері жатады. Бұл өнердің әрбір түрі халықтың тұрмыс-тіршілігімен тығыз байланысты, олардың салт-дәстүрлерінен, наным-сенімдерінен, табиғатпен үйлесімінен хабар береді. Мысалы, киіз басу мен тоқымашылық өнері қазақ халқының көшпелі өмір салтымен тығыз байланысты болса, ағаш ою мен күміс өңдеу ұлттық эстетиканың биік үлгісін көрсетеді. Қазіргі таңда ғылыми-техникалық прогресс пен индустриализацияның дамуы дәстүрлі қолөнердің бірқатар түрлерінің ұмытылуына алып келді. Заманауи технологиялар мен өндіріс әдістері халықтық өнердің көптеген түрлерін алмастырып, қолөнердің дәстүрлі тәсілдерін жоғалту қаупін туғызды. Осыған орай, дәстүрлі қолөнерді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу, оны сақтап қалу және дамыту қажеттілігі туындайды.

Қазақтың дәстүрлі қолөнерін оқыту – бір жағынан ұрпақтың бойында ұлттық рухты, елдің мәдени мұрасына деген құрметті қалыптастыруға ықпал етсе, екінші жағынан қолөнерді кәсіби деңгейде меңгерген жастардың еңбек нарығында сұранысқа ие болуына мүмкіндік береді. Бұл, өз кезегінде, ұлттық өнер мен мәдениеттің жаңғыруына және дамуына үлкен әсерін тигізеді.

Қолөнерді мектептерде оқытудың маңызын айтар болсақ, қазіргі таңда көркем еңбек пәні арқылы оқушыларға қазақтың дәстүрлі қолөнерін үйрету, олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мен ұлттық мұраны сақтау жолындағы маңызды қадамдардың бірі болып табылады. Бұл пәннің мазмұны арқылы балалар тек техникалық дағдыларды ғана меңгеріп қоймай, қазақтың мәдениетіне, тарихына тереңірек үңіледі, өзінің ұлттық төлқұжатын, ұлттың өзіндік ерекшелігін сезіне алады.

Қазақ қолөнерін үйрету арқылы ұлттық мұраны сақтау жолдары

1. **Мектептер мен жоғары оқу орындарында қолөнер сабақтарын енгізу.** Қазақтың дәстүрлі қолөнерін бастауыш мектептер мен колледждерде оқыту – оны сақтаудың және

дамытудың маңызды қадамы болып табылады. Қолөнер сабағы арқылы балаларға ұлттық өнердің мәні мен маңызын түсіндіру, оларды практикалық түрде осы өнер түрлерімен таныстыру өте маңызды.

2. **Шеберханалар мен курстар ашу.** Қазақтың дәстүрлі қолөнерін сақтау үшін қолөнершілерге арналған арнайы шеберханалар мен курстар ұйымдастыру қажет. Бұл шеберханаларда тәжірибелі шеберлер жастарға қолөнердің қыр-сырын үйретіп, өздерінің тәжірибелерін бөліседі.
3. **Ұлттық қолөнерді цифрландыру.** Технологияның дамуы арқасында, дәстүрлі қолөнерді цифрлық форматқа көшіру, оны кең ауқымда насихаттау және сақтап қалу мүмкіндігі туды. Видеокурс, онлайн-мастер-класстар арқылы жастарға қазақ қолөнерін үйрету – тиімді әдіс болып табылады.

Дәстүрлі қолөнерді халықаралық деңгейде таныту. Қазақ қолөнерінің өзіндік ерекшелігі мен әсемдігін әлемге таныту үшін халықаралық көрмелер мен фестивальдерге қатысу қажет. Бұл қазақтың мәдениетін әлемге паш етіп, оның көркемдік құндылықтарын жоғары бағалауға мүмкіндік береді.

Көркем еңбек сабақтарында қазақтың дәстүрлі қолөнерін оқыту барысын зерттей келе:

- Оқушылар ұлттық өнердің мән-маңызын түсініп, оның бай мұрасымен танысады.
- Қолөнер шеберлігін меңгеру арқылы еңбекке, шыдамдылыққа және өз жұмыстарын бағалауға үйренеді.
- Ұлттық құндылықтарға деген сүйіспеншілік пен патриотизм сезімі қалыптасады.
- Қол шеберлігі ғана дамып қоймай, ой ұшқырылығыда терең болып, эстетикалық тұрғы бойынша да дамиды.

«Ұлттық мұраны сақтау» бұл дегеніміз болашақ ұрпақ үшін қажеттілік.

Қолөнерді оқытумен қатар, оны насихаттау да өте маңызды. Бұны жүзеге асырудың бірнеше жолдары бар:

- **Мемлекеттік деңгейде қолдау көрсету.** Қазақтың дәстүрлі қолөнерін дамыту мен қолдау мақсатында мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар ұйымдастыру қажет. Әсіресе, ауылдық жерлерде қолөнерді дамытуға арналған гранттар мен қаржылай қолдау көрсету маңызды.
- **Мәдени шаралар мен байқаулар өткізу.** Ұлттық деңгейде қолөнер шеберлерінің шығармашылығын таныту мақсатында байқаулар, көрмелер, фестивальдер ұйымдастыру дәстүрлі өнерге деген қызығушылықты арттыруға ықпал етеді.
- **Жергілікті қауымдастықтар мен ұйымдардың белсенділігі.** Қолөнерді насихаттау үшін жергілікті мәдениет үйлері мен ұйымдарында түрлі шаралар өткізу, қолөнер көрмелерін ұйымдастыру өте маңызды.

Қазақтың дәстүрлі қолөнерін оқыту – тек қана өнерді үйрету емес, бұл ұлттық сана-сезімді жаңғырту, ұрпақтар арасындағы байланыс пен тұтастықты нығайту болып табылады. Қазіргі жаһандану дәуірінде ұлттық мәдениетіміздің өзегін сақтап қалу – басты мақсаттардың бірі. Әсіресе, жастарға ұлттық өнерді таныту арқылы қазақ халқының терең тарихы мен мәдениеті туралы білім беру қажет. Бұл, өз кезегінде, келешек ұрпақтың ұлттық болмысын сақтап қалуға септігін тигізеді.

Қорытындылай келе қазақтың дәстүрлі қолөнерін оқыту – ұлттық мұраны сақтау жолындағы маңызды қадам. Көркем еңбек пәні арқылы жас ұрпаққа дәстүрлі қолөнерді үйрету, ұлттық құндылықтарды насихаттау, олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту – әрбір ұстаздың басты міндеті. Осылайша, халқымыздың мәдени мұрасы болашақ ұрпаққа аманат болып, әлемдік мәдениетте өз орнын табады.

Қазақ халқының дәстүрлі қолөнері – ұлттың рухани мұрасының ажырамас бөлігі болып табылады. Оны оқыту мен сақтау арқылы біз тек өз мәдениетімізді сақтап қалмай, болашақ ұрпаққа ұлттық құндылықтарды, еңбекқорлықты, шығармашылықты және эстетикалық талғамды үйретеміз. Қазақтың қолөнерін дамыту мен насихаттау арқылы біз ұлттық мәдениетіміздің жаңғыруына, болашақ ұрпақтың санасында ұлттың тарихын және өнерін терең ұғынуына үлес қосамыз.

Әдебиеттер:

1. Райымхан, К.Н. Қазақ халқының сәндік қолданбалы өнері [Электрондық ресурс]: Оқу құралы / К.Н. Райымхан, 2010. - 136 б.
2. Умарова, Г.С. Қазақ сөз өнері [Электрондық ресурс]. 1-бөлім. Хрестоматия / Г.С. Умарова, 2018. - 224 б.
3. Ахан, Б. Билердің әлеуметтік философиясы [Электрондық ресурс]: Оқу құралы / Б. Ахан, 2004.
4. Нұрманова, Қ.К. Қазақ халқының ұлттық өнері [Электрондық ресурс]: Әдістемелік құрал / Қ. К. Нұрманова, 2006. - 7,64 Мб.

ӘОЖ 37.01:37.02

**ҰЛТТЫҚ ЖҮЙЕНІ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ МЕН ТРЕНДТЕР
ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ**

Керейбек Ғалия

М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті 2 курс студенті

Ордабаева Раушан Біләнкызы

М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз қ.

Резюме. В данной статье рассматриваются перспективы развития национальной системы образования и науки в условиях современных трендов. Открытый доступ к образовательным ресурсам мировых и отечественных университетов способствует расширению возможностей для студентов и преподавателей. Изменения в инфраструктуре учебных заведений, цифровизация образовательного процесса и активное участие в международных программах позволяют расширить границы партнерских отношений. Внедрение цифровых технологий ведет к появлению новых профессий и трансформации образовательных моделей.

Summary. This article explores the prospects for the development of the national education and science system in the context of modern trends. Open access to educational resources of global and domestic universities expands opportunities for students and teachers. Changes in the infrastructure of educational institutions, digitalization of the learning process, and active participation in international programs contribute to the expansion of partnerships. The implementation of digital technologies leads to the emergence of new professions and the transformation of educational models.

Қазіргі таңда білім мен ғылым саласының дамуы қоғамның барлық саласына әсер етіп отырған технологиялық және инновациялық өзгерістермен тығыз байланысты. Ұлттық білім беру жүйесінің даму перспективасын анықтау үшін жаһандық үрдістерді, заманауи әдістерді және технологиялық жетістіктерді ескеру қажет. Соңғы жылдары білім беру мен ғылым саласында сандық технологиялар мен цифрлық трансформацияның кеңінен енгізілуі оқыту әдістемесін, ғылыми зерттеу тәсілдерін және академиялық ортадағы серіктестік жүйесін қайта қарастыру қажеттілігін туындатты [1,34].

Қазақстандағы білім беру жүйесінің дамуы елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайымен тығыз байланысты, себебі білім сапасы мен қолжетімділігі тікелей мемлекеттің даму деңгейіне және оның экономикасының тұрақтылығына әсер етеді. Білім беру жүйесінің тиімділігі елдің инновациялық әлеуетін арттыруға, еңбек нарығын білікті мамандармен қамтамасыз етуге және жалпы ұлттық бәсекеге қабілеттілікті нығайтуға ықпал етеді. Сондықтан Қазақстанда білім беру саласына тұрақты түрде инвестиция салынып, оны халықаралық стандарттарға сәйкестендіру бағытында бірқатар реформалар жүзеге асырылуда. Қазіргі уақытта білім беру үдерісіне

халықаралық стандарттарды енгізу негізгі басымдықтардың бірі болып отыр. Бұл процестің мақсаты – отандық оқу орындарының білім сапасын жаһандық деңгейге жақындату, студенттер мен оқытушылар үшін халықаралық академиялық мүмкіндіктерді кеңейту және ғылыми зерттеулердің сапасын арттыру. Қазақстандық жоғары оқу орындары Болон үдерісіне қосылу арқылы кредиттік оқыту жүйесін енгізді, бұл студенттерге икемді білім алу жолын ұсынуға және халықаралық білім беру кеңістігінде еркін қозғалысқа мүмкіндік берді. Сонымен қатар, әлемнің жетекші университеттерімен әріптестік орнату арқылы қос диплом бағдарламалары, академиялық алмасу және бірлескен ғылыми жобалар секілді тәжірибелер енгізілуде. Бұл білім беру саласының интернационализациялануына ықпал етіп, студенттердің жаһандық деңгейде бәсекеге қабілетті болуына жағдай жасайды. Білім беру жүйесін жаңғыртуда инновациялық технологияларды қолдану да басты назарда тұр. Сандық білім беру платформаларының дамуы оқыту тәсілдерін түбегейлі өзгертті. Қазіргі таңда Қазақстанда қашықтықтан білім беру кеңінен қолданылып, цифрлық құралдар арқылы оқу үдерісінің қолжетімділігі артты. Онлайн оқыту платформалары дәстүрлі аудиториялық сабақтардың шекарасын кеңейтіп, студенттерге әлемдік университеттердің курстарына қолжетімділік беріп отыр. Әлемнің жетекші университеттері мен білім беру ұйымдары ұсынатын онлайн курстарды пайдалану арқылы студенттер қосымша білім алып, өз саласында тереңірек білім мен дағдылар қалыптастыру мүмкіндігіне ие болуда. Бұл өз кезегінде бәсекеге қабілетті мамандар даярлауға оң әсерін тигізеді. Жасанды интеллект негізінде әзірленген оқыту бағдарламалары білім алушылардың жеке қажеттіліктеріне бейімделе отырып, білім беру жүйесінің тиімділігін арттыруда маңызды рөл атқаруда. Бейімделгіш оқыту жүйелері арқылы әрбір студенттің білім деңгейі мен қабілеттеріне сәйкес жеке оқу жоспары жасалады, бұл оқу үдерісін анағұрлым тиімді әрі ыңғайлы етеді. Мұндай технологиялар оқушылар мен студенттердің білім игеру қарқынын ескеріп, оларға өздеріне лайықты оқу материалдарын ұсыну арқылы оқытудың сапасын жақсартуға түседі. Қазақстанда білім беру жүйесін цифрландыру үдерісі жалғасуда және оның артықшылықтары айқын байқалуда. Цифрлық білім беру платформалары мен инновациялық технологияларды қолдану студенттерге өз бетінше білім алуға, зерттеу жүргізуге және өз дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік беруде. Сонымен қатар, бұл технологиялар оқытушылар үшін де жаңа мүмкіндіктер ашып, оларды оқу бағдарламаларын жетілдіруге және оқыту әдістерін жаңартуға ынталандыруда. Білім беру саласындағы бұл өзгерістер Қазақстанның жаһандық білім кеңістігіне интеграциялануына, оның білім жүйесінің сапасын арттыруға және болашақ ұрпаққа заманауи, бәсекеге қабілетті білім беруге ықпал етуде. [2,56]

Қазақстандық жоғары оқу орындарында ғылым мен инновацияны дамытуға бағытталған бірнеше стратегиялық бастамалар жүзеге асырылуда. Бұл бастамалар ғылыми-зерттеу әлеуетін арттыруға, заманауи технологияларды енгізуге және ғалымдардың халықаралық қауымдастықпен ынтымақтастығын нығайтуға бағытталған. Білім мен ғылымды интеграциялау арқылы зерттеу үдерістерін жаңғырту Қазақстанның жоғары білім беру жүйесін жаһандық деңгейге шығаруға мүмкіндік береді. Цифрлық зертханалар құру – қазақстандық университеттердің ғылыми-зерттеу әлеуетін дамытудағы маңызды қадамдардың бірі. Заманауи зертханалар ғылыми жобаларды жоғары деңгейде жүргізуге, зерттеушілерге озық технологияларды пайдалануға және білім алушыларды практикалық зерттеулерге тартуға жол ашады. Қазіргі таңда көптеген жоғары оқу орындарында цифрлық инфрақұрылымды жетілдіру жұмыстары жүргізілуде, оның ішінде зертханалардағы процестерді автоматтандыру, деректерді сандық форматта сақтау және өңдеу сияқты маңызды бағыттар бар. Бұл өз кезегінде ғылыми зерттеулердің тиімділігін арттырып, алынған нәтижелердің дәлдігі мен сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Жасанды интеллект пен үлкен деректерді (Big Data) талдау әдістерін ғылыми зерттеулерге енгізу қазіргі заманғы ғылымның маңызды трендтерінің бірі болып табылады. Бұл технологиялар күрделі мәліметтерді өңдеуге, болжам жасауға және инновациялық шешімдер ұсынуға мүмкіндік береді. Қазақстандық университеттер жасанды интеллект негізіндегі жобаларды әзірлеуге белсенді түрде атсалысуда. Бұл жобалар медицинада, ауыл шаруашылығында, экологияда және басқа да салаларда қолданыс табауда. Ғылыми қауымдастықтың жасанды интеллектті зерттеу және қолдану мүмкіндіктері кеңейген сайын,

казакстандық зерттеушілердің әлемдік ғылымға қосатын үлесі де арта түсуде. Халықаралық ғылыми жобаларға қатысу Қазақстанның ғылымын жаһандық деңгейге шығарудың тағы бір маңызды факторы болып табылады. Қазақстандық ғалымдар шетелдік университеттермен, ғылыми орталықтармен және зерттеу институттарымен тығыз байланыс орнатып, бірлескен зерттеулер жүргізуде. Бұл ынтымақтастық казакстандық ғылыми қоғамдастықтың бәсекеге қабілеттілігін арттырып, олардың жаңа білімге, заманауи зерттеу әдістеріне және технологиялық жаңалықтарға қол жеткізуіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар, халықаралық әріптестік арқылы ғалымдар әлемдік ғылыми қоғамдастықпен байланыс орнатып, өз зерттеулерінің нәтижелерін кең ауқымда таныстыру мүмкіндігіне ие болуда. Қазақстандық зерттеушілердің әлемдік ғылыми қауымдастыққа интеграциялануы тек білім мен ғылым саласындағы мүмкіндіктерді кеңейтумен шектелмейді. Ол сонымен қатар инновацияларды енгізу, ғылыми жетістіктерді коммерцияландыру және экономиканың түрлі секторларында жаңа технологияларды қолдану арқылы елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал етеді. Ғылыми зерттеулердің нәтижелерін практикада қолдану мүмкіндігінің артуы еліміздегі білім беру мекемелерінің халықаралық деңгейдегі бәсекеге қабілеттілігін нығайтып, ғылыми инновацияларды ел экономикасының түрлі салаларына енгізуге ықпал етеді. Жоғары оқу орындарында ғылым мен инновацияны дамыту – Қазақстанның білім беру жүйесін заманауи талаптарға сай бейімдеудің маңызды бөлігі. Ғылыми зерттеулердің сапасын арттыру, жаңа технологияларды меңгеру, халықаралық әріптестікті нығайту және цифрлық инфрақұрылымды жетілдіру еліміздің ғылыми әлеуетін күшейтіп, ғалымдарымызды әлемдік ғылым кеңістігіне интеграциялауға жол ашады. [3,89]

Ғылымды қаржыландыру және оның тиімділігін арттыру мәселелері Қазақстан үшін стратегиялық маңызы бар бағыттардың бірі болып табылады. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын қаржылық қолдаусыз дамыту мүмкін емес, сондықтан мемлекеттің бұл салаға инвестиция құюы ұлттық инновациялық жүйені қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Қазақстанда ғылымды қолдауға арналған бірқатар мемлекеттік бағдарламалар іске асырылып келеді. Бұл бағдарламалардың басты мақсаты – зерттеу жүргізуге қажетті инфрақұрылымды жақсарту, ғалымдардың ғылыми жобаларын қаржыландыру және зерттеу нәтижелерін коммерцияландыруға жағдай жасау. Дегенмен, халықаралық тәжірибе көрсеткендей, ғылым мен технологияны нарықтық сұранысқа бағыттау және олардың экономикаға ықпалын күшейту үшін қосымша реформалар қажет. Ғылымды қаржыландырудың негізгі көзі – мемлекеттік бюджет. Қазақстанда ғылыми зерттеулерді қолдау мақсатында бөлінетін қаражаттың көлемі жылдан жылға өсіп келеді. Әсіресе, білім және ғылым министрлігінің гранттық қаржыландыру жүйесі мен бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру механизмдері казакстандық ғалымдар үшін үлкен мүмкіндік туғызуда. Дегенмен, бұл жүйе халықаралық тәжірибемен салыстырғанда әлі де жетілдіруді қажет етеді. Әлемнің озық елдерінде ғылыми жобаларға мемлекеттік қаржыландырудан бөлек, жекеменшік инвестиция тарту және бизнес қауымдастықпен ынтымақтастық орнату кеңінен қолданылады. Қазақстанда да ғылым мен өндіріс арасындағы байланысты нығайту үшін корпоративтік секторды ғылымға инвестиция салуға ынталандыру механизмдерін дамыту қажет. Академиялық орта мен бизнес қауымдастық арасындағы байланыстарды күшейту – ғылымды қаржыландыру мен оның тиімділігін арттырудың маңызды шарты. Қазіргі таңда көптеген дамыған елдерде университеттер мен кәсіпорындар тығыз әріптестік орнату арқылы ғылыми зерттеулерді коммерцияландыру деңгейін көтеруде. Қазақстанда бұл бағыттағы жұмыс басталып, бірқатар жоғары оқу орындарында технологиялық парктер, стартап-инкубаторлар және бизнес-инкубаторлар құрылуда. Мұндай құрылымдар студенттер мен ғалымдарға өз жобаларын нарықтық ортада сынап көруге, инвесторлар тартуға және өнертабыс нәтижелерін бизнеске енгізуге мүмкіндік береді. Дегенмен, бұл процесті жандандыру үшін ғылым мен бизнес арасындағы қарым-қатынасты институционалдық деңгейде реттеу, кәсіпорындарды ғылыми зерттеулерге инвестиция салуға ынталандыру, инновациялық жобаларды қаржыландыруға салықтық жеңілдіктер қарастыру сынды тетіктерді жетілдіру қажет. Ғылыми зерттеулердің нәтижелерін нақты өндірістік салаға енгізу, патенттеу жүйесін жетілдіру және стартап мәдениетін дамыту казакстандық ғылымның бәсекеге қабілеттілігін арттырудың

басты құралдары болып табылады. Қазақстанда зерттеушілердің ғылыми жаңалықтарын патенттеу мәселесі әлі де күрделі. Ғалымдардың өнертабыстарын тіркеу, оларды заңнамалық тұрғыда қорғау және ғылыми зерттеулерді коммерциялық өнімге айналдыру үдерісін жеңілдету қажет. Отандық ғалымдардың ғылыми жаңалықтарының халықаралық деңгейде мойындалуы үшін патенттеу жүйесін халықаралық стандарттарға сәйкестендіру маңызды. Стартап мәдениетінің дамуы ғылыми инновацияларды нарыққа жылдам енгізуге мүмкіндік береді. Бүгінде әлемде көптеген ғылыми жаңалықтар стартап жобалар арқылы ілгерілетілуде. Қазақстанда да инновациялық кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасалуда. Кейбір жоғары оқу орындарында студенттер мен жас ғалымдарға өздерінің стартаптарын дамытуға қолдау көрсететін орталықтар жұмыс істейді. Алайда бұл үдерістің қарқынын арттыру үшін ғылымды қаржыландыру жүйесінде венчурлік инвестицияларды кеңейту, технологиялық инновацияларға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар аясында стартап жобаларға көбірек көңіл бөлу және ғылыми-техникалық жетістіктерді коммерцияландыру стратегиясын жетілдіру қажет. Қазақстан ғылымының бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін ғылыми-зерттеу жұмыстарын қаржыландыру механизмін жетілдірумен қатар, олардың нақты экономикаға ықпалын күшейту қажет. Ғылыми зерттеулердің өндірістік және технологиялық процестерге интеграциялануы елдің экономикалық дамуы үшін маңызды. Сондықтан ғылыми-техникалық жаңалықтарды өндірісте қолдануды ынталандыру, инновацияларды өндіріске енгізуге жәрдемдесетін институттар құру және ғылымды қаржыландырудың балама көздерін дамыту қажет. [4,102]

Педагогикалық әдістер мен білім беру жүйесін модернизациялау да заманауи білім беру үрдістерінің басты бағыттарының бірі. Қазақстандық мектептерде STEAM-оқыту әдістері, цифрлық технологиялармен жабдықталған сыныптар мен виртуалды зертханалар тәжірибеге енгізілуде. Сонымен қатар, оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға бағытталған білім беру реформалары жүзеге асырылуда. Мұның бәрі әлемдік білім беру жүйесіндегі озық тәжірибелерге негізделген өзгерістер болып табылады [5,118].

Педагогикалық әдістер мен білім беру жүйесін модернизациялау – қазіргі заманғы білім беру үрдісінің ажырамас бөлігі. Әлемдегі ғылыми-технологиялық прогресс білім беру саласына айтарлықтай ықпал етіп, оқыту әдістерін жаңартуды және оқушылардың білімін бағалаудың жаңа тәсілдерін енгізуді қажет етеді. Қазақстанда білім беру жүйесінің сапасын арттыру мақсатында оқыту әдістерін жетілдіру, цифрлық технологияларды енгізу және оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша бірқатар реформалар жүзеге асырылуда. Бұл өзгерістердің барлығы халықаралық тәжірибеге негізделген және еліміздің білім беру жүйесін әлемдік стандарттарға сәйкестендіруді көздейді. Қазақстандық мектептерде STEAM-оқыту әдістерін енгізу қазіргі білім беру реформаларының маңызды бағыты болып табылады. STEAM-білім беру ғылым (Science), технология (Technology), инженерия (Engineering), өнер (Arts) және математика (Mathematics) салаларын біріктіріп, оқушылардың сыни ойлау, шығармашылық қабілеттері мен зерттеушілік дағдыларын дамытуға бағытталған. Бұл әдіс дәстүрлі оқыту жүйесінен айырмашылығы, пәнаралық байланысты күшейтіп, білім алушыларға алған білімдерін практикада қолдануға мүмкіндік береді. Қазақстанда STEAM-білім беруді дамыту мақсатында арнайы ресурстық орталықтар ашылып, мектептерде осы әдісті енгізуге арналған бағдарламалар әзірленуде. Мұғалімдер үшін STEAM-әдістерін меңгеруге арналған курстар ұйымдастырылып, олардың кәсіби біліктілігі жетілдірілуде. Білім беру жүйесінің цифрландырылуы да маңызды үрдістердің бірі болып отыр. Қазақстан мектептерінде цифрлық технологиялармен жабдықталған сыныптар мен виртуалды зертханалар кеңінен енгізілуде. Бұл оқушылардың оқу материалдарын тереңірек түсінуіне, тәжірибелік дағдыларын дамытуға және өз бетінше зерттеу жүргізуге мүмкіндік береді. Мысалы, виртуалды зертханалар химия, физика және биология пәндерін оқытуда қолданылады, бұл оқушыларға тәжірибелік жұмыстарды қауіпсіз ортада орындауға жағдай жасайды. Сонымен қатар, цифрлық білім беру платформалары оқушыларға қажетті оқу материалдарына қол жеткізуді жеңілдетіп, қашықтықтан оқыту мүмкіндіктерін кеңейтуде.

Функционалдық сауаттылық – оқушылардың алған білімдерін өмірлік жағдайларда қолдана алу қабілеті. Қазақстанда функционалдық сауаттылықты арттыруға бағытталған білім беру реформалары жүзеге асырылуда. Бұл реформалардың негізгі мақсаты – оқушылардың өздігінен ойлауын, мәселені шешу дағдыларын және практикалық білімін дамыту. Функционалдық сауаттылық тек академиялық біліммен шектелмейді, ол күнделікті өмірде кездесетін мәселелерді шешуге қажетті дағдыларды қалыптастыруды көздейді. Оқу бағдарламаларына жобалық жұмыстар, топтық тапсырмалар және шынайы өмірге негізделген практикалық міндеттер енгізіліп, оқушылардың білімді қолдану деңгейі бағалануда. Білім беру жүйесіндегі бұл өзгерістер халықаралық тәжірибеге сүйене отырып жүзеге асырылуда. Әлемнің дамыған елдері білім беру жүйесін үздіксіз жаңартып, оқыту әдістерін тиімді етуге баса назар аударуда. Қазақстан да осы үрдістен қалыс қалмай, әлемдік стандарттарға сай білім беру жүйесін құруға ұмтылуда. Заманауи оқыту әдістерін енгізу, цифрлық технологияларды пайдалану және функционалдық сауаттылықты дамыту – білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың маңызды шарттары. Қазіргі таңда білім беру жүйесінің модернизациясы жалғасуда және бұл үдеріс мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттырумен, оқыту бағдарламаларын жаңартумен қатар жүрде. Қазақстанда мұғалімдердің кәсіби деңгейін көтеруге ерекше көңіл бөлінуде. Біліктілікті арттыру курстары, педагогикалық инновацияларды енгізу және мұғалімдерді үздіксіз кәсіби дамуға ынталандыру арқылы білім беру сапасын жақсарту көзделген. Педагогикалық әдістер мен білім беру жүйесін модернизациялау – білім беру саласының басты міндеттерінің бірі. Білім сапасын арттыру, заманауи технологияларды қолдану және оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту арқылы Қазақстанның білім беру жүйесі халықаралық деңгейге жақындай түсуде. Бұл өзгерістер білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, олардың жаһандық экономикадағы сұранысқа ие маман болып қалыптасуына мүмкіндік береді. [6,145].

Ғылым мен білім саласындағы заманауи трендтердің ішінде цифрлық трансформация мен жасанды интеллекттің рөлі ерекше орын алады. Қазіргі таңда технологиялық жетістіктер білім беру жүйесінің барлық деңгейіне еніп, оқыту үдерісін түбегейлі өзгертіп жатыр. Цифрландырудың әсері оқу материалдарын беру тәсілінен бастап, студенттердің жетістіктерін бағалауға дейінгі барлық салаларда байқалады. Қазақстанда да бұл үрдістер кеңінен дамып, білім беру жүйесін жаңа деңгейге көтеруге ықпал етуде. Цифрлық педагогика соңғы жылдары білім беру саласындағы басты трендтердің біріне айналды. Бұл тәсіл білім беру мазмұнын заманауи технологиялар арқылы ұсынуды көздейді. Онлайн платформалар, мультимедиялық материалдар, виртуалды зертханалар мен симуляторлар білім алушыларға оқу материалын тереңірек түсінуге және оны тәжірибелік дағдылармен ұштастыруға мүмкіндік береді. Қазақстандық жоғары оқу орындарында цифрлық педагогика құралдары белсенді түрде енгізілуде. Мысалы, көптеген университеттерде электронды кітапханалар мен оқу ресурстарының қолжетімділігі кеңейтілуде, онлайн курстар әзірленіп, гибриді оқыту жүйесі қолданылуда. Бұл білім беру үдерісінің икемділігін арттырып, студенттердің өз қарқынымен білім алуына жағдай жасайды. Геймификация да білім беру саласындағы инновациялық бағыттардың бірі болып табылады. Бұл әдіс ойын элементтерін оқу процесіне енгізу арқылы студенттердің мотивациясын арттыруға негізделген. Геймификация элементтері оқушылар мен студенттердің қызығушылығын оятып, оларды белсенді түрде білім алуға ынталандырады. Қазақстандық білім беру мекемелері де бұл әдісті тәжірибеге енгізіп, студенттердің оқу материалын игеруін жеңілдетуге және оқу процесін қызықты әрі тартымды етуге тырысуда. Геймификацияның басты артықшылықтарының бірі – білім алушылардың сыни ойлау қабілетін дамытуға және оларды мәселені шешуге бағытталған тапсырмаларға қызықтыруға мүмкіндік беруі. Онлайн оқыту әдістерінің белсенді түрде дамуы білім алушыларға географиялық шекараларды еңсеруге және үздік білім беру ресурстарына қол жеткізуге мүмкіндік беруде. Қазақстандық жоғары оқу орындары да қашықтықтан оқыту технологияларын кеңінен енгізіп, білім беру үдерісін жаңғыртуда. Бұл үрдіс әсіресе пандемия кезінде қарқын алып, көптеген университеттер мен колледждер дәстүрлі оқытумен қатар, қашықтықтан оқыту әдістерін қолдана бастады. Онлайн оқытудың артықшылықтарының бірі – студенттерге өз уақыты мен оқу кестесін тиімді басқаруға мүмкіндік беруі. Сонымен қатар,

онлайн оқыту платформалары арқылы білім алушылар шетелдік университеттердің курстарына қатысып, қосымша білім алуға мүмкіндік алады. Жасанды интеллект білім беру үдерісіне ене отырып, оқытудың тиімділігін арттырып, білім беру әдістемелерін жетілдіруде. Қазақстандық жоғары оқу орындары жасанды интеллект негізіндегі платформаларды енгізу арқылы студенттерге жеке білім беру траекториясын ұсынуға мүмкіндік жасауда. Жасанды интеллект арқылы оқу бағдарламалары әрбір студенттің білім деңгейін бағалап, оның қажеттіліктеріне сәйкес жеке ұсыныстар береді. Бұл оқыту үдерісін бейімделгіш етіп, студенттердің білім сапасын жақсартуға ықпал етеді. Цифрлық бағалау жүйелері студенттердің үлгерімін бағалауда үлкен рөл атқаруда. Дәстүрлі бағалау әдістерімен салыстырғанда, цифрлық бағалау жүйелері анағұрлым объективті әрі дәлдікті қамтамасыз етеді. Қазақстанда көптеген жоғары оқу орындары тестілеу, тапсырмаларды тексеру және студенттердің жетістіктерін бағалау үшін автоматтандырылған жүйелерді енгізуде. Бұл бағалау процесінің ашықтығын қамтамасыз етіп, оқушылар мен студенттердің оқу нәтижелерін нақты талдауға мүмкіндік береді. Халықаралық әріптестіктің кеңеюі білім беру және ғылым саласындағы маңызды факторлардың бірі. Қазақстандық университеттер шетелдік білім беру мекемелерімен әріптестік орнатып, академиялық алмасу бағдарламаларына белсенді түрде қатысуда. Бұл үрдіс оқытушылар мен студенттердің ғылыми зерттеулерге тартылуын арттырып қана қоймай, сонымен қатар, еліміздің білім беру сапасын халықаралық деңгейге жақындатуға мүмкіндік береді [8,190].

Қорытындылай келе, Қазақстандағы білім мен ғылым жүйесінің даму перспективаларына әсер ететін негізгі факторлар – цифрлық трансформация, ғылыми зерттеулердің интернационализациясы, оқыту әдістерін жетілдіру және академиялық еркіндік қағидаттарын жүзеге асыру. Білім беру мен ғылым саласындағы реформалар елдің экономикалық және технологиялық дамуына тікелей ықпал ететін негізгі құралдардың бірі болып қала бермек. Ұлттық жүйені дамыту үшін жаңа технологияларды енгізу, ғылымды қаржыландырудың тиімділігін арттыру және әлемдік білім беру үрдістеріне бейімделу маңызды болып табылады [9,212].

Әдебиеттер:

1. Ахметова Г.Т. Білім беру жүйесіндегі цифрлық трансформация. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 256 б.
2. Жұмабаев С.Ж. Қазақстандағы жоғары білім: даму перспективалары. – Нұр-Сұлтан: Білім, 2020. – 310 б.
3. Нұрғалиев Р.К. Білім берудің инновациялық технологиялары. – Алматы: Ғылым, 2019. – 278 б.
4. Кенжебаев А.М. Ғылыми зерттеулерді коммерцияландыру мәселелері. – Қарағанды: Болашақ, 2022. – 189 б.
5. Исмаилов Б.Ц. Қазақстандық мектептердегі STEAM оқыту. – Шымкент: Өрлеу, 2021. – 220 б.
6. Оспанов Т.К. Академиялық еркіндік: жаңа мүмкіндіктер. – Өскемен: Шығыс, 2020. – 172 б.
7. Сейдахметова Л.А. Жасанды интеллект және білім беру. – Алматы: Ғылым, 2023. – 205 б.
8. Төлегенова А.Б. Қазақстандағы халықаралық білім беру әріптестігі. – Астана: Білім әлемі, 2019. – 240 б.
9. Баймұратов Д.С. Қашықтықтан оқыту технологиялары. – Орал: Университет баспасы, 2021. – 315 б.

ӘОЖ 870:682.1

**МҰҒАЛІМДЕР МЕН ОҚУШЫЛАР АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫ БАСҚАРУ:
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТТІҢ НЕГІЗДЕРІ**

Кайрат Диана

М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті 2 курс студенті

Ордабаева Раушан Біләнкызы

М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз қ.

Аннотация

Мұғалімдер мен оқушылар арасындағы қарым-қатынасты басқару — білім беру процесінде маңызды рөл атқаратын аспект. Бұл зерттеу педагогикалық менеджменттің негіздеріне арналған, оның ішінде мұғалімдер мен оқушылар арасындағы өзара іс-қимылды тиімді ұйымдастырудың әдістері мен стратегиялары қарастырылады. Мұғалімнің басқарушылық дағдылары, оқушылардың мотивациясын арттыру, психологиялық қолдау көрсету және тәрбие беру мәселелері зерттеледі. Педагогикалық менеджменттің тиімділігін арттыру үшін мұғалімдердің коммуникативтік қабілеттері, топтық динамиканы басқару және жеке тұлғаға бағытталған тәсілдерді қолдану қажет. Бұл жұмыстардың нәтижесінде мұғалімдер мен оқушылар арасындағы қарым-қатынас тиімдірек, сенімді әрі шығармашылықпен дамыған болады.

Abstract

Managing the relationship between teachers and students plays a crucial role in the educational process. This study is dedicated to the fundamentals of pedagogical management, focusing on methods and strategies for effectively organizing interactions between teachers and students. It explores the development of teachers' leadership skills, enhancing student motivation, providing psychological support, and addressing issues of education and guidance. To improve the effectiveness of pedagogical management, teachers need to utilize communication skills, manage group dynamics, and implement individualized approaches. As a result, the relationship between teachers and students becomes more effective, reliable, and creatively developed.

Қазіргі заманғы білім беру жүйесі үнемі жаңартып отыруды талап етеді, оның ішінде оқыту мен тәрбиелеу үдерісінің тиімділігі, оқушылардың жеке дамуында маңызды рөл атқарады. Осы үдерісте педагогикалық менеджменттің маңызы зор, себебі бұл процесс білім беру саласының барлық аспектілерін басқаруға мүмкіндік береді. Мұғалімдер мен оқушылар арасындағы қарым-қатынасты тиімді ұйымдастыру және басқару оқушылардың әлеуметтік дағдыларын, психологиялық жағдайларын және жеке тұлғалық даму мүмкіндіктерін айқындайды. Осы тұрғыдан алғанда, педагогикалық менеджменттің негізгі мақсаттары мен принциптері мектептегі қарым-қатынасты басқарудың маңызды аспектілерін құрайды. Қарым-қатынас дегеніміз – адамдардың өзара байланысуы, пікір алмасуы мен түсінісуі. Мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас – бұл білім беру процесінің негізгі элементі, себебі ол оқу нәтижелеріне тікелей әсер етеді. Тиімді қарым-қатынас, білім беру әдістерін қолдану, оқушыларды дұрыс ынталандыру, олардың оқу мотивациясын жоғарылатуға септігін тигізеді. Мұғалімнің жеке тұлғасы, оның білімділігі, сабырлылығы, әділдігі, мәдениеттілігі – оқушылардың оған деген сенімін қалыптастырады. Мұндай сенім нәтижесінде оқушылар өздерін қауіпсіз сезініп, жақсы нәтижелерге қол жеткізеді. [1]

Қазіргі заманғы педагогика мен психология білім беру процесінде адамдар арасындағы қарым-қатынастың әсері мен маңыздылығын терең зерттейді. Мұғалімдер мен оқушылар арасындағы тиімді қарым-қатынас білім сапасын арттыру, оқу мотивациясын көтеру, психологиялық климатты жақсарту үшін маңызды болып табылады. Осы тұста педагогикалық менеджменттің мәні айқын көрінеді. Педагогикалық менеджменттің негізгі мақсаттарының бірі – оқушылардың шығармашылық және тұлғалық дамуын басқару, олардың мотивациясын арттыру және оқу процесінде жан-жақты қолдау көрсету.

Педагогикалық менеджменттің тұжырымдамасы

Педагогикалық менеджмент — бұл білім беру ұйымының тиімді жұмыс істеуі мен оқу-тәрбие процесінің оңтайлы ұйымдастырылуын қамтамасыз ететін басқару саласы. Ол педагогикалық процесті жүйелі түрде жоспарлау, ұйымдастыру, бақылау және бағалаумен айналысады. Педагогикалық менеджменттің басты мақсаты — білім беру сапасын арттыру, оқушылардың тұлғалық және интеллектуалдық дамуына ықпал ету.[2]

Бұл басқару жүйесінің негізінде мұғалімдер мен оқушылар арасындағы қарым-қатынастарды үйлестіру жатады. Мұғалімдер оқушылармен кәсіби әрі психологиялық тұрғыда дұрыс қарым-қатынас орнатуы қажет. Бұл қарым-қатынас, өз кезегінде, оқу процесінің нәтижелі болуына әсер етеді.

Мұғалімдер мен оқушылар арасындағы қарым-қатынас технологиялары

Мұғалімдер мен оқушылар арасындағы қарым-қатынасты басқару үшін бірнеше әдістемелер мен стратегиялар қолданылады: ашық және сенімді қарым-қатынас.

Оқушылармен ашық әрі сенімді қарым-қатынас орнату – педагогикалық менеджменттің маңызды элементтерінің бірі. Мұғалімдер өз оқушыларына жан-жақты назар аударып, олардың пікірлерін тыңдап, оларға қолдау көрсетуі тиіс. Мұғалімнің жоғары кәсіби деңгейі мен эмоциялық тұрақтылығы оқушыларға дұрыс бағыт беруге және олардың оқу процесіне деген қызығушылығын арттыруға көмектеседі.[3]

Психологиялық климат-Педагогикалық ұжымдағы және оқушылар арасында жағымды психологиялық климат қалыптастыру — бұл оқу процесін тиімді басқарудың маңызды құрамдас бөлігі. Мұғалімдер оқу ортасының психологиялық ахуалына үлкен әсер етеді. Оқушылар арасында сенім мен құрметті қалыптастыру, өзара көмек көрсету, тұлғалық дамуға бағытталған атмосфера құру – педагогикалық менеджменттің негізгі міндеттері болып табылады.

Топтық жұмыс оқушылар арасындағы ынтымақтастықты арттырады, өзара көмек көрсетуге ықпал етеді. Бұл тәсіл мұғалімдер мен оқушылар арасындағы қарым-қатынастың тиімділігін арттыруда маңызды рөл атқарады. Топтық жұмыстар барысында мұғалімдер оқушылардың жеке ерекшеліктеріне назар аудара отырып, әрқайсысының шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасайды.

Педагогикалық менеджменттің принциптері мен әдістері

Педагогикалық менеджменттің бірнеше негізгі принциптері мен әдістері бар, олар мұғалімдер мен оқушылар арасындағы қарым-қатынасты тиімді басқаруға көмектеседі.

Педагогикалық коммуникацияның тиімділігі

Педагогикалық коммуникация — бұл мұғалім мен оқушы арасындағы ақпарат алмасу процесі. Бұл процеске мұғалімнің тілдік, эмоционалды және когнитивтік қабілеттері кіреді. Мұғалімнің коммуникативті дағдылары оқушылардың оқу мотивациясына, олардың оқу процесіне деген қызығушылығына және жеке дамуына әсер етеді.

Оқу мотивациясын арттыру - оқушылардың оқу мотивациясы – педагогикалық менеджменттің маңызды мәселелерінің бірі. Мұғалімдер оқушылардың оқу іс-әрекеттерін ынталандыру үшін әр түрлі әдістер мен стратегияларды қолдануы керек. Оқу мотивациясын арттыруға арналған әдістер: мақтау, ынталандыру, ойын түріндегі әдістер, оқушылардың оқу нәтижелерін бағалау және ұжымдық жұмыстар арқылы ынтымақтастықты дамыту. Дифференциация және индивидуация. Әрбір оқушының өзіндік ерекшеліктері мен қабілеттері бар, сондықтан мұғалімдер олардың оқу қажеттіліктерін ескеріп, оқыту процесін жекелендіріп ұйымдастыруы тиіс. Бұл әдіс оқушылардың жеке қажеттіліктері мен қызығушылықтарына сәйкес оқу бағдарламаларын бейімдеуді қамтиды. Мұғалімнің Рөлі мен құзыреттіліктері.

Мұғалім — бұл педагогикалық менеджменттің басты фигурасы. Оның рөлі тек оқыту мен тәрбиелеумен шектелмейді, сонымен қатар оқушылар арасындағы қарым-қатынастарды реттеу, олардың тұлғалық дамуына ықпал ету болып табылады. Мұғалімдер педагогикалық менеджменттің жүзеге асуына жауапты және оларды ұйымдастыруда ерекше маңызға ие. Мұғалімнің педагогикалық құзыреттілігі оқу процесінің тиімділігін арттыру үшін қажет. Құзыретті мұғалімдер оқушылардың түрлі қабілеттерін ескере отырып, әр түрлі әдістер мен тәсілдерді пайдалана отырып, білім беру процесін ұйымдастырады.

Қорыта айтқанда, мұғалімдер мен оқушылар арасындағы қарым-қатынасты басқару педагогикалық менеджменттің маңызды бөлігі болып табылады. Оқу процесіндегі қарым-

қатынас ашық, сенімді, әрі құрметке негізделген болуы керек. Мұғалімдер оқушылардың дамуына ықпал ету үшін тиімді педагогикалық әдістерді қолдануы тиіс. Педагогикалық менеджменттің дұрыс ұйымдастырылуы білім беру сапасын арттырып, оқушылардың жан-жақты дамуына ықпал етеді. Бұл, өз кезегінде, қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуына оң әсерін тигізеді.

Кілтті сөздер: Мұғалімдер мен оқушылар арасындағы қарым-қатынас, педагогикалық менеджмент, топтық жұмыс, педагогикалық коммуникация, оқу мотивациясын арттыру, дифференциация және индивидуация, құзыреттілік, оқушылардың тұлғалық дамуы, әдістер мен стратегиялар, қарым-қатынастың тиімділігі, жан-жақты қолдау көрсету.

Әдебиеттер:

1. Мухамбетова, Ж. (2016). Педагогикалық менеджмент: теориясы мен практикасы. Алматы: Білім.
2. Ахметова, А. (2020). Педагогикалық менеджмент негіздері. Алматы: Рауан.
3. Құдайбергенова, Б. (2019). Мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас. Астана: Педагогика баспасы.
4. Мухаметжанова, Г. (2018). Білім беру саласындағы басқару. Алматы: ТОО “Білім”.

ӨОЖ 37.01.12

КӨПМӘДЕНИЕТТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘНІ

Мамбетова Айбала Мамбетқызы

М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз қ.

Аннотация: В статье рассматриваются понятия «толерантность» и «мультикультурализм» как социально-педагогический смысл поликультурного образования, а также выявляются социально-педагогические условия, способствующие формированию мультикультурализма.

Annotation: The article examines the concepts of “tolerance” and “multiculturalism” as the socio-pedagogical meaning of multicultural education, and also identifies the socio-pedagogical conditions that contribute to the formation of multiculturalism.

Ключевые слова: Ключевые слова: мультикультурализм, толерантность, студенческая толерантность, поликультурная образовательная среда, толерантное общение, толерантное поведение.

Keywords: multiculturalism, tolerance, student tolerance, multicultural educational environment, tolerant communication, tolerant behavior.

Қазіргі әлемнің жаһандану процесі ұлттар мен халықтар арасындағы мәдени шекараларды кенейтіп, олардың өзара қарым-қатынасы мен мәдениаралық кеңістіктің байытылуына жағдай жасайды. Алайда, мәдени әртүрлілік, мәдени басымдықтары бар қақтығыстар әр ұлттың ұлттық бірегейлігін сақтауға қауіп төндіруі мүмкін, бұл басқа этникалық мәдениеттерге төзбеушілікке әкеліп соқтырады.

Қазақстан өзінің көпұлтты мемлекет болуымен ерекше және мықты. Оның жерінде керемет көпұлтты кеңістік қалыптасты. Қазақстанның көпмәдениеттілігі – қоғам дамуының озық факторы ретінде» деп, атап көрсеткен болатын. Қазақстан Республикасының халқы көп ұлтты, мысалы, қазақтар - 70,6%, орыстар - 14,9%, өзбектер - 3,18%, украиндар – 1,53%, ұйғырлар – 1,46%, немістер - 1,2%, татарлар – 1,11%, басқа ұлттар өкілдері – 5,1%. Бұл көпмәдениетті сипатты құруды талап етеді және бұл жұмысты қазіргі ғылым мен педагогикалық қолдануда маңызды етеді.

Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық құжаттары азаматтардың құқықтары мен бостандығын тануға, этносаралық тұрақтылықты сақтауға, қазақстандық патриотизмді және халықтың этникалық жаңғыруын бекітуге бағытталған және көпмәдениетті тәрбиенің ерекшелігін айқындайды. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру

стандарты, Қазақстан Республикасының Конституциясы, "Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңы, «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының этномәдени білім беру тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы, «Ұлттық рухани жаңғыру» бағдарламасы («Ұлттық рухани жаңғыру») ұлттық білім беру жүйесін сақтауға және нығайтуға, толеранттылықты қалыптастыру және тұлғаның әлеуметтік-мәдени қалыптасуына жағдай жасау бағытталған.

Тұжырымдамалардың негізгі міндеттерін шешу үшін жеке тұлғаны өзінің бастапқы мәдениетімен сәйкестендіру және басқа мәдениеттерді игеруі үшін арнайы жағдайлар жасау арқылы көпмәдениетті тұлғаны тәрбиелеу, мәдениеттер диалогына бағдарлау, көптілді тұлғаны қалыптастыру қажет. Ең бастысы, қазақстандық білім беру жүйесінің мақсаттық нәтижесі этномәдени білім беру ортасын құру және сақтау болып табылады.

Заманауи әлемдік қоғамдастықтағы динамикалық өзгерістер этномәдени рухани құндылықтарға, толеранттылыққа және ұлтаралық ынтымақтастыққа бағытталған көпмәдениетті тұлғаны дамытудың әлеуметтік қажеттілігін туындатып отыр.

Педагогикалық білім беру жүйесі болашақ педагогтердің жеке басын қоғамдық өзгерістерге бейімдейтін негізгі әлеуметтік институт болып табылады. Студенттің жеке басын дамытуға бағытталған педагогикалық мәселелерді анықтау, негіздеу және іске асыру негізінде қазіргі білім беру ортасы арқылы көпмәдениетті тұлғаны қалыптастыру қажеттілігі туындайды.

Осы орайда, студенттерінің көпмәдениеттілігін қалыптастыруды қамтамасыз ететін білім беру іс-әрекеттерін ұйымдастырудың әдіснамалық негіздердерінің перспективалық қолданысы аса қажет. Ғылыми материалдарды жүйелеу арқылы Қазақстан Республикасының білім беру ортасында студенттің көпмәдениетті тұлғасын қалыптастырудың педагогикалық шарттарын анықтау және енгізу проблемасы арнайы зерделеу пәні болып табылмайтынын көрсетеді.

Көпмәдениеттілік құбылысы Е.В. Бондаревскаяның, К. Гаганованың, О.В. Гукаленконың, Ю.С. Давыдовтың, Г. Дмитриевтің, Б.А. Жетпісбаеваның, Т.В. Зиновьеваның, С.И. Левикованың, В.В. Макаевтің, Ш.М. Мұхтаровтың, М.А. Надырмағамбетовтің, С.Л. Новолодскаяның, Г.В. Платкинаның, Л.Л. Супрунованың, J. Banks, M. Hohmann, M. Kruger-Potratz, U. Sandfuchs, A. Schwarz, R. West-Pavlov ғылыми еңбектерінде қоғамның мәдени әртүрлі құбылысы ретінде қарастырылады. Көпмәдениетті тұлғаны қалыптастыру мәселесін зерделеуде Н.Л. Аширбагина, Б.Б. Бидова, Б.С. Гершунский, В.М. Соколов, Г.У. Солдатова, К.А. Тункина (толеранттылықты қалыптастыру теориясы), А.С. Кондина, О.Г. Лопухова, М.В. Черняк (мәдениетаралық өзара әрекеттесуді зерттеу еңбектері), Ю.В. Бромлей, С.И. Осипова, Г.У. Солдатова, Т.Г. Стефаненко, М.М. Шахбанова (ұлттық өзіндік сананы зерттеу), Н.И. Алмазова, М. Ахаева, А. Даурова, Б.А. Жетпісбаева, Д.Л. Чан, М. Yugan, D. Kaufman, R. Wei (мультилингвизм арқылы жеке тұлғаны қалыптастыру мәселесі арналған еңбектер), Ю.В. Агранат, Д.С. Батарчук, Р.Н. Шалумова және т.б. студенттің көпмәдениетті тұлғасын қалыптастырудың педагогикалық жағдайларын зерттеу кезінде бұл құбылысты біртұтас жүйе ретінде анықтауға мүмкіндік беретін тұлғаға бағытталған, жүйелік-тұтас, әлеуметтік-мәдени, белсенділік тәсілдеріне сүйенеді. Зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде Орта тәсіл студенттердің көпмәдениетті тұлғасын қалыптастыруға ықпал ететін педагогикалық жағдайларды зерттеуге қолданылмады.

«Білім беру ортасы» категориясын зерттеу үшін базалық талдау кезінде Г.М. Андрееваның, Г.Ю. Беляевтің, Л.С. Выготскийдің, Н.Б. Крылованың, Т.В. Менгтің, В.И. Пановтың, В.И. Слободчиковтың, С.В. Тарасованың, А.Н. Тубельскийдің және басқалардың қоршаған ортамен өзара әрекеттесу кезінде жеке тұлғаны қалыптастыру шарттары мен мүмкіндіктерінің жиынтығы ретінде қарастырған жұмыстарын зерттеу маңызды болып табылды.

Білім беру ортасында студенттің көпмәдениетті тұлғасын қалыптастырудың педагогикалық жағдайларын анықтау және енгізу мәселесін шешуде В.П. Беспальконың, Б.А. Глинскийдің, В.И. Загвязинскийдің, И.А. Колесникованың, В.А. Стоффтың педагогикалық модельдеу теориясын зерттеуге арналған еңбектері маңызды.

Сондай-ақ, К.А. Абульханова-Славская, С.Л. Рубинштейн, А.В. Мудриктің жеке тұлғаның субъективтілігін дамыту мәселесі бойынша; В.Д. Гатальский, С.С. Гил, И.А. Маврина, Р.М. Шамионовтың кәсіптік білім беру жүйесіндегі білім алушыларды әлеуметтендіру теориясы

бойынша, білім беру ортасында студенттің көпмәдениетті тұлғасының қалыптасуын бағалау критерийін анықтау кезінде негіз болып табылатын еңбектерін бөліп көрсету қажет.

Елімізде көпмәдениеттілік туралы ойлар ұлы ғалымдар мен ағартушылар әл-Фараби, Ж. Баласағұн, М. Қашқари, М.Х. Дулати, Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев, А. Байтұрсыновтың тәлім-тәрбиелік мұрасынан бастау алады.

Көпмәдениеттілік білім беру идеясын алғаш көтергендер қатарында ғалым-философтар М.М. Бахтин, Н.А. Бердяев, Н.О. Лосский болды. Қазақстанда бұл мәселе тәуелсіздік алған кезден бері кеңінен зерттеле бастады, ғалымдар М.А. Абсатова, М.Х. Балтабаев, Р. Башарұлы, Қ.Б. Бөлеев, Б.А. Жетпісбаева, К.Ж. Қожахметова, Ш.М. Мұхтарова, С.У. Наушабаева, В.В. Сергеева, С.А. Ұзақбаеваның және т.б. еңбектері жарық көрді. Көпмәдениетті білім берудің теориясы мен практикасына шетелдік ғалымдар В.С. Библер, Дж. Бэнкс, Р. Гарсия, К. Грант, Д. Голлник, А.Н. Джурицкий, Г.Д. Дмитриев, В.А. Ершов, Л.В. Колобова, М. Коул, Д. Ли, В.В. Макаев, З.А. Малькова, Л.Л. Супрунова, Е.Ф. Тарасов, В. Фтенакис, Ф. Чинн, А.В. Шафрикова үлкен үлес қосты.

Бүгінгі таңда әлемде кең өріс алып отырған көпмәдениетті білім берудің басты мақсатын айқындауды ғалымдар бірнеше тұрғыда қарастырады. Америкалық ғалымдар, мысалы, ең бастысы – америкалық қоғамның әрбір мүшесі өздерінің нәсілдік, ұлттық, әлеуметтік, гендерлік, мәдени және діни айырмашылықтарына қарамастан, білім берудің барлық деңгейінде сапалы білім алуы деп санайды. Ресейлік зерттеушілер мұндай білімнің негізгі мақсаты өскелең ұрпақты мәдени өзгешеліктерге құрметпен қарауға тәрбиелеу және көпмәдениетті ортада өмір сүруге даярлау деп есептейді.

Ғылыми әдебиеттерді теориялық талдау Қазақстан Республикасындағы болашақ педагогтердің жеке басының сапасы ретінде көпмәдениеттілікті дамыту проблемасын айқындауға қажетті білім беру ортасында студенттің көпмәдениетті тұлғасын қалыптастырудың нәтижелі педагогикалық шарттарын ұсынуға, көпмәдениетті тұлғаны қалыптастыру бағытындағы модельді әзірлеуге қажетті маңызды материалды ұсынады және келесі қайшылықтарды анықтауды қажет етеді:

- білім беру ортасы мүмкіндіктерінің, білім беру ресурстарының жеткіліксіздіктеріне қарамастан басқа ұлт өкілдеріне деген позитивті этникалық бірегейлігі, толеранттылығы (төзімділігі) мен құрметі, мәдениетаралық және тілаларлық өзара іс-қимылға дайындығы қалыптасқан көпмәдениетті тұлғаның қоғамда қажеттілігі;

- білім беру ортасында студенттің жеке қасиеті ретінде көпмәдениеттілікті қалыптастыруды қамтамасыз ететін педагогикалық жағдайларды мәдени және орта тәсілдері тұрғысынан және мәдени-білім беру ортасы арқылы білім алушының жеке басын қалыптастыру процесінің теориялық негіздерінің жеткіліксіздігін ғылыми-теориялық негіздеу;

- білім беру ортасында студенттің көпмәдениетті тұлғасын қалыптастырудың педагогикалық жағдайларын ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі.

Көрсетілген қарама-қайшылықтарға сәйкес білім беру ортасында студенттің көпмәдениетті тұлғасын қалыптастыруды қамтамасыз ететін педагогикалық жағдайлардың мәдени және қоршаған орта тәсілдері тұрғысынан ғылыми тұжырымдау және жобалау зерттеу мәселесі ретінде анықталды. Мәлімделген мәселені шешу арқылы анықталған қайшылықтарды жою қажеттілігі ғылыми зерттеудің өзектілігін растайды.

Ғылыми зерттеу жұмысының объектісі ретінде білім беру ортасында студенттердің көпмәдениетті тұлғасын қалыптастыру алынды. Ал Қазақстан Республикасындағы болашақ педагогтердің көпмәдениетті тұлғасын қалыптастыруды қамтамасыз ететін педагогикалық шарттар зерттеу жұмысының пәні болып табылады.

Зерттеу жұмысының мақсаты: білім беру ортасында студенттердің көпмәдениетті тұлғасын қалыптастыруды қамтамасыз ететін педагогикалық шарттарды теориялық негіздеу, анықтау және іске асыру.

Зерттеу мақсатына сүйене отырып, келесі міндеттер анықтау қажеттілігі туындап отыр:

1. Студенттердің көпмәдениетті тұлғасының негізгі қасиеттерін анықтау, білім беру ортасының параметрлерін талдаудың әдіснамалық тәсілдерін негіздеу.

2. Білім беру ортасында студенттің көпмәдениетті тұлғасының қалыптасуын бағалау критерийлері мен көрсеткіштерін негіздеу.

3. Білім беру ортасында студенттің көпмәдениетті тұлғасын қалыптастыру моделін жобалау және сынақтан өткізу (Қазақстан Республикасының мысалында).

4. Білім беру ортасында студенттің көпмәдениетті тұлғасын қалыптастырудың педагогикалық шарттарын тәжірибелік-зерттеу жолымен тексеру.

Жоғары білім беру саласы жеке тұлғаны, оның кәсіби бейімделуі, қалыптасуы және әлеуметтенуы процесіне мақсатты ықпал ететін жетекші әлеуметтік институттарының бірі болып табылады. Қазақстандағы оқу орындары қазіргі білім беру жағдайы мәдени бағдарланған білім берудің түбегейлі жаңа модельдерін, сонымен қатар практикаға енгізуді инновациялық парадигмаларын талап етіп отыр.

Қазіргі педагогикалық шындықтар білім берудегі этномәдени факторды ескереді, екінші жағынан- әр түрлі этностардың, конфессиялардың, нәсілдердің, басқа халықтардың мәдениетін білуге, адамдар арасындағы толерантты қатынастарды тәрбиелеуге жағдай жасау. [1]. Осыған байланысты көпмәдениетті білім беру мәселесі бүгінде өзекті болып отыр.

Халықаралық білім беру энциклопедиясы көпмәдениетті білім беруді қазіргі білім берудің маңызды бөлігі ретінде қарастырады: басқа мәдениеттер туралы білімді игеру, салт-дәстүрлердегі, өмір салтындағы, халықтардың мәдени құндылықтарындағы жалпы және ерекше нәрсені түсіну, жастарды егін-мәдени жүйелерді құрметтеу рухында тәрбиелеу.

Көпмәдениетті тұлғаны қалыптастыру идеясы қазақ халық педагогикасында әрқашан орын алған [2]. Бүгінгі таңда жоғары білім беру саласындағы көпмәдениетті тәрбие мәселелері әрдайым өзекті. Бұл Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекетінің қалыптасуымен, халықтың этномәдени ерекшеліктерімен және біртұтас білім беру жүйесінің жарты ғасырлық үстемдігімен байланысты.

Бұл жағдайда қазақстандық қоғамға білім берудің жаңа парадигмасы қажет, оның ең маңызды міндеті білім алушылардың патриоттық және көпмәдениеттілігін тәрбиелеу болуы тиіс [3].

Мәдениеттің полифониясы ғана ойлау мен әрекет полифониясын қалыптастыруы мүмкін. Тек өз халқының ең жақсы дәстүрлерінде тәрбиеленген, ана тілін білетін және өзін-өзі бағалауды білетін адамдардан тұратын қоғам басқа мәдениеттің, шет тілінің өзіндік ерекшелігіне, азаматтық келісімі мен бейбітшілігіне қабылдауға қабілетті [4].

Осыған байланысты отандық гуманитарлық және жаратылыстану ойының жетістіктеріне негізделетін көпмәдениетті білім беру кеңістігін дамыту және жетілдіру өте қажет.

Көпмәдениетті білім беру әр түрлі халықтардың көзқарастары мен нанымдарын білдіретін дәстүрлер, рәсімдерді білім беру мен ұлттық құндылықтарды берудің ресми және бейресми жүйелерін зерттеуге бағытталған. М.М. Бахтин жазғандай, басқа мәдениетпен диалог арқылы ғана өзін-өзі танудың белгілі бір деңгейіне қол жеткізуге болады, осылайша екі мәдениеттің диалогтық кездесуіндегідей, әрқайсысы бір уақытта екіншісін байыта отырып, өзінің бірлігі мен ашық тұтастығын сақтайды. Көпмәдениетті білім беру логикасында студенттерді Қазақстан мен әлемнің мәдени дамуы тұрғысынан өз тарихымен, көркем өнерімен, дәстүрлерімен таныстырған жөн.

Көпмәдениетті білім беруді жүзеге асырудағы мұндай бағыт студенттердің өз халқының мәдениетін жан-жақты игеруіне, басқа мәдениеттерге интеграцияланудың ажырамас шарты ретінде бағдарлауға; студенттерді адам құқықтары мен бейбітшілікке үйрету; Қазақстанда және әлемде мәдениеттердің алуан түрлілігі туралы түсініктерді қалыптастыру; позитивті тәрбие беру адамзаттың алға жылжуына ықпал ететін мәдени айырмашылықтарға қатынасы; басқа халықтардың мәдениеттеріне интеграциялау үшін жағдай жасау; әртүрлі мәдениеттердің өкілдерімен тиімді қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру; ізгілікті ұлтаралық қарым-қатынас, бейбітшілік, төзімділік, адамгершілік рухында тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

Көпмәдениетті білім беру кеңістігінің құрамдас бөліктері - құндылық-мазмұндық; тұлғалық-бағдарланған; операциялық-белсенділік; өңірлік интеграциялық болып табылады. Олар студенттердің жеке тұлғаға деген қарым-қатынастарының кешенін педагогикалық өзара

әрекеттестіктегі ең жоғары құндылығы, мәдени өзін-өзі анықтауға және өзін-өзі өзгертуге қабілетті өмір субъектісі ретінде көрсетеді; әр адамға көмек пен қолдау көрсетуге қабілетті, мәдени қатынастар, құндылықтар және қызмет әлемінде жеке өзін-өзі анықтау; білімнің мазмұны мәдени процесс ретінде, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар, диалог және ынтымақтастық; көп мәдениетті білім беру кеңістігі ретіндегі құндылықтар, мәдениетаралық қарым-қатынас, адамды ұлттаралық тәрбиелеу жүзеге асырылады [4].

Педагогикалық жоғары оқу орындарының студенттерімен жұмыста алған білімдері мен қалыптасқан көзқарастарын болашақ мұғалім ретінде кейінгі ұрпақтарға беруін басшылыққа алу қажет. Шындығында педагогикалық университет түлегі – ұрпақтар арасындағы дәнекер, қоғамдық-тарихи тәжірибені жеткізуші. Мұғалімдік мамандық дуальды оқытуды – арнайы және адами зерттеулер талап етеді.

Көпмәдениетті орта жағдайында оқыту мен тәрбиелеудің мақсаты студенттерде тұлға, қоғам, мемлекет сияқты деңгейлерде толерантты сананы қалыптастыру болып табылады. Осыған сүйене отырып, білім беру стратегиясы қоғамдағы толерантты нанымдардың, көзқарастардың, толерантты мінез-құлық дағдыларының қалыптасуына ықпал ететін педагогикалық жағдайларды құруға, сондай-ақ барлық мүдделі тұлғалардың қатысуымен болашақ кәсіби қызметке ықпал етуі керек.

Толеранттылық – барлық елдер үшін ең маңызды мәселе, еркін қоғам мен мемлекеттік тұрақтылықтың белгісі. «Толеранттылық» (лат. «tolerantia» - шыдам, төзім) басқалардың пікіріне, наным-сеніміне, жүріс-тұрысына, өмір сүру жағдайына түсіністікпен қарау, адамды сол қалпында қабылдау. Толеранттылық- адам құқығы мен бостандығы, плюрализммен қатар негізгі демократиялық принциптердің бірі болып есептеледі. Толеранттылыққоғамның жалпы және саяси мәдениетінің деңгейінің көрсеткіші. Толеранттылық бүгінгі қазақ тіліндегі ғылыми айналымға «төзімділік» болып еніп отыр. Бірақ кейбір көзқарастар, мысалы, Марголина Т. «төзімділік» (терпимость) пен «толеранттылық» ұғымдарын ажырата келе, төзімділік өзгеге жол беру және оның амалсыздан істелетін шара екендігін айтса, «Толеранттылық» адам өз еркімен және саналы түрде баратын белсенді әлеуметтік мінез-құлық деп баға береді [1].

Қазіргі педагогикалық әдебиеттерде «толеранттылық» ұғымы бірнеше тұрғыдан қарастырылады: Л.В. Мардахаев толеранттылықты адамның моральдық сапасы немесе моральдық бағалаудың шектелуімен, моральдық және әлеуметтік зұлымдықты қабылдаудың агрессивті емес тәсілімен, басқа адамдар мен халықтардың мүдделерін ескеруге деген ұмтылыспен сипатталатын қоғамдық мораль жағдайы ретінде қарастырады; Е.И. Касьянова толеранттылықты адамның немесе адамдар тобының басқа адамдармен немесе басқа менталитет пен өмір салтына тән топтармен бірге өмір сүру қабілеті деп түсінеді. Гордон Олпорттың пікірінше, «толеранттылық - бұл мінез-құлық белгісі-позитивті жеке тұлға білімі, ол жеке көзқарас сияқты, тұтас тұлға құрылымында функционалды мәнге ие» [5]. Анықтамалардың мазмұны: толеранттылық психологиялық-педагогикалық категория ретінде адамның моральдық сапасы немесе әлеуметтік мораль жағдайы ретінде анықталады, ол әр адамның құндылығын бір уақытта біле отырып, басқа адамды қабылдаумен және түсінумен сипатталады, деп тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

Толеранттылық – болашақ педагогтердің кәсіби жеке қасиеті ретінде өз міндеттерімен, мазмұнымен және қызметінің сипатымен ерекшеленуі тиіс. Педагогикалық жоғары оқу орындарының болашақ түлектерінің махаббат, бостандық, ар-ұждан, сенім, жауапкершілік, және толеранттылық іспеттес рухани құндылықтары тек төзімділік ретінде емес, керісінше басқалармен бірге өмір сүруге, басқаның дамуына үлес қосуға қабілетті кәсіби мәдениетінің басым құндылықтарына айналуы қажет.

Толерантты тұлға өзінің құндылықтары мен кемшіліктерін түсінуге тырысады, өзіне сыни тұрғыдан қарайды және өзінің барлық қиындықтарында басқаларды кінәлауға тырыспайды, өзін қауіпсіз сезінеді, сондықтан өзін басқа адамдардан қорғауға тырыспайды, жауапкершілікті басқаларға жүктемейді, әрқашан өз іс-әрекеттері үшін жауап беруге дайын, әлемді өзіндік болмысымен қабылдайды, жұмыста, шығармашылық ізденісте, рефлексияда, проблемалық

ситуацияларда өзіне көбірек назар аударады, нақты тұжырымдай біледі, басқа адамдарды өзінен жоғары қоюға тырыспайды, демократиялық қоғамда өмір сүруді таңдайды.

Мұғалімнің идеологиялық сенімдер жүйесінде толеранттылықты қазіргі көпұлтты, көпконфессиялы қоғамның интеграциялық функциясын қамтамасыз етуге болатын басты шарт ретінде түсінуі өте маңызды, сонымен қатар, толеранттылықты - азаматтық тәрбиенің өмір сүру дағдыларын дамытуға негізделуі ретінде түсіну, барлық азаматтарға тән тең құқықтарды тану, басқа мәдениетті түсіну және қабылдау сияқты біздің заманымызға тән тәрбиелік талап ретінде қабылдауы шарт.

Көпұлтты және көпконфессиялы қоғамда студенттермен тиімді өзара әрекеттесуге ықпал ететін көпмәдениетті толеранттылық болашақ мұғалімнің негізгі қасиетіне айналуы тиіс.

Көпмәдениетті білім беру мәселесіне арналған теориялық еңбектерді талдау (Н.В. Барышников, В.А. Власов, К.Ж. Қожахметова, В.В. Мақаев, З.А. Малкова, Ж.Ж. Наурызбай, Л.Л. Супрунова, П.В. Сысоев және т.б.) университеттің көпмәдениетті ортасындағы негізгі ағартушылық-тәрбиелік білім беру бағыттарын анықтауға мүмкіндік берді:

- болашақ мұғалімдердің әртүрлі мәдениеттердің алуан түрлілігі туралы идеяларын қалыптастыру (нәсілдік, этникалық, әлеуметтік, гендерлік, діни);
- әр түрлі ұлт өкілдерімен (нәсілдер, діндер, әлеуметтік топтар) қарым-қатынас жасау және ынтымақтастық дағдыларын қалыптастыру;
- басқа халықтардың мәдениетіне кірігу үшін жағдай жасау;
- мәдени айырмашылықтарға оң көзқарасты тәрбиелеу, мәдениеттердің теңдігін түсіну;
- бейбітшілік, толеранттылық, адамгершілік қарым-қатынас рухында тәрбиелеу, яғни гуманистік дүниетанымды қалыптастыру;
- қолданыстағы мәдени шараларды шешуге бағытталған белсенді қызметке жәрдемдесу мәдени кемсітушілікті (дискриминация), мәдени агрессияны және мәдени вандализмді азайту.

Білім беру ортасында көпмәдениетті білім беру аясында студенттердің толеранттылығын мынандай педагогикалық шарттар арқылы қалыптастыруға болады:

- студенттердің оқу және аудиториядан тыс іс-әрекеттінің бірлігі;
- студенттерге ақпараттық- психологиялық білім беру және оқыту;
- студент-оқытушы» тұлғалық-бағдарлық өзара әрекеті;
- көп ұлтты мекемелерде педагогикалық практиканы ұйымдастыру және өткізу;
- студенттердің тұрақты жұмыс істейтін ғылыми-зерттеу қоғамдарын ұйымдастыру;
- білім беру мазмұнына тұрмыстық, ұлттық мәдениет элементтерін мақсатты түрде енгізу, мәдениетаралық өзараәрекеттесудің аксиологиялық және нормативтік формаларын ендірудің негізін құрау.

Бұл педагогикалық шарттар білім беру процесіне қатысушылардың мәдениет саласынан білімімін кеңейтуге, олардың толеранттылыққа деген көзқарасын қалыптастыруға, білім беру процесін жүйелілі бірінділікте қабылдауға мүмкіндік береді. Ұсынылып отырған шарттарды болашақ мұғалімдерді даярлау процесінде оқытылатын базалық және бейімдік пәндер барысында жүзеге асыруға болады.

Толеранттылық педагогикасы саласындағы ғылыми зерттеулерді ұйымдастырудың маңызы зор (зерттеу топтарындағы жұмыс, курстық және дипломдық жұмыстарды жазу).

Көпмәдениетті тұлға қалыптастыру бағытындағы жұмыстарды жүзеге асыруда мынадай мақсаттар қойылады:

1. Жан-жақты, үйлесімді дамыған, ұлттық салт-дәстүрлер, қазақы құндылықтар мен әлемдік мәдениеттің негізінде шығармашылықпен өзін-өзі дамытуға қабілетті және этномәдениеттілік пен азаматтық позициясын анықтап, оны іске асыра алатын тұлғаны қалыптастыру;
2. Мектеп пен жоғары оқу орны түлектерін қазіргі өркениет пен көпұлтты еліміздің өмір жағдайына тиімді дайындау, өзін-өзі жетілдіру мүмкіндіктерін кеңейту, әлеуметтік өсуі мен өмір сапаларын арттыру;

3. Еліміздің білімдік және кәсібилік деңгейі дәрежесін арттыру, жастарды ашық көпмәдениетті және көптілді әлемде жауапкершілікті және зиялы етіп дайындау, белсенді ұйымдастырушы етіп тәрбиелеу

Бұл аталған мәселенің өзегінде мұғалім тұрады. Оқушылардың бойында төл тарихына, туған өлкесіне, бай мәдениетіне деген қызығушылықтарын қалыптастыруда мұғалім дайындығының ролі зор. Егер әр мұғалім күнделікті сабақ өткізгенде тапсырмаларын ұлттық құндылық негізінде ұсынса, көпмәдениетті тұлғаның қасиеттері оқушылар бойында қалыптасады.

Сондықтан да көпмәдениетті тұлға:

- өмір сүру жағдайларына бейімделген әрі өзге адамдармен әріптестік қатынас орната білетін;
- жеке, өзіне ғана тән ойы бар және өзге мәдени қоғамдар туралы көзқарастарын талдай алатын;
- дербес, өз ойын үнемі білдіре алатын, тәуелсіз болуы тиіс.

Көпмәдениетті білім беру - жалпы білім беру қазіргі кездегі маңызды құрылым, этника аралық интеграцияға бағытталғаны мен көбінесе салт-дәстүрлерде қайталанбас өмір бейнесінде, дүние тану құндылығымен мәдениетті өмірлік жанды құрмет ететін жастар тәрбиесі.

Ұлттық интеграционалдық тәрбие ерекшелігі нақты белгіленген. Полимәдениеттің өзара байланысы акценті мәдениет тәрбиесі, олардың біреуі ұлттық тәрбиемен сәйкес келеді. Сол уақытта да проблематика, ұлттық және мәдениеттері тәрбие ерекшелігінің мақсаты мен міндеттері. Ұлт ретінде, этника аралық пен ұлтаралық өзара әрекет тәрбиесі мәдениетті, өзара түсіну мен ұғыну сезімі қалыптасады, теңдік пен абырой, ұлттық және дискриминацияға қарсы тұру. Сонымен қатар ұлтаралық тәрбиеден ерекшелігі, көпмәдениетті тәрбие мәдени-білім құндылықтарын игеруді қарастырады, әр түрлі мәдени орталықтарды басқа мәдени құндылықтарға бейімдейді. Осыған сәйкес көпмәдениетті тәрбие этникалық және ұлттық ерекшеліктерді тәрбие жұмысында ең маңызды факторы деп есептейді, ал ұлтаралық тәрбие жеке тұлғаның қалыптасуында этникалық мәдениетке сүйенбейді. Полимәдениетті тәрбие өзгешелік үлкен және кіші ұлт жағдай шарттарының интеграциясы әр алуан.

Көпмәдениеттілік - қазіргі қоғамның негізгі сипаттамаларының бірі болып табылады. Қазіргі қоғамда азды-көпті мәдени ерекшеліктері бар этникалық, жыныстық, жастық, кәсіптік топтарды анықтау керек.

Біздің Дулати университетінің мысалында көпмәдениетті қоғамды қарастырамыз, өйткені бұл университеттің кәсіби ортасы әртүрлі ұлт пен әлеуметтік мәртебенің өкілдерін қамтиды. Осыған байланысты тату-тәтті өмір сүру үшін қарым-қатынас жолдарын іздеу қажеттілігі туындайды.

Ойды тұжырымдай айтқанда, заманауи көпэтникалық кеңістік жағдайында жеке және кәсіби құзыреттілікті іске асыруға қабілетті толерантты тұлғаны қалыптастыру – бұл уақыттың объективті талабы. Толеранттылықтың әртүрлі түсіндірмелерін талдау, қарастырылып отырған зерттеу бағытында студенттің толеранттылығы ұғымын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Студенттің толеранттылығы - бұл сыйластық көзқарастың жеке көріністері, студенттердің Қазақстанды мекендейтін халықтардың мәдениетін сыйластық, достық көзқараспен қабылдауы, дұрыс түсінуі, басқаның құндылығын бағалай білуі, адами қарым-қатынаста болуы, жағымды мінез-құлық танытуы, проблемалық жағдайларды шешуде ізгілікті ниет көрсетуі және т.б.

Қазақстанның білім берудегі стратегиялық міндеттерінің бірі - ең үздік Қазақстанның білім беру дәстүрлерін сақтай отырып, мектеп түлектерін халықаралық білім сапасымен қамтамасыз ету.

Әдебиеттер:

1. Марголина Т. Толерантность – это не попустительство пороку. Толерантность – это великая душа //Известия. - 2010. – №5. – С. 41-44. [2] Гордон У.Оллпорт Толерантная личность //Век толерантности.– 2003. - №5. – С. 27-31.

2. Есекешева М. «Ұлттық тәрбие беру-өзекті мәселе» //Қазақстан мектебі. -2009. -№11. 69-72б.
3. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық» жаңғырту-Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы 2012 жылғы 27 қаңтар, Астана.
4. Ахутина Т.В. Томаселло Майкл. Кіріспе мақала: Адами қарым-қатынас бастаулары /ағылшын тілінен аударма М.В.Фаликман, Е.В.Печенкова, М.В.Синицина, А.Кибрик, - М.,:2011.
5. Сыродеева А.А. Поликультурное образование: Учебно-методическое пособие. - М., 2001 ж.

ӘЖ 811.512.122

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ НЕОЛОГИЗМДЕР. ЖАҢА СӨЗДЕРДІҢ ПАЙДА БОЛУЫ МЕН ҚОЛДАНЫЛУЫ

Молдабаева Айнур Айтмухановна

М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз қ.

Аннотация. Бұл мақалада қазақ тіліндегі неологизмдер және олардың қалыптасу ерекшеліктері жан-жақты қарастырылады. Қазіргі таңда ғылым мен технологияның қарқынды дамуы, жаһандану үдерісі, мәдени және әлеуметтік өзгерістер тілімізге жаңа сөздердің енуіне ықпал етуде. Осы орайда, неологизмдер тілдің лексикалық құрамын толықтырып, оның икемділігі мен дамуын қамтамасыз ететін маңызды факторлардың бірі болып табылады. Мақалада неологизмдердің пайда болу жолдары, олардың жасалу тәсілдері мен қалыптасу ерекшеліктері талданады. Атап айтқанда, жаңа сөздердің тілдік жүйеге енуінің негізгі механизмдері қарастырылып, олардың қолданыста тұрақтану деңгейі сипатталады. Сонымен қатар, шет тілдерінен енген кірме сөздер мен қазақ тіліндегі төл неологизмдердің арасындағы айырмашылықтар көрсетіліп, олардың тіліміздегі маңыздылығы сарапталады.

Кілт сөздер: неологизм, жаңа сөздер, сөзжасам, тілдік жаңару, қазақ тілі, терминология, кірме сөздер, лексикалық инновация, жаһандану, тіл дамуы.

Annotation. This article discusses in detail the neologisms in the Kazakh language and the features of their formation. Currently, the rapid development of Science and technology, the process of globalization, cultural and social changes contribute to the introduction of new words into our language. In this regard, neologisms are one of the most important factors that complement the lexical composition of the language, ensuring its flexibility and development. The article analyzes the ways of emergence of neologisms, the ways of their creation and the features of their formation. In particular, the main mechanisms of entry of new words into the language system are considered and the level of their stabilization in use is described. In addition, the differences between foreign words and native neologisms of the Kazakh language are shown, and their significance in our language is analyzed.

Keywords: neologism, new words, word formation, language renewal, Kazakh language, terminology, input words, lexical innovation, globalization, language development.

Қазіргі жаһандану дәуірінде тілдің өзгеруі мен дамуы табиғи құбылыс болып табылады. Әлемдік ғылыми-техникалық прогресс, әлеуметтік өзгерістер және мәдени ықпалдастық жаңа ұғымдар мен терминдерді өмірге әкеледі. Осы өзгерістердің нәтижесінде қазақ тіліне де жаңа сөздер – неологизмдер еніп, тілдік қорды байытады. Олар тек лексикалық құрамды толықтырып қана қоймай, қоғамның жаңару үрдістерін де бейнелейді. Сондықтан қазақ тіліндегі неологизмдердің пайда болу жолдарын, олардың қолданысын және тұрақтану деңгейін зерттеу – тіл ғылымының өзекті мәселелерінің бірі. Неологизм (грек. néos – "жаңа" және lógos – "сөз, ұғым") – белгілі бір тілге жаңадан енген немесе жасалған сөздер мен тіркестер. Олар белгілі бір уақыт аралығында кең қолданысқа еніп, тілдің негізгі бөлігіне айналуы немесе белгілі бір салада ғана қолданылуы мүмкін. Неологизмдер ғылым, техника, экономика, мәдениет және әлеуметтік өмірдің әртүрлі салаларында белсенді түрде пайда болады. Неологизмдер – кез келген тілдің тарихи дамуында кездесетін құбылыс. Бұл ұғым лингвистикада ХІХ ғасырдан бастап кеңінен

зерттеле бастады. Алғашында неологизмдер әдеби тілдегі жаңашылдықтар ретінде қарастырылды, бірақ ХХ ғасырда ғылыми-техникалық революциямен бірге олардың тілдегі орны күшейе түсті. Қазақ тілінде неологизмдер ертеден қалыптасып, әр дәуірде әртүрлі сипатқа ие болды. Бүгінде неологизмдер көбінесе технологиялық және ақпараттық даму нәтижесінде пайда болуда. Мәселен, "фрилансер", "челлендж", "блогер" сияқты сөздер жастар арасында кең таралған. Осылайша, неологизмдер қазақ тілінің дамуында маңызды рөл атқарып, оны заман талабына сай жанартып отырады. [1]

Неологизмдер – белгілі бір тілде жаңадан пайда болған немесе шет тілдерден енген жаңа сөздер мен сөз тіркестері. Олар қоғамның әлеуметтік, ғылыми-техникалық және мәдени өзгерістеріне байланысты туындайды. Лингвистикада неологизмдер тілдің даму көрсеткіші ретінде қарастырылады, өйткені олар жаңа ұғымдарды, құбылыстарды, заттарды немесе әрекеттерді сипаттайды. Тіл білімінде неологизмдер зерттеу нысаны ретінде ХХ ғасырдан бастап кеңінен қарастырыла бастады. Олардың пайда болу себептері мен тілдік жүйедегі орны туралы көптеген теориялар бар. Кейбір зерттеушілер неологизмдерді тілдің табиғи эволюциясының нәтижесі деп есептесе, енді біреулері оларды жасанды түрде енгізілетін терминдер ретінде сипаттайды. Қазақ тілінде неологизмдер терминология, ғылыми-техникалық прогресс, жаһандану және әлеуметтік өзгерістер нәтижесінде пайда болады. Әсіресе, ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы көптеген жаңа терминдерді тілімізге енгізді, мысалы: "ғаламтор" (интернет), "қашықтықтан оқыту" (дистанционное обучение), "электронды үкімет" (e-government). [2]

Қазақ тіліндегі неологизмдерді бірнеше түрге бөлуге болады. Жасанды неологизмдер – белгілі бір салада қолданысқа енгізу үшін арнайы жасалған жаңа сөздер. Мысалы: "төлқұжат" (паспорт), "әуежай" (аэропорт), "дүниежүзі" (всемирный). Кірме неологизмдер – басқа тілдерден енген жаңа сөздер. Оларға көбінесе ағылшын, орыс, түрік тілдерінен енген терминдер жатады. Мысалы: "блогер", "маркетинг", "онлайн". Жаңа мағынадағы сөздер – бұрыннан бар сөздер жаңа мағынаға ие болады. Мысалы: "желі" сөзі бұрын балық аулауға арналған құралды білдірсе, қазіргі таңда "интернет" ұғымын да білдіреді. Жаргондық және сленгтік неологизмдер – жастар мен белгілі бір әлеуметтік топтар арасында кең таралған жаңа сөздер. Мысалы: "хайп" (үлкен назар аудару), "челлендж" (сын-тегеурін), "лайк" (әлеуметтік желілердегі мақұлдау белгісі). Ғылыми-техникалық неологизмдер – жаңа ғылыми және технологиялық жетістіктердің әсерінен пайда болған сөздер. Мысалы: "биоинженерия", "киберқауіпсіздік", "нейрожелі".

Кірме сөздер – басқа тілдерден қазақ тіліне енген және белгілі бір мағынаға ие болған сөздер. Олар тілдің дамуына ықпал етіп, жаңа ұғымдар мен терминдердің пайда болуына мүмкіндік береді. Алайда, қазақ тілінің өзіндік ерекшеліктерін сақтау мақсатында кейбір кірме сөздерге балама терминдер жасалып, оларды қазақ тіліне ыңғайластыру үрдісі жүргізілуде. Қазіргі қазақ тілінде кірме сөздердің басым бөлігі ағылшын және орыс тілдерінен енген. Әсіресе, ақпараттық технологиялар, экономика, бизнес, медицина және әлеуметтік желілерге байланысты көптеген жаңа терминдер пайда болды. Мысалы, «интернет» сөзі қазақ тіліне «ғаламтор» ретінде аударылды, ал «онлайн» сөзіне «қашықтан» деген балама ұсынылды. Сондай-ақ, «смартфон» орнына «қалтафон», «контент» орнына «мазмұн», «принтер» орнына «баспа құрылғысы» деген қазақша нұсқалар қолданылады. Кейбір кірме сөздер қазақ тілінде түпнұсқа түрінде сақталып қалса да, олардың мағынасы қазақ тілінің заңдылықтарына сәйкес өзгеріп, халық арасында кеңінен таралуда. Бұл үдеріс тіліміздің заман ағымына ілесіп, жаңа технологиялар мен ғылыми жетістіктерді меңгеруін көрсетеді. [3]

Қазақ тіліндегі неологизмдердің қалыптасуы – қоғамның дамуына байланысты үздіксіз жүріп жатқан үдеріс. Жаңа сөздердің пайда болуы ғылыми-техникалық жетістіктермен, жаһандану үрдістерімен, әлеуметтік және мәдени өзгерістермен, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілердің ықпалымен тікелей байланысты. Қазіргі заманғы ғылым мен технологияның қарқынды дамуы көптеген жаңа ұғымдар мен терминдерді өмірге әкелуде. Бұл өзгерістер қазақ тілінде жаңа сөздердің пайда болуына ықпал етеді. Мысалы, цифрлық технологиялар мен ІТ саласындағы «ғаламтор» (интернет), «қашықтықтан оқыту» (дистанционное обучение), «жасанды интеллект» (искусственный интеллект) сынды терминдер ғылыми жаңалықтардың тікелей нәтижесі ретінде қолданысқа енді. Медицина, биотехнология, экология және басқа да ғылым салаларында көптеген жаңа терминдер пайда болуда. Мысалы, «вакцинация» сөзі қазақ тілінде «егу» немесе «вакциналау» ретінде қолданылады, ал «биотехнология» деген ұғым «биозерттеу» немесе «биоөндіріс» деген баламалармен берілуі

мүмкін. Мұндай ғылыми терминдерді қазақша аудару және бейімдеу мәселесі мемлекеттік терминологиялық комиссияның басты міндеттерінің бірі болып табылады.

Жаһандану – әлемдік экономикалық, мәдени және технологиялық байланыстардың күшеюі арқылы тілге де әсер ететін маңызды фактор. Қазақ тіліне шет тілдерден көптеген жаңа сөздер еніп, олардың кейбірі сол күйінде қолданылса, кейбіріне қазақша баламалар ұсынылады. Мысалы, ағылшын тілінен енген «маркетинг» сөзі қазақ тілінде баламасыз қолданылып жүр, ал «смартфон» сөзіне «қалтафон», «контент» сөзіне «мазмұн» деген қазақша нұсқалар жасалды. Сонымен қатар, «онлайн» (қашықтан), «челлендж» (сынақ), «стартап» (бастама) сияқты терминдер жастар арасында кеңінен қолданылады. Жаһандану үдерісі тілдің жаңаруына ықпал еткенімен, оның ұлттық ерекшеліктерін сақтау мәселесі де өзекті болып отыр. Қазақ тіліне енген кірме сөздерді дұрыс бейімдеу арқылы тіліміздің байлығын арттыру және оны заманауи сұраныстарға сәйкестендіру маңызды. Қоғамдағы әлеуметтік және мәдени өзгерістер жаңа ұғымдардың пайда болуына себепші болады. Әсіресе, жастар мәдениеті, заманауи өмір салты, жаңа кәсіби бағыттар мен әлеуметтік құбылыстар көптеген жаңа сөздерді қалыптастырады. Мысалы, отбасылық және әлеуметтік өмірге байланысты «әулеттану» (семьеведение), «әлеуметтік жоба» (социальный проект) сияқты терминдер қалыптасты. Туризм мен саяхаттау саласында «экотуризм», «агротуризм» деген сөздер пайда болды. Қазақ тілінде бұрын болмаған ұғымдарды сипаттау үшін жаңа сөздер де жасалады. Мысалы, «еркін стиль» (casual), «блогер» (жеке интернет-журналист), «инфлюенсер» (әлеуметтік желіде ықпал етуші тұлға) сияқты сөздер қоғамдағы өзгерістерге байланысты пайда болып, кең қолданысқа енді. Бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) мен әлеуметтік желілер – жаңа сөздердің қалыптасуына ықпал ететін ең маңызды факторлардың бірі. Телевидение, радио, интернет-басылымдар мен әлеуметтік желілер арқылы көптеген жаңа сөздер тез таралады және халық арасында қолданысқа енеді. Әлеуметтік желілердегі трендтер мен жастардың сөздік қолданысы жаңа терминдерді кеңінен танымал етеді. Мысалы, «хайп» (үлкен назар аудару), «челлендж» (сынақ), «флешмоб» (жаппай ұйымдасқан шара) сияқты сөздер әлеуметтік желілер арқылы қазақ тіліне енді. Сонымен қатар, «влог» (бейнеблог), «подкаст» (аудиоблог) сияқты ұғымдар да ақпарат құралдарында жиі қолданылады. Журналистика мен медиа саласында да жаңа сөздер пайда болуда. Мысалы, «фактчекинг» (ақпаратты тексеру), «таргетинг» (мақсатты аудиторияны анықтау) сияқты терминдер БАҚ пен маркетинг саласында кеңінен қолданылуда. [4]

Неологизмдер күнделікті өмірде кеңінен қолданылып, қоғамның әртүрлі салаларында жаңа ұғымдарды білдіреді. Олар тілдің динамикалық дамуын көрсетеді және жаңа сөздер адамдардың күнделікті қарым-қатынасында тұрақты түрде қолданылады. Мысалы, «ғаламтор», «смартфон», «қашықтан оқыту», «электронды пошта» сияқты сөздер күнделікті өмірде кеңінен қолданылып, көпшіліктің сөздік қорына енді. Ресми құжаттарда да неологизмдер белсенді түрде енгізіліп, мемлекеттік органдардың қызметінде, заңнамалық актілерде, экономика мен саясаттағы жаңа ұғымдарды білдіруде қолданылуда. Жаңа терминдер, мысалы, «цифрлық экономика», «елдік қауіпсіздік», «қоғамдық мониторинг» сияқты сөздер ресми құжаттарда жиі кездеседі. Мұндай жаңа сөздер мемлекеттік деңгейде ресми қолданысқа еніп, әртүрлі салаларда белгілі бір құқықтық және экономикалық ұғымдарды түсіндіруге мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасында терминологиялық комиссия жаңа сөздерді бекіту мен олардың қазақ тіліне бейімделуін бақылауда маңызды рөл атқарады. Бұл комиссияның негізгі міндеті – ғылыми-техникалық прогресс пен басқа тілдерден енген жаңа терминдерді қазақша баламалармен ауыстыру, сондай-ақ тілдің қалыптасқан заңдарына сәйкес жаңа сөздерді қабылдау болып табылады. Терминологиялық комиссияның жұмысы – бұл тілді жаңарту мен оны заман талабына сәйкестендірудің тиімді тәсілі. Комиссия ғылыми негізде терминдерді ұсына отырып, қазақ тілінің қорын байытады. Мысалы, «интернет» сөзінің орнына «ғаламтор», «маркетинг» орнына «нарықтандыру», «смартфон» орнына «қалтафон» деген баламалар ұсынылды. Бұл баламалар ресми түрде бекітіліп, мемлекеттік тілде кеңінен қолданылуда. Терминологиялық комиссияның атқарған жұмысы ұлттық тілді жаһандық терминдер мен халықаралық стандарттармен үйлесімді етуге, сондай-ақ тілімізді ұлт ретінде сақтап қалуға бағытталған маңызды қадам болып табылады. Әдеби тілдегі неологизмдер – бұл тілдің көркемдік функциясын орындауда қолданылатын жаңа сөздер мен ұғымдар. Олар әдеби шығармаларда, поэзия мен прозада, сондай-ақ театр мен кинода қолданылып, ұлттық тілдің дамуына ықпал етеді. Жаңа сөздер көбінесе жазушылар мен ақындардың шығармашылығында қолданылып, тілдің көркемдік байлығын арттырады. Алайда, әдеби тілде жаңа сөздердің тұрақтылығы көп жағдайда олардың кең

қолданысқа енуімен және қоғамның түрлі топтарының қабылдауымен байланысты. Кейбір жаңа сөздер белгілі бір уақыт ішінде қолданылып, кейін ұмытылып кетсе, басқа сөздер қоғамда ұзақ уақытқа тұрақтап, әдеби тілдің бір бөлігіне айналады. Мысалы, «ғаламтор», «блогер», «смартфон» сияқты сөздер қазіргі қазақ әдеби тілінде тұрақты түрде қолданылады. Бұл сөздер әлі де кең қолданысқа енсе де, олардың әдеби шығармаларда қолданылуының тұрақтылығы тек олардың мағыналық мәнінің дұрыс түсінілуіне және тілдің ұлттық ерекшеліктеріне сай болуына тәуелді.

Қазақстандағы мемлекеттік тіл саясаты қазақ тілінің мәртебесін көтеруге, оның әлеуметтік, саяси және экономикалық салалардағы рөлін арттыруға бағытталған. Мемлекеттік тілдің дамуы мен жаңаруы үшін жаңа терминдердің пайда болуы және олардың дұрыс қолданысы маңызды рөл атқарады. Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекеттік тілдің дамуына қатысты бірнеше бағдарламалар мен құжаттар қабылдады, оларда тіл саясатын жүзеге асырудың негізгі бағыттары мен міндеттері белгіленген. Бұл саясаттың басты мақсаты – қазақ тілін ғылым, техника, бизнес, білім беру, ақпараттық технологиялар саласында толыққанды қолдану үшін қажетті терминология мен жаңа сөздерді қалыптастыру болып табылады. Жаңа терминдерді дамытудағы маңызды аспектілердің бірі – олардың сапалы аударылуы, сондай-ақ тілдің табиғатына сай қазақша баламаларды іздеу болып табылады. Осы орайда, терминологиялық комиссияның жұмысы, ғылыми-зерттеу орталықтарының ұсыныстары және қоғамның пікірлері үлкен маңызға ие. Мемлекеттік тіл саясатының тиімді жүзеге асырылуы қазақ тіліндегі неологизмдердің дамуына және олардың кеңінен қолданылуына мүмкіндік береді. Қазіргі таңда қазақ тіліндегі неологизмдерді қалыптастыруда бірнеше негізгі тенденциялар байқалады. Біріншіден, ғылым мен технологияның дамуы жаңа терминдер мен ұғымдарды талап етеді. Әсіресе, ақпараттық технологиялар, медицина, биотехнология және экология салаларындағы жаңа сөздер қазақ тілінде кеңінен қолданылып жатыр. Мысалы, «жасанды интеллект», «киберқауіпсіздік», «глобализация» сияқты терминдер қоғамда жиі қолданылады және олардың қазақша баламалары ұсынылуда. Екіншіден, жаһандану үдерісі тілдердің араласуына алып келеді. Бұл жағдайда қазақ тіліндегі неологизмдер көбінесе ағылшын, орыс және басқа тілдерден енеді. Алайда, қазіргі кезде қазақ тіліндегі жаңа сөздердің өзіндік ұлттық сипатта қалыптасуы және тілдің ішкі ресурстарын пайдалану маңызды тенденцияға айналып отыр. Үшіншіден, қазақ тіліндегі неологизмдерді қалыптастыруда шығармашылық тәсілдер мен жаргондық элементтерді пайдалану байқалады. Мысалы, жастар арасында әлеуметтік желілердің ықпалымен жаңа сөздер мен фразеологизмдер кеңінен таралады. «Хайп», «челлендж» сияқты сөздер жастар мәдениетінің бір бөлігіне айналды. [5]

Қазақ тіліндегі неологизмдер тілдің динамикалық дамуының көрсеткіші болып табылады. Олар тілдің қажеттіліктеріне сәйкес жаңа ұғымдарды, процестер мен құбылыстарды сипаттайды. Неологизмдер тілдің мәдениет пен ғылымның, экономика мен саясаттың дамуынан тыс қалмай, оны жаңартып, байытады. Неологизмдердің қазақ тілінің дамуындағы маңызы өте зор, өйткені олар ұлттық тілдің қоғамдық өмірдегі орнын нығайтады. Сонымен қатар, жаңа сөздер қазақ тілінің коммуникативтік әлеуетін арттырады, сөйлеу мен жазу мәдениетін жаңартады. Жаңа сөздердің кеңінен қолданылуы тілдің өміршендігін қамтамасыз етеді және оны қазіргі заманға сай қолдануға мүмкіндік береді. Неологизмдердің көмегімен қазақ тілі жаһандық коммуникациялық кеңістікте бәсекеге қабілетті бола алады. Сонымен қатар, тілдің ішкі мүмкіндіктерін пайдалану арқылы жаңа сөздер мен терминдерді қалыптастыру, оларды тілдік нормаға енгізу – қазақ тілінің тұрақты дамуын қамтамасыз ететін маңызды аспектілердің бірі болып табылады. Қорытындылай келе, қазақ тіліндегі неологизмдер тіліміздің болашағының маңызды бөлігі болып табылады. Олар ғылым мен технологияның дамуына, халықаралық қатынастардың кеңеюіне, әлеуметтік өзгерістерге сай тілді жаңартып, оны жаңа ақпараттық және мәдени кеңістікке енгізуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

1. Ш. К. Бектұров, Қазақ тілі Алматы "Атамұра" 2006
2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі "Атамұра" 2006
3. Розенталь Д.Е. және Теленкова М.А. Лингвистикалық терминдердің сөздік-анықтамалығы. Мұғалімдерге арналған оқу құралы. Ред. 2-ші, ред. және қосымша М., "Ағарту", 1976. – 543 б.

4. Лопатин В.В. Сөздің тууы. Неологизмдер және кездейсоқ сөздер. - М., 1973. – 146 б.
5. Қарағұлова Б. Сөз мағынасындағы өзгерістердің болу себептері. // «С. Аманжолов және қазіргі қазақ филологиясының өзекті мәселелері» атты конференция жинағы. – Алматы, 2004. – 247 б
6. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы дамуының ғылыми қағидаттары. – Астана, 2004. –294 б.

ӨОЖ 37.013:005

БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕ МҰҒАЛІМ МЕН ОҚУШЫЛАР АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫС ЖӘНЕ ОҚЫТУ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН БАСҚАРУ

Обдухалиева Гулнора

М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті 2 курс студенті

Ордабаева Раушан Біләнқызы

М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз қ.

Аннотация. Бұл мақалада қазіргі таңда білім беру саласында мұғалімдер мен оқушылар арасындағы байланысты түзету және білім беру басқармасын немесе оқыту білім сапасын жақсарту. Қазіргі таңда технология дамып келе жатыр, әлі де даму үстінде. Сондықтан оқушыларға білім сапасын одан әрі қызықтырып, қызығушылықтарын оятып, ары қарай дамыту. Тек қана оқушыларға ғана емес ЖОО студенттеріне де көмегі тиеді деп ойлаймын және сенемін. Мақалада мұғалімдер мен оқушылар және ата-аналар арасында құрметтілік пен сыйластық жайлы және оқушылар мен студенттердің оқыту тәрбиесін, білім сапасын одан әрі дамыта отырып, қарастыру бұл мақаланың өзектілігіне айналады.

Аннотация. В данной статье основное внимание уделяется улучшению взаимоотношений между преподавателями и учащимися в сфере образования и повышению качества образования или преподавания. В настоящее время технологии развиваются и продолжают развиваться. Поэтому важно и дальше развивать качество образования студентов, вызывать у них интерес и развивать его дальше. Я думаю и верю, что это поможет не только студентам, но и студентам вузов. В статье актуальностью данной статьи становится рассмотрение вопросов уважения и уважения между учителями и учащимися и родителями и дальнейшего развития образования и качества образования учащихся и учащихся.

Abstract. This article focuses on improving the relationship between teachers and students in the field of education and improving the quality of education or teaching. Currently, technology is developing and is still developing. Therefore, it is important to further develop the quality of education for students, arouse their interest and develop it further. I think and believe that it will help not only students but also university students. In the article, consideration of respect and respect between teachers and students and parents and further development of education and quality of education of students and students becomes the relevance of this article.

Кілт сөздер: менеджмент, принцип, мектеп, білім беру, оқыту тәрбие, технология, басқару жүйесі, педагогикалық үдеріс.

Қазіргі таңда мектеп мекемелерінде мұғалім мен оқушылар арасында байланыс өте аз, менің айтқаным жалпы жерде емес тек кейбір мектеп басқару жүйелерінде өте аз дегім келеді. Бұл жердегі мақсатымыз немесе көздегеніміз тек мұғалім мен оқушы арасын жақсарту ғана емес, одан да басқа мәселелер бар.

Мақсаты: Білім беру мекемелерінде мұғалім мен оқушылар арасындағы байланыстың тиімділігін арттыру, оқыту және тәрбие жұмысының басқару механизмдерін зерттеу. Мұғалімдер мен оқушылардың өзара әрекеттесуінің педагогикалық, психологиялық және басқару аспектілерін қарастыру арқылы оқу үдерісін жетілдіру.

Міндеттері:

- Мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынастың негізгі принциптері мен тиімді модельдерін анықтау
- Оқыту мен тәрбие үдерісіндегі мұғалімнің рөлін сипаттау және оны басқарудың заманауи әдістерін талдау
- Білім беру мекемелеріндегі оқу тәрбие жұмыстарының ұйымдастыру ерекшеліктерін зерттеу
- Мұғалім мен оқушылар арасындағы байланысты нығайту үшін қолданылатын инновациялық әдістерді ұсыну
- Педагогикалық басқару жүйесінің тиімділігін арттыруға бағытталған ұсыныстар әзірлеу

Менің ойымша жалпы мектептерде ғана емес, кейбір мектептерде оқушы мен мұғалім арасында немесе мұғалім мен ата-аналар арасында келіспеушілік немесе түсінбеушілік, сыйластық немесе құрметтілік жоқ болып тұрады. Бұл жерде айтайын дегенім мұғалім мен оқушылар арасында құрметтілік болу және ата-аналар мен мұғалімдер арасында бір-біріне деген түсінушілік және сыйластық болу мақсатында ата-аналардың да және мұғалімнің де көңілі орнына түспек. Себебі көптеген мектептерде ата-аналар мұғалімдерге талап етіп жатады неліктен өйткені ол жерде аз оқушы ғана емес кем дегенде 20-25 оқушы бір сыныпта оқиды. Барлық оқушыны қарап, әрқайсысына былай жаса олай жасама дегендей және де толықтай меңгеруі сәл қиынға соғып келуі мүмкін. Білім беру мекемелерінде мұғалім мен оқушылар арасындағы қарым-қатынас білім сапасының негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Тиімді оқыту мен тәрбие беру үшін мұғалім мен оқушы арасында сенімді, ынтымақтастыққа негізделген қарым-қатынас орнату маңызды. Бұл мақалада мұғалім мен оқушылар арасындағы байланыс және оқыту-тәрбие жұмысын басқарудың негізгі аспектілері қарастырылады.

Мұғалім мен оқушылар арасындағы қарым-қатынас бірнеше факторлардан құралады және байланысты дамиды. Олардың негізгілері:

- **Сенім және өзара құрмет** – мұғалім оқушыларға түсіністікпен қарап, олардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін құрметтеуі қажет.
- **Қарым-қатынас стилі** – мұғалімнің демократиялық, авторитарлық немесе либералдық басқару стилі оқушылардың оқу үлгеріміне және тәртібіне әсер етеді.
- **Кері байланыс** – оқушылардың жетістіктері мен кемшіліктерін анықтап, оларды ынталандыру үшін мұғалімдер үнемі кері байланыс беріп отыруы тиіс.
- **Психологиялық қолдау** – оқушылардың эмоционалды жай-күйін ескере отырып, оларға қажетті мотивация беру маңызды.

Білім беру үдерісінде мұғалімдер мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынас маңызды рөл атқарады. Алайда, кейбір жағдайларда түрлі мәселелер туындауы мүмкін:

- **Коммуникацияның жеткіліксіздігі** – ата-аналар мен мұғалімдер арасында тиімді байланыс болмаған жағдайда, оқушының оқу үлгерімі мен тәртібіне кері әсер етуі мүмкін.
- **Ата-аналардың немқұрайлығы** – кейбір ата-аналар баласының оқу үлгерімі мен тәртібіне жеткілікті деңгейде көңіл бөлмейді, бұл мұғалім жұмысына қиындықтар туғызады.
- **Мұғалімдерге деген сенімсіздік** – кейбір ата-аналар мұғалімдердің кәсіби біліктілігіне күмән келтіреді немесе оқыту әдістерімен келіспеуі мүмкін.
- **Тәрбиелік көзқарастардың әртүрлілігі** – мұғалімдер мен ата-аналар арасында бала тәрбиесіне қатысты көзқарастар сәйкес келмеуі мүмкін, бұл оқушының даму процесіне әсер етеді.

Білім сапасы дегеніміз- білім беру қызметінің ұсыну мен тұтынудың бүкіл процесін қамтитын көп аспектілі термин, ал білім сапасы, маманды дайындау сапасы мен процесінің соңғы, қорытынды құраушыға қатысты болады.

Ал басқару дегеніміз- қоғамдық ұдайы өндірісті нысаналы түрде үйлестіріп отыру. Бүкіл айналадағы дүниеден соң оның үш компонентін: өлі және тірі табиғатты, адам қоғамын бөліп көрсетуге болады.

Оқушылар мен мұғалімдер арасындағы байланысты жақсарту үшін мынадай тәсілдерді қолдануға болады:

- **Ашық қарым-қатынас** – мұғалімдер оқушылар– мұғалімдер оқушыларға өз ойларын ашық айтуға мүмкіндік беріп, оларды тыңдауға дайын болуы керек
- **Кері байланыс жүйесін құру** – оқушылар мұғалімге сабақке жүйе ангиз– оқушылар мұғалімге сабақтар мен оқыту әдістері туралы анонимді түрде немесе ашық кері байланыс бере алатын жүйе ангізу
- **Қолдау көрсету** – мұғалімдер оқушылардың проблемные мен бастамаларына түсіністікпен қарап , мотивациясын арттыруға тырысуы керек– мұғалімдер оқушылардың проблемные мен бастамаларына түсіністікпен қарап, мотивациясын арттыруға тырысуы керек

Қазіргі таңда көптеген оқу орындарда немесе мектеп білім беру мекемелерінде оқушылар мен студенттердің оқу үлгерімі нашарлап кетті және тек бір жерде ғана емес барлық жерде сондай болып жатады. Мұндай жағдайлар қазіргі таңда технологич дамығаны демек телефонның кесірінен болып жатыр деседі. Бірақ тек телефон ғана емес адамның санасына, ойына байланысты деп санаймын, себебі қазір технологиядан бөлек адамдардың миы шаршап жүреді. Бұл нәрсені алдын-алу қажет. Оқушыларға сабақ кезінде қызықты өткізу үшін бірнеше шарттар орындау қажет

- Сабақ кезінде көрнекіліктер қолдану;
- Тақырып бойынша ойындармен қамтылу;
- Тақырыпты қиын түрде емес, жеңіл түрде түсіндіру;
- Сабақты одан әрі қызықты өткізу үшін интерактивті тақта арқылы ойындар мен түрлі тәсілдер қарастыру;
- Сабақ соңында оқушыларға қаншалықты қызықты болғанын анықтау үшін қызықты рефлексия жасау.

Бүгінгі заман талабына сай озық білім мен адамгершілік мұраттарына негізделген ізгілікті тәлім-тәрбие беру ісін жүйелі ұйымдастыра білу де өте маңызды. Білім беру жүйесіндегі жаңа сапалық деңгейде жету мақсатындағы жоспарланған өзгерістері, ғылым мен техниканың дамуы және тұлғаның өзін-өзі дамытуға қабілеттілігі бүгінгі таңда бәсекелестік жағдайында басты фактор ретінде қарастырылуда. Қазақстанның білім беру саласындағы бұл жүйелі өзгерістер жаһандану кезеңіндегі болып отырған жаңа бастамаларымен үндестікте дамуда. Басқару жүйесі жауапкершілікті талап етеді. Менеджмент процесінде басқару қызметі басқару процесін жүзеге асыруда негізгі рөл атқарады. Білім беру жүйесін басқару және басқарушыларды даярлау мәселесінде қазіргі таңда педагогикалық үдерісті дұрыс ұйымдастыру барысында гуманистік құндылықтар мен жаңашылдыққа бағытталу қажеттілігі айқындала түсуде. Негізгі мақсаты және идеясы-ұлттық мәдениет негізінде тұлға мен қоғам талабына сай өзін-өзі дамытуға қабілетті мамандар даярлауда білім беру мен тәрбие жүйесін жаңаша, заман талабына сай құру.

Әдебиеттер:

1. Бұзаубақова К.Ж. Білім берудегі менеджмент: Оқулық/ К.Ж.Бұзаубақова. – Тараз: ИП «Бейсенбекова А.» 2020. - 384б
2. Заманауи мектептегі білім сапасын басқару. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2014. – 42 б.
3. Педагогика./ Таубаева Ш.Т., Иманбаева С.Т., Берикханова А.Е., Оқулық.- Алматы: ОНОН. 2017,-340 бет
4. Бұзаубақова К.Ж. Педагогикалық менеджмент және қазіргі мектепті басқару: Оқу құралы / К.Ж. Бұзаубақова, А.Н.Ахметов. – Тараз: 2015. – 168б

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘДІСТЕРІ

Омарбекова Ғазиза Шайдулинқызы

Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының оқу-әдістемелік орталығы, Тараз қ.

Андатпа: қазақ тілі сабағында функционалды сауаттылықты қалыптастыру - қазіргі білім беру жүйесіндегі маңызды мәселелердің бірі. Функционалды сауаттылықтың маңыздылығы тек оқу мен жазу дағдыларымен шектелмейді, ол ақпаратты түсіну, оны күнделікті өмірде қолдану, шешімдер қабылдау дағдыларын да қамтиды. Бұл мақалада қазақ тілі сабағында функционалды сауаттылықты қалыптастыру әдістері мен тәсілдері қарастырылып, қазақ тілі сабағында функционалды сауаттылықты қалыптастырудың маңыздылығы туралы тиімді әдістер ұсынылады.

Аннотация: формирование функциональной грамотности на уроках казахского языка - одна из важнейших проблем современной системы образования. Важность функциональной грамотности не ограничивается только навыками чтения и письма, она также включает в себя навыки понимания информации, ее применения в повседневной жизни, принятия решений. В данной статье рассматриваются методы и приемы формирования функциональной грамотности на уроках казахского языка, предлагаются эффективные методы о важности формирования функциональной грамотности на уроках казахского языка.

Abstract: the formation of functional literacy in the lesson of the Kazakh language is one of the most important problems of the modern education system. The importance of functional literacy is not limited to reading and writing skills, but also includes the skills of understanding information, applying it in everyday life, making decisions. This article discusses methods and techniques for the formation of functional literacy in the lessons of the Kazakh language, presents effective methods on the importance of the formation of functional literacy in the lessons of the Kazakh language.

Функционалды сауаттылық — бұл оқушының мәтінді түсініп оқу, ақпаратты талдау және оны өмірде қолдану қабілеті. Қазақ тілі сабағында осы сауаттылықты қалыптастыру оқушылардың жеке дамуына, білім алудың сапасын арттыруға және олардың қоғамда белсенді азамат болып қалыптасуына ықпал етеді. Сонымен қатар, функционалды сауаттылықты қалыптастыру барысында оқушылардың өз ойларын еркін және дұрыс жеткізе алу дағдылары да дамиды.

Осы бағытта қазақ тілі сабағында оқушының функционалды қабілетін дамытатын бірқатар әдістерді ұсынып, оның ішінде жобалық оқыту әдісіне кеңірек тоқталып кетемін.

1. Жобалық оқыту әдісі

Жобалық оқыту әдісі - оқушылардың функционалды сауаттылығын дамытуда тиімді тәсілдердің бірі. Бұл әдіс арқылы оқушылар өздеріне қызықты тақырыпта жұмыс жасап, оны зерттейді және нәтижесін басқаларға ұсынады. Мысалы, «Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдер» деген тақырыпта оқушылар мақал-мәтелдер жинағын құрастырып, олардың мағыналары мен қолданылу аясын түсіндіреді.

Сонымен қатар, жобалық оқыту әдісі арқылы оқушының логикасын дамыту - білім беру жүйесінде маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Жобалық оқыту оқушының танымдық қабілеттерін дамытып қана қоймай, оның шығармашылық әлеуетін және сыни ойлау дағдыларын да қалыптастырады. Логика, әсіресе, мұғалімнің оқушыларға өз ойларын жүйелі және нақты жеткізуіне, ақпараттарды саралап, талдап, қорытынды жасауына көмектесетін маңызды дағды болып табылады.

Жобалық оқыту әдісінің оқушының функционалды сауаттылығын дамытудағы рөлі туралы тереңірек қарастырып көрейік.

Сондай-ақ, жобалық оқыту әдісі оқушыларды нақты мәселені шешуге бағытталған, зерттеу жүргізіп, ақпарат жинау және оны талдай отырып, қандай да бір қорытындыға келуді көздейтін оқу әдісі. Бұл әдіс арқылы оқушылар белгілі бір тақырыпқа немесе мәселеге қатысты өзіндік жобаны іске асырады, сондықтан олар тек теориялық білім алмайды, сонымен бірге осы

білімді нақты өмірде қолдану дағдыларын да меңгеріп, өздігінен жұмыс жасау қабілетін арттыруға, шешімдер қабылдауға, қиындықтарды жеңуге және командалық жұмысты тиімді ұйымдастыруға үйретеді. Бұл әдіс оқушыларды ізденуге, зерттеуге, өз пікірін қалыптастыруға және оны дәлелдермен нығайтуға дағдыландырады.

Жобалық оқыту әдісін қолданып, оқушылардың логикасын дамыту арқылы функционалдық сауаттылығын да қалыптастыратын әдістерді ұсынуға болады.

- Мәселе қою және сұрақтарды анықтау
Жобалық оқыту әдісінде бірінші қадам — мәселе қою. Оқушы алдына шешілуі тиіс нақты мәселелер қойылады, оларды талдап, зерттеуді қажет етеді. Бұл кезеңде оқушылар өздерінің логикалық ойлау қабілеттерін пайдаланып, мәселенің мән-жайын анықтап, оған қатысты сұрақтарды құрастыруы қажет. Мысалы, "Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында оқушылардың тілдік дағдыларын қалай дамытуға болады?" деген сұраққа жауап іздеу барысында оқушының логикасы дамиды, себебі ол мәселеге әртүрлі қырынан қарап, оны шешудің жолдарын іздейді.
- Ақпаратты жинақтау және сараптау
Жоба барысында оқушылар ақпаратты жинақтап, оны зерттеу керек болады. Оқушылар логикалық тұрғыдан мәліметтерді ұйымдастырып, тек қажетті ақпаратты таңдап алу арқылы логикалық құрылым қалыптастырады. Бұл кезеңде олар ақпаратты жүйелі түрде талдап, нақты мақсатқа сәйкес келетін деректерді ғана пайдаланады. Мысалы, егер оқушылар ғылыми жобамен айналысса, олар нақты зерттеу әдістерін таңдап, алынған деректерді өңдеу үшін логикалық тәсілдер мен алгоритмдерді қолданады.
- Қорытындылар жасау және дәлелдемелер келтіру
Жобалық оқытудың келесі маңызды кезеңі — қорытынды жасау. Оқушылар зерттеу нәтижелерін қорытып, өзінің пікірін негіздеуі керек. Бұл кезеңде логикалық ойлау, мәселенің түйінін анықтау, шешімдер қабылдау қабілеті дамиды. Олар түрлі нұсқаларды салыстырып, шешім қабылдауға негіз болатын фактілер мен дәлелдер келтіреді. Мысалы, егер оқушылар мектептегі оқыту әдістерін талқылайтын жоба жасап жатса, олар өз көзқарастарын дәлелдеу үшін білім беру жүйесіндегі түрлі әдістердің артықшылықтары мен кемшіліктерін талдайды.
- Сыни ойлау және талқылау
Жобалық оқыту әдісі сыни ойлау дағдыларын дамыту үшін өте тиімді әдіс болып табылады. Оқушылар жобаны орындау барысында түрлі көзқарастар мен пікірлерді ескере отырып, әртүрлі шешімдер мен ұсыныстарды қарастырады. Бұл процесс барысында оқушылар өз пікірлерін қорғау үшін логикалық дәлелдер мен аргументтер келтіреді. Олар тек бір ғана дұрыс шешімнің бар екенін түсініп, мәселені жан-жақты талқылауға үйренеді.
- Топтық жұмыс және пікір алмасу
Жобалық оқыту жиі топтық жұмысты қамтиды, бұл оқушылардың бірігіп жұмыс істей отырып, бір мәселені шешуге тырысуына мүмкіндік береді. Топтық жұмыс барысында әр оқушы өз пікірін айтады, өз көзқарасын дәлелдейді. Осылайша, әр оқушының логикасы дамып, олар бір мәселені әр түрлі тұрғыдан қарастырып, басқалардың пікірін тыңдай отырып, өз көзқарасын құрастырады. Әртүрлі пікірлерді тыңдай білу, келіссөздер жүргізу және ортақ шешімге келу арқылы оқушылардың сыни ойлау қабілеттері дамиды.
- Ұсыныстар мен шешімдер ұсыну
Жобалық оқыту барысында оқушылар шешімдер мен ұсыныстар ұсыну арқылы өз логикасын тексеріп, сынақтан өткізеді. Олар өз зерттеу нәтижелерін негіздей отырып, ұсыныс немесе шешімдер жасауға тиіс. Бұл кезеңде оқушылар түрлі шешімдердің артықшылықтары мен кемшіліктерін салыстырады, әр шешімнің нәтижелерін болжайды. Логикалық ойлау осы жерде ерекше маңызды, себебі оқушылар дұрыс шешімді таңдау үшін барлық мүмкіндіктер мен ықтимал салдарларды есепке алады.

Жобалық оқыту әдісінің логиканы дамытудағы шығармашылық ойлау қабілетін арттыру, оқушылар мәселені шешуде шығармашылық тәсілдерді пайдалануы олардың логикалық ойлау дағдыларын дамытуға ықпал етеді, өз бетінше жұмыс жасау дағдыларын қалыптастырады, Жобалық оқыту оқушыларды өз бетінше ойлануға, зерттеуге, талдауға үйретеді, бұл да олардың логикалық ойлау қабілетін арттырады, сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамытуда оқушылар өз

пікірлерін дәлелдеуде логикалық аргументтер мен фактілерді қолдана отырып, сыни тұрғыдан ойлауды үйренеді, проблемаларды шешуге үйретуде жобалық оқыту әдісі оқушыларға қиындықтарды жеңіп, мәселелерді шешу жолдарын табуды үйретеді, бұл олардың аналитикалық және логикалық ойлау дағдыларын дамытуға көмектеседі.

2. Шығармашылық тапсырмалар мен пікірталастар жүргізу әдісі

Шығармашылық тапсырмалар мен пікірталастар оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырады. Қазақ тілі сабағында оқушыларға шығармашылық тапсырмалар беріп, оларды өз пікірлерін білдіруге, дәлелдер келтіруге, сонымен қатар, басқалардың пікірін тыңдауға үйрету қажет. Мысалы, «Қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрлері» туралы пікірталас ұйымдастырып, оқушыларға әртүрлі көзқарастар мен пікірлерді білдіруге мүмкіндік беруге болады.

Шығармашылық тапсырмалардың артықшылықтары:

- Оқушылардың ойлау және сөйлеу дағдыларын дамытады.
- Өз пікірлерін дәлелдеуге үйретеді.
- Оқушылардың тілдік қорын кеңейтеді.

3. Мәтіндермен жұмыс жүргізу

Қазақ тілі сабағында мәтіндермен жұмыс жасау оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың маңызды әдісі болып табылады. Мәтіндерді оқу, оның мағынасын түсіну және талдау дағдысын дамыту үшін мәтіндерге сұрақтар қою, мәтін бойынша әңгіме жүргізу, оқылған мәтінге байланысты пікір жазу сияқты тапсырмалар қолдануға болады.

Мәтіндермен жұмыстың артықшылықтары:

- Оқушылардың мәтіннің негізгі идеясын түсіну қабілетін арттырады.
- Әр түрлі тақырыптар бойынша сөздік қорларын кеңейтеді.
- Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

4. Практикалық тапсырмалар

Қазақ тілі сабағында оқушыларға күнделікті өмірде кездесетін нақты жағдайларды шешуге бағытталған практикалық тапсырмалар беру функционалдық сауаттылықты қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Мысалы, «Жұмысқа өтініш жазу», «Өз пікіріңді білдіру», «Ресми хат жазу» сияқты тапсырмалар оқушыларды өз ойларын нақты әрі түсінікті түрде жазбаша жеткізуге үйретеді.

Практикалық тапсырмалардың артықшылықтары:

- Оқушылардың өмірдегі нақты жағдайларда тілдік дағдыларын қолдануға мүмкіндік береді.
- Оқушылардың коммуникациялық дағдыларын жетілдіреді.
- Жазбаша және ауызша сөйлеу дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

■ Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану

Қазіргі уақытта ақпараттық-коммуникациялық технологиялар білім беру процесінде маңызды рөл атқарады. Қазақ тілі сабағында интернет ресурстарын, электрондық оқулықтар мен мультимедиялық құралдарды қолдану оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға көмектеседі. Мысалы, қазақ тіліндегі онлайн сөздіктер, аудио және бейнемазмұн арқылы сөздердің дұрыс айтылуын, мағыналарын түсіндіруге болады.

Ақпараттық технологияларды қолданудың артықшылықтары:

- Оқушыларды жаңа технологиялармен таныстырады.
- Оқудың қызықты әрі интерактивті болуына мүмкіндік береді.
- Оқушылардың өз бетінше білім алуын арттырады.

6. Кросс-мәдени байланыстарды дамыту

Қазақ тілі сабағында функционалдық сауаттылықты қалыптастыру үшін кросс-мәдени байланыстарды дамыту маңызды. Бұл әдіс оқушыларға қазақ халқының тілін, мәдениетін және тарихын ғана емес, басқа ұлттардың мәдениетімен таныстыруды көздейді. Оқушылардың әртүрлі мәдениеттер туралы түсініктерін кеңейту олардың дүниетанымын, ойлау қабілетін арттырады және тілдің әлеуметтік қызметін түсінуге көмектеседі.

Кросс-мәдени байланыстың артықшылықтары:

- Оқушылардың мәдениетаралық түсінігі мен төзімділігін арттырады.

- Өртүрлі мәдениеттерді салыстыра отырып, тілдің функционалдық рөлін түсінуге көмектеседі. Оқушылардың өзара коммуникация дағдыларын жетілдіреді.
- Қорыта келгенде, қазақ тілі сабағында функционалдық сауаттылықты қалыптастыру — бұл оқушылардың тілдік дағдыларын ғана емес, олардың шығармашылық қабілеттерін, сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған маңызды процесс. Жобалық оқыту әдісі, шығармашылық тапсырмалар, мәтіндермен жұмыс, практикалық тапсырмалар және ақпараттық технологиялар сияқты әдістер оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға үлкен ықпал етеді. Бұл әдістер оқушыларды тек тілде сөйлей білуге ғана емес, сондай-ақ ақпаратты тиімді қолдануға, өз пікірлерін дұрыс жеткізуге және қоғамда белсенді азамат болуға тәрбиелейді.

Әдебиеттер:

1. Тұрғынбаева, Г. Н. (2020). Жобалық оқыту әдістері: теориясы мен тәжірибесі. Алматы: Қазақ университеті.
2. Шәкенова, Ш. Т., Құдиярова, А. Ж. (2018). Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру жолдары. Алматы: «Мектеп» баспасы.
3. Қоянбаев, Ж. С., Қоянбаев, Р. М. (2018). Педагогика. Алматы: Білім.
4. Мұғалімдерге арналған әдістемелік нұсқаулық (2017). Функционалдық сауаттылық: жаңа көзқарастар мен әдістер. ҚР Білім және ғылым министрлігі.
5. Рахметова, Б. (2020). Жобалық оқыту және оның білім беру жүйесіндегі маңызы. Астана: Көкше.
6. Исаева, А. С. (2019). Оқушылардың сыни ойлау дағдыларын дамыту әдістері. Шымкент: «Арыс» баспасы.
7. Әбілқасымова, Б. М. (2018). Қазіргі білім беру технологиялары және оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру. Алматы: ЖШС «Білім әлемі».
8. Күндібаева, Ж. Қ. (2021). Жобалық оқыту арқылы оқушылардың танымдық қабілетін дамыту. Қарағанды: ҚарМУ баспасы.
9. Танжарықова, Ә. (2020). Қазақстан мектептерінде функционалдық сауаттылықты дамыту мәселелері. Алматы: Қазақ білім академиясы.

ӘОЖ 89.06

ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУДЫҢ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕРІ

Ордабаева Раушан Біләнқызы

М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз қ.

Резюме. В статье активные методы обучения в высшем учебном заведении – это методы обучения, являющиеся основой повышения познавательной активности студентов в процессе усвоения учебного материала. Активные методы обучения — это, прежде всего, разговорное обучение, при котором отношения между учеником и учителем реализуются непосредственно; особая организационная форма познавательной деятельности.

Summary. In the article, active teaching methods in higher education institutions are teaching methods that are the basis for increasing students' cognitive activity in the process of mastering educational material. Active teaching methods are, first of all, conversational teaching, in which the relationship between the student and the teacher is realized directly; a special organizational form of cognitive activity.

Кілтті сөздер: иллюстрация, классификация, кодоскоп, диапроектор магнитофон, радио, аудиовизуал, телевидение, мультимедия, компьютер, ақпараттық жүйе, телекоммуникация және т.б.

Оқыту әдістерінің мазмұнын анықтауда құрал, жол, тәсіл сөздерін пайдаланудың синонимдік жағынан педагогикалық әдебиеттерде әр түрлі көзқарастар байқалады.

Мұғалім оқытудың нәтижесін арттыруда оқыту әдістеріне қатысты амал-тәсілдермен қатар оның құралдарын да пайдаланады. Қазіргі мектептерде иллюстрацияны пайдалану үшін экранды техникалық құралдар кеңінен қолданылады. Иллюстрация әдісін қолдана отырып, оның көрсетілу әдісіне көп мән беру керек. Көрнекті құралдардың дидактикалық ерекшелігін, оның танымдық процестегі ролі мен орнын ойластырып алу керек. Мұғалімнің алдына қойылған мәселені иллюстрациялық материалдық оңтайлы көлемін анықтап алу.

Әдістер өте көптүрлі және шексіз болып келеді. Осыдан келіп оқушылардың оқу-танымдық белсенділігін қалыптастыруда, әдісті таңдап алу күрделі, индикативті қолданылуға байқалады. Мұғалім оқыту әдісін таңдап алуда басшылыққа, оқушылардың өздігінен білімді игеру мен оқу практикалық даярлығын қалыптастыруға бағытталса, оқушы жеке тұлғалық ерекшелігін ашық шығармашылығын дамытатын әлеуетті оқу-танымдық ерекше қасиетін, зерттеушілік іздепаз іс-әрекетке бағыттайтын, ғылымды берудің спецификалық таным әдістерін таныстыру, жеке дара психологиялық даму ерекшелігін, оның табиғи және әлеуметтік өндірістік ортасын, мектепке арналған оқыту құралдармен жабдықтаудың, кәсіби даярлық деңгейін өмірлік іс-тәжірибесі мен мұғалімнің жеке басы мен шығармашылықтың ерекшелігін оның әдістемелік және педагогикалық шеберлігін алу керек.

Оқыту әдістері жоғары мектеп дидактикасының теориялық және практикалық тұрғыда көкейкесті проблемасының бірі болып саналады. Оқу үдерісінің жолға қойылуы, оқытушы мен студенттің қызметі, ЖОО-дағы оқытудың нәтижелі болуы осы мәселенің оң шешіміне байланысты. Оқыту әдісіндегі «әдіс» (метод) термині гректің «metodos» ақиқатқа жету жолы, тәсілі деген мағына береді. Оқыту әдістері – оқу-тәрбие үдерісінде үйретуші, дамытушы, тәрбиелеуші, ынталандырушы (мотивациялық) және бақылау-түзетушілік қызметтерді атқарады.

Педагогикалық әдебиеттерде оқыту әдістерінің рөліне және анықтамасына берілген ортақ бір қорытынды пікір әзірге жоқ. Мысалы, И.Ф.Харламов оқыту әдістері анықтамасының мәнін былайша түсіндіреді: «оқыту әдістері деп оқытушының оқыту жұмысының және түрлі дидактикалық міндеттерді шешу үшін меңгерілетін материалдарға бағытталған оқушылардың оқу-танымдық қызметін ұйымдастырудағы амал-тәсілі». Ю.К.Бабанскийдің пікірінше, «оқыту әдістері - оқытушы мен білім алушының білім міндеттерін шешудегі бірлескен қызметінің ретке келтірілген тәсілдері. Т.А.Ильина оқыту әдістері «оқушылардың танымдық қызметін ұйымдастыру тәсілдері» деп түсіндіреді. Оқыту әдісі дегеніміз оқытушы мен білім алушылардың ретке келтірілген өзара байланысты іс- әрекеттерінің оқу үдерісіндегі білім беру, тәрбиелеу және дамыту міндеттерін шешуге бағытталған іс-әрекет түрі.

Дидактика тарихында оқыту әдістерін жіктеу (классификация) қалыптасқан. Кең таралған жіктеме білім мазмұнын жеткізуге негізделген – сөздік әдіс (баяндау, әңгімелеу, нұсқау беру және т.б.), практикалық әдіс (жаттығу, сызу, кескіндеу, есептер шығару және т.б.), көрнекілік (иллюстрация, нақты материалды көрсету және т.б.). Негізінен, жоғары мектепте 1965 жылы И.Я.Лернер, М.Н.Скаткин ұсынған жіктемедегі оқыту әдістері пайдаланылады. Оқытудың нәтижелі болуы білім алушының бағыттылығы мен ішкі белсенділігіне, ол орындайтын қызмет сипатына, өз бетімен орындайтын жұмысына, шығармашылық қабілетін танытуына тікелей байланысты. Сондықтан олар (білім алушының бағыттылығы, ішкі белсенділігі, орындайтын қызмет сипаты, өз бетімен орындайтын жұмысы, шығармашылық қабілет танытуы) оқыту әдісін таңдау критерийлері болуы тиіс.

Педагогикалық әдебиеттерде оқыту әдістерінің сан алуан түрі кездеседі. Кеңінен таралған оқыту әдістері ретінде оқу-танымдық іс-әрекет құрылымына негізделген студенттердің танымдық іс-әрекеттерін арттыра түсетін мынадай әдістерді атауға болады: сөздік, көрнекілік, практикалық, репродуктивті және ізденістік, индуктивті және дедуктивті әдістер, өзіндік жұмыс әдістері, сонымен қатар педагогиканы оқытудағы бақылау мен өзін-өзі бақылау. Әдістемеді оқытудың дидактикалық тәсілі деп әдістің құрамдас бөлігін атайды. Әдістерге қарағанда тәсілдер жекелей бағынушылық сипатқа ие. Олар әдіс жүзеге асыратын дидактикалық міндетке бағынады. Бір әдістемелік тәсілдер бірнеше әдістер құрамында болуы мүмкін немесе керісінше,

бір әдіс әр оқытушыда әр түрлі тәсілдерден құралуы мүмкін. Мысалы, студенттердің назарын аудартып, ойлау іс-әрекетін белсендіру үшін мынандай дидактикалық тәсілдерді қолдануға болады: бірлескен мақсат құру, жоспарлауды және қарастыратын сұрақтар тізімін хабарлау және т.б. Білім алушылардың оқу іс-әрекетінде белсенді үлестірімелі материалдар (БҮМ) тәсілі маңызды рөл атқарады.

Жоғары оқу орнындағы оқытудың белсенді әдістері – оқу материалын меңгеру үдерісіндегі студенттердің танымдық іс-әрекетін арттыруға негіз болатын оқыту тәсілдері. Оқытудың белсенді әдістері – бұл ең алдымен студент пен оқытушының қарым-қатынасы тікелей жүзеге асатын сұқбаттасып оқыту; танымдық әрекеттің арнайы ұйымдастыру формасы. Ол толық айқындалған және мақсатын алдын ала болжауға болатын оқыту түрі. Сабақтағы интерактивтік әрекет өзара түсіністікке, өзара әрекетке, қатысушылардың әрқайсысына қажет міндетті бірлесіп шешуге алып келетін қарым-қатынас. Оқытудың белсенді әдістері - нәтижесінде оқыту әрекеті барысында білім алушылардың мотивациялық, интеллектуалдық, эмоционалдық және басқа да жақтарынан жетістіктерге жетуді сезіну ситуациясын тудыра алатын, студентке педагогикалық әсерлі танымдық қарым-қатынас құруға кепілдік беретін, оқытушы мен студенттің іс-әрекетін ұйымдастыру тәсілдері.

Оқытудың белсенді әдістері: Жұптасып жұмыс істеу; Ротациялық (ауыспалы) үштік; Карусель; Шағын топтармен жұмыс; Рөльдік (іскерлік) ойын; Дискуссия; Дебат; жартылай кәсіби іс-әрекетті модельдейтін және іскерлік, дағдыны қалыптастыруға бағытталған тәсілдер: проблемалық сұрақтар, іскерлік ойындар, кәсіптік жағдаятты талдау, тренинг; білім, іскерлік, дағдыларын қалыптастыруға бағытталған тәсілдер: проблемалық есептер, жағдаяттар, «дөңгелек үстел», эвристикалық әңгіме, «миға шабуыл», оқу пікірталасы, «кейс-стади», өзіндік жұмыс.

Интерактивті әдісті қолдану кезінде ескерілуі тиіс: тұлғаның еркіндігі мен құқықтарының сақталуы; тұлғаның өзін көрсете алуына жағдай жасау; -тұлғаның өзіндік даралығын көрсетуге мүмкіндік беру; педагогикалық қолдау көрсету. Оқытуда жиі қолданылатын белсенді оқыту әдістері: «Жұптасқан дәріс» әдісі – бұл өн бойына оқу материалын репродуктивтік, проблемалық, интеграциялық және диалогтік баяндау элементтерін жинақтаған оқыту тәсілі. Репродуктивтік элементі ғылыми тұрғыдан дәлелденген, қосымша түсіндіруді қажет етпейтін оқу материалын баяндаудан тұрады. Проблемалық элемент проблемалық жағдаятты қою, талдау, болжаулар жасау, оны растау не теріске шығару, проблеманы шешу жолдарын іздестіруден құралады. Интеграциялық элемент бір проблема төңірегінде әр түрлі ғылыми амалдарды қарастырады. Диалогтік элемент оқытушы мен студент арасындағы пікір алмасу арқылы көрініс табады. Пікірталас әдісі – оқу материалының пікірталас тудыратын тақырыбын қарастыруға, талдауға бағытталған және білім алушылардың әр түрлі ұстанымдарын бір арнаға тоғыстыратын оқыту тәсілі. Бұл әдіс проблемалық жағдаятқа негізделген. Пікірталастың туындауына теорияны қорытулар мен ережелер, қағидалар, теорияны практикамен алмастыру, ғылым мәселелерін талқыға салу, проблеманың бүгінгі таңдағы көрінісі себеп бола алады.

«Шағын топтар» әдісі – оқу материалының жалпы сұрақтары жекелеген өзіндік сұрақтарға ажыратылатын және білім алушылар топтары арасына бөлініп берілетін, студенттер өздігінен немесе оқытушының көмегімен хабарлама әзірлейтін оқыту тәсілі. Аталған әдісті қолдану топтың ішінде жұмыс істей алу іскерліктерін дамытады, студенттердің шығармашылық қасиеттерімен қоса бастамашылықтарын, өздігінен жұмыс істей алу қабілеттерін де жетілдіре түседі. Бұл әдісті семинар сабақтарында қолданған орынды.

«Тірек конспектілер» әдісі – оқу материалын меңгеру мен бекіту ақпарат көздеріне (оқулықтар, сөздіктер, анықтамалықтар, дәріс конспектілері және т.б.) қарай бірнеше рет қайталау нәтижесінде жүзеге асатын оқыту тәсілі. Бұл әдісті семинар және практикалық сабақтарда қолдануға болады.

«Оқытудың жекеленген жүйе» әдісі – білім алушылар өздігінен, жекелей оқу материалын оқу әдебиеттері, бейнефильмдер, слайд-дәрістер, курстық кейстер арқылы меңгеретін оқыту тәсілі. Бұл әдіс дәріс өткізу барысында, сонымен қоса қашықтықтан оқитын студенттермен жұмыс барысында қолданыс табады. Бұл әдістің ерекшелігі оқу курсының мазмұнын модульдерге бөлу болып табылады. Әрбір модульге әдістемелік тапсырмалар мен нұсқаулықтар әзірленеді, студенттер өздігінен даярланады, әдебиетті өңдейді, электронды оқу қорларын (слайд-дәрістер, электронды оқулықтар және т.б.) қарап шығады. Материалды игерулеріне

байланысты студенттер бақылау жұмысын (реферат, тест, эссе, жоба және т.б.) орындайды, оқу модуліне байланысты тапсырмаларды сәтті орындап шықса, келесі модульге көшеді.

Оқыту құралдары. Әдіс-тәсілдер мен оқыту құралдары бір-бірімен тікелей байланысты. Оқыту құралдары – білім алудың, іскерліктерді қалыптастырудың көзі, сонымен қатар оқу үдерісінің тиімділігін арттыруға арнайы әзірленген материалдық заттар, құралдар, құрылғылар. Оқыту құралдары іс-әрекет субъектісіне, нысандар құрамына, оқу ақпаратына, оқытушы қызметін алмастыра алу мен білім алушы әрекетін автоматтандыру мүмкіндігіне және т.б. негіздерге байланысты жіктеледі.

Іс-әрекет субъектісіне байланысты оқыту құралдары оқыту және оқу құралдары деп екіге бөлінеді. Оқыту құралдарына: көрнекілік түрлері, демонстрациялау құралдары, оқытудың ақпараттық техникалық құралдары, компьютер, электронды тақталар, жазу құралдары (бор, компьютерлік құралдар, жарық сәулесі және т.б.) жатады. Оқу құралдарына оқулықтар, жұмыс дәптерлері, қалам, дидактикалық үлестірмелі материалдар, карточкалар, сызбалар, тірек конспектілер, зертханалық құрылғылар, дербес компьютер, жеке оқытудың ақпараттық құралдары, ғаламтордың оқу бағдарламалары, оқу-зертханалық жабдықтар, кестелер, модельдер және т.б. жатады. Нысандар құрамына қарай оқытудың құралдары: материалдық және идеалдық болып бөлінеді. Материалдық құралдарға: оқулықтар мен оқу- әдістемелік құралдар, нұсқаулар, кестелер, модельдер, макеттер, ақпараттық құралдар, компьютер, оқу-техникалық құралдар, зертханалық жабдықтар, оқу орны, жиһаз, сабақ кестесі және т.б жатады.

Ойлау мұраттық (идеалдық) оқыту құралына жатады. Поляк дидакты В.Оконь оқыту құралдарын оқытушының іс-әрекетін ауыстыру мен білім алушылардың әрекетін автоматтандыру мүмкіндігінің өсуіне байланысты жіктейді. Осыған сәйкес, оқыту құралдары екі топқа бөлінеді: қарапайым және күрделі. Қарапайым құралдар: сөздік, оқулықтар, мәтіндер; қарапайым визуалды құралдар: нақты заттар, модельдер, суреттер және т.б. Күрделі құралдар: механикалық визуалды құралдар: кодоскоп, диапроектор және т.б.; аудио құралдар: магнитофон, радио, музыка ойнатқыш; аудиовизуалды: дыбысты фильм, телевидение, бейнежазба; оқыту үдерісін автоматтандыру құралдары: мультимедиялық кабинет, компьютерлер, ақпараттық жүйе, телекоммуникациялық жүйе. Идеалдық оқыту құралдары – оқытушы мен студенттердің жаңа білімдерді меңгеру үшін қолданылатын бұрын меңгерілген білім мен біліктері болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Шунк Дейл Х. Оқыту теориясы: Білім беру көкжиегі. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019 жыл. – 608 бет. ISBN 978-601-7943-22-6
2. Педагогика. Учеб. пособие / Под ред. И.П. Пидкасистого. – М.: Высшее образование, 2007. – 430 с.

ӘОЖ 84.71

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЖАҢАШЫЛДЫҒЫ

Ордабаева Үміт Билановна

Резюме. В статье достижение результатов для учителя заключается не только в том, что ученик получает образование, но и в том, что он самостоятельно приобретает знания и применяет полученные знания для своих нужд. Современный ребенок – это завтрашний новый мир. На основе социального фактора, влияющего на развитие ученика, следует сотрудничать между учеником, учителем, родителями, учителями других предметов

Summary. In the article, the achievement of the result for the teacher is not only the student's knowledge, but also the independent acquisition of knowledge and the application of the acquired knowledge. Today's child is tomorrow's new world. Based on the social factor influencing the

development of the student, cooperation should be between the student, teacher, parents, teachers of other subjects.

Кілтті сөздер: технология, функциональ, ақпарат, коммуникация, реформа, принцип, модуль және т.б.

Бүгінгі таңда балалардың қабілеттерін жоғарғы деңгейде қанағаттандыратындай білім беру көптеген өркениетті елдерде саралап оқыту принципінің негізінде одан әрі дамытылуда. Ол Франция, Америка, Германия, Англия, Жапония т.б. елдердің білім беру жүйесінде қазір жоғарғы деңгейде жүргізілуде. Қоғамымыздың қазіргі даму кезеңі мектептегі білім беру жүйесінің алдына оқыту үрдісін технологияландыру мәселесін қойып отыр. Осындай табиғи сұраныстарға орай, оқытудың әртүрлі технологиялары жасалып, мектеп тәжірибесіне енгізілуде. Мәселен, академик В.И.Монаховтың технологиясы, В.К.Дьяченконың ұжымдық оқыту әдісі, М.М.Жанпейсованың оқытудың модульді технологиясы және Ж.А.Қараевтың білім беру жүйесін ақпараттандырумен қатар оқушылардың өскелең оқу тәрбие үрдісін түгелдей терең дараландырып жаңаша білім алуына, өздігінен іздену сезімін ояту, дарындылық пен талапқа жол ашуға бағытталған технологияларын атап көрсетуге болады. Олай болса, оқытушы педагогикалық ізденіспен озық технологиялардың әдіс-тәсілдерін аса жоғары талғаммен қолдана білуі тиіс. Оқушылар алған білімдерімен келешекте белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін, яғни тез бейімделе алуы арқылы функционалдық сауаттылыққа қол жеткізеді. Әрбір сабақты өту барысында шынайы өмірмен ұштастыру оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын және келешекте өз мамандықтарын дұрыс таңдауына әсер етеді.

«Сабақ беру – үйреншікті жай шеберлік емес, ол үнемі жаңаны табатын өнер» — деп бес арысымыздың бірі Ж.Аймауытов айтқандай, ұстаз әрқашан сабақты қызықты етіп, түрлендіріп өткізіп отыруы тиіс. Сонда оқушылардың пәнге қызығушылығы артып, өз беттерінше ізденіске ұмтылады. Сондай оқушының өз ізденісін тудыру соңғы кездері қатты қолға алынды, үлкен өзгерістерге ие болды.

Кеңестік мемлекеттен мұра болып қалған білім мазмұны жеке тұлғаның дамуына емес, білім, білік және дағдыны (ББД) меңгеруге бағытталған. Мұндай тәсілдің нәтижесі белгілі: оқу пәндерінің шамадан тыс жүктемесі; білім мазмұны тұтастығының және жүйелілігінің жойылуы; оны бөлшектелген, нашар ұйымдастырылған, схоластикалық ақпарат конгломератына айналдыру; оны пайдалану тәсілі мен оның міндеті кейде мұғалімге де, оқушыға да белгісіз болды. Осыдан мұғалім мен оқушыға шамадан тыс жүктеме, оқуға қызығушылықтың төмендеуі, мектеп түлектерін даярлау сапасының төмендеуі туындады. «Біз балалардың басына әртүрлі ештеңеге де қажет емес қоқысты үйіп-төгіп саламыз, кейін адам оны не істейтінін білмейді» — деп жазды К.Д. Ушинский.

Отандық білім беру жүйесінде реформаны жүзеге асыра отырып, біз оны мынадай бағытта дамытуды қамтамасыз етуіміз керек болды:

- бірыңғайлық пен біртұтастықтан – ашық әрі алуан түрлілікке;
- әрі-сәріліктен – жеке тұлғалық – бағытталғандыққа;
- бір жақты білімділіктен – білімді беру және еске түсірумен ғана түгенделмейтін, адамның көптеген және көп қырлы зияткерлік, көркемдік, рухани, практикалық іс-әрекеттеріне де есептелген іс-әрекеттік пен полимәдениеттілікке;
- схоластикалық, жалған академиялық, нәтиже жоқтығынан (бұл жерде білім мазмұнының ең көп бөлігі оқушылардың меңгеру мүмкіндігі мен қызығушылығынан тыс қалады) – өмірге ұмтылыс пен тиімділікке;
- репродуктивтіліктен және бейімдеушіліктен – қоғам мен жеке тұлғаның қазіргі өмірде серпінді болып жатқан өзгерістерге «үйлесіп» ғана қоймай, осы өзгерістерді жүзеге асыру, алға жылжыту қабілетін қалыптастырушы нәтижелілікке және дамытушылыққа.

Білімді адамдардан гөрі тәрбиелі, жүректі адамдарды тәрбиелеу, баланың жүрегіне баратын білім беру керек екеніне көзіміз жетті емес пе? «Жүрек – адам тәрбиесінің темірқазығы» — дейді Абай атамыз. Амалдың тілін алса, яғни арды ойламай, тек пайда ойласақ, жүрек ұмыт қалады.

Баланы тұлғаға бағыттау – жүректі сүйіспеншілікке толтыру. Бала кезінен бастап бала тәрбиеленетін орта жылылыққа, сүйіспеншілікке толы болу керек. «Жаратушының қолынан шыққан нәрсе әдемі болады да, адам қолында бұзылады» (Ж. Руссо). Демек, белсенді тұлғаны тәрбиелейтін, дамытатын – ортасы, достары, мұғалімдері. Біздің міндетіміз – баланың бойындағы ерекше қасиеттерін табу, оны дамытуға кемшіліктерін байқап, оған көмектесу. «Білімді математикаландыру керек» (Н. Назарбаев), яғни баланы жүйелі ойлауға үйрету. Бала алдына лайықты мақсат қойып, мәселені шешудің жолдарын біліп, сол мақсатқа жетудің мүмкіндіктерін дұрыс пайдалануы керек. Сондықтан да кездейсоқтықтан, әр түрлі ситуациялардан шығу жолдарын қарастыруда дұрыс шешім қабылдау, әрекет жасау қабілетін есепке алатын құзырлылықты нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесінің сапалық критерийі ретінде зерттеу – бүгінгі күннің талабы.

Адамзаттың өзі жаңа сапаға ауысты. Қарым-қатынас стилін өзгерту талабы туындады. Әр баланың өзіндік ерекшелігі болады. Көру арқылы ой қорытатындар (визуалдар), есту арқылы пікір жинақтайтындар (аудиалдар) болады. Біреулері көргенін тез қабылдап, біреулері естігенін есте сақтайды. Сонымен қатар балалардың кинестетик деп аталатын тағы бір тобы бар. Олар бәрін өздері қолдарымен ұстап, бақылап жылжытып, өзі жасағанды ұнатады. Ал көбінесе біздер балалардан қозғалмай отыруды талап етеміз. Мұндай жағдайда кинестетиктер ешнәрсені жөнді ұға алмайды. Сонан кейін оқуға деген қабілетін жоғалтады.

Ұстаздың қоғам өмірінде алатын орны мен олар атқарып отырған міндеттердің айрықша маңыздылығын Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Мұғалімдер – қоғамның ең білімді, ең отаншыл, ең санампаз бөлігі болып табылады... Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер– бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндет өте ауыр» — деп атап көрсетті. Ендеше білім беруде мұғалім білігі мен білімі мол мамандыққа дәл мұғалімге қойылғандай жоғары талаптар қойылмайды.

Еліміздің мәртебесінің биік болуы қоғам мүшелерінің, келешек ел қожасы – жас ұрпақтың белсенділігі мен іскерлігіне тікелей байланысты болмақ. Бүгінгі таңда мұғалімдер басшылыққа алатын ресурстар, әдістемелік нұсқаулықтар баршылық. «Сол әдіс-тәсілдерді қалай пайдалану керек және қайтсек ол нәтижесін береді?» тағы басқа да сауалдарға шамамыз келгенше жауап беріп көрейік. «Егер оқытуды біреудің басынан басқаның басына білім тасымалдау деп түсінсек, онда адамды ешнәрсеге де үйретуге болмайды» — деген Платон бір сөзінде. Сол себепті қазіргі заманауи тәсілдерді енгізе білу мұғалімнің жасампаздық қабілетінің артуына үлкен әсерін тигізеді сөзсіз. Мұғалімнің шығармашылығы дами отырып, оқу үрдісінің сапалылығы артады және оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас стилі өзгереді, жаңа сатыға көтеріледі. Жаңа тәсілдерді білім беру үрдісіне енгізу – көзқарасымызды өзгертуге бағытталған үрдіс.

Әлемдік білім беру жүйесі де жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған. Бұл ұстаным Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында жан-жақты сипатталған: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу». Тұлға дамуы оның белсенділігімен тығыз байланысты, өйткені адам бірінші кезекте өз қолымен жасағанды елейді, ескереді, есте сақтайды. Кеше тұлғаның «миы», «басы», «ақылы», «интеллекті» бірінші орында еді, ал бүгінде адамды бағалауда біз бірінші кезекте оның ішкі дүниесін, рухани ахуалын, адамгершілік қасиеттерін ескереміз. Абайдың «Адам бол» деген рухани қағидасы бүгінде білім игеру жүйесінің басты қағидасына айналып отыр. Білім беру реформаларын сапалы жүзеге асыру жолдарын қарастыруда әлем елдерінің, соның ішінде, Жапонияны алатын болсақ, біздің балаларымыздың білім сапасы Жапония елінің білім сапасынан айтарлықтай төмен екендігі анықталған. Олар біздің оқушыларымызға қарағанда едәуір аз пән оқиды. Жапонияда жеке тұлғаның эмоционалдық бет-бейнесін қалыптастыратын пәндер 70%-ды құрайды. Жеке тұлғаның рухани-адамгершілік тәрбиесіне айтарлықтай көп уақыт бөлінеді.

Мұғалім мен тұлға арасындағы қарым-қатынаста рухани-адамгершілік байланыс орнатып, ынтымақтастыққа қол жеткізуде Ш. Аманашвили мұғалімдерге мынадай кеңес береді:

«Педагогикалық үдерісте баламен тіл табыса білу, яғни балаға өз ойын, талғамын, көңілдегісін айтуға рұқсат беру тәрбиешіден көп шеберлікті талап етеді. Осынау қарым-қатынаста бала жанының қозғалысымен ынтымақтастық тапқан кезде бала өз бойындағы табиғи дарынын ашады, ал мұғалім өзінің шығармашылық жігер қуатының жемісін көруге мүмкіндік алады. Басқаша айтқанда, бала шығармашылығы мұғалім шығармашылығымен ұласып кетеді. Мұндай жағдайда мұғалім мен оқушы арасында тұтастық пайда болады» — деп рухани-адамгершілік қай кезде орнығатынын пайымдайды. Ұстаз үшін нәтижеге жету шәкіртінің білімді болуы ғана емес, білімді өздігінен алуы және алған білімдерін қажетіне қолдану болып табылады. Бүгінгі бала – ертеңгі жаңа әлем. Оқушының дамуына әсер етуші әлеуметтік фактор негізінде оқушы, мұғалім, ата-ана, басқа пән мұғалімдері ынтымақтасуы керек.

Заман талабына сай жаңа технология әдістерін үйрету, бағыт-бағдар беруші – мұғалімдер. Оқушылардың жаңа тұрмысқа, жаңа оқуға, жаңа қатынастарға бейімделуі тиіс. Осы үрдіспен бәсекеге сай дамыған елдердің қатарына ену ұстаздар қауымына зор міндеттер жүктейтінін ұмытпауымыз керек. Ы. Алтынсарин: «Мұғалімдік мамандық – бұл адамтану, адамның күрделі және қызықты, шым-шытырағы мол рухани жан дүниесіне үңіле білу..»

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Курт Мередит, Джинни Стил, Чарльз Тэмпл, Скот Уолтер. Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту. Әдістемелік құрал. Алматы, 2000 ж.
2. Бабанский Ю.К. Оптимизация учебно-воспитательного процесса. Методические основы. Москва, 1982 г.

ӘОЖ: 37.094.4/9

КӨРКЕМ ЕҢБЕК ЖӘНЕ ОНЫҢ ОҚУ-ТӘРБИЕ ЖҮЙЕСІНДЕГІ МАҢЫЗЫ

Сайфулла Бағжан

М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті 1 курс студенті

Таджибаева Жанна Сайдуллаевна

М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз қ.

Аңдатпа:

Мақалада көркем еңбек пәнінің оқу-тәрбие жүйесіндегі маңызы мен рөлі қарастырылады. Көркем еңбек — оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытатын, эстетикалық талғам мен практикалық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған пән. Бұл пән арқылы балалар қолөнер, дизайн, сурет салу және басқа да шығармашылық жұмыстар арқылы өздерінің шығармашылық потенциалын ашып, қоршаған ортаға эстетикалық көзқарасын дамытады. Мақалада көркем еңбек сабақтарының оқушы тұлғасының жан-жақты дамуына, оның еңбекке деген шығармашылық көзқарасының қалыптасуына және қоғамдағы белсенді азаматтық позициясын нығайтуға әсері талданады. Сонымен қатар, көркем еңбек пәнінің қазіргі заманғы білім беру жүйесіндегі орнын, инновациялық әдістер мен технологияларды енгізудің маңыздылығын және осы пәннің жастарды тәрбиелеудегі рөлін теренірек зерттеу ұсынылады.

Кілт сөздер: көркем еңбек, эстетикалық қабылдау, дәстүрлі сабақтар, сәндік-қолданбалы өнер

Аннотация:

В статье рассматривается значение и роль предмета художественного труда в учебно-воспитательной системе. Художественный труд-предмет, развивающий творческие способности учащихся, направленный на формирование эстетического вкуса и практических навыков. С помощью этой дисциплины дети раскрывают свой творческий потенциал через поделки, дизайн, рисование и другие творческие работы и развивают эстетическое отношение к окружающей

среде. В статье анализируется влияние уроков художественного труда на всестороннее развитие личности школьника, формирование его творческого отношения к труду и укрепление активной гражданской позиции в обществе. Кроме того, предлагается углубленное изучение места предмета художественного труда в системе современного образования, важности внедрения инновационных методов и технологий и роли этого предмета в воспитании молодежи.

Ключевые слова: художественный труд, эстетическое восприятие, традиционные уроки, декоративно-прикладное искусство

Annotation:

The article discusses the importance and role of the subject of artistic labor in the educational system. Artistic work is a discipline that develops students' creative abilities, is aimed at the formation of aesthetic taste and practical skills. Through this discipline, children discover their creative potential and develop an aesthetic vision of the environment through crafts, design, drawing and other creative activities. The article analyzes the impact of artistic labor lessons on the comprehensive development of the student's personality, the formation of his creative attitude to work and the strengthening of his active civic position in society. In addition, a deeper study of the place of the discipline of artistic labor in the modern education system, the importance of introducing innovative methods and technologies and the role of this discipline in the education of young people is proposed.

Keywords: artistic labor, aesthetic perception, traditional classes, arts and crafts

Көркем еңбек — бұл ұзақ тарихы және халықтық мәдениеттің ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлері бар әмбебап интеграцияланған қызмет. Бізге белгілі барлық көркемдік техникалар мен технологиялар ежелгі әрекеттерге немесе операцияларға негізделген: тоқу, байлау, бояу, тігу, кесу, бұрау, бұйралау және т.б. және көптеген дәстүрлі өнер бұйымдары (зімбір нан мен багельдер, себеттер мен кілемшелер, тостағандар мен құмыралар, сырғалар мен брошкелар) ежелгі уақытта ойлап табылып, халықтық сәндік — қолданбалы өнерде бейнеленген.

Көркем еңбек сабақтарының мақсаты — балаларға эстетикалық және тұрмыстық мәдениетті бағытталған және дәйекті тәрбиелеу, жеке өсуге ықпал ету және қоршаған әлемге эмоционалды және құндылық қатынасын қалыптастыру. Негізгі идея — балалардың көркемдік белсенділігі оның барлық деңгейлерінде – қабылдау, орындау, шығармашылық – баланың жалпыадамзаттық мәдениетке енуі ретінде ұйымдастырылған. Бұл мақсат бірқатар іргелі теориялық қағидаларды ашады.

Көркемдік жұмыстың құрылымы, сондай-ақ қоғамдық тәжірибені игеру процесінің негізгі психологиялық жағдайлары мен тетіктері жүйелік-белсенділік тәсілін толық сипаттайды, оның негізгі ұстанымы қазіргі білім беру жүйесіндегі тұлғаның дамуы білім беру және тәрбие процесінің негізі ретінде әрекет ететін әмбебап әрекеттер мен қабілеттердің қалыптасуымен қамтамасыз етіледі деген тезис болып табылады. Жалпы білім берудің негізгі мақсаттарымен анықталатын әмбебап оқу іс — әрекеттерінің негізгі түрлерінің құрамында төрт блок бөлінген: 1) жеке; 2) реттеуші; 3) танымдық; 4) коммуникативтік.

Көркем еңбек сабақтарының негізгі міндеттері:

1. Көркем жұмыстың табиғаты мен мәнін өмірді жабдықтайтын және өмірін орындылық, үйлесімділік, сұлулық заңдарына сәйкес ұйымдастыратын адамның шығармашылық қызметі ретінде ашу.

2. Адам өмірінің барлық қырларының (табиғи, материалдық, әлеуметтік, рухани) көрінісі ретінде көркем еңбекке эмоционалды — құндылық қатынасын қалыптастыруға ықпал ету; көркем еңбек нәтижесінің ерекшелігін – пайда мен сұлулықтың бірлігін (Функционалды және эстетикалық) ашу.

3. Адамның көркемдік — шығармашылық қызметінің түрлері туралы түсінігін кеңейту; халық шеберін, суретші-конструкторды, дизайнерді еңбекпен таныстыру.

4. Көркемдік — өнімді іс-әрекеттің тәжірибесін оның барлық деңгейлерінде байыту: қабылдау — орындау — шығармашылық, жасына, жынысына, жеке ерекшеліктеріне сәйкес.

5. Эстетикалық қабылдауды, шығармашылық қиялды, бүйірлік (икемді, шығармашылық) ойлауды, әмбебап көркемдік қабілеттерді дамыту және еңбек адамының қасиеттерін тәрбиелеу – еңбекқорлық, жауапкершілік, адалдық, коммуникативтілік және т. б.

Балалардың көркем еңбек мазмұнын интеграцияланған қызмет ретінде игеруінің сәттілігін қамтамасыз ететін негізгі психологиялық — педагогикалық жағдайларды бөліп көрсету керек:

- көркем — өнімді қызмет түрлерінің әртүрлілігі;
- білім беру мақсатымен және даму бағдарламасымен (стратегия мен тактиканың бірлігі) біріктірілген қызмет түрлерінің тұрақты ауысуы;
- жеке бағдарламалар мен даму бағыттары;
- мұғалімнің рөлі әр түрлі өзара әрекеттесу формаларында нақты бірлесіп құру әдісімен (мұғаліммен, ата-аналармен, суретшімен, халық шеберімен, басқа балалармен) еркін, тәуелсіз қызмет үшін жағдай жасау және оқу процесін ұйымдастырудан тұрады;
- материалдардың, көркем аспаптардың, альбомдардың, мәдениет заттары мен өнер туындыларының кең таңдауын қамтитын арнайы жабдықталған орынның (шеберхана, дизайн-студия, қолөнер орталығы және т.б.) болуы.

Дәстүрлі сабақтардың орнына шығармашылық жобалардың бір түрі ұсынылады, олар мыналармен сипатталады:

- нақты тақырыпты емес, әр баланың айналасындағы әлемді және оның осы дүниеде болуын түсіну тәсілі ретінде мағынасын анықтау;
- білім беру және нақты (материалдық) кеңістік шекарасын кеңейту (мұражайлар, көрмелер, мастер — кластар, балабақша алаңындағы шеберханалар, серуендеу және экскурсиялар, мәдени оқиғалар) [1; 25].

«Көркем еңбек» пәнінің маңыздылығы: шынайы болмысты эстетикалық қабылдауды және еңбекқорлыққа тәрбиелеуді, адамның қоршаған әлеммен өзара байланысы жайлы білімді қалыптастырудың бірден-бір құралы болып табылады. **«Көркем еңбек»** пәні елестету мен бақылау қабілетін, кеңістіктік және көру елесі қабілетін қамтамасыз ететін, әртүрлі шығармашылық әрекет барысында, көркем-технологиялық білімдерді, қабілеттер және дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. Түрлі материалдармен жұмыс істеу оқушылардың технологиялық ойлауын, көркем-эстетикалық талғамын, шығармашылық, есте сақтау қабілеттерін, кеңістіктік қиялын, фантазиясы мен қол моторикасын дамытуға, көзбен нақты мөлшерлеу қабілетін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Сурет салу барысында зейін маңызды орын алады. Мысалы, кубтың перспективалық көрінісінде оның ені мен биіктігі бірдей болып көрінуі мүмкін, бірақ шын мәніндегі өлшемдері әр түрлі. Сол сияқты балаларға жапырақтың суретін салдыру барысында бала, оның формасының сипатын түсіне алмайды, ал егер олар сол жапырақты басқа қайың, қарағай, терек, шырша жапырақтармен салыстырып көретін болса онда, салатын жапырақтың формасының сипатын анықтауға мүмкіндік туады. Мұнан шығатын қорытынды балаға зат формасын қабылдауға, суретін салуға өлшемдер қатынасын, формасын, құрылымын салыстырудың орны ерекше. Сонымен қатар балалардың зейін тәрбиелеудің маңызы үлкен. [2; 58].

Оқушылардың белсенді зейінін тәрбиелеуде ешбір оқу пәні, нұсқаға қарап сурет салу сияқты мүмкіндікке ие бола алмайды. Нұсқаға қарап сурет салу оқушылардың кеңістік туралы ойлауы мен қиялын дамытады. Перспектива құбылыстарының қарапайым ережелерімен танысу, кеңістікті ойлаудың күрделі екендігін көрсетеді. Үш өлшемді көлемді затты жазықтық бетінде бейнелеу, оқушының кеңістік туралы ойлауының қажет екендігін көрсетеді. Барлық графикалық ой, бейнеленетін затты көру дағдысына негізделеді. Сондықтан сурет салушы заттың конструкциялық құрылымын, бөліктерінің өзара байланыстарын, форма сипатын, заттың кеңістіктегі қалпын елестете білу қажет.

Оқушылардың айқын образдық елестету қабілеттерін дамыту, нұсқаға қарап сурет салу, есте сақтаудың дамуына ықпал етеді. Адам өмірінде есте сақтаудың рөлі ұшан теңіз. Нұсқаға қарап сурет салу тек қана образдық есте сақтаумен шектеліп қалмай, сол сияқты қозғалыс, эмоциялық және сөздік-логикалық естердің дамуына ықпал етеді.

Оқушының зат туралы айқын елестетуінің негізінде қиял қабылеті дамиды. Нұсқаға қарап сурет салу кезінде абстракциялық ойы дамиды. Зат формасының құрылымына конструктивтік талдау абстрактылы ойлаусыз мүмкін емес, ол сурет салу барысында үнемі зат құрылымына талдау жасап отырудың қажет етеді.

Зат формасын үйренудің басқа түрлеріне қарағанда абстрактілі ойлау процесінің барлық уақытында, нұсқаға қарап сурет салудың мүмкіндігіндей жағдай бола бермейді. Мұның бәрі сурет салуды үйрену адамның жалпы дамуына әсер етеді.

Орта мектептегі нұсқаға қарап сурет салу дегеніміз жарық пен көлеңке мүмкіндіктері арқылы карандашпен сурет салуды ғана қарастырып қоймай, оған қоса кескіндеме өнерінің мүмкіндігі арқылы түрлі түсті бояулармен сурет салуды білдіреді.

Кескіндемені оқытудың міндетіне нұсқасына қарап, жеке заттарды, қарапайым натюрморты, ингерьерлер мен пейзаждарды салуды көздейді. Кескіндеме элементтерімен танысу барысында оқушылар түрлі түсті карандаштармен, акварель және гуашь бояулармен жұмыс істеудің техникалық тәсілдерін меңгеруді көздейді. Бірінші сыныпта оқушылар акварельмен табиғат заттарын (жапырақ, жәндіктер т.б.) бояуларды араластырмай-ақ бір түспен бейнелеуге үйретілді. Үшінші сыныптан бастап, олар бояуларды араластыру арқылы заттың (түсіне жақын бояу түстерін табуға ұмтылады. Сонымен қатар олар түрлі-түсті бояуларды бірінің үстіне бірін жағуды үйренеді. Төртінші сыныпта оқушылар акварельмен көлемді формаларды (көкөністі, ыдыстарды) бейнелейді. Алғашқы кезде бұл заттарды ақ фонда бейнелесе, соңынан оларды жарық түсті фонда бейнелеуді үйренеді. Бесінші, алтыншы сыныптарда нұсқаға қарап сурет салу сабақтарында акварель бояуларымен бір топ заттардың түстерінің қатынастарын бере білуге, зат көлемін беруге бағытталады [3; 38].

Нұсқаға қарап сурет салу балаларға эстетикалық тәрбие берудің тамаша мүмкіндігі болып табылады. Нұсқаға қарап пейзажды, ағашты, гүлді салу барысында бала табиғат әсемдігіне, түстер мен формалардың алуан түрлігі мен байлығына қызыға түседі. Ол тұтас заттың және оның бөліктерінің пропорциялық қатынастарын көре біліп, табиғат формаларының гармониясы мен ритмін, түстердің түрлі деңгейдегі реңдерін көре білуге үйренеді. Балалардың байқампаздығын елгезектігін дамыта отырып, біз эстетикалық тәрбие беру міндеттерін шешеміз.

Сәндік сурет салу сабақтары. Сурет салу оқушыларға графикалық сауаттылық негіздерін меңгертумен қатар олардың шығармашылық қабілеттерін дамытады. Оқушылардың шығармашылық қабылетін дамытудың ерекше мүмкіндігі сәндік сурет салу сабағы. Бейнелеу өнері бағдарламасында ою-өрнектер құрастыру, альбомдарды безендіру, бөлме ішін безендіру тапсырмалары қарастырылған. Мұндай тапсырмалардың мектепте берілуі кәсіптік қызметке дайындау емес, шығармашылыққа тәрбиелеу оқушылардың өз бетінше жұмыс істеуіне жол ашу және қоғамдық пайдалы еңбекке тарту болып табылады.

Қазақ сәндік қолданбалы өнер бұйымдарын оқушыларға таныстыру барысында бұйымның көркемдік ерекшеліктеріне талдау жасалады. Бұйымның қолөнердің қандай түріне жататындығы, оны жасаған шебер, бетіне салынған ою-өрнектер, бұйымды жасау технологиясы, қолданған құрал саймандары материалдары туралы таратылып айтылады. Осындай бағыттағы талдаулар негізінде бала көркем өнер бұйымдарының көркемдік ерекшеліктері туралы қажетті білімдер жүйесін меңгерді. Қолөнер бұйымдарының атауларын үйренеді. Осындай іс-әрекеттердің нәтижесінде балалардың көркем өнер білімдері жүйеленіп, олардың әсемдік тарғамдары арта түседі. Мысалы, балаларға кілем өнерін таныстыру барысында кілемнің түкті кілем және тақыр кілемдерге бөлінетіндігі, кілем сәндік өнердің жүнді көркем өңдеу түріне кіретіндігі айтылады. Мұнан соң кілемнің бетіне салынған ою-өрнектің композициясына назар аударылып, оны тоқуға қажетті материалдар қалай дайындалатындығы, тоқу станогының құрамындағы бөлшектерінің атаулары туралы мәліметтер беріледі. Арнайы дайындалған таблицалар бойынша кілемді тоқу технологиясымен таныстырылады. Қазіргі шеберлердің тоқыған кілемдерінің бірі үлгі ретінде көрсетілді.

Бейнелеу өнері сабақтарының бір түрі - әңгіме сабақ деп аталады. Әңгіме сабақтың мақсаты оқушыларды еліміздің даңықты суретшілерінің өмірімен, шығармашылығымен таныстыру, бейнелеу өнерінің негізін құрайтын терминдерге түсінік беру, өнертанудың алғашқы

ұғымдарын меңгерту, өнер арқылы балалардың дүниетанымын қалыптастыру болып табылады. Бейнелеу өнері туралы әңгіме сабақ әрбір тоқсанда төрт сабақтан жоспарланады, олар белгілі тақырыптар бойынша өткізіледі. [4; 57]. Бастауыш сыныптағы әңгіме сабақтың мазмұны «Бейнелеу өнерінің түрлері», «Бейнелеу өнерінің жанрлары», «Бейнелеу өнеріндегі ана образы», «Бейнелеу өнеріндегі портрет жанры», «Бейнелеу өнеріндегі тарихи жанр», «Суретші Әбілхан Қастеевтің шығармашылығы» т.б. тақырыптарды қамтиды.

Қорыта айтқанда, оқушылардың көркемдік білімдері нұсқаға қарап сурет салу, тақырыптық сурет салу және бейнелеу өнері туралы әңгіме сабақтарда белгілі бір сурет салу барысында, немесе өнер туындысын қабылдау барысында игеріледі. Оқушылардың көркемдік білімдерінің құрылымы бейнелеу сауаттылығын құрайтын жарық пен көлеңке, перспектива, тұстану, композиция, симметрия, заңдылықтары туралы білімдерден және бейнеленетін көріністі қағаз бетіне орналастыра білу, зат құрылысын салу, зат көлемін көрсете білу, кеңістікті бейнелеу икемдіктері мен дағдыларынан құралады. Ал мұғалімнің оқушыларға көркемдік білім беру әдістері: салатын нұсқаны талдау, бейнелеу жолдарын көрсету, жаңа сабақты түсіндіру, көрнекілікті сабақта қолдану, оқушылардың бейнелеу жұмыстарына басшылық көрсету, өнер туындыларына және бұйымдарына көркемдік талдау жасау іс-әректтер жүйесінен құралады.

Халқымыздың өнегелі мәдениет үлгілерінің бірі – бейнелеу өнері қаншама дәуірдің тарихи ағымымен бірге жасап дамып келеді. Қазақ халқының өмір-тұрмысына тереңдей үңілсек, мәдениет дәстүрінің үзілмей бүгінгі ұрпаққа жетуіне бірден-бір себеп халықтық педагогика.

Өзінің тәрбиелік мәнін бүгінге дейін жоғалтпай келе жатқан көркемдік педагогиканы, қазіргі таңда мектеп өміріне енгізу, бейнелеу өнері сабақтарында қолдану заман талабына айналып отыр.

Орта Азия мен Қазақстан жері мәдениеті дамыған өркениет орталығы болғандығы көпшілікке мәлім. Сыры кетсе де, сыны кетпей сақталып келе жатқан әсем ғимараттар, тас мүсіндер, сарайлар, халықтың тұрмысында қолданылған сәндік қолданбалы өнердің інжу маржандары жастардың көркемдік талғамын дамытуға дәнекер болары сөзсіз. Бұл жерде айта кететін өкінішті жағдай – көшпелі еліміздің көркем мәдениетін жас ұрпақтың игілігіне пайдалану кешеуілдеп, оларды мектеп оқушыларына көркемдік білім мен әсемдік тәрбие беру бағдарламасына тыс қалуы. Бұл ұстанылатын басты бағыт жас ұрпаққа халықтың мәдени дәстүрін оқушыларға таныстыру, ата-бабамыздың тұрмысында жиі қолданылған қарапайым заттарды салуға үйрету, олардың формасымен, түр-түсімен т.б. көркемдік ерекшеліктерімен таныстырудың әдіс тәсілдерін болашақ мұғалімдерге көрсету.

Әдебиеттер:

1. Каменева Е. Кемпіркосақтың түсі қандай [Мәтін] / Е. Каменева. - Алматы: Өлке, 2015. - 176б. - ISBN 978-601-253-162-6
2. Самұратова Т. Бейнелеу өнері тарихы [Мәтін]: оқулық / Т. Самұратова. - Астана: Фолиант, 2013. - 248 б. - ISBN 978-99-65-35-954-5
3. Жиенбекова А.А. Қазақтардың сәндік қолданбалы өнері. Оқу құралы./ А.А.Жиенбекова Алматы: «Эверо» баспасы, 2018.- 268 б., суретті. ISBN 978-601-240-806-5 https://elib.kz/kk/search/read_book/1328/
4. Бирюкова Н.В. Сәулет тарихы [Электрондық ресурс]: Оқу құралы / Н.В. Бирюкова. - Алматы, 2014. - 372 б. - ISBN 978-601-7427-40-5. http://lib.tarsu.kz/rus2/all.doc/Elektron_res/Birukov_Saulet_tarixi.pdf

UDK 811.111:376

**EFFECTIVE MEANS AND METHODS OF WORKING WITH CHILDREN
WITH DISABILITIES IN ENGLISH LESSONS.**

Seisebayeva Banu Talgatovna

Taraz University named after M.Kh. Dulaty

Abstract. Inclusive education of children with disabilities within the framework of educational institutions is one of the urgent problems of the modern education system and poses the difficult task for all teachers to ensure the creation of the most adequate conditions for genuine and full inclusion and participation of children's data in the educational process.

The problem of inclusive teaching children with disabilities to a foreign language teachers is especially acute. Foreign countries have accumulated rich and successful experience in joint training of children. However, an analysis of foreign research literature showed that the question of choosing an effective technology for teaching a foreign language of children with disabilities in the conditions of inclusive learning still remains debatable.

Key words: Inclusive education, methodological support, limited health capabilities, foreign language, modern education, communicative skill, selection of tasks, children with disabilities.

Аннотация. Білім беру мекемелері шеңберінде мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім беру қазіргі заманғы білім беру жүйесінің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады және барлық педагогтардың алдына мүмкіндігі шектеулі балалардың білім беру процесіне шынайы және толық қосылуы мен қатысуы үшін барынша жағдайлар жасауды қамтамасыз ету мәселесіне күрделі міндет қояды.

Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту, әсіресе шет тілі мұғалімдерінің алдында инклюзивті оқыту мәселесі ерекше өткір тұр. Шет мемлекеттер мүмкіндігі шектеулі балаларды бірлесіп оқытудың мол және табысты тәжірибесін жинақтады. Алайда, шетелдік зерттеу нәтижелерін талдай келе, инклюзивті оқыту жағдайында мүмкіндігі шектеулі балаларға шет тілін оқытудың тиімді технологиясын таңдау мәселесі әлі де пікірталас тудыратынын көрсетті.

Түйін сөздер: инклюзивті білім беру, әдістемелік қолдау, денсаулықтың шектеулі мүмкіндіктері, шет тілі, заманауи білім беру, коммуникативті шеберлік, тапсырмаларды таңдау, мүмкіндігі шектеулі балалар.

In the context of modern Kazakhstan education, in accordance with the Law “On Education in Kazakhstan and the professional standard of the teacher, one of the key competencies of the teacher is the readiness and ability to work with students with limited health opportunities. Limited health capabilities (disabilities) - what is it?

The scientific sources of literature described that a person with disabilities is distinguished by certain restrictions in everyday life, has special needs. According to S.V. Alekhina, students with special educational needs are students who need to obtain special psychological and pedagogical assistance and organize special conditions in their education and training [1]. Therefore, a person cannot perform certain functions or responsibilities.

Teaching children with disabilities should be aimed at creating favorable conditions for the implementation of equal opportunities with peers, obtaining education and providing a decent life in modern society.

When working with children with special educational needs, it is extremely important to choose a strategy for effective interaction, which would positively affect the educational process and the development of students. To date, the issue of the development and choice of the most effective technologies and methods of teaching a foreign language of children with disabilities is actively discussed. Special educational needs determine the special logic of building the educational process and is reflected in the structure and content of education. So, there are a number of relatively universal

technologies and techniques, the specifics of the application of which depends on the nature of violations in students.

The formation of an accessible educational environment requires compliance with the rules, since students with disabilities are a special group of students. Training should take place in specially equipped rooms that will guarantee security. A child with disabilities can get a full education only in schools where adapted courses and correctional schemes are used. There is the possibility of sending children with disabilities to ordinary educational institutions, where they can study on equal terms with peers [2].

Even L.S. Vygotsky pointed out the need to create such a training system in which a child with disabilities would not be excluded from the society of children with normal development. And such a training system seems to have been created - inclusive training (the term used to describe the process of teaching children with special needs in secondary schools) includes the correction of mental activity, the correction of certain physical disorders, the development of speech, the expansion of ideas about the world, and the formation of general intellectual skills. The implementation of this technology takes place in the conditions of maximum immersion of the child into the speech environment, increasing his motor activity and emotional tone, as well as the formation of self-control and motivation for educational and cognitive activity.

Where to start the work for the teacher?

Knowing the features of such children, knowledge of their abilities and the level of readiness for the learning process largely determines the choice of methods and forms of work to achieve positive results.

Given the psychophysiological characteristics of children with disabilities, the following methodological principles should be adhered to [3]:

1. Ensuring the mobile activities of children.
2. Frequent change of activity.
3. Immersion in the language environment.
4. Multiple auditing of the introduced structures.
5. Continuity and constant repetition of the material.
6. The general development of the child through the English language, the disclosure of his creative abilities.

In 2 and 3 places: the principle of accessibility and feasibility.

Each child, regardless of his capabilities, should receive a decent education. In order to increase students' interest in the study of such a complex subject as English, it is first of all that you need to set yourself, that is, the teacher, clear goals. Pupils should know and understand why they are doing one or another task or study certain rules. The next thing to take into account is a variety of tasks. All tasks given by students should be carefully and carefully selected by the teacher. No less important in the learning process is visualization. The student must have a visual example or rule, which is then quickly absorbed by him. The content of the subject includes mainly educational information about the two aspects of the language: vocabulary and reading, which form the basis of the formation and development of skills related to the mastery of four types of speech activity: reading, auditing, speaking and writing. In the process of performing each type of speech activity, the same set of operations is required to move from the student's intention to the text (speaking and writing) or from the text to the student (reading and listening). Therefore, in the process of teaching a foreign language, it is necessary, first of all, to form and develop skills and skills in working with the text. Mostly, work with the text is divided into three phases: Dektex stage (Pre-Reading), Active Reading (While-Reading), the post-Streaming stage (Post-Reading).

The diverstatic stage (introduction to the situation) includes the following tasks: compilation of diagrams, selection of headings, answers to leading questions. As experience shows, at the beginning of this stage, students work sluggishly, make many phonetic mistakes. At the second stage, the text is voiced according to a certain scheme: reading a teacher, choral reading behind the teacher, listening to the text. Thus, with repeated reading and repetition, involuntary memorization of the material is carried out, the reading technique is effectively practiced. The post-text stage includes the tasks of the following plan: correlation of the idea and paragraph (Matching), filling out all kinds of tables (Fill in the Table),

test tasks with multiple choice, determination of the right \ incorrect utterance (True or FALSE). It should be noted that at the third stage of work with the text, the pace of work of students increases significantly, a psycho-emotional barrier is reduced to unknown material.

English lessons for students with disabilities begin with exercises on the development of visual, photographic, auditory and associative memory. Each lesson uses not only a rational, but also an emotional component, which is necessarily in the conditions of the introduction of the Federal State Educational Standard (FSES). One of the important factors is the use of pair work in the classroom with clear and simple instructions, as far as possible, and built strictly in logical order. It can be the task simply repeat the word, phrase, question. For such children, the use of transcription in Russian is recommended. In the lexical minimum, you can not include low -use words, but it is better to expand international vocabulary, which is easy to understand when reading. Learning such words contributes to the development of guesses, in addition, alphabetic-sound correspondences are fixed.

The successful assimilation of new vocabulary by children consists of the following elements:

- Engage (involvement) - music, pictures, slides, games, etc.
- Study (concentration on clear designs)
- Activate (response to use the obtained language skills)

Techniques for introducing new words:

- use of visualization;
- synonyms, antonyms;
- simple translation of the word;
- independent search in the dictionary;
- the development of a linguistic guess through the context.

An important role is assigned to games such as Association pictures, Bingo (ear game), Grab the Word (search for a word based on recording), etc. [4]

One of the indispensable conditions for fruitful work in English lessons, as well as others, is the presence of technical teaching aids. Using a computer is an integral part of the lesson. Thanks to multimedia capabilities, students can listen to speech in the language being studied. The use of ICT in the formation of a grammatical skill allows students to perceive new material faster, since several receptors will be involved at once, and a successful color design, the use of interactive schemes and tables will facilitate the process of understanding the information presented.

Learning vocabulary can become much more interesting and effective due to the use of various gaming and test programs, where exercises are accompanied by visual, sound supports.

As for the assessment of students with disabilities, these children should not be evaluated not so much for the results achieved as for their efforts and efforts in learning the English language. The assessment is set with a positive bias.

Thus, the above techniques and methods of working in the English lesson do not inhibit the child, but create a rehabilitating space around him, ensuring the possibility of self -realization of themselves as a full -fledged personality of the educational process. It is necessary to fully support children with disabilities in an interest in a foreign language and its study. The teacher should show patience, constant care, love children as they are, rejoice at their successes.

References:

1. Alekhina S.V. Inclusive education for children with disabilities - Krasnoyarsk: Siberian Federal University, Krasnoyarsk University named after V.P. Astafyeva. - 2013.-123 p.
2. Panfilova E.V. Features of learning at a correctional school: problems of students with disabilities // Pedagogy: traditions and innovation. - Chelyabinsk: Two Komsomols, 2013.-143 p.
3. Vygotsky L.S. The problem of age // Psychology of development and age psychology: anthology / ed. E.V. Gurov. - M.: Publishing House "MNAGIU", 2013. - 316 p.
4. General methodology for teaching foreign languages // Ed. A.A. Mirolyubova, I.V. Rakhmanova, V.S. Ceten Publishing House "Education". - 2013.-181.

ӘӨЖ 37.018.1:373.3

**ОТБАСЫ МЕН МЕКТЕП АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫСТЫҢ
ОҚУШЫНЫҢ ЖЕТІСТІГІНЕ ӘСЕРІ**

Серікбек Инабат

М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті 2 курс студенті

Ордабаева Раушан Біләнқызы

М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз қ.

Аннотация

Бұл мақалада отбасы мен мектеп арасындағы байланыстың оқушының жетістігіне әсері қарастырылады. Мақсаты – ата-ана мен мұғалім арасындағы өзара әрекеттестіктің білім сапасына тигізетін ықпалын зерттеу. Міндеттері – ата-ананың мектеп өміріне қатысуының маңыздылығын анықтау, оқушы жетістігіне әсер ететін негізгі факторларды талдау. Зерттеу нәтижесінде ата-ананың білім процесіне белсенді қатысуы оқушының үлгерімі мен эмоционалдық тұрақтылығына оң әсер ететіні дәлелденді. Қорытындысында мектеп пен ата-ана арасындағы ынтымақтастықты нығайтудың маңыздылығы көрсетілді.

Abstract

This article examines the impact of family-school interaction on student success. The aim is to study the effect of parent-teacher collaboration on academic performance. The objectives include identifying the importance of parental involvement in school life and analyzing key factors influencing student achievement. The study results show that active parental participation positively affects students' academic performance and emotional stability. The conclusion emphasizes the importance of strengthening cooperation between schools and families.

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде оқушының жетістігі көптеген факторларға байланысты. Олардың ішінде отбасы мен мектеп арасындағы қарым-қатынас ерекше орын алады. Бала білім алуда және тұлға ретінде қалыптасуда ең алдымен отбасынан қолдау алуы тиіс, ал мектеп бұл үдерістің негізгі бағыттаушысы болып табылады. Отбасы мен мектеп арасындағы тығыз серіктестік оқушының академиялық жетістіктеріне, психологиялық жағдайына және оның болашақтағы өміріне үлкен әсер етеді.

Бала - ата-ананың үміті, елдің болашағы. Әрбір ата-ана өз перзентінің жақсы білім алып, саналы азамат болып қалыптасуын қалайды. Бұл жолда отбасының рөлі ерекше, өйткені ата-ана баланың ең алғашқы ұстазы, өмірлік бағыт бағдар берушісі. Ата-ана баласына сүйіспеншілікпен қарап, оның қабілеттерін дамыту үшін білім беру мен тұлғалық дамуына қолдау көрсетсе, оқу процесіне белсенді араласса, бұл оның болашақ жетістігіне үлкен әсер етеді. Бұл мақсатқа жету жолында отбасы мен мектептің ынтымақтастығының маңызы зор. Себебі, баланың тұлға болып дамуы мен білім беру мекемесі қатар атқарады. Олардың үйлесімді байланысы оқушының жетістігіне әсер етеді.[1]

Отбасы – баланың ең алғашқы білім мен тәрбие алатын ортасы. Баланың мінез-құлқы, дүниетанымы, құндылықтары осы ортада қалыптасады. Отбасы мүшелері балаға қамқорлық көрсетіп, дұрыс бағыт-бағдар берген жағдайда, ол мектепте де жақсы нәтижелерге қол жеткізеді. Отбасы қолдауы арқылы бала өзін сенімді сезініп, жаңа білімді меңгеруге ынталанады.

Психологтар мен педагогтардың зерттеулері көрсеткендей, отбасы тәрбиесінің сапасы мен ата-ананың балаға деген көзқарасы оның білім алуына айтарлықтай ықпал етеді. Мәселен, Л.С. Выготский, А.С. Макаренко және В.А.Сухомлинский сияқты белгілі педагогтар баланың тұлға болып қалыптасуында отбасының маңыздылығын ерекше атап көрсеткен. Ата-ананың бала тәрбиесіне саналы түрде көңіл бөлуі оның ақыл-ой, эмоционалдық және әлеуметтік дамуына оң әсер етеді. Мәселен, Гарвард университетінің зерттеулері ата-ананың білім процесіне белсенді араласуы оқушылардың үлгерімін 30%-ға дейін жақсартатынын көрсетті. Сондай-ақ, Пиаззенің «Отбасы және білім» атты еңбегінде ата-ананың қолдау деңгейі мен баланың академиялық

жетістігі арасында тығыз байланысты бар екендігі анықталған. Осыған байланысты, ата-ананың оқу барысына тұрақты қызығушылық танытуы мен қолдауы баланың интеллектуалдық және тұлғалық дамуына оң әсер етеді.[2]

Мектеп – баланың жан-жақты дамуына жағдай жасайтын екінші маңызды орта. Сондықтан мектеп пен ата-ананың арасындағы тығыз қарым-қатынас оқушының жетістігі үшін өте маңызды. Мұғалім мен ата-ананың бірлескен жұмысы баланың қабілеттерін дер кезінде анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ата-ана баланың мектептегі оқу үлгерімінен хабардар болып, қиындықтарын жеңуге көмектесе алады. Бұл оқушының оқу мотивациясын арттырып, өзін мектеп, өмірінің бір бөлшегі ретінде сезінуіне ықпал етеді. Сондай-ақ ата-ана мен мұғалім арасында сенімді байланыс орнап, білім беру сапасы жақсарады.

Баланың жетістігіне отбасының тигізетін ықпалы бірнеше аспектіден көрінеді. Біріншіден, ата-ананың баласына сенім артуы, оның оқу үлгеріміне қызығушылық танытуы баланың өзіне деген сенімін нығайтады. Екіншіден, отбасында білімге, еңбексүйгештікке және тәртіпке деген оң көзқарас қалыптасқан болса, бала да осы қасиеттерді бойына сіңіреді. Үшіншіден, үй тапсырмаларын орындауда көмек беру, уақытты тиімді жоспарлауға үйрету арқылы ата-ана баланың білім алуына оң ықпал етеді.

Бала ең алдымен отбасында тәрбие алып, өмірлік құндылықтарды бойына сіңіреді. Мұнда оның тұлғалық қасиеттері, мінез-құлқы, оқуға деген көзқарасы қалыптасады. Педагог ғалым Ш.Ж.Сатабаеваның пікірінше, бастауыш сынып оқушылары үшін ата-ананың қолдауы мен үйдегі оқу мәдениеті олардың оқу үлгерімін айқындайтын негізгі факторлардың бірі. Егер ата-ана баланың оқуына белсенді қатысып, мектеппен тығыз қарым-қатынаста болса, онда оқушының мотивациясы артып, үлгерімі жақсарады.

Отбасы тек баланың эмоционалдық қолдау орталығы ғана емес, сонымен қатар, оның алғашқы білім беру мекемесі болып табылады. Баланың мектептегі жетістігі тікелей үйдегі оқу мәдениетіне, ата-ананың білім деңгейіне, олардың педагогикалық ұстанымдарына байланысты. Әсіресе бастауыш сыныптарда ата-ананың оқуға деген көзқарасы мен қолдауы оқушының оқу дағдыларының қалыптасуына әсер етеді. Егер бала үйде оқу құралдарын пайдалануды, ақпарат іздеуді, тапсырмаларды жоспарлауды үйренсе, онда ол мектепте де табысты бола алады.

Мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі баланың үлгеріміне ғана емес, оның психологиялық жағдайына да әсер етеді. Егер ата-анасы мектеппен байланысын үзбей, мұғалімдермен тығыз қарым-қатынас жасаса, онда бала өзін қауіпсіз сезінеді. Бұл оның мектептегі тәртібіне, сабаққа деген ынтасына және жалпы дамуына оң ықпал етеді. Бала тәрбиесі ең алдымен отбасында басталады. Отбасы-баланың мінез-құлқы, құндылықтары, өмірлік көзқарастары қалыптасатын алғашқы орта. Егер ата-ана білімге құштар болса, баласы да соны үлгі етіп қабылдайды. ЮНЕСКО-ның 2022 жылғы деректері бойынша, оқу процесіне ата-аналары белсенді қатысатын оқушылардың мектеппен тыс уақыттағы оқу дағдылары 35%-ға жақсы дамиды. Сонымен қатар, мұндай балалардың 80%-дан астамы жоғары оқу орнына түсуге ұмтылады. Баланың білім алу процесіне отбасының әсері бірнеше факторлармен анықталады. Біріншіден, ата-ананың баламен қарым-қатынасы оның мектептегі өзін-өзі бағалауына тікелей әсер етеді. Егер бала ата-анасының тарапынан қолдау көрсе, оның оқуға деген ынтасы артады. Екіншіден, отбасы оқу мәдениетін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Егер үйде кітап оқу, жаңа ақпаратпен танысу дағдысы болса, бұл баланың академиялық жетістігіне оң ықпал етеді. Ал мектеп-баланың білім алып, әлеуметтік ортада өзін-өзі қалыптастыратын екінші маңызды орын. 2021 жылы Қазақстанда жүргізілген зеттеулерге сәйкес, мұғалімдері ата-аналармен үнемі байланыста болатын мектептерде оқушылардың үлгерімі 15-20%-ға жоғары болатыны анықталған. Сонымен қатар, Финляндиядағы білім беру жүйесінде ата-ана мен мектеп арасындағы серіктестіктің мықты болуы оқушылардың білім сапасын жақсартатын басты факторлардың бірі болып саналады.[3]

Бүгінде мектеп пен отбасы арасындағы байланыс дәстүрлі жиналыстармен ғана шектелмейді. Қазіргі таңда мұғалімдер мен ата-аналар WhatsApp, Telegram және электрондық күнделіктер арқылы тұрақты байланыс орната алады. Бұл ата-аналарға баланың күнделікті оқу үлгерімін бақылауға көмектеседі. Сонымен қатар, ата-аналардың мектептің мәдени және

спорттық шараларына қатысуы балалардың өзін маңызды сезінуіне әсер етеді. Мұндай іс-шараларға қатысу оқушылардың мектепке деген қызығушылығын арттырып, олардың әлеуметтік байланыстарын нығайтады.

Зерттеулерге сүйенсек, ата-анасы мектеп өміріне белсенді қатысатын балалардың үлгерімі жоғары болады. Мәселен, Джон Хэттидің «Visible Learning» атты еңбегінде ата-ананың белсенді қатысуы оқушылардың оқу жетістігін орта есеппен 20-30%-ға арттыратыны анықталған. Сонымен қатар, ЮНЕСКО-ның білім беру жөніндегі баяндамаларында ата-аналар мен мектеп арасындағы серіктестіктің білім беру жүйесіндегі шешуші факторлардың бірі екендігі атап көрсетілген.[4]

Бала жетістігін арттыру үшін мектеп пен отбасы арасында тиімді қарым-қатынасты дамыту қажет. Бұл байланыс ата-аналар жиналысын жүйелі өткізу арқылы нығаяды, өйткені мұндай кездесулерде баланың үлгерімі, тәртібі мен даму барысы талқыланады. Сонымен қатар, ашық сабақтар мен іс шаралар ұйымдастыру ата-аналардың мектеп өміріне араласуына мүмкіндік береді, бұл олардың бала тәрбиесіне жауапкершілікпен қарауына ықпал етеді. Жеке кеңес беру ата-аналар мен мұғалімдер арасындағы жеке әңгімелесулер арқылы балаға жеке көзқарас қалыптастыру мүмкіндігін тудырады. Бұл байланысты нығайтудың бірнеше тиімді жолдары бар. Бірінші, ата-аналар жиналысын жүйелі өткізу маңызды, өйткені мұндай кездесулерде баланың үлгерімі, тәртібі мен даму барысы талқыланады. Сонымен қатар, ата-аналарға оқыту әдістері, тәрбие тәсілдері және оқушының даму ерекшеліктері туралы ақпарат беру үшін арнайы семинарлар мен тренингтер ұйымдастырған жөн. Екіншіден, ашық сабақтар мен іс шараларға ата-аналарды тарту олардың мектеп өміріне араласуына мүмкіндік береді және балаға қолдау сезімін сыйлайды. Мұндай шаралар ата-аналардың педагогикалық процестің бір бөлігі екенін сезінуге көмектеседі. Үшіншіден жеке кеңес беру ұйымдастыру арқылы ата-аналар мен мұғалімдер арасындағы жеке әңгімелесулер баланың жеке ерекшеліктерін ескеруге көмектеседі. Бұл тәсіл әрбір оқушының әлеуетін ашуға және оның білім алуына қажетті қолдау көрсетуге мүмкіндік береді және балаға қолдау сезімін сыйлайды. Мұндай шаралар ата-аналардың педагогикалық процестің бір бөлігі екенін сезінуге көмектеседі. Үшіншіден, жеке кеңес беру ұйымдастыру арқылы ата-аналар мен мұғалімдер арасындағы жеке әңгімелесулер баланың жеке ерекшеліктерін ескеруге көмектеседі. Бұл тәсіл әрбір оқушының әлеуетін ашуға және оның білім алуына қажетті қолдау көрсетуге мүмкіндік береді. Төртіншіден, технологияны тиімді пайдалану қажет. Мысалы, электрондық күнделіктер, Whatsapp немесе Telegram топтары арқылы ата-аналарға үздіксіз ақпарат беру баланың оқу барысын, қадағалауға көмектеседі. Бұл тәсіл ата-аналардың мектеппен байланысын жеңілдетіп, оқу процесінің ашықтығын қамтамасыз етеді. Бесіншіден, мектептің ата-аналарға арналған тренинг өткізуі ата-аналарға бала тәрбиесінде қажетті дағдыларды меңгеруге көмектеседі. Мұндай тренингтер арқылы ата-аналар балалармен тиімді қарым-қатынас жасау, олардың оқу дағдыларын дамыту және тәртіп, мәселелерін шешу жолдарын үйрене алады.[5]

Мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі баланың үлгеріміне ғана емес, оның психологиялық жағдайына да әсер етеді. Егер ата-анасы мектеппен байланысын үзбей, мұғалімдермен тығыз қарым-қатынас жасаса, онда бала өзін қауіпсіз сезінеді. Бұл оның мектептегі тәртібіне, сабаққа деген ынтасына және жалпы дамуына оң ықпал етеді. Сонымен қатар, отбасылық қолдау оқушының өзін-өзі бағалауына, эмоционалдық тұрақтылығына және әлеуметтік дағдыларының дамуына ықпал етеді.

Баланың өзін қауіпсіз сезінуі оның эмоционалдық тұрақтылығына әсер етеді. Егер ата-ана мектеппен байланысып, мұғалімдердің пікірін тындап, балаға қолдау көрсетсе, ол өзіне деген сенімділікті жоғалтпайды. Керісінше, ата-ана мектеп өмірінен тысқары қалып, балаға назар аудармаса, ол өзін жалғыз, түсінілмеген, қолдау таппағандай сезінуі мүмкін. Мұндай жағдайлар баланың күйзеліске түсуіне немесе өзін төмен бағалауына әкелуі ықтимал.

Мектеп пен отбасы арасындағы үйлесімді қарым-қатынас баланың әлеуметтік дағдыларын дамытуға көмектеседі. Отбасында қолдау тапқан бала өзін еркін ұстайды, жаңа ортаға оңай бейімделеді және өз ойын ашық жеткізе алады. Керісінше, ата-анасы тарапынан жеткілікті көңіл

бөлінбеген оқушылар тұйық, өзіне сенімсіз болуы мүмкін. Мұндай оқушылар сыныптастарымен қарым-қатынаста қиындықтарға тап болып, әлеуметтік бейімделу процесінде қиындық көреді.

Мектеп пен отбасының өзара байланысы – баланың жан-жақты дамуының басты шарты. Ата-ана мен мұғалімдердің бірлесе жұмыс істеуі нәтижесінде бала өзін қауіпсіз әрі қолдау тапқандай сезінеді. Бұл оның оқу үлгеріміне, тәртібіне, психологиялық жағдайына және әлеуметтік дағдыларының дамуына оң әсерін тигізеді. Сондықтан ата-аналар мектеп өміріне белсенді араласып, мұғалімдермен тығыз қарым-қатынаста болуы керек. Тек осы жағдайда ғана бала толыққанды тұлға ретінде қалыптасады.

Қорыта айтқанда, баланың жетістікке жетуі – отбасы мен мектеп арасындағы тығыз байланыстың нәтижесі. Ата-аналар мен мұғалімдер бірлесе әрекет еткенде ғана бала өз мүмкіндіктерін толық пайдаланып, болашаққа сенімді қадам басады. Бұл байланысты нығайту үшін ата-аналар баланың оқу барысын қадағалап, мектеппен тығыз байланыста болуы керек. Мұғалімдер де өз тарапынан ата-аналарды мектеп өміріне белсенді түрде тарту үшін түрлі шаралар ұйымдастырып, отбасы тәрбиесі мен мектеп тәрбиесін үйлестіруге күш салуы қажет. Сонымен қатар, ата-аналар балаға білім алудың маңыздылығын үнемі түсіндіріп, оқу процесіне қатысты жағымды атмосфера қалыптастыруы керек. Осылайша, отбасы мен мектептің бірлескен әрекеті баланың табысты, өзіне сенімді, жан-жақты дамыған тұлға болып қалыптасуына ықпал етеді. Сондықтан да ата-аналар мен мектеп ұжымының ынтымақтастығы – тек баланың ғана емес, тұтас қоғамның болашағы үшін маңызды қадам.

Кілтті сөздер: Білім беру, оқушы жетістігі, мектеп пен отбасы, ата-ана қолдауы, психологиялық даму, тұлғалық өсу, электрондық күнделік, академиялық жетістік, мұғалім мен ата-ана, әлеуметтік қолдау, білім сапасы, ата-ананың рөлі.

Әдебиеттер:

1. Елшібек, А.А., Джаумбаева, Д.Ж., & Дәулет, А.С. (жылы көрсетілмеген). Бастауыш сынып оқушыларының білім сапасын арттыруда отбасы мен мектептің бірлігі. Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы. infohub.k
2. Құлмағанбет, Ә.Қ., Тлебаева, Д.А., Алиева, Г.Р., Сеилханова, Ә.А., & Жақсыбайқызы, А. (2017). Отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастық жұмыстары туралы әдістемелік құрал. Қостанай. Устаз тілегі
3. Абетова, З.Т., & Искакова, Д.Б. (2022). Мектеп және жоғары оқу орындары түлектеріне жүргізілген сауалнаманың нәтижелері бойынша жастардың білім беру және еңбек көші-қонының болжамдаушылары. ҚазҰУ Хабаршысы. Психология және әлеуметтану сериясы, 81(2), 113–122.
4. Жұмағұлова, Д. (2022). Әлеуметтік дағдыларды қалыптастырудағы отбасының рөлі. Әлеуметтік дағдыларды қалыптастырудағы отбасының рөлі. Қарағанды: Ғылым.
5. Ибраева, Л. (2023). Ата-ана мен мұғалімнің бірлескен жұмысы: тиімді әдістер мен тәжірибе. Тараз: Тәрбие.

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ НЕГІЗІ- ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

Султанаева Рахимаш Туленовна

№47 орта мектебі, Тараз қ.

Халқымыздың сан ғасырлық тарихында жас ұрпақты ұлттық құндылыққа баулудың орны ерекше құнды екендігі уақыт өткен сайын нақтыланып келеді. Тәуелсіз Қазақстанның азаттық жолындағы күрестері бүгінгі ұрпаққа ұлағат болуының негізгі себебінің өзі-осы құндылықты бағалауымызда. Сол еліміздің сан алып арыстары армандаған азаттық мұраттары – бүгінгі Тәуелсіз еліміздің рухани дамуымен берік байланысып жатыр. Соның бір көрінісі – заманауи білім беру жүйесінің ұлттық құндылыққа негізделуі. Иә, ұлттық руханиятымыздың өзегі – жүйелі

заманауи білім беру арқылы ұлттық құндылыққа баулу. Ұлттық құндылыққа баулудың негізі-ана тіліміз, яғни қазақ тілінен бастау алары қажет. Олай болса, «Түрлі-түрлі байлық бар. Солардың таңдауын берсе, мен тіл байлығын таңдар едім. Өйткені, тіл байлығы – бәрінен де сенімді байлық»[1], -деп Ғабиден Мұстафин ағамыз тектен-тек айтпаса керек. Қазақ тілінің болашағы үшін атқарылар әрбір шара біз үшін аса маңызды. Сондықтан да қазақ тілінің ұлттық құндылыққа тәрбиелеуде негізгі арқау болуы – оның бірқатар мәселелерін ортаға салуға, оларды бірігіп шешуге мүмкіндіктер туғызады. Қазіргі қазақ мемлекетінің мәдени дамуында тіліміздің алар орны айрықша десек, тіл тұтастығы әлем қазақтарының басын қосатын рухани қазына болып отыр. Осы асыл мұраны сақтауға және дамытуға баршамыз, барлық Алаш баласы атсалысуымыз қажет. Қазақ елінің бүгінгі қол жеткізген Тәуелсіздігі биігінен көз салсақ, өз әділ бағасын ала алмаған талай «ақтаңдақтарды» көруге болады. Ол бір өзегі өзгеше тақырып..

Жалпы ұлттық құндылықтар дегеніміз не? Халықтың мәдениеті мен өмір салтының негізін құрайтын, оның дүниетанымын, моральдық нормаларын, дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын, сондай-ақ тарихи тәжірибесін көрсететін маңызды және бағалы нәрселер. Олар әрбір халықтың өзіндік ерекшелігін және ұлттық болмысын айқындайды. Мәселен ұлттық құндылықтарға мыналар жатады:

1. Тіл – ұлттық мәдениеттің маңызды бөлігі, халықтың тарихи, рухани мұрасы, асыл қазынасы;
2. Дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар – халықтың ғұмыр кешу салты, ұрпақтан-ұрпаққа берілетін салт-дәстүрлері;
3. Отбасы мен тәрбиенің маңызы – отбасы құндылықтары, ұрпаққа дұрыс тәрбие беру;
4. Еңбек және адалдық – еңбекке деген құрмет, адалдық пен шыншылдық;
5. Тарих және батырлар – елдің тарихы мен ата-бабалардың ерліктері, ұлттың өткені мен келешегіне деген жауапкершілігі;
6. Ұлттық өнер мен музыка – халықтың музыкалық және көркем мәдениеті, оның тарихы мен дәстүрі;
7. Қонақжайлылық – қазақ халқының қонаққа деген құрметі, үлкенді сыйлау, ізгілік, көрегенділігі, т.б.

Бұл мақала жоғары білім беру жүйесіндегі сыни ойлау дағдыларын дамытудағы маңыздылығын талдауға арналған. Зерттеу жүргізу барысында, қазіргі заманғы білім беру жүйесі студенттерге тек қана теориялық білім беру жүйесінен қарағанда олардың білім жүйесінде сыни ойлау қабілетін дамытуға бағытталған әдіс тәсілдер болуы тиіс. Мақалада сыни ойлаудың негізгі элементтері, оның қалыптасуына әсер ететін факторлар және оны дамытудың тиімді және қолайлы әдістері қарастырылады. Сонымен қатар, жоғары оқу орындарында сыни ойлауды қалыптастыруға арналған педагогикалық тәсілдер мен инновациялық технологиялардың рөлі талданады. Сыни ойлау дағдыларын дамытудың білім алушылардың кәсіби дамуына және қоғамдағы белсенді азамат ретінде қалыптасуына ықпал ететіні жайлы мақала бойынша қарастырылған.

Кілт сөздер : студент, сыни ойлау қабілеті, сыни ойлау дағдылары, талдау, білім.

Аннотация

Данная статья посвящена анализу значимости в развитии навыков критического мышления в системе высшего образования. В ходе проведения исследования современная система образования должна быть методическими подходами, направленными на развитие критического мышления в системе знаний студентов, а не только в системе теоретического образования. В статье рассматриваются основные элементы критического мышления, факторы, влияющие на его формирование и наиболее эффективные и приемлемые методы его развития. Кроме того, анализируется роль педагогических технологий и инновационных технологий в формировании критического мышления в вузах. О том, как развитие навыков критического мышления способствует профессиональному развитию и становлению обучающихся как активных граждан в обществе, рассказано в статье.

Ключевые слова: студент, критическое мышление, навыки критического мышления, анализ, знания.

Abstract

This article is devoted to the analysis of the importance of developing critical thinking skills in the higher education system. In the course of the study, the modern education system should be a method of developing students' critical thinking skills in the education system, as opposed to the purely theoretical education system. The article discusses the main elements of critical thinking, factors affecting its formation and effective and acceptable methods of its development. In addition, the role of pedagogical tools and innovative technologies for the formation of critical thinking in higher education institutions is analyzed. The development of critical thinking skills contributes to the professional development of students and the formation of active citizens in society is considered in the article.

Keywords: student, critical thinking skills, critical thinking skills, analysis, education

Кіріспе

Жоғары білім беру жүйесінің басты мақсаты – студенттерді тек біліммен сусындандыру ғана емес, сонымен қатар олардың сыни ойлау дағдыларын дамыту болып табылады. Қазіргі заманғы қоғамның күрделі әрі үнемі өзгеріп отыратын талаптарына жауап беру үшін студенттерге өз ойларын жүйелі түрде талдап, бағалап, шешім қабылдай білу қабілеті қажет. Бұл қабілеттер арқылы студенттер білімді тереңірек түсініп, бойына сіңіреді. Жақсы сіңіру арқылы ол жақсы маман болып, қоғамға да тигізер үлесі мол болады.

"Сыни ойлау дағдылары студенттердің білім алу процесінде тек ақпаратты қабылдап қана қоймай оны сұрыптап, талдап, жаңа идеялар мен шешімдерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Сондықтан жоғары білім беру жүйесінде сыни ойлау дағдыларын дамыту бүгінгі таңда аса маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Білім беру үдерісінде сыни ойлау тәсілдерінің қолданылуы студенттердің кәсіби даярлығын ғана емес, сонымен қатар олардың азаматтық жауапкершілігін, шығармашылық және аналитикалық қабілеттерін қалыптастыруға ықпал етеді."^[1]

Негізгі бөлім

"Сыни тұрғыдан ойлау – бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, бағалауға, талдауға және синтездеуге бағытталған пәндік шешім. Ол болашақта әрекет жасауға негіз бола алады, Сыни тұрғыдан ойлау, көбінесе қарсы пікір айтуға, баламалы шешімдерді қабылдауға, ойлау және әс әрекетімізге жасауға немесе түрлендірілген тәсілдерді енгізуге дайын болуға, ұйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге және басқалардың сыни тұрғыдан ойлауға баулуды білдіреді."^[2]

Жоғары білім беруде сыни ойлау дағдыларының маңызы:

"1. Ақпараттың дұрыс қабылдануы:

Жоғары оқу орындарында студенттер көптеген ақпарат көзерінен білім алады. Сыни ойлау дағдылары студенттерге бұл ақпаратты дұрыс түсініп, оны бағалауға мүмкіндік береді. Олар ақпараттың шынайылығын, маңыздылығын және тиімділігін сараптай алады.

2. Талдау және синтез:

Сыни ойлау дағдылары студенттерге материалды терең талдауға, бөлшектерді қосып жаңа тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді. Мұндай дағдылар әртүрлі дереккөздерден ақпаратты біріктіруге және оны жаңа білімге айналдыруға көмектеседі.

3. Жаңашылдық пен шығармашылық:

Сыни ойлау студенттердің стандартты емес шешімдер қабылдауына, дәстүрлі әдістерден шығуға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде оқу мен зерттеу барысында шығармашылықтың дамуына ықпал етеді.

4. Проблемаларды шешу қабілеті:

Сыни ойлау проблемаларды жүйелі түрде қарастыруға және оларды шешу үшін тиімді стратегиялар мен әдістерді таңдауға мүмкіндік береді. Студенттер қиын жағдайларда әртүрлі шешімдер мен тәсілдерді талқылап, ең тиімдісін таңдай алады.

5. Тәуелсіз ойлау және өзіндік пікір:

Сыни ойлау студенттерге тәуелсіз шешім қабылдауға, өз көзқарастарын қалыптастыруға және қорғай білуге мүмкіндік береді. Бұл білім берудің ең маңызды аспектілерінің бірі болып табылады, өйткені студенттер өз ойларын дәлелдермен қолдай білуі керек."^[3]

Жоғары білім беруде сыни ойлауды дамыту тәсілдері:

1. Проблемалық оқыту:

Студенттерге нақты мәселе қойып, оны шешу үшін әртүрлі жолдарды қарастыруды ұсыну. Мұндай тәсіл студенттердің сыни ойлау дағдыларын белсенді түрде дамытуға ықпал етеді.

2. Дебаттар мен пікірталастар:

Студенттерді өз ойларын қорғауға, түрлі көзқарастарды тыңдауға және талқылауға ынталандыру. Бұл сыни ойлаудың дамуына және пікір білдіру дағдыларын жетілдіруге көмектеседі.

3. Топтық жұмыс:

Топтық жобалар мен тапсырмалар студенттерге пікір алмасу мен ақпаратты бірлесіп талдау мүмкіндігін береді. Бұл сыни ойлауды жетілдіруде өте тиімді әліс болып табылады.

4. Кейс-стадилер мен мысалдар:

Студенттерге нақты жағдайлар мен мәселелерді қарастырып, оларды шешу жолдарын іздеуді ұсыну. Бұл студенттерге теориялық білімді практикада қолдануға мүмкіндік береді.

5. Рефлексия:

Студенттерге өз оқу процесін бағалауды, алған білімдерін өз тәжірибелерімен салыстыруды және болашақта қалай қолданатынын ойлауды ұсыну.

6. Сұрақ қою әдісі:

Оқытушының студенттерге сұрақтар ою арқылы олардың ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған әдіс. Бұл студенттердің ақпаратты тереңірек түсінуіне және оны өз көзқарасы тұрғысынан бағалауға мүмкіндік береді.

Сыни ойлау дағдыларының негізгі компоненттері:

1. Талдау:

Оқиғалар мен ақпаратты бөліктерге бөліп, олардың маңыздылығын түсіну және бағалау.

2. Салыстыру:

Әртүрлі дереккөздер мен пікірлерді салыстыра отырып, олардың арасындағы айырмашылықтармен ұқсастықтарды анықтау.

3. Бағалау:

Қабылданған шешімдердің немесе тұжырымдардың дұрыстығын бағалау.

4. Жалпылау:

Жеке ақпаратты жинақтап, оны жалпы қағидалар мен теориялармен байланыстыру.

5. Шешім қабылдау:

Белгілі бір мәселе бойынша негізделген шешімдер қабылдау.

Сыни ойлау дағдыларының нәтижелері

1. Студенттердің дербес оқу дағдыларын дамыту: Сыни ойлау студенттерге өз білімін алудың тиімді жолдарын табуға, қиын тақырыптарды түсінуге және оны жүйелі түрде меңгеруге көмектеседі.

2. Шығармашылық және инновациялық ойлау: Сыни ойлау шығармашылық тұрғыдан ойлауға, жаңа идеялар мен шешімдер ұсынуға ықпал етеді.

Білім беру сапасын арттыру: Сыни ойлау дағдыларының дамуы оқытудың тиімділігін арттырып, Білім беру нәтижелерін жақсартады.

Қорытынды

Жоғары білім беру жүйесінде сыни ойлау дағдыларын дамыту бүгінгі таңда маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Сыни ойлау қабілетті студенттердің ойлау сапасын ғана емес, сондай-ақ олардың күнделікті өмірде және кәсіби қызметте тиімді жұмыс істей алуын арттырады, Бұл дағдылар тек ақпаратты қабылдап қана қоймай, оны талдап, дұрыс шешім қабылдау және қз пікірін қорғау қабілетін қалыптастырады. Сондықтан білім беру процесінде сыни ойлау дағдыларын дамытуға баса назар аудару қажет, себебі ол қазіргі қоғамның барлық саласында табысты болу үшін қажетті маңызды құрал болып табылады.

Әдебиеттер:

1. **Paul & Elder**, Critical Thinking: Tools for Taking Charge of Your Learning and Your Life
2. cyberleninka.ru/article/n/zho-ary-o-u-ornynda-y-bolasha-m-alimderdi-syni-oylau-abiletini-m-ni-men-mazm-ny/viewer
3. **Нысанбаев Ә., Қазбеков М.** "Философия және сыни ойлау". — Алматы: **Қазақ университеті, 2018.** (Қазақстандық жоғары оқу орындарында сыни ойлауды қалыптастырудың теориялық негіздері.)
4. **Зинченко В. П., Моргунов Е. Б.** "Человек развивающийся: Очерки российской психологии".—М.:Тривола,1994.(Ойлау процестерінің психологиясы және білім берудегі қолданылуы.)
5. **Курганский Н.А.** "Критическое мышление в высшей школе: методики и практики".—СПб.: Питер, 2020.(Жоғары мектепте сыни ойлауды дамытудың әдістемелік тәсілдері.)

ӘОЖ 37. 37.04

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТЫ ЖАҢАША ҰЙЫМДАСТЫРУ ТҮРЛЕРІ

Дүйсенбек Роза Бақытжанқызы
№1 бөбекжай-бақшасы, Тараз қ.

Аннотация:

В статье рассматриваются основные виды и методы организации методической работы в дошкольных организациях. Описано значение методической работы, ее роль в совершенствовании педагогического процесса, пути повышения ее эффективности. Кроме того, представлены современные методические подходы и инновационные технологии.

Ключевые слова: цифровой учитель, цифровая платформа, инновационная методология, интерактивные методы, логическое мышление, когнитивные способности, интерактивное обучение.

Abstract:

The article examines the main types and methods of organizing methodological work in preschool organizations. It describes the importance of methodological work, its role in improving the pedagogical process, and ways to increase its effectiveness. In addition, modern methodological approaches and innovative technologies are presented.

Keywords: digital teacher, digital platform, innovative methodology, interactive methods, logical thinking, cognitive abilities, interactive learning.

Мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыруда әдістемелік жұмыстың рөлі зор. Ол педагогтардың кәсіби шеберлігін жетілдіруге, білім беру үдерісін тиімді ұйымдастыруға және балалардың жан-жақты дамуына ықпал етеді. Осы мақалада мектепке дейінгі ұйымдардағы әдістемелік жұмыстың негізгі бағыттары мен оны жүзеге асыру түрлері қарастырылады. Мектепке дейінгі білім беру жүйесі баланың тұлғалық және зияткерлік дамуын қалыптастырудың алғашқы кезеңі болып табылады. Осыған байланысты, әдістемелік жұмысты жаңаша ұйымдастыру заманауи талаптарға сай келуі және тиімді болуы маңызды. Бұл мақалада мектепке дейінгі ұйымдарда әдістемелік жұмысты жетілдірудің жаңа бағыттары мен әдістері қарастырылады.

Мектепке дейінгі ұйымдарда әдістемелік жұмыс – бұл балабақшаларда білім беру процесін ұйымдастыру, дамыту және жетілдіру мақсатында жүргізілетін кешенді педагогикалық іс-шаралар жүйесі. Ол мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын жетілдіруге, педагогтардың кәсіби шеберлігін арттыруға және балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Мектепке дейінгі ұйымда жүргізілетін әдістемелік жұмыс түрлері педагог мамардың сапалық құрамына, педагогикалық шеберлік деңгейіне, жұмыс тәжірибесі т.б. байланысты болады.

Иә, мектепке дейінгі ұйымда жүргізілетін әдістемелік жұмыс түрлері педагогикалық кадрлардың біліктілігіне, олардың кәсіби шеберлігіне, жұмыс өтіліне және басқа да факторларға байланысты құрылады. Бұл жұмыс түрлері келесідей болуы мүмкін:

1. Педагогикалық кеңестер – білім беру үдерісін жетілдіру, жаңа әдістерді енгізу және тәжірибе алмасу мақсатында ұйымдастырылады.
2. Әдістемелік бірлестіктер – пәндік немесе бағыттық негізде құрылып, педагогтердің кәсіби дамуына ықпал етеді.
3. Семинарлар мен тренингтер – жаңа технологиялар мен әдістерді меңгеруге көмектеседі.

4. Ашық сабақтар мен шеберлік сыныптары – үздік педагогикалық тәжірибені тарату және әріптестер арасында тәжірибе алмасу үшін өткізіледі.
5. Кеңес беру және тәлімгерлік – жас мамандарға тәжірибелі педагогтердің әдістемелік қолдау көрсетуі.
6. Іс-тәжірибелік зерттеулер мен инновациялық жобалар – білім беру сапасын арттыруға бағытталған жаңа әдіс-тәсілдерді сынақтан өткізу.
7. Өздік білім көтеру – педагогтердің өз бетімен кәсіби деңгейін арттыруы, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді оқу, вебинарлар мен курстарға қатысу.
Осы әдістемелік жұмыстар педагогтердің кәсіби шеберлігін жетілдіруге, мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыруға және балалардың жан-жақты дамуына ықпал етеді.

Әдістемелік жұмыстың негізгі міндеттері:

1. Білім беру мазмұнын жетілдіру – мемлекеттік стандарттарға және заманауи білім беру талаптарына сәйкес оқу-тәрбие бағдарламаларын әзірлеу және енгізу.
2. Педагогтардың кәсіби дамуын қамтамасыз ету – мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсету, семинарлар, тренингтер, шеберлік сыныптары мен біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру.
3. Заманауи оқыту әдістерін енгізу – ойын арқылы оқыту, STEAM, Montessori, Reggio Emilia әдістері, интерактивті және инновациялық технологияларды пайдалану.
4. Балалардың жан-жақты дамуын қолдау – олардың когнитивтік, шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын дамытуға бағытталған оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру.
5. Мектепке дейінгі ұйым мен мектеп арасындағы сабақтастықты қамтамасыз ету – баланың мектепке дайындық деңгейін арттыру, бейімделу кезеңін жеңілдету.

Мектепке дейінгі ұйымдарда жүргізілетін әдістемелік жұмыстарды зерттеген ғалымдар педагогика, психология және мектепке дейінгі білім беру саласында еңбек еткен мамандардың еңбектерінде қарастырылады. Осы бағытта зерттеу жүргізген негізгі ғалымдарды атап өтуге болады. Қазақ ғалымдары: Б.А.Аймағамбетова – мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жетілдіру және инновациялық әдістерді енгізу мәселелерін зерттеген [1], Ф.Н.Жұмабекова – мектепке дейінгі білім берудегі педагогикалық технологияларды зерттеген [2], С.Ш.Әбенова – мектепке дейінгі білім беруде әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бойынша еңбектері бар [3]. Ал шетелдік және Кеңес педагогтері: М.Монтессори – мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеудің дамытушы ортасын құру теориясын негіздеген [4], Л.С. Выготский – баланың танымдық дамуы мен оқытудың өзара байланысы туралы зерттеген [5], К.Д. Ушинский – мектепке дейінгі тәрбиенің халықтық педагогикамен байланысын қарастырған [6], В.А. Сухомлинский – мектепке дейінгі және бастауыш білім беру кезеңінде баланың дамуына ерекше мән берген [7].

Бұл ғалымдардың еңбектері мектепке дейінгі білім беру жүйесінің дамуына, оның әдістемелік негіздерінің қалыптасуына және педагогикалық тәжірибенің жетілдірілуіне үлкен үлес қосты.

Әдістемелік жұмыс педагогтардың білімін жетілдірумен қатар, балалардың сапалы білім алуына ықпал етеді. Сондықтан оны жүйелі түрде ұйымдастыру мектепке дейінгі білім берудің тиімділігін арттырудың маңызды шарты болып табылады.

Әдістемелік жұмысты жаңаша ұйымдастырудың маңызы: Білім беру мазмұнын жаңарту; Педагогикалық кадрлардың кәсіби деңгейін арттыру; Балалардың шығармашылық және когнитивтік дағдыларын дамыту;

Заманауи әдістер мен технологияларды енгізу: Интерактивті оқыту әдістері; STEAM-білім беру технологияларын қолдану; Дамытушы ойындар мен жобалық оқыту тәсілдері; IT технологияларды пайдалану арқылы оқытуды ұйымдастыру;

Мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламалары: Онлайн курстар мен вебинарлар ұйымдастыру; Педагогикалық шеберлік сыныптарын өткізу; Қолданбалы зерттеулер жүргізу арқылы тәжірибе алмасу;

Ата-аналармен жұмыс істеу формалары: Ата-аналарды білім беру процесіне тарту; Отбасымен тығыз қарым-қатынас орнату; Баланың дамуын бірлесіп қадағалау.

Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру түрлері

Семинарлар мен практикумдар: Педагогикалық тәжірибе алмасуды ұйымдастыру; Жаңа әдістер мен технологияларды меңгеру; Тәжірибелік сабақтар мен мастер-класстар өткізу.

Консультациялар: Жеке және топтық кеңестер беру; Белгілі бір тақырыптар бойынша әдістемелік көмек көрсету; Педагогтардың сұранысына негізделген консультациялық жұмыстар.

Педагогикалық кеңестер: Білім беру процесін талқылау; Озық тәжірибелерді зерттеу және енгізу; Педагогикалық қызметті бағалау.

Әдістемелік бірлестіктер: Белгілі бір пән немесе бағыт бойынша педагогтардың бірлескен жұмысы; Білім беру бағдарламалары мен әдістерін жетілдіру; Педагогикалық зерттеулер жүргізу.

Ашық сабақтар мен шеберлік сыныптары. Педагогтардың іс-тәжірибесін көрсету; Жаңа технологияларды қолдану мүмкіндіктерін талдау; Сабақ құрылымын жақсарту жолдарын қарастыру.

Ғылыми-әдістемелік зерттеулер. Заманауи педагогикалық инновацияларды енгізу; Білім беру бағдарламаларын жаңарту; Эксперименттік және зерттеу жұмыстарын жүргізу.

Мектепке дейінгі ұйымдарда әдістемелік жұмысты тиімді ұйымдастыру педагогтардың кәсіби деңгейін арттыруға және білім беру сапасын жақсартуға ықпал етеді. Заманауи әдістемелік тәсілдерді қолдану мен инновациялық технологияларды енгізу – мектепке дейінгі білім берудің дамуының негізгі бағыты болып табылады. Мектепке дейінгі ұйымдарда әдістемелік жұмысты жаңаша ұйымдастыру білім сапасын арттыруға, педагогтардың кәсіби дамуына және балалардың жан-жақты жетілуіне ықпал етеді. Инновациялық әдістерді енгізу мен заманауи технологияларды пайдалану білім беру үрдісін жаңа деңгейге көтереді. Сондықтан мектепке дейінгі білім беруді жетілдіру үшін кешенді әдістер мен жаңашыл тәсілдерді жүйелі түрде енгізу қажет.

Әдебиеттер:

1. Аймағамбетова Б.А. «Дүниетану негіздері» және «Дүниетануды оқытудың теориясы мен технологиясы» пәндері бойынша сырттан оқитын студенттерге арналған көмекші оқу құралы [Мәтін]: оқу құралы. - Алматы: Жазушы, 2006. - 384 б
2. Жұмабекова Ф.Н. Мектепке дейінгі педагогика [Текст] : оқу құралы / 2-бас. - Астана : Фолиант, 2012. - 336 б. - (Кәсіптік білім).
3. Әбенова С.Ш. Тәрбие теориясы мен әдістемесі [Электрондық ресурс] / С. Ш. Әбенбаев. - Алматы : Дарын, 2004. - 352 б.
4. Монтессори М. Дети – другие. Саморазвитие © Издательский дом «Карапуз», 2012
5. Выготский Л.С. Мышление и речь. Воображение и творчество в детском возрасте. Сознание и психика. –М., 2009.
6. Ушинский К.Д. Избранные педагогические сочинения /Человек как предмет воспитания. Опыт педагогической антропологии. – М.: Изд-во Академии наук РСФСР, 1945. – 461 с.
7. Сухомлинский В.А. Сердце отдаю детям. Разд.: Труд одухотворен благородными чувствами. Избр. пед. соч.: В 3-х т. М.: Педагогика, 1979, т. I, с. 229-245.

ӘОЖ 37. 37.04

**ЦИФРЛЫ БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІ: ХХІ ҒАСЫРДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУДЫҢ ЗАМАНАУИ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ ЖӘНЕ
ИННОВАЦИЯЛЫҚ КОЛЛАБОРАЦИЯ**

Избайрова Ф.И.

Сарыкемер мектеп-гимназиясы

Аннотация: Бұл мақала ХХІ ғасырдағы цифрлы білім беру кеңістігінің даму үрдістерін және педагогикалық кадрларды даярлаудағы заманауи тәсілдерді қарастырады. Білім беруді цифрландыру оқытудың жаңа әдістерін енгізіп, мұғалімдердің цифрлы құзыреттілігін арттыруды талап етеді. Сонымен қатар, инновациялық коллаборацияның рөлі талданып, ЖОО, мектептер мен EdTech компаниялары арасындағы серіктестіктің маңыздылығы көрсетіледі. Білім беру экожүйесіндегі өзгерістер мен цифрлы технологиялардың ықпалы зерделенеді. Цифрлы білім берудің болашағы, аралас оқыту модельдері және жаңа педагогикалық технологияларды енгізу мәселелері талқыланады. Сондай-ақ, білім беру саласындағы халықаралық тәжірибелер мен оқыту сапасын арттыру жолдары қарастырылады.

Кілт сөздер: цифрлы білім беру, педагогикалық кадрларды даярлау, инновациялық коллаборация, цифрлы құзыреттілік, білім беру технологиялары, аралас оқыту, онлайн білім, білім беру экожүйесі, EdTech, цифрландыру.

Жаңа адамды қалыптастырудың көпқырлылығы мен күрделілігі қазіргі тәрбие теориясы мен практикасы үшін педагогикалық шеберлікті қажет етеді. Педагогикалық шеберлік- үнемі жетіліп отыруды қажет ететін балаларды оқыту мен тәрбиелеу өнері [1]. Қазіргі заманда цифрландыру білім беру жүйесінің барлық деңгейлеріне елеулі өзгерістер енгізіп, педагогикалық шеберлік талаптарын да жаңғыртуда. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуы оқытудың жаңа әдістері мен құралдарын енгізуге мүмкіндік беріп, білім берудің қолжетімділігі мен сапасын арттыруға ықпал етеді. Бұл үрдіс білім беру кеңістігінің трансформациялануына және педагогикалық кадрларды даярлауға жаңа талаптар қояды. Бүгінгі мұғалімдер тек пәндік біліммен ғана шектелмей, цифрлы технологияларды тиімді қолдана білуі, заманауи педагогикалық әдістерді меңгеруі және инновациялық оқыту тәсілдерін енгізуі қажет. Сондықтан болашақ педагогтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту, оларды цифрлы ортада жұмыс істеуге бейімдеу – маңызды міндеттердің бірі.

Цифрлық технологиялар білім беру жүйесінде жаңа мүмкіндіктер ашып, оқу үдерісін жеңілдетуге және тиімді етуге ықпал етеді. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) арқылы оқушылар мен мұғалімдер арасында интерактивті байланыс орнап, білімге қолжетімділік артады. Сонымен қатар, сандық ресурстар (электронды оқулықтар, білім беру платформалары, виртуалды зертханалар) білімді меңгеру сапасын жақсартады.

ХХІ ғасырда педагогикалық кадрларды даярлау тек пәндік білім берумен шектелмейді. Мұғалімдерге цифрлы құзыреттілік жоғары талаптар қойып отыр. Цифрлы құзыреттілік – бұл ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) меңгеру, онлайн оқыту платформаларын пайдалану, деректермен жұмыс істеу және цифрлы құралдар арқылы оқушылармен тиімді өзара әрекеттесу қабілеті. ҚР Үкіметінің 2017 жылдың 12 желтоқсандағы № 827 қаулысы бойынша бекітілген «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының негізгі бағыттарының бірінде адами капиталды дамыту мақсаты көзделеді. ағдарламасының негізгі бағыттарының бірі – адами капиталды дамыту, ол білім экономикасына көшуді қамтамасыз етіп, креативті қоғам қалыптастыруды көздейді. Бұл үдеріс білім беру жүйесіндегі инновациялар арқылы жаңа құзыреттер мен цифрлық сауаттылықты жетілдіруді қамтиды. Қазақстан үшін цифрландыруды ілгерілету – адами капиталды қарқынды дамытуға, болашаққа қажетті білім мен дағдыларды ерте жастан қалыптастыруға, жаңа технологиялар негізінде қызмет көрсету тиімділігі мен жылдамдығын арттыруға, сондай-ақ цифрлық сауаттылығы жоғары азаматтардан тұратын жаңа қоғам құруға мүмкіндік береді. [2] Қазақстанда цифрлы білім беру кеңістігін дамыту мақсатында мұғалімдердің цифрлы сауаттылығын арттыру бойынша түрлі шаралар қабылдануда. Мысалы, «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы мен «НЗМ» ДББҰ педагогикалық шеберлік орталығы мұғалімдерге арналған АКТ курстарын ұйымдастырады. «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы-Қазақстан Республикасындағы педагогтердің кәсіби дамуына, ересектерді

оқытуға, қолданбалы зерттеулер жүргізуге және озық білім беру тәжірибелерін таратуға бағытталған жетекші ұйым. Орталықта түрлі курс бойынша 715 636 педагог оқытылған. [3] Сонымен қатар, ҚР Білім және ғылым министрлігі мұғалімдер үшін EdTech платформалары мен онлайн оқыту әдістерін меңгеруге бағытталған бағдарламалар енгізуде. Қазіргі педагогикалық білім беру жаңа әдістерді енгізуді талап етеді, олардың ішінде:

- **Blended Learning (аралас оқыту)** – дәстүрлі және онлайн оқытуды біріктіру. Қазақстанда бұл әдіс көптеген мектептер мен университеттерде қолданылып келеді. Мысалы, Назарбаев Университеті мен ҚазҰУ онлайн курстар мен дәстүрлі дәрістерді қатар пайдаланады.
- **STEM-оқыту** – ғылым, технология, инженерия және математика пәндерін біріктіріп оқыту. Қазақстанда STEM-зертханалар мектептер мен колледждерде белсенді енгізілуде.
- **Флиппед класс (аударылған сынып)** – оқушылар теориялық материалды үйде өз бетінше оқиды, ал сабақ барысында практикалық тапсырмалар орындайды. Бұл әдіс Назарбаев Зияткерлік мектептерінде қолданылады.
- **Машықтандыру бағдарламалары** – Қазақстанда педагогикалық жоғары оқу орындарында дуальді оқыту жүйесі енгізіліп, болашақ мұғалімдер мектептерде тәжірибе жинақтауға мүмкіндік алады.

Цифрлық технологиялар білім беру процесін құруға және дәстүрлі білім беру құралдарымен «мәңгі» шешілмей келген кең ауқымды білім беру міндеттерін, сондай-ақ жаңа міндеттерді де шешуге жаңа мүмкіндіктер береді. [4] Бүгінде оқушыларды бағалау жүйесіне Қазіргі білім беру жүйесінде әр оқушының жеке қабілеттерін ескеріп, икемді оқыту моделін қалыптастыру маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Бұл бағытта оқу бағдарламалары жанартылып, білім беру әдістері жетілдірілуде. Цифрландыру мен инновациялық технологияларды енгізу арқылы оқыту процесі тиімді ұйымдастырылуда. Солардың бірақатары: «**Bilim Land**» онлайн платформасы – әр оқушы өз қарқынымен оқуға мүмкіндік алады. «**Kundelik.kz**» – оқушының оқу жетістіктерін бақылауға және мұғалімдермен байланыста болуға арналған цифрлы жүйе. «**Атамекен**» **ҰКП мен білім беру ұйымдары арасындағы ынтымақтастық** – кәсіптік бағытта оқыту, оқушыларға икемді білім траекториясын ұсыну. Осы шаралардың барлығы заманауи білім беру жүйесін жетілдіруге, оқушылардың жеке қажеттіліктеріне бейімделген оқыту әдістерін дамытуға және педагогикалық кадрларды даярлауда жаңашылдық енгізуге бағытталған.

Цифрлы білім беру кеңістігінде инновациялық коллаборация маңызды орын алады. Қазақстанда ЖОО, мектептер және EdTech компаниялары арасында әртүрлі бағыттар бойынша серіктестік дамуда.

- **ЖОО мен мектептердің серіктестігі** – университеттер мектеп мұғалімдеріне арналған біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастырады. Мысалы, ҚазҰПУ мен ЕҰУ мұғалімдерге арналған арнайы бағдарламалар ұсынады.
- **EdTech компаниялары мен мектептердің ынтымақтастығы** – BilimLand, Daryn Online, Opiq.kz сияқты платформалар цифрлы білім беру ресурстарын ұсынады.
- **Корпоративті сектор мен білім беру ұйымдары арасындағы байланыс** – IT-компаниялар мен университеттер цифрлы мамандықтарды дамытуға бағытталған бағдарламалар жасап жатыр (мысалы, Astana Hub, АІТУ-мен серіктестік).

Қорыта келе, білім беру жүйесін цифрлы трансформациялау процесін әлі де болса жетілдіру қажет. Оқу үдерісінде цифрлық технологияларды қолдануды талап ететін білім беру мақсаттары мен мазмұнын, оқу жұмыстарының әдістері мен нысандарын өзгерту мәселелерін әзірлеу біршама қолға алыну үстінде. Бұған дәлел қашықтан білім беру жүйесінің іске асырылуы, цифрлық технологиялар мен ақпараттық-коммуникациялық технологияларын қолдану мүмкіндігінің артуы. Сонымен қатар, бүгінде әртүрлі тақырыптар бойынша барлық онлайн-курстар мен вебинарларды халықаралық деңгейде ұйымдастыру арқылы әлемдік тәжірибені игеруге, білім беру саласын модернизациялаудың басым бағыттарымен танысып, білімдерін жетілдіруге жол ашылып отыр. [4]

Жаңа технологиялар, EdTech шешімдері мен халықаралық ынтымақтастық білім беру экожүйесін дамытудың негізгі құралдарына айналып отыр. Инновациялық коллаборацияны нығайту арқылы Қазақстанда цифрлы білім беру кеңістігін одан әрі жетілдіруге болады. ХХІ ғасырдағы білім беру жүйесі қарқынды өзгерістерге ұшырап, цифрлы технологиялар білім алудың ажырамас бөлігіне айналуға болады. Болашақта жасанды интеллект, Big Data, виртуалды және

кеңейтілген шындық (VR/AR) технологиялары білім беру саласына тереңірек енетін болады. Қазақстанда да бұл үдерістер белсенді түрде дамып келеді, цифрлы оқыту платформалары мен заманауи білім беру әдістері кеңінен енгізілуде.

Білім беруді цифрландыру мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігіне жаңа талаптар қояды. Оқытушыларға АКТ құралдарын меңгеру, цифрлы ресурстармен жұмыс істеу және заманауи оқыту әдістерін пайдалану маңызды. Қазақстанда педагогикалық кадрларды даярлау барысында жаңа технологияларды оқытуға ерекше көңіл бөлінуде. Университеттер мен білім беру орталықтары мұғалімдердің цифрлы сауаттылығын арттыру бойынша түрлі бағдарламаларды іске асыруда. Цифрлы білім беру кеңістігін тиімді дамыту үшін инновациялық коллаборация ерекше маңызға ие. ЖОО, мектептер және EdTech компаниялары арасындағы әріптестік білім беру сапасын арттыруға, оқушылар мен студенттерге қолжетімді әрі сапалы білім беруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, халықаралық тәжірибені қолдану, жаңа оқыту әдістерін енгізу және білім беру стартаптарын қолдау – Қазақстанның білім беру экожүйесін нығайтудың негізгі бағыттары. Жалпы, цифрлы білім беру кеңістігінің дамуы – білім жүйесінің сапасын арттыру мен бәсекеге қабілетті мамандар даярлаудың негізгі факторы. Сондықтан, педагогикалық кадрларды заманауи талаптарға сай даярлау мен инновациялық коллаборацияны нығайту Қазақстанның білім беру саласындағы басты басымдықтарының бірі болуы тиіс.

Әдебиеттер:

1. Муканова Н.Е., Тулегенова Б.Н. Педагогикалық шеберлік // Орал, 2020. 3 б.
2. "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы - "Әділет" АҚЖ
3. Сайт АО "Национальный центр повышения квалификации "Өрлеу" – – лидирующий хаб по профессиональному развитию педагогов Казахстана, обучению взрослых, прикладным исследованиям и распространению ведущих образовательных практик
4. К.Д.Бузаубаева, А.С.Амирова, А.А.Маковецкая. Цифрлы педагогика // Тараз,2022. 318 б.

ӘОЖ 378.016

ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУДЕГІ КРИТИКАЛЫҚ ОЙЛАУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ

Мұстахан Әсел Әлібекқызы

М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті

1 курс магистранты

Ордабаева Раушан Біләнкызы

М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз қ.

Андатпа

Бұл мақалада жоғары білім беру жүйесіндегі жасанды интеллект (ЖИ) қолданудың биологиялық зерттеулердегі тиімділігі қарастырылады. Қазіргі таңда ЖИ технологиялары үлкен көлемдегі биологиялық деректерді талдауды автоматтандырып, жаңа заңдылықтар мен корреляцияларды анықтауға мүмкіндік береді. Жасанды интеллект ерте кезеңде ауруларды анықтау және диагностикасын жасау, генетикалық зерттеулерде тұқым қуалайтын ауруларға алдын ала болжам жасауға пайдаланылады. Заман ағысына қарай жасанды интеллект биологиялық бейнелерді өңдеу мен талдауда, ақуыз құрылымдарын анықтауда жоғары тиімділігін көрсетуде. Осылайша, бұл жаңа технологиялардың биологиялық зерттеулерге интеграциясы ғылымның алға басуын жеделдетіп, адам денсаулығы мен биологиялық ғылымдарға қатысты маңызды жаңалықтардың ашылуына оң әсерін береді.

Кілт сөздер: Жасанды интеллект, цифрлық технологиялар, биологиялық зерттеулер, медициналық диагностика, интеграция.

Аннотация

В данной статье рассматривается эффективность использования искусственного интеллекта (ИИ) в биологических исследованиях в системе высшего образования. В настоящее время технологии ИИ позволяют автоматизировать анализ больших объемов биологических данных, выявлять новые закономерности и корреляции. Искусственный интеллект используется для раннего выявления и диагностики заболеваний, а также в генетических исследованиях для прогнозирования наследственных болезней. Современные технологии ИИ демонстрируют высокую эффективность в обработке и анализе биологических изображений, а также в определении структур белков. Таким образом, интеграция новых технологий в биологические исследования ускоряет развитие науки и способствует открытию важных достижений в области здоровья человека и биологических наук.

Ключевые слова: Искусственный интеллект, цифровые технологии, биологические исследования, медицинская диагностика, интеграция.

Abstract

This article examines the effectiveness of using artificial intelligence (AI) in biological research within the higher education system. Currently, AI technologies enable the automation of large-scale biological data analysis, allowing for the identification of new patterns and correlations. Artificial intelligence is used for early disease detection and diagnosis, as well as in genetic research for predicting hereditary diseases. Modern AI technologies demonstrate high efficiency in processing and analyzing biological images, as well as in determining protein structures. Thus, the integration of new technologies into biological research accelerates scientific progress and contributes to significant discoveries in human health and biological sciences.

Keywords: Artificial intelligence, digital technologies, biological research, medical diagnostics, integration.

Кіріспе

Соңғы жылдары жасанды интеллект (ЖИ) биологиялық зерттеулерде маңызды құралға айналып, ғылым мен медицинаның әртүрлі салаларында жаңа мүмкіндіктер ашуда. ЖИ технологиялары үлкен көлемдегі ғылыми деректерді өңдеуде, күрделі ғылыми заңдылықтарды анықтауда және зерттеу жұмыстарын жеделдетуде тиімділігін көрсетуде. Атап айтсақ, бұл цифрлық технологиялар ақуыз құрылымдарын болжауда, ауруларды ерте бастан диагностикалауда жиі пайдаланылады. Бұл өз кезегінде зерттеушілерге дәстүрлі әдістер арқылы шешілетін қиындау міндеттерді оңтайлы шешуге көмектеседі, нәтижесінде ғылыми жаңалықтардың ашылуы қарқыны өседі. Осылайша, жасанды интеллектінің ғылыми зерттеулерге интеграциясы медицина саласының дамуына жақсы серпін беріп, адамзат денсаулығы мен биологиялық зерттеу әдістеріне маңызды жетістіктерге қол жеткізеді.

Бұл мақалада жасанды интеллектінің маңызы, келешекте медицина және биология ғылымдар жүйесіне әсері қарастырылады. Қазіргі таңда бұл модель жаңа мүмкіндік беріп отырғанымен, оны толық енгізу үшін шешілуі керек мәселелер де бар.

Негізгі бөлім

Қазіргі кезде ғылыми зерттеу жұмыстарының қарқыны өсіп, жаңа технологиялармен толықтырылуда. Солардың бірден-бірі – жасанды интеллект ұғымы. Жасанды-интеллект- бұл дәстүрлі ғылыми зерттеу моделінен ерекшеленетін, цифрлық технологиялар негізінде іске асатын заманауи жүйе. Жасанды интеллекттіңе қолдану арқылы биологиялық ғылым мен медицина саласында айтарлықтай жетістіктерге жетуге оң ықпалын тигізеді. “**Жасанды интеллект (ЖИ)** – бұл әдетте адамның ақыл-ойын қажет ететін тапсырмаларды орындауға қабілетті компьютерлік жүйелер мен бағдарламаларды жасауға бағытталған ғылым мен технология саласы.”^[3]

Қазіргі таңда геномика, протеомика және метаболомика секілді заманауи ғылыми зерттеулерде үлкен көлемдегі деректер көздері сақталады. Жасанды интеллект моделі осы деректерді тиімді өңдеп, маңызды ақпараттар көздерін бөліп алуға мүмкіндік береді. Мысалы,

генетикалық мәліметтерді талдау арқылы тұқым қуалайтын аурулардың пайда болу ықтималдығын болжауға болады.

Жасанды цифрлық технологияны медициналық бейнелерді (рентген, МРТ, КТ) талдауда қолданып, ауруларды ерте кезеңде анықтауға мүмкіндік береді. Бұл медициналық қызметтердің сапасын арттыруға және пациенттерге жеке көзқарас қалыптастыруға үлкен мүмкіндік береді. “Мысалы, ЖИ алгоритмдері ісік тіндерін автоматты түрде танып, дәрігерлерге дәл диагностика жасауға көмектеседі.”^[1]

Заманауи модельдің тағы бір артықшылығының бірі – ақуыздардың үш өлшемді құрылымын анықтап, олардың функцияларын түсінудегі үлкен ықпалы. “ЖИ негізіндегі модельдер аминқышқылдарының тізбегін дұрыс құрып, ақуыздардың 3D кеңістіктік құрылымын дәл болжай алады.”^[2] **Бұл өз кезегінде**, ғылыми процестерді жоғары деңгейде автоматтандырып, шығындарды азайтып, зерттеулердің дәлдігін арттыруға өз септігін тигізеді. Сондай-ақ, дәрі-дәрмек әзірлеу процесін оңтайландырып, жаңа ғылыми мақсаттарды анықтауға көмектеседі.

Цифрлық технологиялардың дәстүрлі әдістерден айырмашылығы

Деректерді өңдеудің дәстүрлі әдісі әдетте қолмен іске асатындықтан, уақыт пен ресурстарды көп талап етеді. Мысалы, генетикалық деректерді талдау бірнеше күннен бірнеше аптаға дейін созылуы мүмкін. Жасанды интеллект қолданылған алгоритмдерді алар болсақ, ЖИ моделі үлкен көлемдегі деректерді жылдам өңдеп, нәтижелерді тез қорытындылай алады. “Мысалы, Оксфордтық дәрі-дәрмек ашу институты Альцгеймер ауруына қарсы дәрі-дәрмек әзірлеуде ЖИ негізіндегі дерекқорларды қолданып, гендерді зерттеу уақытын бірнеше аптадан бірнеше күнге дейін қысқартты.”^[2]

Заманауи модельдің жаңа инновацияларға ықпалын алар болсақ, жасанды интеллект (ЖИ) ғылымда жаңа заңдылықтар мен бағыттарды анықтап, жаңа мүмкіндіктердің дамуына ықпал ететіні сөзсіз. “Мысалы, AlphaFold жүйесі ақуыз құрылымдарын болжау арқылы дәрі-дәрмек әзірлеу процесін жеделдетті. Дәстүрлі әдістер жаңа гипотезалар мен эксперименттерді әзірлеуде шектеулі болуы мүмкін.”^[4]

Ғылыми зерттеулерде дәстүрлі әдістер мен жасанды интеллект қолданылған модельдердің тиімділігін салыстыру барысында маңызды аспектілер қамтылады. Мысалы, дәстүрлі әдістерді пайдаланғанда нәтижелердің дәлдігі адам факторының әсерінен қателіктерге бейім болуы мүмкін. Жасанды интеллект қолданған алгоритмдер өз кезегінде үлгілер мен белгілерді автоматты түрде анықтап, жоғары дәлдіктегі нәтижелермен қамтамасыз етеді. “Мысалы, DeepMind компаниясының AlphaFold2 жүйесі ақуыз құрылымдарын болжауда дәстүрлі әдістерге қарағанда әлдеқайда дәл нәтижелер көрсетті.”^[3]

Биологиялық зерттеулерде қолданылатын дәстүрлі әдістер мен жасанды интеллект (ЖИ) пайдаланатын алгоритмдердің құны мен ресурстарын алар болсақ, дәстүрлі модельдер өз кезегінде көптеген адам ресурстары мен уақытты талап ететіні айқын, ал бұл зерттеулердің құнын жоғарылады. Заманауи цифрлық технологиялар қолданылған әдістер бастапқы инвестицияларды талап еткенмен, ұзақ мерзімді перспективада уақыт пен ресурстарды үнемдеуге пайдалы.

Жасанды интеллектінің болашағы

Жалпы ғылым саласында дәстүрлі әдістер мен жасанды интеллект модельдерін қолданғанда этикалық және әлеуметтік аспектілерін қарастыру міндетті болып табылады. Мысалы, жұмыс орындарының автоматтандырылуы, соның салдарынан жұмыссыздық деңгейінің өсуі, дербес деректердің құпиялылығы сияқты мәселелер қазіргі таңда талқылануда. Сондай-ақ, дәстүрлі ғылыми модельдерді қолданғанда жануарларға тәжірибе жасау сияқты этикалық мәселелерді қамтуы мүмкін, бұл зерттеушілердің психологиялық күйіне кері әсерін тигізуі де мүмкін. “ЖИ қолданылған әдістерге келер болсақ, бұл өз кезегінде жануарларға тәжірибе жасауды азайтуға мүмкіндік береді, бірақ деректердің құпиялылығы мен қауіпсіздігі сияқты жаңа этикалық мәселелерді тудыруы мүмкін.”^[5]

Жасанды интеллект – қазіргі таңда заманауи технологиялардың маңызды бағыттарының бірі болып табылады және оның дамуы болашақта көптеген салаларға өз ықпалын тигізеді сөзсіз. Дегенмен жасанды технологиялардың дамуы көптеген салаларда жаңа мүмкіндіктер ашуда.

Мысалы, ауруларды ерте кезеңде анықтау, бұл медициналық қызметтердің сапасын арттырып, шығындарды азайтуға ықпал етеді. Биологиялық зерттеу жұмыстарында үлкен көлемді деректерді жылдам және жоғары дәлдікпен өңдеуге мүмкіндік берері сөзсіз.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, жасанды интеллект биологиялық зерттеулерде тиімді модель ретінде орын алып, ғылымның дамуына зор үлесін қосуда. Жасанды интеллект биологиялық зерттеулерде жылдамдық, дәлдік және тиімділік сапасы бойынша айтарлықтай артықшылықтарға ие. Деректерді өңдеу, модельдеу және жинау процестері жаңа технологиялардың көмегімен оңтайландырылып, ғылыми жаңалықтардың ашылуына септігін тигізуде. Бұл модель дәстүрлі биологиялық зерттеулермен салыстырғанда айтарлықтай өзгешелікке ие және заманауи технологиялық мүмкіндіктерді барынша икемді, қолжетімді және дербестендірілген түрде ұсынуға септігін тигізеді. Дегенмен, заманауи технологияларды қолдану этикалық және құқықтық мәселелерді де туғызады, сондықтан оны жауапкершілікпен және мұқият пайдалану қажет.

Әдебиеттер:

1. Bhardwaj, A., Kishore, S., & Pandey, D. K. (2022). Artificial Intelligence in Biological Sciences. *Life*, 12(9), 1430.
2. Junaid, M. A. L. (2025). Artificial intelligence driven innovations in biochemistry: A review of emerging research frontiers. *Biomolecules and Biomedicine*, 25(4).
3. Zhang, Q., & Wang, Y. (2024). AI in biology: transforming genomic research with machine learning. *Computational Molecular Biology*, 14(3).
4. "AI-Powered Databases Boost the Alzheimer's Drug Discovery Process." *The Wall Street Journal*, 25 March 2025.
5. "Google DeepMind duo share Nobel chemistry prize with US biochemist." *Financial Times*, 5 November 2024.

BIG DATA – БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢА КӨКЖИЕГІ

Отегенова Маржан Қосимбекқызы

М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті

1 курс магистранты

Ордабаева Раушан Біләнқызы

М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз қ.

Аннотация

Бұл мақалада Big Data технологияларын білім беру саласына енгізудің маңыздылығы қарастырылған. Зерттеудің мақсаты – үлкен деректерді қолдану арқылы білім сапасын арттыруды тиімді жолдарын анықтау. Негізгі міндеттері – Big Data технологияларының оқыту үдерісіне әсерін талдау, студенттердің үлгерімін болжау, жекелендірілген оқыту әдістерін дамыту және тәуекел тобындағы білім алушыларды анықтау. Зерттеу нәтижелері Big Data – ның білім беру сапасын жақсартуда маңызды құрал екенін көрсетеді. Қорытындысында, бұл технологияларды тиімді пайдалану білім беру жүйесін жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік беретін анықталды.

Кілт сөздер: Big Data, білім сапасы, болжамдық талдау, жекелендірілген оқыту, цифрлық технологиялар, білім беру жүйесі, деректерді өңдеу, оқыту үрдісі.

Аннотация

В данной статье рассматривается значимость внедрения технологий Big Data в сферу образования. Цель исследования – определить эффективные способы повышения качества образования с использованием больших данных. Основные задачи – анализ влияния технология

Big Data на учебный процесс, прогнозируемых методов обучения и выявления учащихся группы риска. Результаты исследования показали что Big Data является важным инструментом для улучшения качества образования. В заключение отмечается, что эффективное использование этих технологий позволит вывести систему образования на новый уровень.

Ключевые слова: Big Data, качество образования, прогнозный анализ, персонализированное обучение, цифровые технологии, система образования, обработка данных, учебный процесс

Abstract

This article examines the importance of implementing Big Data technologies in education. The aim of the study is to identify effective ways to improve the quality of education using big data. The main objectives include analyzing the impact of Big Data on the learning process, predicting student performance, developing personalized learning methods, and identifying at – risk students. The research results indicate that Big Data is a key tool for enhancing education quality. In conclusion, it is highlighted that the effective use of these technologies can elevate the education system to a new level.

Keywords: Big Data, education quality, predictive analysis, personalized learning, digital technologies, education system, data processing, learning process.

Кіріспе

Білім беру жүйесі жыл санап өзгеріп, жаңа технологиялармен толығып келеді. Дәстүрлі әдістер бірте-бірте өзінің тиімділігін жоғалтып, заманауи тәсілдер алдыңғы орынға шыға бастады. Осы тұрғыда Big Data технологиялар білім сапасын арттырудың негізгі құралдарының біріне айналды.

Big Data-ның басты артықшылығы – оның нақты деректерге сүйене отырып, білім алушылардың қажеттіліктерін жекелей анықтай алатындығында. Бұл технология әр студенттің оқу үрдісіне талдау жасап, оның үлгеріміне әсер ететін факторларды зерттейді. Егер белгілі бір тақырыпты меңгеру қиындық туғызса, жүйе оны анықтап, қосымша материалдар ұсынады немесе оқытушыға ескерту жібереді. Осылайша, білім алушыларға жекелендірілген оқу жоспарын жасау мүмкіндігі туындайды.

Оқушылардың үлгерімін бақылау және болжау

Бұрын мұғалімдер студенттердің үлгерімін журналға қарап бағалайтын. Алайда бұл әдіс студенттердің шынайы академиялық жетістіктерін толық бағалауға мүмкіндік бермейтін. Енді Big Data негізінде жұмыс істейтін интеллектуалды жүйелер әр студенттің оқу барысын жан-жақты талдап, оның білім алу процесіне деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, Big Data оқу траекториясын болжауға көмектеседі. Ол студенттің алдыңғы үлгерімін талдай отырып, оның болашақтағы нәтижелерін алдын ала бағалайды. Егер студент белгілі бір пән бойынша нашар нәтиже көрсетсе, жүйе оған қосымша тапсырмалар мен кеңестер бере алады. Бұл оқыту сапасын арттыруға және білім беру процесін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Жекелендірілген оқыту: әр оқушыға жеке бағдарлама

Әр адамның оқу қабілеті, қарқыны мен қабылдау деңгейі әртүрлі. Біреулер ақпаратты тез меңгереді, ал кейбіреулерге көбірек уақыт қажет. Дәстүрлі оқыту жүйесінде барлық студенттерге бірдей тапсырмалар беріледі, бұл кейбір оқушыларға қиындық тудырады немесе керісінше, басқалары үшін материал тым жеңіл болуы мүмкін.

Big Data осы мәселені шешуге көмектеседі. Жекелендірілген оқыту әдісі арқылы әрбір білім алушыға оның қабілеттеріне сәйкес бағдарлама жасалады. Егер студент белгілі бір тақырыпты жақсы меңгерсе, жүйе оны күрделірек деңгейге өткізді, ал егер қиындықтар туындаса, қосымша түсіндірмелер мен жаттығулар ұсынады.

Бұл тәсіл оқушылардың білім алуын жеңілдетіп ұана қоймай, олардың мотивациясын да арттырады. Әркім өз қарқынымен оқып, өз деңгейіне сай білім алады. Осылайша, Big Data оқу процесін барынша тиімді және ыңғайлы етеді.

Тәуекел тобындағы студенттерді анықтау

Кез-келген оқу орнында сабаққа тұрақты қатыспайтын немесе үлгерімі төмен студенттер бар. Егер бұл студенттерге дер кезінде көмек көрсетілмесе, олар оқу процесінен мүлдем алыстап кетуі мүмкін.

Big Data бұл мәселеге де шешім ұсынады. Жүйе студенттердің сабаққа қатысуын, тапсырмаларды орындау деңгейін және басқа да көрсеткіштерін үнемі бақылап отырады. Егер студенттің белсенділігі төмендеп кетсе, жүйе автоматты түрде оқытушылар мен әкімшілікке

хабарлама жібереді. Бұл оларға мәселені ертерек анықтауға және қажет болған жағдайда студентке қосымша қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.

Мысалы, университеттерде цифрлық бақылау тақтасы (Dashboard) қолданыла бастады. Бұл жәй студенттің оқу үрдісіне қатысуы туралы нақты ақпарат береді. Егер студент екі апта бойы сабаққа қатыспаса немесе оның бағалары күрт төмендесе, жүйе оны «қауіп-қатер тобындағы студент» ретінде белгілеп, оқытушыларға ескерту жібереді. Осылайша, студенттерге уақытылы көмек көрсетіліп, олардың білім алу үрдісінен шығып қалмауына жағдай жасалады.

Мұғалімдер үшін тиімді құрал

Big Data тек студенттерге ғана емес, мұғалімдерге де үлкен көмек көрсетеді. Бұрын оқытушылар студенттердің қай тақырыптарда қиындықтарға тап болатынын толық анықтай алмайтын. Ал қазір Big Data олардың қай бөлімдерде қиналатынын нақты көрсетіп, оқыту әдістемесін жақсартуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, мұғалімдер сабақтың тиімділігін талдап, оқыту тәсілдерін жетілдіре алады. Егер белгілі бір әдіс нәтиже бермесе, жүйе оны анықтап, оқытушыға басқа тәсілдерді қолдануды ұсынады. Бұл білім беру сапасын арттыруға және оқу материалдарын студенттердің қажеттіліктеріне бейімдеуге көмектеседі.

Big Data-ны енгізудегі қиындықтар

Әрбір жаңа технологияны енгізу белгілі бір ойындыөтармен қатар жүреді. Big Data-нф білім беру жүйесіне толықтай енгізу үшін бірнеше маңызды мәселені шешу қажет.

1. Деректердің құпиялылығы мен қауіпсіздігі
Big Data технологиялары үлкен көлемдегі деректерді жинайды және өңдейді. Бірақ бұл ақпараттардың қауіпсіздігі мен құпиялылығын сақтау маңызды. Егер студенттердің жеке мәліметтері дұрыс қорғалмаса, олар үшінші тұлғалардың қолына түсуі мүмкін.
Техникалық инфрақұрылымның қажеттілігі
2. Big Data жүйелерін енгізу үшін қуатты серверлер, арнайы бағдарламалар және жоғары жылдамдықты интернет қажет. Бұл көп қаржыны талап етеді, ал көптеген оқу орындарының бұған мүмкіндігі болмауы мүмкін.
Мұғалімдер мен студенттердің дайындық деңгейі
3. Big Data- мен тиімді жұмыс істеу үшін мұғалімдер мен студенттердің цифрлық сауаттылығы жоғары болуы керек. Оқытушылар жаңа технологияларды меңгеріп, оларды оқу процесіне енгізе білуі қажет. Бұл үшін арнайы тренингтер мен оқыту бағдарламалары қажет.

Қорытынды

Big Data технологиялары білім беру жүйесіне жаңа серпін беріп, оны тиімді әрі икемді етуге көмектесуде. Бұл технологиялар оқыту процесін автоматтандырып, студенттердің үлгерімін болжауға, жекелендірілген оқыту бағдарламаларын жасауға және тәуекел тобындағы білім алушыларға көмек көрсетуге мүмкіндік береді.

Дегенмен, Big Data-ны толықтай енгізу үшін ақпараттық қауіпсіздік, техникалық инфрақұрылым және оқытушыларды даярлау мәселелерін шешу қажет. Егер бұл технологияны дұрыс қолдана білсек, болашақта білім беру сапасын жаңа деңгейге көтеріп, әрбір студентке жеке тәсіл ұсыну мүмкіндігіне ие боламыз.

Big Data – бұл тек цифрлық инновация емес, бұл білім алудың жаңа парадигмасы. Оны тиімді пайдалану – замануи білім берудің басты міндеттерінің бірі.

Әдебиеттер:

1. Изимбетов Н. О., Баймендинова А. Н. Big Data технологиялары негізінде білім сапасына болжамдық талдау жасау // Молодой учёный, №12 (407), 2022. – Қолжетімді: <https://moluch.ru/archive/407/>
2. Lynch, C. Big Data: How it is Transforming Education // Nature Journal, 2008.
3. Ekowo, M., Palmer, I. Predictive Analytics in Higher Education // New America Foundation, 2017. – Қолжетімді: https://d1y8sb8igg2f8e.cloudfront.net/documents/Predictive-Analytics-GuidingPractices_fbsrc53.pdf

4. Гвозденко Ю. В., Ищенко А. А., Пилипенко А. В. Большие данные в системе образования // Современные технологии обучения, 2019. – Қолжетімді: <https://s.eduherald.ru/pdf/2019/5-1/19731.pdf>
5. Фиофанова О. А. Анализ больших данных в сфере образования: методология и технологии // РАНХиГС, 2020. – Қолжетімді: https://iim.ranepa.ru/upload/iblock/c02/Analiz-bolshikh-dannykh-v-sfere-obrazovaniya_-metodologiya-i-tekhnologii.pdf
Оқушының оқу әрекеті жеке деген әрекеттерден тұрады. Бұл әрекеттер өте әртүрлі және күрделі құрылымға ие. Олардың ішінде әр қадам сайын дерлік қайталап орындауға тура келетін қарапайымдары бөлектеледі: сандарды, әріптерді, белгілерді жазу; мәтінді оқу, конструкцияларды орындау және т.б. Бұл әрекеттердің әрқайсысы күрделірек әрекеттерге ажырамас элемент ретінде кіреді, сондықтан бала оларды тез және дәл, еш ойланбастан, автоматтандырылған түрде орындауы керек. Ең қарапайым негізгі әрекеттерді автоматтандырылған орындау дағды деп аталады. Дағдының көмегімен орындалатын әрекеттің өзі күрделірек әрекеттердің құрамдас бөлігі - операцияға айналады. Күрделі әрекеттерді орындау үшін оқушы білім мен дағдыларды қолдану әрекеттерін меңгеруі керек.

Дағдылар оқу процесінде қалыптасады, олар оқушының белгілі бір қабілетін дамытуға және тәрбиелеуге әсер етеді.

Оқу іскерліктері мен дағдылары – оқушылардың алған білімдері мен өмірлік тәжірибесі негізінде орындалатын білімді өздігінен меңгерудің практикалық және теориялық әрекеттеріне дайындығы.

Әдістемелік әдебиеттерде оқу дағдыларының бірнеше классификациялары берілген.

Солардың бірі педагог-психолог Лошкарева Н.А. жасаған классификация [2].

Оқу-ұйымдастырушылық іскерліктер: Бұл ең маңызды ББД топтарының бірі, оған мыналар кіреді:

- Жұмыс орнын ұйымдастыру;
- Гигиеналық ережелерін сақтау;
- Оқу мақсатын қабылдау;
- Қызмет әдістерін таңдау;
- Кеңесші болып жұмыс істеу;
- Еңбекті бақылауды ұйымдастыруды жоспарлау.

Білік пен дағдының бұл тобы мектептегі оқу кезеңінде ғана емес, оқушылардың кейінгі өмірінде де маңызды. Әрбір мұғалім тек қана арнайы іскерліктер мен дағдыларды ғана емес, сонымен қатар жалпы дағдыларын қалыптастыру процесін жоспарлауы керек.

Бұл топты құру кезінде мұғалім тек өзіне ғана емес, оқушыларға да сабақтың мақсатын анықтауы керек. Сабақ барысында тапсырмаларды орындауды жоспарлауға, жұмыстың ұтымды жолдарын табуға үйрету, балаларды өзін-өзі бақылауға үйрету қажет.

Мұғалімнің жетекшілігімен жұмыс істей отырып, ол көрсеткен үлгі бойынша оқушылар тәрбиелік және ұйымдастырушылық қабілеттерін шындайды. Болашақта олар алған білімдерін өңдей отырып, өз іс-әрекетінде шығармашылықпен қолдана алады.

Оқу-интеллектуалдықтағдылар:

Бұл дағдылар тобы оқушылардың ақыл-ой әрекетінің әдістерін меңгеруді көздейді:

- салыстыру;
- талдау;
- жүйелеу;
- жалпылау;
- абстракция;
- модельдеу;
- классификация;
- себепті байланыстар;
- ойлау эксперименті.

Әрбір пән үшін бұл дағдылар мен дағдылардың баға жетпес ролін түсіне отырып, мұғалімдер олардың өздігінен қалыптаспайтынын және әр сабақта балалардың бұрыннан білетініне сүйене отырып, интеллектуалдық дағдыларды қалыптастыру және дамыту бағытында жүйелі жұмыс жасау керектігін ұмытпауы керек. Еңбекті дұрыс ұйымдастыра отырып, оқушылар жеке ғылыми терминдерді түсініп, игеріп қана қоймай, жинақталған ғылыми білімнің барлық көлемін түсінуі керек.

Оқу-ақпараттық дағдылар: Дағдылардың бұл тобына білімді меңгеру жолдары кіреді:

- мәтінді оқу;
- оқулықпен жұмыс;
- практикалық жұмыс;
- қосымша әдебиеттермен жұмыс;
- анықтамалық әдебиеттермен жұмыс;
- бейнетехника, компьютер, аудио жазба көмегімен ақпаратты меңгеру.

Білік пен дағдының осы тобын қалыптастырудағы мұғалімнің іс-әрекеті оқу техникасын үйрету, оқу дағдысын қалыптастыруда сараланған тәсілді жүзеге асыру, кітаппен жұмыс істеудің өнімді әдістерін үйрету және т.б. [3]. Оқу-коммуникативті дағдылар:

Білік пен дағдының бұл тобы оқушылардың жазбаша және ауызша сөйлеуін дамытуды, тыңдау дағдыларын қалыптастыруды көздейді.

Жазбаша сөйлеу:

- конспектілеу, мазмұндама, эссе, диктант жаза білу, жұмысты дұрыс рәсімдеу.

Ауызша сөйлеу:

- қайталау, сұрақтарға жауап беру, дәлелдеу, т.б.
- Тыңдау:
- айтылған сөзден негізгі нәрсені бөліп көрсету,
 - оқу, әңгімелесушіні, мұғалімді тыңдау, сұрақ қою.

Мұғалім оқушыларды диалогқа қосуға, олардың монологтық сөйлеуін дамытуға, жазу техникасын жетілдіруге, әңгімелесушіні тыңдай білуге, түсіндіріп жатқанда конспектілеуге, оқулық мәтінін оқуға үйретуі керек.

ББД қалыптастыру технологиясы

1. ББД нашар дамыған балаларды анықтау.
2. Оқушыларды ББД қалыптастыру және дамыту бойынша тапсырмаларды орындау алгоритмдерінің жиынтықтарымен қамтамасыз ету.
3. Тапсырмалар мынадай әдістеме бойынша жүзеге асырылуы тиіс:
 - оқушылардың түсінігін бекітуге арналған тапсырманы оқу;
 - тапсырманы орындау алгоритмін таңдау;
 - тапсырманың дұрыс орындалуын бақылау.
4. Оқушыларды мәтіндегі негізгі нәрсені бөліп көрсете білуге (мағыналы оқу – жоспар құру – мәтіннің контурын құрастыру – конспект құрастыру) кезең-кезеңімен тәрбиелеу.
5. Оқушыларды көлемді мәтінді қорытындылай білуге (мағыналы оқу – жоспар құру – аннотация құрастыру) кезең-кезеңімен тәрбиелеу.

Мақсаттар:

- Жеке тұлғаны дамыту шарттарының бірі ретінде оқу дағдыларын дамыту.
- Жалпы білікпен дағдыны дамыту жұмыстарын ұйымдастыру.

Міндеттер:

- Оқу дағдыларымен дағдыларын дамыту қажеттілігі.
- Дағдыларды дамыту жұмыстары

«Оқуіскерліктері мен дағдылары» ұғымының өзі олардың қалыптасу табыстылығының баланың оқу іс-әрекетін ұйымдастыруға тәуелділігін қамтиды. Бұл тәуелділікті білу маңызды оқудағдыларын анықтауға, тапсырмалардың түрлерін және оларды орындау шарттарын анықтауға көмектеседі [4].

Оқу-ұйымдастырушылыққабілеті.

Оқу-тәрбие жұмысында өзін-өзі ұйымдастыру қабілеті болмаса, білімді меңгеруде елеулі табысқа жетуге болмайды. Сондықтан ұйымдастырушылық дағдылар өте маңызды. Олардың көпшілігі білім берудің бастапқы кезеңінде бекітілген. Оқу-ұйымдастырушылық дағдылары оқушылардың өзіндік оқу іс-әрекетін жоспарлауды, ұйымдастыруды, бақылауды, реттеуді және талдауды қамтамасыз етеді. Оларға:

- жұмыс орнын ұйымдастыру мүмкіндігі жатады;
- ағымдағы жұмысты жоспарлау;
- назарын тапсырмаға аудару;
- өзін-өзібақылауды және оқу әрекетін талдауды жүзеге асыру;
- ұжымда танымдық әрекеттерді жүргізу, оқу міндеттерін шешуде ынтымақтасу (түсіндіру, көмек көрсету, досының көмегін қабылдау және т.б.).

Және де:

- жеке және ұжымдық оқу мақсаттарын анықтау;
- оқу тапсырмасын орындау үшін ең ұтымды әрекеттер тізбегін таңдау;
- алынған нәтижелерді оқу тапсырмасымен салыстыру;
- өзін-өзі бақылаудың әртүрлі формаларына ие болу;
- өзінің оқу әрекетін және сыныптастарының оқу әрекетін бағалау;
- өзінің оқу-тәрбие қызметінің кемшіліктерін анықтау және олардың себептерін анықтау;
- өзін-өзі тәрбиелеу әрекетінің мақсатын қою;
- өзін-өзі тәрбиелеу қызметін жүзеге асыру үшін іс-әрекеттердің ең ұтымды реттілігін анықтау.

Оқу іс-әрекетін сипаттауда маңызды нәрсе оның интеллектуалдық әрекетте жүзеге асуы және іс-әрекеттен басқаша мүмкін еместігі болып табылады. Бұл жағдайда іс-әрекеттер педагогикада оқу- интеллектуалдық дағдылармен корреляцияланатын психикалық әрекеттерді білдіреді. Сонымен, жалпы білім беретін интеллектуалдық дағдылар оқу әрекетімен тікелей байланысты, оқу- интеллектуалдық немесе жалпы логикалық дағдылар негізінде бұл әрекет жүзеге асырылады. Білімділік және интеллектуалдық дағдылар оқушының жеке тәжірибесінде ғана қалыптасады, мұнда басқа адамдардың дағдыларының көмегі аз. Бірақ мұндай тәжірибені меңгеруді, дағдыны дамытуды, сонымен қатар білімді меңгеруді мұғалім 1-сыныптан бастап ұйымдастыра алады және ұйымдастыруы керек [5].

Бұл оқудағылар бала өмірінің әртүрлі аспектілерін білдіреді: когнитивтік, практикалық, коммуникативті (әлеуметтік).

Бақылау, тыңдау, оқу – сабақта, үй жұмысында оқу материалындағы (мәтін, сурет, сызба) негізгі нәрсені мақсатты түрде қабылдау және бейнелеу дағдылары. Бұл жалпы білім беретін интеллектуалды дағдылар блогы оқушылардың оқу тапсырмасына бағдарлануын және тапсырманы орындаудың жолдары мен тәсілдерін табуға байланысты кейінгі әрекеттерді жоспарлауды, яғни рефлексиямен, ойлауды қамтамасыз етеді. Білімді меңгеру процесінде пайда болатын пайымдау ойлауы басқа барлық танымдық процестерді қайта құрылымдайды.

Жіктеу (топтастыру) және жалпылау – оқу іс-әрекетінің оперативті - атқару кезеңін жүзеге асыратын дағдылар. Ішкі психикалық механизмдері бойынша бұл дағдылар талдау, синтез, абстракциялау және жалпылаумен, яғни мектеп оқушыларының шынайы психикалық әрекетімен тікелей байланысты.

Әдебиеттер:

1. Корпешова Г. Оқушылардың қызығушылығын арттырудағы көрнекіліктің рөлі. Астана, 2016.
2. Қаниева Г. Оқушының ойлау қабілетін дамыту. Қарағанды, 2012.
3. Краевский В. В., Усова А. В. Формирование умений и навыков учебного труда в процессе обучения школьников. – М., 2013.
4. Границкая Л. С. Научить думать и действовать. – М., 2015.
5. Дарменова Қ. Көрнекілік арқылы ойлау қабілетін арттыру. Астана, 2014.

**СЕКЦИЯ 4
ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ТЕХНОЛОГИЯСЫ:
ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ ЖӘНЕ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІ**

ӘОЖ: 37.016:004.9

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ МЕН БОЛАШАҒЫ

Адильханова Нұрайлым Нұрлановна

Б.Момышұлы атындағы №45 қазақ классикалық гимназиясы, Тараз қ.

Түйіндеме

Жасанды интеллект (ЖИ) қазіргі таңда әлемнің түрлі салаларында маңызды рөл атқарып келеді. Бұл технологияның даму тенденциялары үнемі өзгеріп отырады, жаңа әдістер мен алгоритмдер үнемі жасалып, ЖИ жүйелері барған сайын күрделене түсуде. ЖИ-дің болашағы ерекше қызығушылық тудырып, оның қоғам мен экономикаға әсері әртүрлі бағыттарда кеңейе түсуі мүмкін. Қазіргі уақытта ЖИ технологияларының даму бағыттары терең оқыту, табиғи тілдерді өңдеу, компьютерлік көру және автономды жүйелер салаларында үлкен жетістіктерге жетуде. Бұл баяндамада ЖИ-дің қазіргі жағдайы мен оның болашақтағы даму бағыты талқыланады, оның мүмкіндіктері мен ықтимал қауіптері қарастырылады.

Аннотация

Искусственный интеллект (ИИ) в настоящее время играет важную роль в различных сферах жизни. Тенденции развития этой технологии постоянно меняются, новые методы и алгоритмы разрабатываются, а системы ИИ становятся все более сложными. Будущее ИИ вызывает большой интерес, и его влияние на общество и экономику может расширяться в разных направлениях. На данный момент ИИ добился значительных успехов в таких областях, как глубокое обучение, обработка естественного языка, компьютерное зрение и автономные системы. В данной презентации рассматриваются текущее состояние ИИ и направления его развития в будущем, а также возможности и потенциальные риски этой технологии.

Annotation

Artificial intelligence (AI) is increasingly playing a pivotal role across various sectors globally. The development trends of this technology are constantly evolving, with new methods and algorithms being developed, and AI systems becoming increasingly complex. The future of AI is a subject of great interest, with its potential impact on society and the economy expanding in various directions. Currently, AI is achieving significant breakthroughs in fields such as deep learning, natural language processing, computer vision, and autonomous systems. This presentation will discuss the current state of AI, its future development trajectories, and explore its potential opportunities and associated risks.

Жасанды интеллект (ЖИ) білім беру саласында тиімділік пен инновацияны арттыру үшін кеңінен қолданылып келеді. Бұл технология білім алушылар мен мұғалімдер үшін жаңа мүмкіндіктер мен артықшылықтар ұсынады. ЖИ білім беруде оқыту процесін жаңаша құруға, дербестендіруге және нәтижелерді жақсартуға мүмкіндік береді.

ЖИ білім беруде пайдаланудың бірнеше жаңа мүмкіндіктері:

1. Жеке оқыту

ЖИ оқушылардың қажеттіліктері мен қабілеттеріне сәйкес жеке оқыту жолдарын ұсынуға мүмкіндік береді. ЖИ жүйелері оқушының оқу деңгейін, күшті және әлсіз тұстарын анықтап, оған сәйкес оқу жоспарын жасайды. Бұл оқушының өзінің қарқынымен және өзіне ыңғайлы әдістермен оқуға мүмкіндік береді.

2. Оқытудың тиімділігін арттыру

ЖИ мұғалімдерге оқу процесін басқаруда көмек көрсету үшін жасалынған құралдарды ұсынады. Автоматтандырылған жүйелер оқушылардың жетістіктерін қадағалап, прогрессті талдайды, бұл мұғалімдерге дер кезінде көмек көрсетуге және оқу бағдарламасын сәйкес өзгертуге мүмкіндік береді.

ЖИ алгоритмдері арқылы автоматты түрде тапсырмаларды бағалау және сынақтар нәтижелерін талдау мүмкіндігі, мұғалімдерге уақыт үнемдеуге көмектеседі, ал оқушыларға нақты кері байланыс береді.

3. Табиғи тілдерді өңдеу

ЖИ жүйелері тілдерді өңдеу мен түсіну үшін маңызды құралдар ұсынады. Бұл оқушыларға тіл үйрену, жазу дағдыларын дамыту және табиғи тілде сұрақтар қою арқылы жауап алу мүмкіндіктерін береді.

Виртуалды ассистенттер студенттердің сұрақтарына нақты уақыт режимінде жауап беруге қабілетті.

4. Мазмұнды жасау және бейімдеу

ЖИ оқытушылар мен студенттерге жоғары сапалы оқу материалдарын жасау және бейімдеуге мүмкіндік береді. Бұл оқыту мазмұнын үздіксіз жаңартып, өзгертуге көмектеседі. ЖИ контентті автоматты түрде жасау немесе бейімдеуді жеңілдетеді, сонымен қатар оқушылардың қызығушылықтарына негізделген материалдарды ұсынады.

ЖИ мәтіндерді, видеоларды және басқа да оқу құралдарын жасау үшін қолданылады. Мысалы, белгілі бір тақырып бойынша сұрақ-жауап жүйелерін құру, білім алушыларға өздерінің жеке қажеттіліктеріне негізделген оқу материалдарын ұсыну.

5. Оқушылардың нәтижелерін болжау

ЖИ оқушылардың нәтижелерін болжау мен бағалаудың жаңа мүмкіндіктерін ұсынады. Бұл технология білім алушылардың болашақтағы оқу нәтижелерін, қиындықтар мен жетістіктерін болжау арқылы оларды тиісті уақытта қолдауға мүмкіндік береді.

Мысалы, ЖИ оқушының өткен жұмысы мен бағаларын сараптай отырып, оның келешектегі оқу нәтижелерін болжайды және мұғалімдерге алдын ала нақты шаралар қабылдауға мүмкіндік береді.

6. Қашықтан оқыту және онлайн білім беру

Қашықтан оқу мен онлайн білім беру кезеңінде ЖИ түрлі құралдар мен платформаларды дамыту үшін маңызды рөл атқарады. Бұл технологиялар оқушыларға оқу материалдарына ыңғайлы қол жетімділікті қамтамасыз етіп, онлайн тапсырмаларды, тесттерді, сондай-ақ виртуалды оқыту орталарын жүзеге асырады.

ЖИ көмегімен сабақтар мен курстардың автоматтандырылған құрылымын жасау, сұрақ-жауап жүйелерін енгізу және виртуалды көмекшілерді қолдану арқылы қашықтан оқыту тиімділігін арттыруға болады.

7. Оқушылардың қызығушылығын арттыру

ЖИ ойын элементтерін пайдалана отырып, оқушылардың оқу процесіне деген қызығушылығын арттыра алады. ЖИ ойындар мен тапсырмаларды автоматты түрде құрып, оларды қызықты әрі ынталандыратын түрде ұсынады.

8. Мұғалімдердің кәсіби дамуы

ЖИ мұғалімдерге білім беру әдістемелерін жетілдіруде көмек көрсету үшін де қолданылуы мүмкін. Оқушылардың білімін бақылап, оларды оқыту әдістерін сынап көру арқылы, мұғалімдер өз тәжірибесін жақсартып алады.

ЖИ мұғалімдердің сабақ беру стилін талдай отырып, оқу сапасын арттыру жолдарын ұсынады, сондай-ақ педагогтардың өздерінің кәсіби білімін жетілдіру бойынша курстарды ұсынады.

9. Виртуалды оқыту ассистенттері

Жасанды интеллект білім беру жүйелерінде оқушылар мен мұғалімдерге көмек көрсету үшін виртуалды ассистенттерді қолдануға мүмкіндік береді. Бұл ассистенттер әртүрлі сұрақтарға жауап беріп, оқушыларға жеке тапсырмалар мен оқу жоспарларын ұсына алады.

Виртуалды көмекшілер білім беру саласында нақты білімді іздеу мен сұрақтарға жауап беруде көмек көрсету үшін пайдаланылуы мүмкін. Олар оқушыларға оқулықтардан немесе зерттеу материалдарынан қажетті ақпаратты табуға көмек береді.

10. Оқушылардың эмоционалдық жағдайын бақылау

ЖИ жүйелері эмоцияны тану технологияларын қолдана отырып, оқушылардың эмоционалдық жағдайын бақылап, оқыту процесін оптимизациялауға мүмкіндік береді. Бұл оқушының көңіл-күйі мен зейінін қадағалап, мұғалімдерге онымен өзара әрекеттесуді тиімдірек ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

ЖИ арқылы оқушылардың бет-әлпетін тану немесе олардың дауысының эмоциялық контекстін талдау арқылы олардың эмоционалдық жағдайын анықтау. Бұл мұғалімдерге оқушының қиындықтарын ертерек анықтап, оған көмек көрсетуге мүмкіндік береді.

11. Жасанды интеллект негізінде ғылыми зерттеулер мен білімді сараптау

ЖИ оқу үрдісінде жаңа ғылыми жетістіктер мен білімді тиімді түрде сараптап, ұйымдастыруға мүмкіндік береді. ЖИ оқу материалдары мен ғылыми зерттеулердің үлкен көлемін өңдеп, студенттерге маңызды ақпаратты тез әрі дұрыс ұсынуға көмектеседі.

ЖИ ғылыми мақалаларды, зерттеулерді автоматты түрде іздеп, талдай отырып, оқушыларға белгілі бір тақырып бойынша қажетті ең соңғы мәліметтер мен жаңалықтарды ұсына алады.

12. Оқушылардың дағдыларын бағалау және дамыту

ЖИ технологиялары студенттердің жеке дағдыларын бағалауға және оларды дамыту жолдарын анықтауға мүмкіндік береді. Оқушылардың күшті және әлсіз тұстарын талдай отырып, ЖИ оларға тиісті тапсырмаларды ұсынып, оқыту процесін жетілдіруге мүмкіндік береді.

ЖИ жүйелері оқушылардың оқу нәтижелерін ғана емес, сонымен қатар олардың ойлау қабілеті, креативтілігі, сыни ойлауы сияқты дағдыларын бағалап, дамыту бойынша ұсыныстар бере алады.

13. Қол жетімділікті арттыру

Жасанды интеллект білім беру саласында әртүрлі әлеуметтік топтарға білім алудың қолжетімділігін арттыруға көмектеседі. Әсіресе, аз қамтылған немесе арнайы қажеттіліктері бар студенттер үшін ЖИ арнайы білім беру құралдарын ұсына алады.

ЖИ арқылы арнайы қажеттіліктері бар балаларға арналған оқу материалдарын жасау, мысалы, аутист балаларға бейімделген оқыту бағдарламаларын немесе көру қабілеті төмен адамдарға арналған сөйлеу арқылы оқу материалдарын ұсыну.

14. Мазмұнды аудару және тілдерді үйрету

ЖИ көптілді білім беру платформаларын дамытуда маңызды рөл атқарады. Әртүрлі тілде сабақтарды өткізу, онлайн курстарды әлемнің әртүрлі елдерінде қолданушылар үшін қолжетімді ету мүмкіндігі артады.

ЖИ жүйелері арқылы автоматты аударма жасау арқылы әлемнің әртүрлі тілдерінде білім беру және білім алушыларға өздеріне түсінікті тілде оқу материалдарын ұсыну.

15. Интерактивті оқыту

Жасанды интеллект негізінде білім беру ойындарын дамыту оқушылардың қызығушылығын арттырады және оларды белсенді түрде оқу процесіне қатыстыруға мүмкіндік береді. Геймификация әдістері білім алушылардың тәжірибесін қызықты әрі ынталандырушы етеді.

Ойын элементтерін қолдану арқылы ЖИ жүйелері оқушыларға оқу барысында тапсырмаларды орындауды қызықты әрі жеңіл ету үшін динамикалық білім беру платформаларын жасайды. Мысалы, білім беру ойындары немесе тапсырмалар орындап, ұпай жинау арқылы оқушылар мотивация алады.

16. Мұғалімдерге арналған кәсіби даму платформалары

Жасанды интеллект мұғалімдердің өз білімдерін жетілдіруге арналған платформаларда да пайдалы болып келеді. Мұғалімдер үшін бейімделген оқыту бағдарламалары, жаңа әдістемелерді меңгеру, оқыту стилдерін жетілдіру мүмкіндіктері жасалады.

ЖИ жүйелері мұғалімдерге арналған кәсіби даму курстарын ұйымдастыру, олардың оқыту әдістерін талдап, жеке ұсыныстар беру арқылы мұғалімдерге оқу сапасын арттыру үшін бағыт-бағдар береді.

Қорытындылай келе, жасанды интеллект білім беру саласында тек оқыту процесін ғана емес, оқу мен оқыту әдістерін де түбегейлі өзгертуде. ЖИ қолданудың нәтижесінде білім алушылар мен мұғалімдер үшін ыңғайлы, тиімді және тең қолжетімді білім беру мүмкіндіктері пайда болады. Дегенмен, ЖИ-дің бұл мүмкіндіктерін толыққанды жүзеге асыру үшін оны дұрыс пайдалану, этикалық және құқықтық нормаларға сәйкес қолдану қажет. ЖИ технологиясының білім беру саласындағы болашағы зор, бірақ оны тиімді пайдалану үшін барлық қатысушылардың (оқушылар, мұғалімдер, ата-аналар, саясаткерлер) бірлесіп жұмыс істеуі маңызды.

Жасанды интеллект білім беру саласында үлкен мүмкіндіктер ашады. Ол оқу процесін тиімдірек, дербестендірілген және қолжетімді етеді. Оқушыларға жеке оқыту жолдарын ұсынудан бастап, мұғалімдерге уақытты үнемдеуге және оқу сапасын арттыруға дейін, ЖИ білім беру саласындағы революциялық өзгерістерді жүзеге асырып жатыр.

Әдебиеттер:

1. **Жалмұхамедова, А. (2020).** Жасанды интеллект және оның қоғамдағы рөлі. – Алматы: Ғылым, 2020.
2. **Нүрсейітов, Е. (2019).** Жасанды интеллекттің даму тенденциялары. – Астана: Әлем, 2019.
3. **Рахметова, С. (2021).** Жасанды интеллект және білім беру: болашаққа қадам. – Қарағанды: ҚарМТУ баспасы, 2021.
4. **Бекмұхамедов, Р. (2022).** Қазіргі жасанды интеллект: Технологиялар мен мүмкіндіктер. – Алматы: Қазақ университеті, 2022.
5. **Ковалев, В., & Иванова, Т. (2020).** Искусственный интеллект: Технологии, перспективы и этические аспекты. – Москва: Наука, 2020.
6. **Калиев, С. (2021).** Жасанды интеллектті қолданудың құқықтық және этикалық мәселелері. – Алматы: Құқық баспасы, 2021.
7. **Мухаметжанова, Г. (2022).** Жасанды интеллект және қоғам: Технологияның әсері. – Шымкент: Шымкент университеті, 2022.

ӘОЖ 608:34

ЖАҢА ДАМУ ЗАМАНЫНДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІҢ МАҢЫЗЫ

Алиева П.С.,

М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз қ.

Мамышева Б.Б.,

Б. Алтынсарин атындағы №49 мектеп- гимназиясы, Тараз қ.

Андатпа

Бұл мақалада қазіргі уақытта жасанды интеллекттің қоғамдағы маңыздылығы мен оның даму тарихы қарастырылады. Бүгінгі таңда жасанды интеллект тек салыстырмалы түрде қоғамдағы қолданыс деңгейінің ал шарттары туралы айтылады. Адамның орнын басатын жасанды интеллект тек ақпараттық құралдардың көмегімен жүзеге асырылып, цифрлық технологияның сан алуан түрлері қолданыста болатыны туралы пайымдалады.

Кілт сөздер: Жасанды интеллект, қоғам, цифрлі технология, білім, ұғым, интерфейс, компьютер.

Аннотация

В Данной статье рассматривается значение искусственного интеллекта в современном обществе и история его развития. Сегодня об искусственном интеллекте говорят только с точки

**ТЕХНОЛОГИЯ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА: ТЕНДЕНЦИИ
РАЗВИТИЯ И НОВЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ**

зрения уровня и условий его использования в обществе. Считается, что искусственный интеллект, заменяющий человека, будет реализован только с помощью информационных инструментов и будут использоваться различные виды цифровых технологий.

Ключевые слова: Искусственный интеллект, общество, цифровые технологии, знания, концепция, интерфейс, компьютер.

Бүгінгі күні жаһандану заманында жасанды интеллекті қолдану заман талабы болып отыр. Болашақта адамның қол еңбегін жасанды интеллект алмастырады деген ұғымдар қазіргі кезде жиі айтылып жүр. «Жасанды интеллект» сөзін бастапқы кезде 1956 жылы Джон Маккартл қолдап, Дартмут университетінің конференциясында қолданылған болатын. Оның түсінігінше: Өзірше біз қандай есептейтін процедураларды интеллектуалдық деп атай аламыз, сондықтан «Интеллект» сөзін әлемде мақсатқа жету үлкен қолдану әдістерін есептейтін бөлігін ғана түсініп жүрміз [1, 45].

Жасанды интеллекті осыған дейін қолданылған. Бірақ оған атау берілмеген болатын. Екінші дүнижүзілік соғыста ағылшын математигі Алан Тьюринг құпия ақпараттарын бұзып, оны микродан шығаруға мүмкіндігі бар машина ойлап тапты. Сонымен қатар 1950 жылы компьютер интеллектісін анықтап беретін тест әдістері пайда болды. Тьюринг тесті қазіргі уақытта да пайдаға асып жатыр.

Жасанды интеллекті ғылым ретінде 20 ғасырдың екінші жартысында қолданыла бастады. Өсіресе кибернетика бағытының дамуына септігін тигізді. Мұнда алғашқы ретте , төмендегідей іс-әрекеттер жасалынады:

- Басқару, талдау;
- Салыстыру;
- Ақпараттық талдау;
- Болжамдар жасау;
- Жорамалдардың дұрыстығын есептеп беру.

Жасанды интеллект жүйелеріне арнайы қамтылған логика жүйелері негізінде компьютерлік программаларды жүзеге асыру адамзат интеллектісінің өндіру техникаларының жүйесі болып табылады. Жасанды интеллектің қолдану орындары:

- Робототехника;
- Сараптама жүйелері;
- Есептемелер жасау;
- Мәтінді рефераттау;
- Тілдерді бір тілден екінші тілге аудару;
- Интеллект интерфейстерін жасау;

Бұл жүйе әлемдік деңгейде қарқынды даму үстінде болғандықтан. Соңғы жылы төмендегідей маңызды программалар дүниеге келді.

1. Шығармашылық. Музыка шығармаларын жасау және орындау, ойындар, (дойбы, шахмат, домин) т.б. автоматты түрде тілді аудару, теоремаларды аударып беру, бейнелерді тану, ойды електету т.б
2. Білімділік. Ақпараттық жүйелер, тәжірибе, кеңес беру, бағыт көрсету, бейнелерді айыру.
3. Интеллектуалды ақпараттар. Есептерді шығару, математика алгоритмі, модельдеу сияқты программалар. Бұлардың мақсаты басқаруды оңай қылу, адамзаттың жұмыс көлемін азайту, мақсатында сұхбаттар жүргізу.
4. Робототехника.
 - а) Робот манипулятор – бұл өзгермейтін бағдарламалар жатады.
 - б) Бейімделген роботтар – бұған өнеркәсіп роботтары, олар арнайы зауыттарды жұмыс жасауға негізделген[2].

Негізінен жасанды интеллектінің даму бағытының екі түрі бар:

- Адам мүмкіндіктеріне қатысты интеллект жүйелерін жасау, бұл адам табиғатына қатысты интеграцияға қатысты мәселелерді шешу болып табылады.
- Алдын жасалынып отырған интеллект жүйелеріне қатысты адамзат проблемаларын шешу қабілеттеріне сәйкес жасанды интеллектіні құру болып табылады.

Жасанды интеллектіні қоғамда біршама қолданысқа ие технология болып табылады. Мұны қолдану реті, өндірістер, ғылыми зерттеулер, өнер, электронды коммерция, медицина диагностикасы, робототехника білім беру инженериясы және т.б. Жасанды интеллектінің адам қолын алмастырып, қандай салада болса да, іске асыруға мүмкіндік алып жатыр[3].

Қазіргі уақытта бұл жасанды интеллектінің қарқынды даму ордасы Қытай, Жапония, Америка елдері болып отыр. Бұл әсіресе, медицина, білім, қызмет көрсету салаларында жиі қолданылып жүр. Білім саласында жасанды интеллект бойынша мұғалімдердің кәсіби біліктіліктерін арттырып, балаларды оқытуда, білім-тәрбие беруде жиі қолданылуын талап етіп отыр. Бірақ бұл бала тәрбиесімен білімімен қандай әсерін тигізеді әлі болжама түрінде айтылып келеді. Бұл салада еліміздің көптеген танымал ғалымдары өз еңбектерін жасауда. Мысалы, Ө.Ж.Мамырбаев, У.А.Тукеев, М.Е. Мансурова сияқты зерттеушілерді атап кетуімізге болады. Бұл азаматтар қазақ тіліндегі деректерді өңдеп, оларды талдау арқылы интеллект шешімдерін әрқандай салаларда пайдалану жолдары зерттеліп отыр. Бұл ғалымдардың еңбектерін халықаралық деңгейде мойындалып отыр. Қазіргі уақытта осы сала бойынша кадрлар жетіспей жатқанын тілге тиіп отыр.

Қазақстанның алдыңғы қатарлы университеттері мысалы, Назарбаев университеті, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жасанды интеллект зертханаларын ашып, білімгерлерге деректерді талдау, машиналық нейрондық желілер бағыттарында білім беруде. Көптеген басқа да ЖОО-нда жасанды интеллект машиналарын даярлау бағдарламаларын ұсынып, қарқынды жұмыс жасау үстінде.

Елімізде жасанды интеллекттің дамуы болашақтың цифрлық экожүйесінің ажырамас бөлігі. Оны тек технологиялық жетістік деп қарай алмаймыз, бұл әлеуметтік-экономикалық елдің әл-ауқатын жақсартуға қатысты тиімді құрал ретінде қарастыруға болады. Болашақта А.Шөкім: «Нанотехнология ертегі ме, әлде жиырма ғасыр ғажайыбы мен тақырыбында жазған мақаласында робот, дәрігер, робот-ұстаз, робот-жұмысшы»- деді. Бүкіл Еуроодақ осы жасанды интеллектіні қолдап отыр. Сингапур, Қытай, Ресей, Израиль, Канада көп қаржыларын жасанды интеллект саласында, оны жетілдіру және қолдану бағдарламаларына қаржыларын құйып жатыр.

Жасанды интеллектіге қатысты 4 деңгей анықталған.

1. Адамдарға тән ойлау;
2. Тиімді ойлау;
3. Адамдарға ұқсас әрекет жасау;
4. Рационалды әрекет жасау;

Қазіргі сөзбен айтқанда адам сияқты сөйлей алатын, үйрене және қабылдай алатын жүйе немесе машина. Жасанды интеллект пайдасы өте мол.

- Компьютерлер сурет сала алады, ойын ойнай алады (шахмат т.б)
- Есептер шығара алады;
- Кез келген нәрселерді модельдей алады.

Елдердің тәжірибесіне сүйене келетін болса, жасанды интеллектіні дамыту заманның өзгеруіне әжептеуір септігін тигізеді. Бірақ бұл өзгерісді жақсы жағынан қабылдау керек дер ойлаймын. Жасанды интеллект бағдарламалық жасақтаманы әзірлеуде баға жетпес құралға айналды[4]. 2023 жылдың ең қызу талқылауларының бірі GitHub Copilot және ChatGPT, әзірлеушілерге көмектесуге арналған екі танымал AI құралдарының айналасында болады. ChatGPT – бұл мәтіндік деректердің үлкен көлеміне дайындалған модель және студенттер мен оқушылар арасында кеңінен қолданылады. Бұл модельді оқыту үрдісінде пайдалану кезінде жоғары түрде тиімділік пен қауіпсіздік шараларын сақтау қажет. Жасанды интеллектке қолжетімділік бар жерде оқушыларды сыни тұрғыдан ойлауға үйрету маңызды болып табылады[5].

Өйткені, адам жылдам және тиімді жасай алмай жатқан жұмысты жасанды интеллект жасап, адам баласы үшін уақытпен үнемділікті сақтауға септігін тигізеді. Жасанды интеллект бүкіл әлемді өзіне қаратып, осыған сай мамандарды дайындауды талап етіп отыр.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев жасанды интеллектіні дамыту бағытында қарқынды жұмыс жасау керек екендігін тілге тиек ете кетті. Сонын ішінде жасанды интеллектіні дамыту және қолданысқа енгізу туралы мәселеге аса көңіл бөлу қажет екендігін айтты.

Әдебиеттер:

1. Сапарғалиев Ә., Абдрасилова А. Цифрлық Қазақстан және жасанды интеллект технологиялары. Оқу құралы – Алматы, 2021
2. Қожахметова М.Б., Нұрымов С. Қазақстандағы жасанды интеллект және үлкен деректерді қолдану мүмкіндіктері. Оқу құралы.-Алматы 2022
3. Әбдірайымов Б. Жасанды интеллект технологиялары және оларды қолдану салалары. Оқу құралы- Шымкент, 2021
4. Мұқашева Г.А., Серікбаева Г. Білім берудегі жасанды интеллект: мүмкіндіктері мен болашағы. Оқу әдістемелік құрал. Алматы, 2023
5. Жасанды интеллект технологиялары: бастауыш білім беру жүйесіндегі қолдану ерекшеліктері. Оқу құралы.- Алматы, 2023

ӘӨЖ 37.013:004.89

БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІҢ РӨЛІ

Ерланқызы Айдана

М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, 2 курс магистранты

Ордабаева Раушан

М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз қ.

Аннотация

Мақалада «жасанды интеллекттің» білім беру саласындағы қазіргі таңдағы рөлі, түсінігі және оның негізгі сипаттамалары қарастырылады. Қазіргі заманғы білім беру жүйесіндегі жасанды интеллект технологияларын енгізудің ерекшеліктері көрсетілген. Жасанды интеллект қолданбалары білім мен оқуға қол жеткізудегі артықшылықтары мен кемшіліктері және оны білім беру саласында оларды қолданудың мен перспективалары келтірілген.

Негізгі сөздер: Жасанды интеллект, білім беру, білім беру технологиялары, педагогика, инновация.

В статье рассматриваются современная роль, понятие и основные характеристики «искусственного интеллекта» в образовании. Освещены особенности внедрения технологий искусственного интеллекта в современную систему образования. Представлены преимущества и недостатки приложений искусственного интеллекта в доступе к знаниям и обучению, а также их применение и перспективы в сфере образования.

Ключевые слова: Искусственный интеллект, образование, образовательные технологии, педагогика, инновация.

Abstract

The article considers the modern role, concept and main characteristics of ‘artificial intelligence’ in education. The features of implementation of artificial intelligence technologies in the modern education system are highlighted. . Advantages and disadvantages of artificial intelligence applications in access to knowledge and learning, as well as their application and prospects in the field of education are presented.

Key words: artificial intelligence, education, educational technologies, pedagogy, innovation.

Кіріспе

Білім – қоғамның маңызды салаларының бірі. Ол барлық басқа салалармен тығыз байланысты және тигізер ықпалы зор. Жасанды интеллект технологияларын білім беру саласында қолдану адамның өмір бойы білім алуы мен дамуында маңызды рөл атқарады,

қоғамның барлық саласын өзгертеді және білім саласында да рөлі ерекше. Ақпараттық-коммуникациялық технологияның жетістіктері жасанды интеллектке маңызды әсер етіп, қазіргі уақытта үкімет, білім, бизнес, медицина, байланыс, авиация және инженерия сияқты бірнеше салаларда қолданылады. Бұл технологиялық инновациялар оқыту мен оқуға, сонымен қатар академияның басқа секторларына еніп, тиімділігін көтерді. Кембридж сөздігінде жасанды интеллектке «компьютерлік жүйелерді немесе заманауи технологияны зерттеуде, адам миындағыдай кейбір қасиеттеріне ие» деп анықтама береді. Сайып келгенде, жасанды интеллект негізгі мақсаты әдеттегі процестерді әдетте орындалатын жылдамдық пен тиімділікті арттыру арқылы оңтайландыру болып табылады. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуының арқасында қазіргі адам өмірінің көптеген салалары өзгеруде. Білім беру саласы да айтарлықтай өзгерістерге ұшырауда, өйткені қазіргі таңдағы балалардың алдыңғы буындарынан айырмашылығы күрделі нейрондық желімен байланысқан синаптикалық байланыстары қазіргі дәуірде туылған балалардың миының әртүрлілігі ақпараттық технологияларды тым тез қабылдай білуі және оларды жаңа әдіспен оқытуды талап етеді.

Жасанды интеллект – бұл әртүрлі ресурстар мен көздер негізінде білім беру процестерінің деректер қорын қалыптастыруға мүмкіндік беретін ақпараттық-іздеу жүйесінің электрондық оқу-әдістемелік материалдардың автоматтандырылған кітапханасы ретінде, оқушылардың білім деңгейін, оқу үлгерімін және белсенділігін бақылаудың цифрлық технология ретінде, әрбір оқу пәнінің орындалуын есепке алатын бақылау тапсырмаларының автоматтандырылған мәліметтер базасы ретінде, оқу, педагогикалық және оқу жүктемесін бөлудің автоматтандырылған бөлшегі ретінде, барлық білім беру субъектілерінің өзара әрекетін қамтамасыз ететін коммуникациялық бірізді жүйесі ретінде қарастырылады.

Қазіргі таңда жасанды интеллект педагогикадағы рөлін зерттеуінің іргелі мақсаты білімді ұсыну, пайымдау, жоспарлау, оқу және өңдеу және объектілерді пайдалану қабілеті математикадан инженерияға және информатикадан философия мен лингвистикаға дейінгі пәнаралық пәндердің бос шекараларын қамтитын жылдам дамып келе жатқан сала екені анық. Білім беру үдерісіне жасанды интеллектті енгізу білім берудің сапасын, қолжетімділігін және тиімділігін арттыруға кең мүмкіндіктер ашады.

Жасанды интеллект мұғалімнің орнын алмастыратын емес, оның рөлін толықтыратын және арттыратын құрал ретінде қарастырылуы керек. Білім беруде виртуалды көмекшіні тиімді пайдалану мұқият жоспарлауды, үздіксіз бағалауды және бейімделуді талап етеді. Дұрыс пайдаланған жағдайда жасанды интеллект оқушыларды болашақтың қиындықтарына дайындайтын анағұрлым инклюзивті, тиімді және инновациялық білім беру жүйесін құрудың негізгі факторы бола алады.

Білім берудегі жасанды интеллект рөлін бақылау, үдерісті басқару және оңтайландырудан басқа оның интеллектуалды оқыту, коммуникация, талдау, бағалау және оқушыны немесе оқушыны бағалау әдістерінде жатыр. Жасанды интеллект технологиясы мұғалім мен оқушы талап ететін барлық тапсырмаларды орындау арқылы қолданушыға түсінікті және мағыналы болатындай қарым-қатынас жасай алуы оқыту мен тәрбиелеу әдісін жаңа технологиялармен және процестерімен қаруландырады. Ол білімге қатысты мәселелердің кең ауқымын зерттеу үшін әртүрлі пәндердің зерттеушілерін біріктіреді.

Жасанды интеллект жүйелері студенттерге олардың деңгейлері мен қызығушылықтарына бейімделген ауқымды білім қорларына қол жеткізуді қамтамасыз ете алуы интерактивті оқулықтар, виртуалды кітапханалар және жеке ұсыныстары бар білім беру платформалары қамтамасыз етеді. Жасанды интеллект пен оның білім берудегі рөлі пәнаралық байланыста екені және дәстүрлі білім беруден тыс көптеген мәселелерді виртуалдық технологияның көмегімен оңай шешуге болатыны анық.

Білім беру – күрделі және көп қырлы процесс. Классикалық білім беруде мұғалімнің негізгі жұмыс уақыты студенттермен қарым-қатынаста болуы керек деп есептеледі. Зерттеу нәтижесіне сенсек, 42%-ы «қағаз жұмыстарына» көп уақыт жұмсайтынын айтты. Үй тапсырмасын, тесттерді және зертханалық тапсырмаларды тексеру көп уақытты алады. Көбінесе оқытушылар мен оқытушылар жұмысының бұл бөлігі күнделікті міндеттер болып саналады. Бағалау – бұл оқушымен кері байланыс, сондықтан мен бұл процесті педагог үшін маңызды.

Жасанды интеллект білім беруде үлкен рөл атқарды, оны COVID пандемиясы одан әрі дамытуына елеулі үлес қосуы қарқындылығы әлеуетін өсірді. Бұл жекелендіруді енгізу арқылы білім беру мен оқытудың тенденцияларын өзгертті, мұнда біреу үшін оқу оқушының білім деңгейіне, оның оқу жылдамдығына, дәстүрлі әдіске қарағанда, оқу барысында қызығушылық таныту немесе курс нәтижесінде білімнің қол жетімділігіне негізделген технологиялық процесс.

Жасанды интеллектпен жұмыс істейтін әртүрлі құралдар мұғалімдер мен студенттерге оқу процесін оңтайландыруға көмектеседі. Жазбаша бағалау жүйелері оқушының тапсырманы қалай орындағанын талдайды, қателерді жіктейді және оларды түзету бойынша ұсыныстар беріп, эссе сияқты шығармашылық жұмыстарды да бағалай алады. Мысалы, генеративті интеллектті пайдалана отырып, мұғалімдер оқу материалдары, презентациялар, ұқсас тапсырмалар және т.б. үшін мазмұнды жылдам жасау арқылы білім беру көрсеткіштерін талдауға, білім беру бағдарламаларын нақты студенттердің қажеттіліктеріне бейімдеуге және күнделікті операцияларды автоматтандыруға мүмкіндік береді. Студенттерге арналған виртуалды көмекшілер пайдаланушыларға оқу процесін дербес басқаруға көмектеседі. Олар белгілі траекторияның сызбасын құрап, кері байланыс жасайды және мәселелерді шешуді ұсынады. Адам мұғалімінен айырмашылығы, виртуалды көмекшілер тәулік бойы жұмыс істейді және әртүрлі тілдерде сөйлей алады.

Білім беруде жасанды интеллектті қолданудың басты артықшылығы оның үлкен көлемдегі ақпаратты өңдеу және білімді беру мүмкіндігі болып табылады. Компьютерлер үлкен көлемдегі деректерден үйрене алады және ақпаратты жақты шектеусіз сақтай алады. Бұл оларға ақпаратты жылдам талдауға және студенттердің сұрақтарына нақты жауап беруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жасанды интеллект әр оқушының дайындық деңгейі мен ерекшеліктерін ескере отырып, жекелендірілген білім беруге қабілетті. Дегенмен, барлық артықшылықтарға қарамастан, оқытуда адамдарды жасанды интеллектпен алмастырудың кейбір кемшіліктері де бар.

Біріншіден, білім берудің маңызды аспектісі - мұғалім мен оқушының өзара әрекеттесуі. Адам әр оқушыға көзқарасты бейімдей алады, эмоционалдық байланыс орнатады және оқытылатын пәнге қызығушылықты оята алады. Білім беру кеңістігінде жасанды интеллектті қолданудың этикалық аспектілерінің сәйкес келмеуі субъектілерінің деректерін қорғау және пайдалану, жасанды интеллектті пайдаланудың ашықтығы мен бақылауының болмауымен, материалдық-техникалық жағдайларға қарамастан оқу-педагогикалық процестерге қатысушылардың техникалық құзыреттерін үздіксіз жетілдіру талабы, әлеуметтік-психологиялық өзара әрекеттесулердің кең ауқымын және білім беру субъектілерінің эмоционалды-психологиялық күйлеріне жасанды интеллекттің үстірт қарауы, бұл оның оқу процесіндегі тиімділігін айтарлықтай шектейді. Сонымен қатар, жасанды интеллектті қолдану тек тәжірибе арқылы алуға болатын кейбір дағдыларды дамытуды шектей алады.

Білім беруде тек білім алу ғана емес, оны іс жүзінде қолдана білу маңызды. Жасанды интеллект студенттерді эксперимент, топтық жұмыс және пікірталас арқылы оқыта алмайды, бұл оқушылардың шығармашылық қабілетінің төмендеуіне және шығармашылық ойлауының дамуына әкелуі мүмкіндеген пікірді мәселе ретінде ЮНЕСКО-ның «Білім берудегі жасанды интеллект: оқу қарқынын өзгерту» баяндамасында талқыланады.

Бүгінгі күні жасанды интеллект ұзақ мерзімді перспективада біздің когнитивтік қабілеттерімізге қалай әсер ететінін нақты айту қиын. Жасанды интеллект білім беру жүйесіне кіріктіру кезінде ықтимал пайдалар мен тәуекелдерді теңестіру қажеттілігінде, білім беру интеллектінің дамуы оқытуға қатысты көптеген мәселелерді шеше алатын репетиторлық немесе оқыту мен оқудың заманауи әдісі. Бұл мазмұнның қолжетімділігі, мұғалімнің жетіспеушілігі сияқты мәселелерді шеше алады, мұнда студент стрессіз және басқаларға әсер етпей оқи алады. Білім беру саласында жасанды интеллектті енгізу және қабылдау сөзсіз оң әсерін көрсете біледі.

Жасанды интеллект технологиялары интеллектуалды оқытумен, оқыту жүйелерімен және әлеуметтік роботтармен шектеліп қана қоймай, онлайн оқыту орталары, оқытуды басқару жүйелері және оқу аналитикасы сияқты басқа да көптеген смарт технологиялар бар секторға айтарлықтай үлес қосады.

Қорытындылай келе, жасанды интеллект көптеген салаларға әсер еткенін және олардың бірі білім беру бағытында айтарлықтай рөлге ие болғанымен, оның мұғалімді ауыстыруы оқу процесінде маңызды адамдық компоненттің жоғалуына әкелуі мүмкін. Адам тек ақпаратты ғана емес, сонымен қатар мотивацияны, эмоционалды қолдауды және әртүрлі көзқарасты қамтамасыз ете алады. Оқытудың жаңа жүйелерін жасау кезінде жасанды интеллектті пайдалануды білім беру саласындағы адам мен технологиялық үлес арасындағы тепе-теңдікті қалпына келтіретіндей есепке алу және бейімдеу қажет.

Әдебиеттер:

1. Әміров Р.А., Билалова У.М. Жоғары білім беру саласында жасанды интеллект технологияларын енгізу перспективалары // – 2020. – № 3. – Б. 80–88. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/pers>
2. Зеер Э.Ф., Крежевских О.В. Концептуально - теоретические основы персонализированного образования [Мәтін] // Э.Ф.Зеер, О.В. Крежевских. - Образование и наука. Том №24(4) 2022. -15 б. (<https://doi.org/10.17853/1994-5639-2022-4-11-39>) URL:<https://iite.unesco.org/ru/publications/iskusstvennyj-intellekt-v-obrazovaniizmenenie-tempov-obucheniya/> (күні 02.03.2021).
3. Білім берудегі жасанды интеллект // TADVISER. Мемлекет. Бизнес. IT. – 2020. – 26.01. – URL: https://www.tadviser.ru/index.php/Article:Artificial_intelligence_in_education (күні 04.07.2021).
4. Moharm K. A. Framework for Adaptive Personalized E-learning Recommender Systems [Text] // К.А. Moharm.: Изд-во International Journal of Intelligent Information Systems, 2019. (<https://www.sciencepublishinggroup.com/journal/paperinfo?>
5. Білім берудегі жасанды интеллект: тұрақты даму проблемалары мен мүмкіндіктері // Аналитика. РОСКОНГРЕСС. – 2019. – 07.04. – URL: <https://roscongress.org/materials/iskusstvenny-intellekt-v-obrazovani-problemy-ivozmozhnosti-dlya-ustoychivogo-razvitiya/> (күні 20.03.2021).

ОҚУШЫЛАРДЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Есимханова Жазира Есимханқызы

«Келешек-Тараз» ғылыми интеллектуалдық мектеп-лицейі, Тараз қ.

Аңдатпа

Оқушылардың математикалық сауаттылығын жасанды интеллект арқылы қалыптастыру қазіргі білім беру жүйесінің маңызды міндеті болып табылады. Жасанды интеллект (ЖИ) құралдарын қолдану оқушылардың математикалық дағдыларын дамытуда жаңа мүмкіндіктер ашады. ЖИ жүйелері арқылы оқушыларға математикалық есептерді шешу, графиктер мен диаграммаларды түсіну, деректерді талдау сияқты дағдыларды үйрету мүмкіндігі пайда болады. Сонымен қатар, ЖИ оқушылардың өздігінен оқу қабілетін жақсартуға, олардың қызығушылығын арттыруға және оқу процесін индивидуализациялауға мүмкіндік береді. Осылайша, жасанды интеллекттің қолданылуы оқушылардың математикалық сауаттылығын арттырып, олардың білім сапасын жақсартуға ықпал етеді.

Кілт сөздер: математикалық сауаттылық, жасанды интеллект, білім беру, аналитикалық ойлау, деректерді талдау, математикалық есептер, оқушылардың дағдылары, оқу процесі.

Abstract

Developing students' mathematical literacy through artificial intelligence is an essential task in modern education. The use of artificial intelligence (AI) tools provides new opportunities for enhancing students' mathematical skills. With this technology, students can learn effective strategies for solving mathematical problems and develop their analytical thinking. AI systems help students in solving

mathematical problems, understanding graphs and diagrams, and analyzing data. Furthermore, AI enables improvements in students' independent learning abilities, increases their interest in the subject, and allows for individualization of the learning process. Thus, the use of artificial intelligence contributes to improving students' mathematical literacy and enhancing the quality of education.

Keywords: mathematical literacy, artificial intelligence, education, analytical thinking, data analysis, mathematical problems, students' skills, learning process.

Қазіргі білім беру жүйесі мен оның дамуы әлемдегі жаңа технологиялардың қарқынды түрде енгізілуіне байланысты әрдайым өзгерістерге ұшырап отыр. Оқушылардың математикалық сауаттылығын дамыту, әсіресе, жасанды интеллект (ЖИ) құралдарын қолдану арқылы білім беру үдерісін жетілдіру маңызды мәселеге айналды. Математикалық сауаттылық тек күнделікті өмірде және кәсіби салада қажет болатын негізгі дағды ғана емес, сонымен қатар оқушылардың сын тұрғысынан ойлау, аналитикалық қабілеттерін дамытуға ықпал ететін маңызды аспект болып табылады. Әлемдегі цифрландыру үдерісі мен ақпараттық технологиялардың дамуымен математикалық сауаттылықты арттыру қажеттілігі арта түсуде. Жасанды интеллект, өз кезегінде, бұл үдерісті жеделдетіп, оқушылардың математикалық ойлау қабілетін жетілдіруге мүмкіндік береді. Сондықтан, осы тақырып бойынша зерттеу жүргізу өте өзекті болып табылады, себебі ол білім беру жүйесінде ЖИ технологияларын тиімді пайдалану жолдарын көрсетеді¹.

Зерттеудің мақсаты — оқушылардың математикалық сауаттылығын қалыптастыруда жасанды интеллекттің қолданылуының тиімділігін анықтау және оның білім беру үдерісіндегі әсерін зерттеу. Осы мақсатқа жету үшін төмендегі міндеттер қойылды:

- Математикалық сауаттылықтың мәні мен маңызын зерттеу, оның қазіргі заманғы білім беру жүйесіндегі орнын анықтау.
- Жасанды интеллекттің білім беру жүйесіндегі рөлін талдау және оның математикалық сауаттылықты дамытудағы мүмкіндіктерін зерттеу.
- Жасанды интеллект құралдарын қолданудың тиімді әдістемелерін анықтау және оларды оқу процесінде қолдану жолдарын зерттеу.

Зерттеудің объектісі — орта мектеп оқушыларының математикалық сауаттылығын арттыру үдерісі. Бұл үдеріс математикалық білім мен дағдыларды дамыту арқылы жүзеге асады, сонымен қатар оны жүзеге асыруда жаңа технологиялардың, атап айтқанда, жасанды интеллекттің тиімді қолданылуы маңызды болып табылады².

Зерттеудің пәні — жасанды интеллекттің осы үдерістегі қолданылуы және оның оқушылардың математикалық білімін жетілдірудегі рөлі. Бұл зерттеу барысында математикалық сауаттылықты дамытуда жасанды интеллекттің рөлі мен оның ықпалын тереңірек түсіну көзделеді³.

Математикалық сауаттылық — бұл тек арифметикалық дағдыларды меңгеру ғана емес, сонымен қатар математикалық ойлау қабілетін дамыту, есептерді шешу, сандық ақпаратпен жұмыс істей білу және математикалық тілде еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қамтитын кең ұғым. Мұндай дағдылар оқушылардың логикалық және сын тұрғысынан ойлау қабілетін жетілдіріп, олардың қоғамдағы түрлі мәселелерді тиімді әрі саналы шешуіне мүмкіндік береді. Ол адамның сандық деректерді талдай білуіне, күрделі мәселелерді шешуде жүйелі түрде ойлануына, технология мен цифрлық әлемде белсенді әрекет етуіне негіз болады⁴.

Математикалық сауаттылықты дамытудағы білім беру жүйесінің рөлі

Білім беру жүйесі математикалық сауаттылықты дамытуда маңызды рөл атқарады. Оқу бағдарламалары мен оқыту әдістері оқушылардың тек математикалық ұғымдарды меңгеруіне ғана емес, сонымен қатар олардың сыни ойлау, проблемаларды шешу және математикалық тілде дұрыс қарым-қатынас жасау дағдыларын дамытуға бағытталуы тиіс. Білім беру жүйесі осы бағытта жаңа әдіс-тәсілдер мен құралдарды қолдана отырып, оқушылардың математикалық қабілеттерін арттырады. Заманауи білім беру жүйесінде жасанды интеллект сияқты инновациялық технологияларды қолдану математикалық білім беру үдерісін әлдеқайда тиімді етеді. Жасанды интеллект оқушыларға математикалық ұғымдарды тереңірек түсінуге және әртүрлі жағдайларда қолдануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл құралдар оқушылардың

білім деңгейіне сәйкес бейімделіп, оқыту процесін жеке бағдарлы етеді, нәтижесінде математикалық сауаттылықты дамыту әлдеқайда оңай әрі тиімді болмақ⁵.

Математикалық сауаттылық болашақтағы кәсіби өмірде үлкен маңызға ие. Әсіресе, қазіргі заманғы экономика мен технологиялардың дамуымен сандық дағдыларға деген сұраныс артып келеді. Математикалық сауаттылық тек академиялық өмірде ғана емес, сонымен қатар кәсіби қызметте де маңызды рөл атқарады. Математикалық дағдылар ІТ, инженерия, экономика, деректер талдау сияқты көптеген салаларда аса қажетті және тиімді болып табылады. Сондықтан мектеп қабырғасында математикалық сауаттылықты дамыту болашақта оқушылардың табысты болуына жол ашады⁶.

Жасанды интеллекттің білім беру үдерісіндегі рөлі

